

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

«Филология ғылымдары» сериясы

Серия «Филологические науки»

№ 4(50), 2015

Алматы, 2015

Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ХАБАРШЫ

«Филология ғылымдары» сериясы
№4(50), 2015 ж.

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2000 ж. бастап шығады.

Бас редактор:

пед.ғыл.д., проф.

ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Б.Ө.Сманов**

Бас ред. орынбасары:

пед.ғыл.д., проф.

ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Ф.Ш. Оразбаева**

Ғылыми редакторлар:

филол.ғ.д., проф. **Т.С. Тебегенов,**

филол.ғ.д., проф. **С.Ж. Әбішева**

Редакциялық алқа мүшелері:

филол.ғыл.д., проф. **Б.Әбдіғазизұлы,**

пед.ғ.д. **С.Б. Бегалиева,**

пед.ғ.д. **Р.Ә. Шаханова,**

филол.ғ.д., проф. **К.И. Мирзоев,**

пед.ғ.д., проф. **Ж.К. Балтабаева,**

проф. **Барри Пол Шерр** (АҚШ),

филол.ғ.к., доцент **Е.В. Казарцев** (Ресей),

филол.ғ.д., проф. **Ғ.Л. Нефагина** (Польша),

филол.ғ.д., проф. **А.К. Киклевич** (Польша),

п.ғ.д. **Н.И. Ишекеев** (Қырғызстан),

проф. **Спендель Джованна** (Италия),

проф. **Хатрани Алтынчач** (Түркия),

проф. **Мехмет Куталмыш** (Түркия),

PhD докторы, проф. **И.З. Белобровцева**

(Эстония),

пед.ғ.д. **Чан Дин Лам** (Вьетнам)

Жауапты хатшы:

филол.ғ.к. **А.Д. Ибраева**

© Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті, 2015

Қазақстан Республикасының
мәдениет және ақпарат министрлігінде
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген
№10109 - Ж

Басуға ????.2015 қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі ? е.б.т.
Таралымы 300 дана. Тапсырыс ?

050010, Алматы қаласы,

Достық даңғылы, 13.

Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
«Ұлағат» баспасы

Мазмұны Содержание

ТІЛ БІЛІМІ ЛИНГВИСТИКА

Ағабекова Б.Н., Жауыншиева Ж.Б. Этнолингвистиканың жаңа бағыттарын зерттеу.....
Ақажанова А.А. Аң-құс аулаудың байырғы құралдары мен аңшылық салт-жоралғыларының атаулары және жергілікті сөйленістердегі атаулары.....
Ауелбекова Ш.Е. Түрік тілінде «көз» соматизмінен жасалған тұрақты тіркестердің қолданылу аясы.....
Байтуова А.Н. Сравнительная характеристика согласных фонем *d*(д), *ž* (ж), *z* (з) в казахском, турецком и узбекском языках.....
Бұғыбаева Ж.Б. Тілдік бірліктердің топонимжасамдық қызметтері.....
Волкова Н.М. Универсальное и национально-специфическое во фразеологии.....
Дәрменқұлова Р.Н. Іс-әрекетті, кимылды қалау, тілек ету тұрғысынан атайтын баяндауыштардың жұмсалыуы.....
Джасинбеков Е.А., Алиева Л.Б. Қазақ тіліндегі етістіктердің семантикалық мүмкіндігі.....
Ешнияз Г.С. Модальділік – тілдік категория.....
Исмаилова Г.К. Словообразовательный анализ финансово-кредитной терминологии в немецком и русском языках.....
Маймакова А.Д., Қадырова Г.Р. Инновационные образовательные технологии как средство развития творческого потенциала личности обучающегося.....
Мулькибаева Э.Ж., Тулендиева Ф.Т., Нұрман М.Б. Қазақ тіліндегі көп мағыналы түбір етістіктер.....
Сақтағанова М. Ж., Алиева Л.Б., Бесимбаев Б.Н., Джасинбеков Е.А. Көп мағыналы етістіктер.....
Скрипникова А.И. Гибридные типы концептов.....
Сүлеева Г.С., Мәшімбаева А.Ж. Қазақ бесік жырларының психоллингвистикалық, музыкалық сипаты.....
Тулендиева Ф.Т., Мулькибаева Э.Ж., Бүркітбаева М. Көп мағыналы деривациялық түбір етістіктер.....
Iskakova A. The Main Methodological Approaches to the English for Specific Purposes Teaching.....

ӘДЕБИЕТТАНУ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

Абишева С.Д., Сабирова Д.А. Нравственные аспекты темы семьи в прозе У.Тажикеновой.....
Әбдіғазизұлы Б. Ғалым Ш.Елеуқенов және алаш арыстарының әдеби мұрасы.....
Бегманова Б.С., Сейсенбиева Э.С. Д.Исабеков драматургиясының көркемдік ерекшелігі.....
Дәрібайұлы С. Ақын-жыраулардың өлең-толғауларындағы Ибраһим (г.с.) - Смағұл (г.с.) және Дәуіт (г.с.) – Сүлеймен (г.с.) пайғамбарлардың тарихы.....
Жапарова А.Ж. Абай поэзиясындағы автометафора.....
Ибраева А.Д. «Соңғы көш» роман-диалогиясының жазылу тарихы.....
Қадыров Ж.Т., Смағұлова Н.Қ. Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі «Тоқырау заманының» бейнесі.....
Қожекеева Б.Ш. Қазақтың өткір тілді ақыны-Көдек Байшығанұлы.....
Құрманғожаева Э.С. Символизм ағымының қалыптасуы мен дамуы.....
Mustafa Нораç. Farabide devlet anlayışı.....

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ВЕСТНИК

*Серия «Филологические науки»
№4(50), 2015 г.*

Периодичность – 4 номера в год.
Выходит с 2000 года.

Главный редактор:
д.пед.н., проф. Б.У.Сманов

Зам. гл. редактора:
д.пед.н., проф. Ф.Ш. Оразбаева

Научные редакторы:
*д.филол.н., проф. Т.С. Тебегенов,
д.филол.н., проф. С.Ж. Абишева*

Члены редколлегии:
*д.филол.н., проф. Б.Абдигазулы,
д.н.н. С.Б. Бегалиева,
д.н.н. Р.А. Шаханова,
д.филол.н., проф. К.И. Мирзоев,
д.н.н., проф. Ж.К. Балтабаева,
проф. Барри Пол Шерр (США),
к.филол.н., доцент Е.В. Казарцев (Россия),
д.филол.н., проф. Г.Л. Нефагина (Польша),
д.филол.н., проф. А.К. Киклевич (Польша),
д.н.н. Н.И. Ишекеев (Кыргызстан),
проф. Спендель Джованна (Италия),
проф. Хатрани Алтынчач (Турция),
проф. Мехмет Куталмиш (Турция),
доктор PhD, проф. И.З. Белобровцева
(Эстония),
д.н.н. Чан Дин Лам (Вьетнам)*

Ответственный секретарь:
к.филол.н. А.Д. Ибраева

© Казахский национальный педагогический университет им. Абая, 2015

Зарегистрировано
в Министерстве культуры и информации РК
8 мая 2009 г. №10109-Ж

Подписано в печать ???.?.2015.
Формат 60x84 1/8. Объем ? уч-изд.л.
Тираж 300 экз. Заказ 60.

050010, г. Алматы,
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлагат»
Казахского национального педагогического
университета имени Абая

Нурбаева А.М. Когнитивная поэтика рекламного текста: концептуальные основы исследования.....

Нүрекешова Г. Р. С. Шаймерденов повестеріндегі ұлттық мінез мәселесі.....

Сатемирова Д.А. ХҮІІІ ғасырдағы қазақ әдебиетінің даму ерекшеліктері.....

Серикова С.К., Сабирова Д.А. Тема двоеженства в современной литературе Казахстана.....

Смағұлова Н.Қ., Қалдыров Ж.Т., Таласпаева Ж.С. Роза Мұқанова әңгімелеріндегі экзистенциализм.....

Тоқсамбаева А.О. Даралық стиль негізі - ұлттық характер.....

Турбекова М. «Жүсіп-Зылиха» дастанының жарияланымдары.....

Уюкбаева М.И. Парадоксы казахской народной сказки «Ер-Тостик».....

ЖУРНАЛИСТИКА

Саудбаев М. Ғаламторда тоғысқан дәстүрлі бақ пен жаңа медиа немесе репортаж жанрының түрленуі.....

Сердәлі Б.К. Баспасөз қызметіне кадр таңдаудың проблемалары.....

Тусупова К.Д., Есенбек Ж.Б. PR-технологиялардың ерекшеліктері: «ЭСҚПО-2017» халықаралық көрмесі.....

**ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ**

Жұмақасева Б.Д., Қожекеева Б.Ш. Абай шығармаларын оқыту әдістемесінің жаңа арналары.....

Жылқыбай Г.Қ., Балаубеков М.М. Оқу үдерісінде жобалау әдісін қолданудың тиімділігі.....

Нурекенова Р.М. Оқушылардың когнитивтік және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған проблемалық оқытуға негізделген жаттығулар жүйесі.....

Тоқсамбаева А.О., Глебалдина Н.Қ. М. Мағауиннің «Бір атаның балалары» хикаясын оқыту.....

Шаханова Р.Ә., Қилыбаева А.М. Көптілді тұлғаны тәрбиелеу – заман талабы.....

ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЕ

Абишева А. Б. Проблемы перевода фразеологизмов с русского языка на английский: к истории вопроса.....

Kurmanali A. Kazak ve Türk Atasözlerinin Çevirilerinde Karşılaşılan Sorunlar.....

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2012 жылғы 10 шілдедегі №1082 бұйрығы негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысының «Филология ғылымдары» сериясы ғылыми жұмыстардың негізгі нәтижелерін жариялайтын басылымдар тізбесіне енгізілген.

На основании приказа №1082 от 10 июля 2012 года Комитетом по контролю в сфере образования и науки республики Казахстан Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Филологические науки» внесен в перечень изданий для публикации основных результатов научной деятельности.

ТІЛ БІЛІМІ ЛИНГВИСТИКА

ӘОЖ 81'373(=132.5=512.356)

ЭТНОЛИНГВИСТИКАНЫҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫН ЗЕРТТЕУ

Б.Н. Ағабекова – Абай атындағы ҚазҰПУ-дың аға оқытушысы, ф.ғ.к.,

Ж.Б. Жауыншиева – Абай атындағы ҚазҰПУ-дың аға оқытушысы

Бұл мақалада этнолингвистикалық зерттеу қажеттігі әсіресе, түсіндірме, екі тілді аударма сөздіктер жасауға, қазіргі және келешек ұрпақтың ауыз әдебиетінің бай мұрасымен жеткілікті сусындауына тигізетін пайдасы қарастырылды. Демек, бүгінгі таңда тілдің кумулятивті қызметіне айрықша мән беріліп отырғаны өте орынды. Тіл арқылы барлық құбылыс, заттар, яғни әлемнің тілдегі көрінісі тілдік бірліктерге тән болғанымен, кумулятивті қызмет әсіресе, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерден ерекше байқалады. Оның себебі, ұлт топырағында тамырланып, нәр алған халық тіліндегі сөздер мен фразеологизмдер ғана ұлт ерекшелігін, менталитетін айқындап бере алады. Тіл – халықтың дүние танымының, әдет-ғұрып пен салт дәстүрінің айнасы екені ақиқат. Әр халықтың ұлттық мәдени ерекшеліктері оның ғасырлар бойы жасаған тілінен көрінеді. Кейде тек сол ұлтқа ғана тән әлдебір қасиеттерді өзгелерден оқшау етіп бағалайтын, анықтайтын тіркестер қалыптасатыны анықталды. Ендеше, тіл мен халықтың, тіл мен рухтың, тіл мен мәдениеттің байланысын, қарым-қатынасын зерттеу – сөз жоқ этнолингвистика ғылымы үшін қажетті нәрсе. Сол себепті бүгінгі таңда этнолингвистикалық бағыттарға шолу жасау, оларды айқындау өте маңызды мәселелердің бірі. Мақалада осы салада зерттеу жүргізген Ф.Баос, Э.Сепир, Б.Уорф, Копыленко, Ә.Қайдар, А.Ислам, А.Вежбицкая, Н.Д. Арутюнова, М.А. Шмелеваның және т.б. ғалымдардың ой пікірлеріне шолу жасалып және олардың жұмыстарына қортынды жасалынды. Мақалада коммуникативті бағыттағы этнолингвистикаға, универсалды бағыттағы этнолингвистикаға, тарихи этнолингвистикаға және құрылымдық этнолингвистикаға қорытынды түсіндірме берілді. Сонымен қатар этнолингвистиканың зерттеу нысаны айқындалды.

Тірек сөздер: этнолингвистика, этнография, этнос, тіл мен мәдениет, когнитивті бағыт.

Қазіргі таңда этнос ерекшелігі анығырақ көрінетін лексикаға және фразеологияға, мақал-мәтелдерге, канатты сөздерге арналған зерттеулердің көптігімен қатар, этнолингвистика пәні қарастыратын көптеген жаңа бағыттар дамып жетілуде. Ғалымдардың тілдердің этникалық сипатына, қоғамдағы қызметіне, этнос мәдениетінің кейбір фактілерін суреттеуге, тілдің және мәдениеттің семиотикалық сипатына, көне тілдерді қалпына келтіруге және тарихи сипаттама беруге т.б. мәселелерге қызығушылық танытып отырғанын және осы орайда жаңа бағыттардың дамығанын кейінгі кезде жарық көрген біршама жаңа ғылыми еңбектерден көруге болады. Тілдік саясатта этнолингвистика қоғамдағы этнос тілінің жағдайын, көп ұлтты мемлекеттерде әртүрлі тілдердің қарым-қатынастағы қызмет аясы көптілділік, көпмәдениеттілік бірлігі қарастырылуына орай изоморфизм концепциясы ұсынылуда. Осыған орай соңғы кезде ғалымдардың этнолингвистиканы әр деңгейде, әр қырынан зерттеулеріне байланысты М.М. Копыленко ұсынған үш бағыттан басқа, когнитивті бағыттағы этнолингвистика, коммуникативті бағыттағы этнолингвистика, универсалды этнолингвистика, структуралық этнолингвистика, тарихи этнолингвистика т.б. бағыттар туралы сөз болуда және олар тіл білімінде қарқынды дамуда. Ғалымдар этнолингвистиканы «этнос пен этнос тілі» негізінде қалыптасқанын толық мойындаса да, олардың өзара қатыстығы мен үйлесімін айқындауға келгенде бір жерден шыға алмай, ортақ ғылыми теория болмағандықтан, бұл бағыттарды әр ел ғалымдары өзінше дамытуда.

Мысалы айтатын болсақ когнитивті бағыт шартты түрде екі бағытқа бөлінеді:

1. релятивистік бағыт – сөйлеушінің дүниені түсінуі, өзі байқаған реальды, яғни шындық дүниенің қоршаған ортамен байланысы.

2. лингвистикалық қатыстық бұл бағыт этнолингвистиканың негізін қалаушылар Ф.Баос, Э.Сепир, Б.Уорф еңбектерінде қалыптасқан пікір. Лингвистикалық қатыстық – тілдердегі лингвистикалық грамматикалық ерекшеліктің сөйлеушінің дүниені түсінуге әсер етуі. Б.Уорф Америкадағы хопи тілдеріндегі сан есімдердің әртүрлі қызметіне байланысты төмендегідей мысал келтіреді. Француз тілінде

есептік сан есіммен көруге болатын заттарды да, абстракты заттарды да (уақыт бөлігін, қайталанатын оқиғаларды білдіретін атаулар аттарын) айта беруге болады, мысалы: он адам, он күн, он қадам. Ал индеецтердің хопи тілінде есептік сан есіммен тек санын көруге болатын заттарды атауға, ал абстракты заттарды тек реттік сан есімдермен айтуға болады. Он күн емес, оныншы күн деп айтылады.

Коммуникативті бағыттағы этнолингвистика бір этникалық немесе әлеуметтік топқа тілдік қарым-қатынастың қандай түрі мен тәсілі тән (comunikatiwo – қарым-қатынас жасау) деген сұрақпен айналысады. Коммуникативті бағыттағы зерттеулер «сөз этнографиясы», «сөз коммуникациясы» атты бағыттарды қарастыруда маңызды нәтижелерге жетуде. Бұл бағыттардың шеңберінде этникалық немесе әлеуметтік топтарда қабылданған тілдік модельдер зерттеледі.

Коммуникативті этнолингвистиканың нысанына сонымен қатар сөйлеушінің әлеуметтік статусына қатысты тілде қалыптасқан сөздер де жатады. Мысалы, лауазым атауларын, шенін пайдалану, қызмет бабындағы атаулар т.б. Әсіресе, сөйлеушінің және тыңдаушының әлеуметтік жағдайына қарай лексиканы да, грамматиканы да таңдауға тура келетін тілдер мұқият зерттелуде. Мысал ретінде Дж. Гамперц жапон тілінде тыңдаушының айтушыдан қызмет жағдайы бойынша жоғары не төмен тұрғанына, бір ұжымда істейтініне, туыстығына т.б. байланысты әр түрлі етістік формалары қолданылады деп көрсетеді. Сонымен қатар коммуникативті бағыттағы этнолингвистика тілдік этикеттік нормаларынан басқа кейбір салтқа айналған тілдік жағдайларды зерттейді. Мысалы: сот отырысындағы, диссертация қорғаудағы, сауда немесе іскерлік келісімдердегі т.б. тілдік жағдайлар.

Универсалды бағыттағы этнолингвистика деп аталатын бағытқа ғалымдардың тілдік мағыналарды суреттеу принципіне, яғни лексикалық универсалды сөздерді анықтауға арналған еңбектерін жатқызуға болады. Мысалы: А.Вежбицкая, Н.Д. Арутюнова, М.А. Шмелева тілдерде өте сирек кездесетін түсініктерді білдіретін немесе орыс тілінде басқа тілдерге қарағанда ерекше маңызы бар сөздерді зерттеумен айналысуда. А.Вежбицкая [1] және оның ізбасарларының көп жылғы еңбектері «мағыналық қарапайымдар» (семантические примитивы) деп аталатын жалпы қарапайым түсініктерді білдіретін барлық тілдерде бар сөздердің тізімін анықтаумен айналысады. Олар барлық тілдерде қарапайым түсініктерді білдіретін сөздер болып табылады, бұндай сөздер барлық тіл иелеріне түсінікті және олардың негізінде кез келген қиын тілдік бірліктерді түсіндіруге болады деп есептейді.

Тарихи этнолингвистика бұрынғы тілдік фактілерді, этностың тарихи, мәдени дамуын, діни сенімін, мифологиясын, көне шығармаларын т.б. зерттеу нысанына айналдырады. Сонымен қатар этнографиялық дәстүрге сүйеніп тілдер туыстығын қарастырады. Тарихи этнолингвистикалық бағыт шеңберінде қолданбалы тарихи этнолингвистика да бар. Бұл бағыт ұмытылып бара жатқан тілдерді немесе өмір ағымына байланысты қолданудан шығып ұмытылып қалған тілдерді қалпына келтіруге, сақтауға тырысады. Ресей ғалымдары көне идеографиялық тілдер жүйесін (протоиндік, маялық, рапнуйлық т.б.) сол тілдерді тудырған халықтар мәдениеті аясында зерттейді. Ұмытылған және ұмытылып бара жатқан кейбір сібір халықтарының тілдері де тарихи этнолингвистиканың нысанына жатады.

Құрылымдық этнолингвистика этнографиялық дәстүрмен емес, лингвистикамен байланысты. Оның теориялық негізі тіл мен мәдениеттің ортақ семиотикалық (таңбалық) табиғаты, олардың изоморфизмі туралы түсінік болып табылады. Онда ареалды т.б. әдістер қолданылып, ірі тілдердің генетикалық туыстығы, жазбаша мәдениеттің мәтіндері сияқты элементтер қарастырылады. Структуралық бағыт, сондай-ақ, лингвистикалық компаративистикамен байланыста болып, бұрынғы қалпына келтірілген ата тілі мен оларға сәйкес археологиялық немесе мәдени жинақтар арасындағы ара қатыстықты анықтау үшін жан-жақты іздеу жүргізуге бағытталған.

Орыс ғалымдары Н.И. Толстой [2], В.Н. Топоров [3], А.А. Журавлев [4] т.б. өз зерттеулерін диалектологиялық, этимологиялық бағытта жүргізіп, этнолингвистиканы көне дүниені зерттеуші ғылым деп танып, байырғы халық тілдерін, жергілікті тіл ерекшеліктерін қарастырады. Тіл білімінде А. Журавлев анықтаған этнолингвистикалық зерттеулердің негізгі екі ғылыми бағытынан басқа (этимологиялық және диалектологиялық), біздің елімізде дамып келе жатқан этнолингвистиканың үшінші бағыты туралы М.М.Копыленконың пікір айтылды. Бұл жаңа бағытқа академик Ә.Т. Қайдар бастаған қазақстандық ғалымдардың жүргізген ғылыми зерттеулері жатады. «Это направление изучает этнос в зеркале языка...Выявляется и тщательно исследуется все то в языке, в чем нашли отражение жизнь, современное бытие и история этноса, его материальная и духовная культура, при том не только непосредственно в «этнокультурной» лексике и в фразеологии, но и в ономастике, в фоносемантике, в идеоэтнических presupпозициях и фоновых знаниях, в паралингвистических явлениях» [5].

Бұл жерде М.М. Копыленконың да этнолингвистикадағы ғылыми өзіндік ауқымды үлесін де баса айтып өткеніміз жөн. Ол өзінің еңбегінде этнолингвистиканың қазақ тілі мен жалпы түркі тілдеріне байланысты теориялық негізі, басты ұстанымдары мен нысандарын айқындап берді.

Тіл білімінің тілді этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеудің өкшесін баса, іле-шала өз бастауын алған жаңа бағыттың бірі – тіл арқылы ел тану. Әсіресе, фразеология саласында бұл бағыттың алар орны ерекше. өйткені әр тілдің тұрақты тіркестерінде үлкен мазмұн – халық өмірі, мәдениеті бар.

Тіл мен мәдениет, тіл, мәдениет және этнос арақатынасы, оларды бірлікте зерттеудің маңыздылығы туралы ой-пікір В.В.Воробьевтың еңбегінде айқын баяндалған [6]. Лингвомәдениеттанудың басқа тіл мен мәдениет арақатынасын зерттейтін ғылымдар салаларынан ерекшелігі – оның кез келген нысанды зерттеуде тілдік және мәдени контекстерді тең қарастыруы. Қазіргі уақытта лингвомәдениеттанудың диахроникалық, салыстырмалы, салғастырмалы және лингвомәдени лексикография салалары айқындалды. Жас ғалым А.Ислам өзінің «Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті» атты докторлық диссертациясында «лингвомәдениеттану мен этнолингвистиканы кең көлемде, яғни тіл мен мәдениеттің өзара байланысын зерттеу бағытына байланысты бір саладағы ғылымдар деп тұжырым жасауымызға әбден болады», -дей келіп, этнолингвистика мен лингвомәдениеттанудың өзіндік ерекшеліктерін де көрсетеді:

- этнолингвистикалық зерттеу белгілі бір этностың немесе этномәдени аймақтық шеңберде болса, лингвомәдениеттану салыстырмалы және салғастырмалы түрде зерттеуге негізделген;

- этнолингвистикалық зерттеу нысаны негізінен мәдениеттің фольклор үлгілерінде көрініс тапқан дүниелер;

- этнолингвистикада мәдениеттің материалдық жағына көбірек көңіл бөлінсе, лингвомәдениеттануда рухани жақтары, яғни дүниетаным негіздері, діл, ұлттық болмыс, ұлттық психология, ұлттық рухани моральдық құндылықтар айқындалады;

- этнолингвистикалық зерттеу фольклорлық үлгілер негізінде, яғни ретроспективалық бағытта болса, лингвомәдениеттануда тарихи және қазіргі заманғы ұлт өкілдерінің, яғни мәдениет пен тіл иелерінің құндылықтарды танудағы өзгерістер де зерттеледі;

- этнолингвистикалық ізденістер тілдік материалға көбірек көңіл бөлсе, лингвомәдениеттануда тілдік және мәдени контекстер тең қарастырылады;

- этнолингвистикалық зерттеулерде тілдік, атап айтқанда, этимологиялық әдістемелер басым қолданылса, лингвомәдениеттануда когнитивтік лингвистиканың, ассоциативті психологияның т.б. салалардың озық әдістемелері кешенді түрде өзіндік қолданыс табады.

- қазіргі кезде лингвомәдениеттану ғылымның түрлі салалары мен өзіндік терминдік жүйесі («концепт», «культурема», «лингвомәдени құзырет», «архетип» т.б.) айқындалды [7, 10 б.].

Әдістемелер ішіндегі лингвомәдени сараптамаға келсек, оның этимологиялық сараптамамен пара-пар келмейтінін айтқымыз келеді. Лингвомәдени сараптаманың мақсаты – «тілдік бірліктің шығу тегін айқындау емес, әр түрлі типтегі, яғни әдеби, діни, саяси және т.б. дискурстар ықпалымен пайда болған фразеологиялық бірліктерге түсініктеме бере отырып, оның пайда болу шарттары мен жағдаяттарын анықтау болып табылады» [8, 133 б.].

Қорыта келе бұдан лингвомәдени сараптама этимологиялық сараптамадан мүлдем бас тартады деген жаңсақ пікір туындамауы қажет екенін де айта кеткеніміз жөн. Кез келген ұлттық реңктегі тілдік бірліктің түп негізін анықтауда этимологиялық сараптама қажет етер жағдайда міндетті түрде қолданылатынын мойындауымыз керек. Көп жағдайларда, қандай да болмасын (мәдени) лексиканың этимологиясын айқындау оның лингвомәдени астарын ашуға апарар бірден-бір дұрыс жол екені де белгілі.

1. Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. - М.: Международные отношения, 1996. – 411 с.

2. Толстой Н.И. О предмете этнолингвистики и её роли в изучении языка и этноса // *Ареальные исследования в языкознании и этнографии*. – М.: Наука, 1983.

3. Топоров В.Н. Миф. Ритуал. Символ. Образ. Исследования в области мифопоэтического. - М.: Прогресс-Культура, 1995. - 624 с.

4. Журавлев А.Ф. Внешние и внутренние факторы языковой эволюции. - М.: Наука, 1982.

5. Копыленко М.М. Основы этнолингвистики. - Алматы, 1995. - 176 с.

6. Воробьев В.В. Лингвокультурология. – М., 1997. - 331 с.

7. Ислам А. *Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті: автореф. ... филол. ғ.док.* – Алматы, 2004. - 50 б.

8. Брагина Н.Г. *Фрагмент лингвокультурологического лексикона//Фразеология в контексте культуры.* - М., 1999. - С. 131-137

Резюме

В статье дается краткое описание основных направлений этнолингвистики. Например: коммуникативное направление этнолингвистики, универсальное направление этнолингвистики, историческое этнолингвистика и структурное этнолингвистика. Также исследование доказало что, этнолингвистика это направление в языкознании, изучающее язык в его отношении к культуре, взаимодействие языковых, этнокультурных, этнопсихологических факторов в функционировании и эволюции языка. Этнолингвистика – комплексная область исследования на стыке лингвистики, этнологии, фольклористики, мифологии, культурологии, связанная с изучением языкового компонента традиционной культуры и языкового отражения (выражения) этнического мирозерцания. В этой статье также провели анализ работ таких ученых как: Ф.Баос, Э.Сепир, Б.Уорф, Копыленко, А.Кайдар, А.Ислам, А.Вежбицкая, Н.Д. Арутюнова, М.А. Шмелева и пришли к выводу что, каждый ученый разных стран по своему развивает эти направления и это открывает возможность молодым ученым для дальнейшего исследования.

Ключевые слова: этнолингвистика, этнография, этнос, язык и культура, когнитивное направление.

Summary

The article gives a brief description of the main ethnolinguistic directions. For example: a communicative ethnolinguistic direction, universal ethnolinguistic direction, historical and structural ethnolinguistic directions. The study also proved that ethnolinguistics the trend in linguistics that studies language relation with culture, interaction of linguistics, ethno-cultural, ethno-psychological factors in the functioning and evolution of language. Ethnolinguistics - a complex area of research at the interface of linguistics, ethnology, folklore, mythology, cultural studies, associated with the study of language component of traditional culture and language of reflection (expression) ethnic outlook. The article also analyzed the works of scholars such as: F.Baos, E.Sepir, B.Uorf, Kopylenko, A.Kaidar, A. Islam, A.Vezhbitskaya, N.D. Arutyunova, M.A. Shmelev. With the help of this research we came into conclusion that, scientists of different countries develops these directions and it opens possibility to young scientists for further researches.

Key words: ethnolinguistics, ethnography, ethnicity, language and culture, cognitive direction.

ӘОЖ 811.512.122:39

АҢ-ҚҰС АУЛАУДЫҢ БАЙЫРҒЫ ҚҰРАЛДАРЫ МЕН АҢШЫЛЫҚ САЛТ-ЖОРАЛҒЫЛАРЫНЫҢ АТАУЛАРЫ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ СӨЙЛЕНІСТЕРДЕГІ АТАУЛАРЫ

А.А. Ақажанова – С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің оқытушысы

Түйіндеме.Мақалада ертеде адамдар аң мен құсты таспен ұрып, сойылмен соғып, інге паналағандарын сумен тұншықтырып, түтінмен булықтырып аулаған болса, бертін келе үйретілетін иттерді қосты, атпен қуды, құс салды. *Ор мен аранды, қода мен дараны, шалма мен бұғалықты, тор мен тұзақты, шаппа мен қақпанды, сере мен найзаны, садақ пен мылтықты* әр дәуірге орай жетілдіре пайдаланды. Аң аулау құралдары жайында Т.Әлішеровтің 1994 жылы шыққан «Ит жүгіртіп, құс салған» атты еңбегінде бірқатар дерек туралы баяндалады.

Тірек сөздер: аң-құс аулаудың байырғы құралдары мен аңшылық салт-жоралғыларының атаулары және жергілікті сөйленістердегі атауларына тілдік талдау, құрылымдық-семантикалық тұтастық.

Ертеде адамдар аң мен құсты таспен ұрып, сойылмен соғып, інге паналағандарын сумен тұншықтырып, түтінмен булықтырып аулаған болса, бертін келе үйретілетін иттерді қосты, атпен қуды, құс салды. *Ор мен аранды, қода мен дараны, шалма мен бұғалықты, тор мен тұзақты, шаппа мен қақпанды, сере мен найзаны, садақ пен мылтықты* әр дәуірге орай жетілдіре пайдаланды. Аң аулау құралдары жайында Т.Әлішеровтің 1994 жылы шыққан «Ит жүгіртіп, құс салған» атты еңбегінде бірқатар дерек берілген.

Тұзақ – әртүрлі құстарды ұстау үшін, қылдан есіп жасалатын аншылық құралының атауы [1, 9 т., 264]. *Қоныспай бөдене ұстау үшін 20-30 тұзақ қойды* (Т.Бердияров). *Тұзақ* сөзінен қазақ тілінде *тұзақтау, тұзақталу, тұзақшы, тұзақты* сияқты сөздер; *тұзақ құрды, тұзаққа түсті, тұзаққа ілінді* сияқты тұрақты тіркестер туған. *Тұзақ* сөзі көне түркі ескерткіштері М.Қашқари сөздігінде, «Құтадғу білікте» *тұзақ* түрінде берілген: *қустұзаққа мең учун іліну* – құс тұзаққа жем үшін ілінер. Сонымен бірге «Құтадғу білікте» *тұзақ ау* түрінде де берілген [2, 594]. *Тұзақ* бірнеше түрлі.

Тұзақтың жылқының жалынан, құйрығынан есіп жасалған түрі «қыл тұзақ» деп аталады. *Тұзақ* тек жылқының қылынан жасалмайды, темір сымнан да жасалған. Темір тұзақ түлкі, қоян сияқты ірірек аңдарға қойылатын болған. Темір тұзақ сынып кетпес үшін, иін жұмсақ етіп жасаған. Мұндай тұзақтар қоянның, ірі құстардың шиырлап тастаған жолы мен жымына, түлкінің жүретін жолына, ініне қойылатын болған. *Тұзақтың* кеңдігі қос жұдырық сыятындай болса, түлкі мен қоянға шақталғандай дәл келеді. Қыл тұзақ қырғауыл, кекілік, шіл сияқты құстарға құрылған. Аң, құс тұзаққа не мойнынан, не аяғынан ілінеді. Қазіргі кезде тұзақ лескадан жасалады, себебі ол өте жұмсақ әрі мықты және жіңішке.

Тұзақ құстардың жүретін жән жайылатын, сондай-ақ, су ішетін жерлеріне қойылады. *Тұзақты* жерге тигізіп те, жоғары көтерін те қояды. *Тұзақ* аузының кеңдігі екі жүз грамдық стақанның аузының кеңдігіндей болса, жарап жатыр. *Тұзақты* бекіту қиын емес. Егер тұзақ қойған жерлерде шенгел, тал немесе түбі мықты бұталар болса, оны соған байлайды. Ондай өсімдіктер кездеспесе, күні бұрын қолдан жасап, ағаш не темір қазық дайындап тұзақты соған бекітеді. Бірақ қазықтардың мықты әрі елеусіз болғаны дұрыс.

Тор – мықты жіптен кереге көздендіріп, шаршылап тоқылған аңшылық құралының атауы. *Ақсақ торғайының арманын айтпай-ақ сезген бала торғайын тордан шығарып алды* (Ө.Тұрманжанов). Тор әртүрлі жағдайда қолданылады. Торды аның жүретін жолына жайып, аң аулайды. Торды әл бермейтін күшті аның үстіне жайып тастап матап, сонан соң соғып алады. Тормен балық аулайды. Тор сөзінен *торлама, торлы, торлану, торлау* т.б. сөздер; *тор жайды, тор құрды* сияқты тұрақты тіркестер пайда болған. Тор сөзі көнетүркілік «Құтадғу білікте», М.Қашқари сөздігінде берілген: *ер тор – йанты* – ер тор жасады. «Алтын жарқын» жазбасында тор, тұзақ мәнінде *төр* деп берілген. *Торчы, торчы чыв-ачы* тор құрушы; *торчы* тұзақчы тор құрып құс аулаушы, аңшы [2, 578].

Аран – 1. Аң аулауда қолданылатын, үсті жабылған терең ор, шұңқыр атауы. *Аңшылар жан-жақтан қиқулап қуғанда, киіктер үсті қамыспен жабылған аранға томп-томп түскен* (Ж.Тәшенов). 2. Кіріш пен темірден жасалған қоршау. *Шабарман мен милиция малды айдап, үлкен бір ашық аранға қамап жатыр* (Ж.Аймауытов)[3. I т., 589]. *Аран* сөзінен *арандау, арандатқыш, арандай, арандату, арандатушылық* т. б. сөздер; *аузын арандай ашты* тұрақты тіркесі жасалған. *Аран* М.Қашқарида малқора, атқора мәнінде берілген [2, 51].

Құлан, кнік, тарпан (жабайы жылқы) секілді ірі аңдарды аулау үшін, аңшылар жазық далада ұзындығы 10-15 шақырым, ені 5-6 метр, терең доғаша иілдірілген ор, аран қазатын болған, оның түбіне қаз-қатар тізіп, басы ұшталған қазық қағылады. Жан ұшырып қашқан аң алдыңғы аранға кезігіп, екпінімен қарғымақ болып, орға құлап жараланып қолға түседі.

Ор қазу – құлан, кнік сияқты даланың жабайы аңдарын аулау тәсілінің атауы. Ор мен аран бір-біріне жақын болғанымен, бір емес. Аран-ор көбінесе терең шұңқыр түрінде болса, ор (ор қазу) бірнеше жүз шақырым жерге созылатын болған. Ежелгі түркі әдебиетін зерттеген А.Егеубаев белгілі этнограф А.Диваевтың «Этнографическое обозрение» журналының 1901 ж. 1-ші санындағы «Библиографическая заметка» деген мақаласында «Әмір Темірдің оры» («О рове Хромого Темира») туралы аңызды жариялағанын айтады. Ә.Диваев Ақсақ Темір оры туралы Кавказ халықтарындағы бес аңызға қоса, алтыншы қазақ анызын келтіреді. Қазақ анызы бойынша, алты жасар мұрагер ұлының атымен бірге жоғалып кеткенін құландардан көріп, соның кеңін қайтару үшін, Темір Балқаштан Ілеге дейін терең ор қаздырып, соған даладағы құландарды айдап құлатыпты-мыс. Өлген құландардың ішінде Темірдің ұлы мінген ат табылады. Сол аттың үзенгісінен баланың бір аяғының жұрнағын көргеннен кейін ғана Әмір Темір іштен тынып, тоқтапты-мыс [4, 257-258].

Аусар – көне аң аулайтын құрал, тор. *Аусармен бұрындары құс та, аң да аулай беретін* («Жас алаш»).

Томаға – бүркіттің көзін бастыра басына кигізін қоятын былғары тұмылдырық атауы. Сұңқар сияқты кішірек қырандардың басына кигізетін *көзқалқан, көзқап* деп атайды. Томаға сөзінен *томағалау, томағалану* сияқты сөздері *томаға тартты* тіркесі туған.

Дабыл – жаугершілікте, жорықта, той-думанда халықты бір жерге жию үшін, саяткерлік құрғанда

анды үркіту үшін пайдаланылатын құрал атауы. Дабыл ішін қырғымен қуыстаған қарағайдан жасалады, қуыстың бетін түйенің мойнақ терісімен не басқа мықты терімен қаптап бекітеді. *Алдына дабыл төңкерген, Артына сауыт бөктерген, Аламанға дем берген, Азды-көпке тең берген* («Қобыланды батыр»). *Дабыл* сөзінен *дабылда, дабылдау, дабылаз, дабылшы* сияқты сөздер; *дабыл қақты* сөз тіркесі туған [5, 3 т., 25-26]. *Дабыл* араб сөзі *табл* –дің өзгерген түрі, одан парсының *-паз* қосымшасы арқылы *таблаз (дабылаз), дауылаз* сөздері туған [6, 189].

Атқы – өзінен-өзі атылатындай етіп жасалған, садаққа ұқсас құрал атауы. Ірі аңдардың жолына құрылады. Жебенің артқы жіпке байланып, жіңішке жіпке керіледі. Келе жатқанда кеудесімен соққанда жебе атылып, аңды мерт қылады. *Атқы* сөзі «белгілі бір жаққа қарай атылу, ытқу» мағынасындағы *атқы* етістігінің заттанған түрінен туған.

Қақпан – аң аулау үшін темірден жасалған, шаппалы құрал. *Тоғайда қақпаным бар, қоян түссе ұрлап қояды деп, ол таңертең шығып кеткен* (О.Бөкеев) [7, 5 т., 570]. Аншылар темір қақпанды қойдың жылымық құйрық майына, артынан суық майға суарып жасайды. Майға суарылған қақпан берік, морт сынбайды. Қақпанның аң ұстайтын қабатындағы серіппелері *қандауыз*, оны қысып тұратын бөлігі *серіппелер*, қақпанның аң басып тиегін тайдырар жері *табан*, табанды жасырып тұратын ағаш *тимек* деп аталады. Қақпанның ағаштан жасалатын түрі *тәні* деп аталады. Кейбір түркі тілдерінде, мысалы, қырғыз тілінде *қақпан* түрінде айтылуына қарағанда қазақтың *қақпан* сөзі сол *қақпаннан* шығуы мүмкін. Көне түркі тілінде *қап* «ұстау» мағынасында қолданылған [2, с. 420].

Аншылық өнерінде қақпанның орны мүлде бөлек. Қақпан қасқыр, арқар, киік, акбөкен, қарсақ, шибөрі, түлкі тәрізді тұяқты тұяқсыз аңдардың бәріне де қоюға жарайды. Бірақ аталған аңдардың күшті, осалдығына, айла-амалының аз-көптігіне және жүрген жерлерінің ерекшелігіне байланысты қақпан түрлерін таңдап алу керек. Мәселен, қасқырға және тұяқты ірі аңдарға қақпанның мықтысы таңдап алынса, шибөрі, қарсақ, мәлін, түлкіге одан кішірек, шағын қақпан таңдалып алынады.

Қалжауыр – қақпанға түскен аң оны сүйретіп кетпес үшін, қақпанға шынжырмен байланатын ауыр зат атауы. Оны *сүйретпе* деп те атайды. *Жүгіріп қақпан құрған жерге бардым, қақпанның ауыр сүйретпесі бар еді* (Қ.Әжікеев). Егер қақпанға түскен аң оны сүйретіп алып кетсе, ізіне түсіп тез табу үшін, қақпанға ауыр темір шынжыр байлайды, оны *сүйреткі* деп атайды. *Сүйретпе, сүйреткі* сөздері заттың бір орнынан басқа орынға, жерге тигізе тарту, «қозғау» мағынасындағы *сүйрет* сөзінен шыққан.

Шиті – оқпаны ұзын, жерге тіреп қоятын екі сирағы бар, қолдан оқталатын білтелі мылтық атауы. Оның үлкен оқпен ататын түрі *қарап ерен*, оқпанында төрт айналмалы, қырлы талы бар түрін *төрт талды*, оғы сылдырлап шығатын түрін *сылдырламашииті* деп атайды.

Аң білік – көне аншылық бұйымдарын сататын дүкен атауы. *Қалада аурухана және дәріхана, аң білік үйі, ұсталық дүкені, мектеп болмақ* (С.Сейфуллин) [3, I т., 526].

Шырға – алғыр құсты үйрету тәсілдерінің атауы. *Өлі аңды ұзын жіпке байлап сүйретеді, бүркіт қуып барып, ұстап жейді, мұны шырға дейді* (С.Қасиманов). Алматы облысында құсты (бүркітті) қайта қондыру үшін жасалатын алдамшы қалта [8, 777]. Бұдан *шырға тартты, шырғалап ұстады* тіркестері шыққан [9, 10 т., 352].

Жоғарыда айтылғандардан басқа жалпыға белгілі *шоқпар, сойыл, сайғақ (қатты ағаштан жасалған қысқалау сойыл), арқан, садақ, дойыр қамшы* (өрім арасына қайыстан өзек салынған, сырты таспамен өрілген төрт қырлы жуан қамшы, сабы мықты ағаштан жасалып, өрім ұшына қорғасын т.б. металл салынады), *кездік* (мүйіз сапты пышақ, қыңға салынып, белдікке тағылады), *қанжар* (екі жүзді, ұшы үшкір болат пышақ, аңды жару үшін пайдаланады, парсы сөзі *ханджар, бұзаутіс* (алты таспалы, дырау қамшы) т.б. деп аталатын аңшылық құралдары бар.

Аншылар тәжірибесінде аң аулаудың бірнеше тәсілі қолданылған. *Индету* – анның, көбінесе ұсақ анның ініне су құйып немесе ініне түтін салып тұншықтырып ұстау тәсілінің атауы. *Уландыру* – жыртқыш аңдардың жолына, апан мен індерінің аузына зәрлі жемтік, өлексе тастап уландырып ұстау тәсілінің атауы. «*Шақыру*» – тасада жасырынып жатып аңдыған анның үніне салып (ұлып, қынсылап, шикылдап) алдау арқылы «шақырып» атып алу тәсілі. *Соғып алу* – аңды қыста қуып, омбылатып не жазда қалың шөп арасында қуып, соғып алу тәсілінің атауы. *Құлатып алу* – ірі аңдарды таудың биік, ұшпа қабақтарына тықсыра қуып, биіктен құлатып аулау тәсілінің атауы. Бұл тәсілді арқар, тауешкі, киік аулауда қасқырлар жиі қолданатын болған. *Қаумалап ұстау* (облава) – қасқыр т.б. аңдардың жүрген жерлерін алдын ала барлап, оларды аншылардың жан-жағынан қаумалап, қоршап аулау тәсілінің атауы.

Аншылыққа байланысты жергілікті сөйленістердегі атаулар. Саржа – садақ атауы. Ерте кезде

батырлар қолына саржа ұстаған (Ақт.). Саржамен ерте кезде нысанадағы тиынды ататын (Қост.). Махамбет батыр саржа атуға шебер болды (Орал.) [8, 585].

2005 жылы шыққан «Қазақ тілінің аймақтық сөздігінде» *саржа* «садақ» деген мағынаны білдірсе, С.Қасимановтың «Қазақ халқының қолөнері» (Алматы, 1969 ж.) атты кітабында *саржа* «садақ оғы» деп берілген [10, 60], ал садақ оғының өзін *қол оқ*, *жебе* (бұл оқты Шыңғыстың атақты әскербасы Жебе мерген алғаш тартқан, оқтың «жебе» аталуы содан қалған делінген), *қу жебе* - садақтың қақ болып қатып қалған оғы, *ағаш оқ* - садақтың жай ағаштан жасалған оғы деген. 1969 жылы шыққан «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігінде» *қасалақ* (Жамб.) сирек кездесетін садақ оғының бір түрі, *керме* – садақтың тартылған қайысы дегенді білдіреді. Шын мәнісінде, *жебе* парсы сөзі «джәбәден» шыққан [6, 91-92]. **Жай** – кермесіне жебе салып тартатын садақ атауы [10, 192]. *Жақ* сөзінің синонимі (*өзінің оғымен тартты жайды* (О.Шинин)). **Бөлеу** – бүркітті орап алып жүретін құндақ, бөлік ағаш атауы [10, 109]. **Сыралғы** – аңшыдан алынатын олжаатауы [103, 629-630]. **Қорама** – оқ құюға арналған қалып атауы. Ертеде қораманы қыштан жасаған [10,408]. **Уазына** – бытыра мылтыққа салатын дәрінің өлшеуішінің атауы. *Аңшылар мылтықтың оқ-дәрісін, уазынасын бәрін алып жүреді* (Шығ. Қаз.) [8, 694]. Жергілікті жерде тұзақ атаулары да әртүрлі: **Дом** – қырғи ұстайтын ау, құрал атауы. *Доммен қырғи аулаймыз* (Шым.) [8, 199]. **Аспақ** – тұзақ сияқты құрал. *Асқақтасаң аспаққа асыласың, бәсең болсаң бәйгеге қосыларсың* (Мақал, Шығ. Қаз.) [8, 74]. **Пілік** – құсты түнде қонақтап отырған жерінде ұстайтын тұзақ атауы. *Пілік қайда, ағашқа бір құс келіп қонды* (Шымк.) [8, 564]. **Соққы** – аңды қуып жетіп соғатын құрал. *Қасқырды құдым, амал не, қолымда соққы жоқ* (Қ.орда) [8,604]. **Салма** – қақпанның шынжырына байланатын ауыр зат атауы. *Қақпанға түскен қасқыр қазықты жұлып кетті, салмасымен сүйретіп, отыз метрдей жерге жатыпты* (Ақт.). Қазақ тілінің аймақтық сөздігінде *салма* – қақпанның шынжырына байланатын ауыр зат мағынасында берілсе, Ж.Кейкин «Қазақы атаулар мен байламдар» (Алматы, Өлке, 2000 жыл) атты кітабында [61б.] оны «қалжауыр»деп береді, ал «сүйреткі» - қақпанға түскен аң сүйретіп алып кетсе, ізіне түсіп, тез табу үшін тағылатын ұзын, ауыр темір бау деп түсіндірген. **Қалжуыр** садақ оғының бір түрі. *Қалжуырдай шанышлып жұрт үшін қарауылға көп тұрған* (ҚХР)[8, 337]. **Абажа** – жыртқыш аңдарға құратын үлкен шарбақ атауы [11, 11]. **Абақ** – а) аң ұстайтын шарбақ тор, ә) үлкен сулардан балық сүзетін аудың түпкі бөлігі [11, 11]. **Дырылдақ** (дырылдауық) – аңшының құс үркітетін құрал атауы [11, 163]. **Жаба** – бүркітті үстінен басып ұстайтын шаңырақ сияқты құрал (ҚХР) [8, 219]. **Қамба** – қасқыр, қоян ұстау үшін қалың қарды терең ғып ойып, ішіне от жағып, мұз ғып қатырып жасалған ордың атауы. Қамба көбіне қары қалың солтүстік аудандарда жиі қолданылған. Қамбаның қалай жасалатынын С.Мұқанов былайша түсіндіреді: «Қамба дейтіміз – омбы қардан ойып жасаған ор. Қайсыбір орманды, таулы өлкелерде қар мол жауып, боран соққаннан кейін кейбір ойпатты, шұңқырлы жерлерде үйілген қардың биіктігі 4-5 метрге дейін жетеді. Басқа аңдар сияқты қасқырдың да «жым» деп аталатын шұбырынды іздері болады. Қамба сол жым бойындағы қары қалың шұңқырларда қазылады да, қабырғаларына тайғанақ мұз тұрғызу үшін, ішіне қу шөп жағады, сонда қамба қабырғасындағы еріген қар от сөнісімен аяздың әсерінен лезде мұз болып қатып қалады. Мұнан кейін оның үстін бүркеп жауып тастайды. Ал қамбаға аңдаусызда түскен аңдар сыртқа қарғиын десе, мұздаққа таяды да, қамбаның ішіне қайта құлайды. Сонан аңшы келіп, соғып алғанша қамбаның ішінде отыруға мәжбүр болады» [12, 95].

Қамба – парсының *хамбә* сөзінің дыбыстық өзгеріске түскен түрі, астық сақтайтын қойма мағынасын білдіреді [6, 118]. Бұл сөз кейін ауыс мағынада соған ұқсас басқа заттарға да айтылатын болған.

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-10 тт. - Алматы: Ғылым, 1974. – 198 б.
2. Древнетюркский словарь. - Ленинград: Наука-Ленингр.отд., 1969. – 676 б.
3. Егеубаев А. Кісілік кітабы (ғылыми эссе). - Алматы: Ана тілі, 1998. - 318 б.
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-10 тт. - Алматы: Ғылым, 1974. – 198 б.
5. Оңдасынов Н. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. - Алматы: Қазақстан, 1974. – 383 б.
6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-10 тт. - Алматы: Ғылым, 1974. – 198 б.
7. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 1-3 тт. - Алматы: Арыс, 2006.
8. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Жауапты редакторы Ш.Ш. Сарыбаев. - Алматы: Арыс, 2005. – 819 б.
9. Қасиманов С. Қазақтың қол өнері. - Алматы, 1969.
10. Қазақ тілінің сөздігі. Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. - Алматы: Дайк-Пресс, 1999. – 774 б.

11. Мұқанов С. Халық мұрасы (тарихи этнографиялық шолу). - Алматы: Қазақстан, 1974. – 235 б.

Резюме

В статье рассказывается об эволюции орудий, которые люди использовали для охоты на животных и птиц. В давние времена люди применяли различные методы охоты, такие как: забивание камнями и дубинами, травля дымом, заливание нор водой, охота с луком и стрелами. От эпохи к эпохе методы охоты совершенствовались и приобретали новые формы. В настоящее время дрессированные собаки и охотничьи птицы, ружья, капканы, силки и арканы, сети и ловушки очень популярны среди охотников. Описание охотничьих приспособлений дается в книге Т.Алишерова «Ит жүгіртіп, құс салған».

Ключевые слова: языковой анализ древне-исконных названий орудий для ловли зверей и птиц, обряды и обычаи охотников, структурно-семантическая целостность.

Summary

The article describes the evolution of the tools that people used to hunt animals and birds. In ancient times, people used different methods of hunting, such as stoning and clubs, hounding smoke, pouring water, hunting with bow and arrows. From epoch to epoch hunting techniques improved and acquired new forms. Currently trained dogs and hunting birds, guns, traps, snares and lassos, nets and traps are very popular among hunters. Description of hunting accessories is given in the book of T.Alisherov «Itzhugurtyp, kussalğan».

Key words: linguistic analysis of ancient names of tools for catching birds and animals, rituals and customs of the hunters, structural and semantic integrity.

УДК:811.512.122:811.512.161'1

ТҮРІК ТІЛІНДЕ «КӨЗ» СОМАТИЗМІНЕН ЖАСАЛҒАН ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

Ш. Е.Ауелбекова - С. Демирел университеті Түркология бөлімінің аға оқытушысы,
PhD докторы

Түйіндеме: Мақала адамның дене мүшелерінің атаулары және олардың қатысы арқылы жасалған соматикалық фразеологизмдер жайлы. Түрік тілінде «көз» соматизмінің қолданыс аясымақаламызға арқау болып отыр. Түрік тілінде көз соматизмінің қатысуы арқылы жасалған фразеологизмдер көбінесе адамның ішкі сезімін, қуанышы мен ренішін білдіреді. Таң қалу, шошыну, қорқу және күтпеген оқыс жағдайлардағы адамның ішкі эмоцияларын көз арқылы біле аламыз. «Көз» адамның ішкі жай күйінің айнасы. Адамның зерек, алғыр аңғарымпаз немесе аңғалдау екенін көз арқылы біле аламыз. Мақаламызда бұған қатысты бірнеше мысалдар келтірдік. Сонымен қатар қоршаған ортадағы барлық әсемдік, әдемілік пен тазалықты көз арқылы көрін, көз арқылы ұғынамыз. Уақыт өлшемдерін жылдамдықты да көзбен өлшеп, нішін байқаймыз.

Мақаламызда, «көз» соматизмінің қатысуы арқылы жасалған фразеологизмдердің барлығын қамтуға тырыстық.

Тірек сөздер: түрік тілі, соматика, фразеологизм, идиома.

Ұлт тарихынан, мәдениетінен, таным болмысынан, тұрмыс-тіршілігінен хабардар ететін фразеологизмдер десек, тілдегі тұрақты тіркестердің тарихи семантикалық табиғатын ашу арқылы халық тілі байлығының молдығы мен ерекшелігі анықталады. Фразеологизмдер – тіл атаулының бәріне тән құбылыс.

Адамның дене мүшелерінің атаулары және олардың қатысы арқылы жасалған соматикалық фразеологизмдерді этномәдени мазмұндағы мәтін ретінде түсіну «тілдегі адам бейнесін» таңбалық жүйе ретінде қарастыруға жетелейді. Өйткені соматикалық фразеологизмдер- адамның сыртқы әлемді сезінуі мен түйсінуінің, дүниені қабылдауы мен логика-танымдық деңгейде пайымдауының тілдік моделдері ғана емес, адам анатомиясы, физиологиясы мен психикасы туралы этностың ең көне, архаикалық біліміне жетелейтін соматикалық код болып саналады.

Түрік тіл білімінде тартымды, қызықты, көңіл аударарлық әсерлі мағына ерекшелігіне ие және жиі шын мағынасынан алшақ басқа мағына тудыратын сөз тобын фразеологизм (Deyimler) деп атайды.

Фразеологизмдердің құрылымдық ерекшеліктері: Фразеологизмдер бітісін кеткен сөздер. а.Фразеологизмдердің сөз тізбегі бұзылмайды. Ал сөз тізбегі бұзылған жағдайда фразеологизм ерекшелігінен айрылады. Мысалы: фразеологизм ретінде *ör babanın elini* (Сүй әкеннің қолынан) сөз тіркесі *babamın elini ör* (әкеннің қолынан сүй) тізбегінде жұмсасақ, бұл сөз тіркесі фразеологизм ерекшелігінен айрылып, жай сөйлем болады. б. Фразеологизмдердің құрамындағы сөздерді мағыналас сөздермен ауыстырса, ол фразеологизм бола алмайды.

Фразеологизмдерді құрайтын сөздердің арасына басқа сөздер де енуі мүмкін. Бұл жағдайда фразеологизмнің қалып, тұлға ерекшелігі бұзылмайды. Мысалы: “*gözü tutmak*” фразеологизмін былай да қолдануға болады. *Bu adamı gözüm hiç tutmadı.* (Бұл адамды еш ұнатпадым.)

Фразеологизмдер екі немесе одан да көп сөздерден құралады.

а) Сөз тіркес тұлғасында фразеологизмдер. Мыс: *Kaşla göz arasında* (Қас пен көз арасында) тб.

б) Сөйлем түріндегі фразеологизмдер. *Gözden irak, gönülden irak.* (Өзі жоқтың көзі жоқ)

Мақаламызға арқау болып отырған «көз» соматизмінің түрік тіліндегі қолданыс аяасын қарастырып отырмыз. Қазақша «көз» сөзі түрікшеде «гөз» деп айтылады. Көз анатомиялық органы ретінде адамның келбетінде орналасқан қос көру мүшесі. Көздің негізгі қызметі көру, қарау және бақылау. Ал пішіні кішкентай, домалақ. Анығырақ айтқанда адамның бет жүзінің формасына қарай көздің де пішіні өзгереді. Көздің сыртқы түрі соматикалық метафора әсерінің көмегімен білінеді. Мысалы түрікшеде “*çekik gözli*” қысық көз (сөзбе-сөз: «*тартылған (созылған) көз*»); “*derine kaçmış gözler*”, “*gözleri çukura gitmek (kaçmak)*” - үңірейген көз (сөзбе-сөз: *теріге қашиқан (кірген) көз*). Эстетикалық баға негізінде зооморфты, фитоморфты метафоралардың қатысуымен, сонымен қатар үй-іші тұрмысында қолданылатын заттарды салыстыру арқылы да жасалады. Жан-жануарлар мен өсімдік метафоралары негізіне жататын бейнелер халықтың өмір сүру ортасының шынайы көрінісін береді.

«Көз» соматизмінен жасалған фразеологизмдер адамның ішкі сезімін, қуанышы мен ренішін, психологиялық жағдайын танытатын симптомдық белгі қызметінде жұмсалады: *Gözleri dolmak (Üzülme ya da duyulanmadan gözleri yaşla dolmak)*, *Gözleri dönmek (Aşırı bir istek ya da çok öfkelenme dolayısıyla saldıracak durumda olmak)* *Gözleri yerinden fırlamak (Gözlerini gereğinden çok açıp aşırı öfkesini göstermek)* *Gözleri faltaşı gibi aşılmak (Gözleri, büyük bir şaşkınlıktan ya da öfkeden dolayı doğal olmayan biçimde açılmak)* *Gözleri kan çanağına dönmek (Uykusuzluk, ağlama, kızma gibi nedenlerle gözleri çok kızarmış olmak)* Жоғарыда берілген тұрақты сөз тіркестері адамның көңіл күйінің болмауын білдіріп тұр. Осы мағынадағы фразеологизмдерді қазақ тілінде де көруімізге болады. Мысалы: *көзі атыздай болды, екі көзі шарасынан шықты, көзіне қан құйылды, көзі шырадай жанды* т.б.

«Көз» сөзінен жасалған тұрақты тіркестердің кейбіреулері әдемілікті, әсемдікті білдіреді. Мұндай тіркестерге мысал ретінде: *Göz alıcı (Göze çarpan, güzelliği dikkati çeken, alımlı)* *Göz almak (göz kamaştırmak)* *Göz kamaştırmak (1. keskin ışık, gözü bir süre göremez duruma getirmek. 2. güzellik ya da başarı, görenleri hayran bıraktırmak)* Осыған ұқсас қазақ тілінде де тұрақты тіркестер бар. Мыс: *көздің жасауын алады.....*

«Göz» анатомиялық мүше ретінде паремияларда (тұрақта сөз тіркестерінде) тура және бейнелі дәлел ретінде келтірілген. (*ağrılardan göz ağrısı her kişinin öz ağrısı - ең қатты көз ауруы, әр адамның өз ауруы (сөзбе-сөз: «аурулардың көз ауруы, әрбір адамның жеке ауруы»*); *ağzı eğri, gözü yaş ensesinden (arkasından) belli olur (bellidir)* - («ауызы қысық, көзі қатарды, оның тұлғасынан білуге болады»)) демек, адамның мінезі жүріс-тұрысынан білінеді). Көздің жұп мүше ретінде мағына беруі, оның құрамдас бөлігінде *sağ gözünü sol gözünden kiskanmak* - өте қызғанашақ болу (сөзбе-сөз: оң көз сол көзді қызғанады) фразеологиялық бірлік тең дәрежеде берілген.

Көз анатомиялық мүше ретінде көз жасының сұйықтығын бөлін шығарады. Көздің бұл ерекшелігі паремиялар мен фразеологиялық бірліктерде (*ağaran baş, ağlayan göz gizlenmez- ağarған шаш пен жасаураған көзді жасыра алмайсын*); *gözünde yaş var taşında aşı yok - мақал: көзінде жас, ал ыдысында ештеңе жоқ (кедей, жарлы)* («көзінде жас бар, ыдысында тағам жоқ»)) берілген (көрініс тапқан).

Бұдан басқа, ұйқыны (көздің жабылуын) сырттай сипаттау барысында ауыз екі тілде көздің ойнақшуы және қозғалуының бейнесі енгізілген. (*gözleri süzülme - жұмылу (шаршау кезінде)* – көз туралы (сөзбе-сөз: «көз жалтарады (ойнақшиды)»). Ұйқы халық түсінігінде көзге еруге немесе енбеуге икемі бар дербес (автономиялық) субстанция. (*gözünden uykusı (su gibi) aktmak* - (сөзбе-сөз: «ұйқы оның көзінен судай ағып кетеді») қатты ұйқы келгенде, көз жұмылып кетеді; -in gözüne uyku girmemek - ұйқысыздықтан қиналу (сөзбе-сөз: оның көздеріне ұйқы енетін емес)).

Фразеологиялық бірліктердегі «göz» контекстінде берілген семантикалық бөлігінде «göz»

компонентімен үш блогқа бөлінеді; бірінші блок паремияларындағы лексималық мәні көзді анатомиялық мүше ретінде түсінуге негізделген, оның мағынасын жете ұғынып, қабылдай алуында. *Bir başka bir göz yeter* - (сөзбе-сөз: *бір басқа бір көз жетеді*) демек, қажеттілікті қанағаттандыру үшін азы да жетеді; *caminin(mescidin) mumunu üyeyen kedinin gözü kör olur-* (сөзбе-сөз: «*мейіт шамын жеген мысықтың көзі соқыр болады*») демек, Құдай, мейірімділігімен берген жақсылықтарының парызын өтемеген адамды жазалайды. Фразеологиялық бірлік құрамының екінші блогындағы көз лексемасының мәні, көздің тура көру мағынасына екпін түсіре айтылады *gözle görülebilir(görülür)* - а) макроскопиялық; көзбен көретін, көрінетін; б) көзге түсетін, айқын; анық; көрнекті; (сөзбе-сөз: «*көзбен көруге болатын*»); *göze görünmez* - көзге түспейтін, көзге көрінбейтін, көзге шалынбайтын (сөзбе-сөз: «*көзге көрінбейтін*»)). Фразеологиялық бірліктің үшінші блогы құрамында оң бағасы бар дағдылы емес эстетикалық көру әсері берілген *göz kamaştırıcı*-көз шағылыстыратын; әдеттен тыс, таң қаларлық (сөзбе-сөз: «*көзді соқырлайтын*»); *göze çarpmak* - а) көзге түсу; өзіне назар аудару; б) тартымды,көз тартарлық болу; (сөзбе-сөз: «*көзге түсу*»)). Соңғы блок құрамында толықтырылатын сыйымдылық мәніндегі фразеологиялық бірлік қатары бөлініп шығады. Сонымен *göz* «көздің» толықтырылатын дәрежесі қарушының эстетикалық талаптарының қанағаттандырылуымен тікелей байланысты. *göz doyurmak*- көзге жақсы көріну (қарау); таңдандыру, таңқалдыру (сөзбе-сөз: «*көз тойдыру*»); *göz doldurmak* - көзге жақсы көріну (қарау); таңдандыру, таңқалдыру (сөзбе-сөз: «*көз толтыру*»)).

Правильность этого тезиса подтверждается тем, что для выражения одного и того же понятия разные языки чаще всего прибегают к разным образам. Например для выражения мысли о том, что нельзя по наружности судить о человеке, французы употребляют устойчивое сочетание /*l'habit ne fait pas le moine* (букв, ряса не делает монаха), а итальянцы -*la barba non fa il filosofo* (букв, борода не делает философа). При этом все понятия, обозначаемые словами, из которых состоят приведенные выше фразеологические единицы, одинаково знакомы носителям сопоставляемых языков. То же самое можно сказать о значениях этих фразеологических единиц. А вот образы, лежащие в основе этих значений, во всех языках специфичны. Они, очевидно, выражают этнопсихологию народов - носителей данных языков, поэтому и различаются. В.Н. Телия пишет, что поскольку для идиом характерна образная мотивированность, «которая напрямую связана с мировидением народа-носителя языка», идиомы в принципе обладают культурно-национальной коннотацией [5: 214-215].

Здесь мы не принимаем во внимание интернациональные и заимствованные фразеологизмы, которые встречаются почти во всех языках. Подобные фразеологические единицы, восходящие к общему источнику, естественно, имеют одинаковую образную основу. Но удельный вес интернациональных и заимствованных ФЕ в исследуемых нами языках невелик, поэтому они не могут опровергнуть тезис о национальном своеобразии фразеологии.

Из вышесказанного ясно, почему большинство ФЕ дословно непереводаемо: они переводятся на другие языки с помощью фразеологических эквивалентов, построенных на иных образах. Однако подобные эквиваленты не всегда имеются. В самом деле, если сравнить фразеологический состав двух языков, то нетрудно заметить, что не все понятия, для выражения которых в одном языке существуют ФЕ, представлены в фразеологии другого языка. Например, для обозначения долгого и томительного ожидания в немецком языке существует несколько ФЕ (*wartenkoennen*, *bismanSchwarzwird*, *dakannstduwarten*, *bistduLaeusekriegst* и др.), в то время как в русском языке нет ни одного. Точно также в немецком нет фразеологизма для характеристики чего-либо назойливо предлагаемого в неумеренном количестве, называемого по-русски демьяновой ухой.

В.Г. Как предлагает разграничить национальную и культурную специфику ФЕ. Причем национальная специфика ФЕ наиболее ясно выявляется при сопоставлении разных языков. Она обуславливается двумя факторами - объективным и субъективным. Объективный заключается в природных и культурных реальностях, свойственных жизни данного народа и не существующих в жизни другого. В качестве примера можно привести выражение «прилип как банный лист», (быть навязчивым, выражение не понятно для европейцев, в виду отсутствия бань и традиции парится веником)

Субъективный фактор состоит в произвольной избирательности, когда слова, отражающие одни и те же реальности, представлены различно во фразеологии разных языков. Например, в русском языке нет ФЕ со словом артишок, так как это растение нетипично для русской культуры. Оно представлено во фразеологии французского и итальянского языков: франц.*avoir un coeur d'artichaut* «быть ветреным, влюбчивым» (букв, «сердце, то есть мягкая сердцевина артишока»), в итальянском -*la politica di carciofo* «политика, направленная на последовательное приобретение новых территорий» (букв, «политика артишока»), даже в английском и немецком языках нет идиом с данным растением, так как оно довольно экзотичное. Различие между романским и русским языком здесь - объективное, между двумя романскими — субъективное.

Культурная специфика ФЕ определяется соотношением ее с элементом материальной или духовной культуры данного общества, его истории, верований, обычаев, природно-географического кадра, в котором живет данный народ [6: 260 - 261].

Д.О. Добровольский в статье «Национально-культурная специфика во фразеологии» предлагает выделить два подхода к пониманию национальной специфики: сравнительный, когда национально-культурная специфика некоторого явления данного языка определяется относительно некоторого другого языка, и интроспективный, когда речь идет о представлениях носителей языка о национальной маркированности тех или иных единиц своего языка вне сопоставления с другими языками [7: 40].

Другие исследователи фразеологии (А.А. Реформатский, О.С. Ахманова, Н.Д. Арутюнова) выделяют три способа отражения национальной культуры фразеологизмами:

1 - национальная культура отражается комплексно, т. е. своим идиоматическим значением, всеми компонентами вместе, что составляет суть любой ФЕ. Именно носитель языка, опираясь на знание своей национальной культуры, может правильно дешифровать представления, положенным в основу ФЕ, и

остающиеся непонятными для иностранца. При этом именно во фразеологии органически сочетаются как опыт отдельной личности, так и опыт многих поколений данной национальности со своими, только им присущими чертами.

2 - национально-культурная специфика отражается расчлененно, т. е. элементами своего состава. Обычно так проявляются фоновые схемы тех фразеологизмов, стержневой компонент которых содержит экзотизм для иностранной аудитории.

3 - фразеологизмы отражают народную культуру своими прототипами, образами - свободными словосочетаниями, описывающими определенные обычаи, праздники, подробности быта и культуры, исторические события в жизни народа и многое другое [8: 306 - 307].

Как уже было сказано, маркированность национально-культурной специфики образной семантики ФЕ часто создается собственно компонентом фразеологизма. Так, например присутствие в составе ФЕ топонима, гидронима, антропонима само по себе уже является указанием на то, что данный фразеологизм несет национально-культурную нагрузку.

Таким образом, видно, что попытка раскрыть и понять национально-культурную специфику языка тесно связана с проблемами человеческого восприятия вообще, с путями осознания человеком мира, отражением этого осознания в языке и - на основе сопоставления - выявлением расхождения (или схождения) путей осознания мира представителями разных национально-культурных социумов, выявлением собственно национальных и - шире - общечеловеческих инвариантов в картинах мира.

1. Солодуб Ю.П. Национальная специфика и универсальные средства фразеологии как объект лингвистического исследования // Филологические науки. - 1990

2. Кунин А.В. Фразеология современного английского языка. М., 1972

3. Мокшенин В.М. Славянская фразеология: Учебное пособие для филологических специальностей университетов. - М.: Высшая школа, 1980

4. Ройзензон Л.И. Лекции по общей и русской фразеологии. Учебное пособие. Самарканд, 1973

5. Телия В.Н. Первоочередные задачи и методологические проблемы исследования фразеологического состава языка в контексте культуры // Фразеология в контексте культуры. - М.: «Языки русской культуры», 1999

6. Гак В.Г. Национально-культурная специфика меронимических фразеологизмов // Фразеология в контексте культуры. - М.: «Языки русской культуры», 1999

7. Добровольский Д.О. Национально-культурная специфика во фразеологии // Вопросы языкознания. - 1997

8. Бирих А.К., Мокшенин В.М., Степанова Л.И. Словарь русской фразеологии. Историко-этимологический справочник. М.: Фолио - Пресс, 1998

9. Гуревич В.В., Дозорец Ж.А. Фразеологический русско-английский словарь. М.: ВЛАДОС, 1995

10. Кунин А.В. Англо-русский фразеологический словарь. М., 1984

11. Фразеологический словарь русского литературного языка: в 2 т. / Сост. А.И. Федоров. - Новосибирск: ВО «Наука». Сибирская издательская фирма, 1995

Резюме

Айтылмыш мақалада әр түрлі, жақын емес тілдердегі фразеологиялық бірліктер және де ұлттық өзгешеліктің фразеологизмдердің туындауына әсері қарастырылады. Мұнда фразеологиялық бірліктердегі ұлттық өзгешеліктің қалай және неде байқалатыны көрсетіліп, сонымен бірге, тұтасымен алғанда, фразеологизмдердің әр жақтылығының себеп-салдары баса айтылған. Мақалада фразеологизмдердің ұлттық-мәдени тілдік ерекшеліктерінің бейнесі ретінде зерттелуі қарастырылған. Фразеологизмдер белгілі бір халықтың рухани және материалдық мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде айқындалған. Фразеологиялық бірлестіктердің семантикалық ұлттық-мәдени элементтері, ұлттық-мәдени факторлары халықтың салт-дәстүрлерімен байланыста зерттеледі. Әр түрлі этностардың ұлттық тілдік санасы қоршаған ортаның ықпалына тұтастығы мен ерекшелігіне байланысты ерекшеленеді.

Кілт сөздер: фразеология, фразеологиялық бірліктер, жақын тілдер, ұлттық өзгешелік, мәдениеттану, бағалау компоненті.

Summary

In this article, it is considered a phraseological units in different, unrelated languages and how the national

specificity is influenced on phraseological formation. Here it is showed, how and in which way a national specificity of phraseological units are displayed, and it is highlighted reasons of universality of phraseological units in general. In the article is considered the problems of revealing and studying the phraseological units as the reflection of national and cultural specifics of people. Phraseological units are represented as the set of spiritual and material culture of the certain people. It is considered the national and cultural semantic elements of phraseological units, caused by national and cultural factors, connected with people's traditions. National language consciousness of different ethnoses possess the number of features, characterizing the unities and differences in perception of surrounding reality.

Keywords: phraseological units, related languages, national identity, culturology, evaluative component, a comparison.

ӘОЖ 81'366

ІС-ӘРЕКЕТТІ, ҚИМЫЛДЫ ҚАЛАУ, ТІЛЕК ЕТУ ТҰРҒЫСЫНАН АТАЙТЫН БАЯНДАУЫШТАРДЫҢ ЖҰМСАЛУЫ

Р.Н. Дәрменқұлова - С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті,
қазақ тілі кафедрасының доценті, ф.ғ.к.

Түйіндеме: Қазақ тілінің қазіргі синтаксистік жүйесіндегі өзгерістер баяндауыштардың құрылымынан айқын көрінеді. Бүгінгі таңда сөйлемдердің құрылысы мен сөздердің синтаксистік байланысы белгілі жүйеге түсіп, тілдік қолданыста сараланып жұмсалады. Тілімізде баяндауыштар әр тұлғада көрініп, қызметі жағынан түрленіп қолданылады.

Бұл мақалада тілімізде кездесетін іс-әрекетті, қимылды қалау, тілек ету тұрғысынан атайтын баяндауыштардың жұмсалым ерекшеліктері мен нормалық сипаты қарастырылған. Сондай-ақ қимылдың, қалау, тілек ету мағынасын білдіретін баяндауыштардың тілдік көрінісі мен құрылымдық жайы айтылады. Осы баяндауыштардың жұмсалыуына қатысты тұжырымдар беріліп, түркі тілдердегі қолданысына талдау жасалады. Тілімізде кездесетін «-ғай, -гей» тұлғалы және «-са/ -се игі еді» типті баяндауыштардың көне түркі тілдерінде жиі қолданылғанымен, қазіргі әдеби тілде аз жұмсалатындығы және қолданыстан шығып бара жатқандығы баяндалады.

Түйін сөздер: іс-әрекет, баяндауыш, көне түркі тілі, қалау мәні, әдеби тіл нормасы, синтаксистік құрылым, тарихи даму, тыңдаушы, ұлт тілі, тілдік заңдылық, қоғамдық қызмет, сөз табы.

Тілдің синтаксистік жүйесі мен грамматикалық құрылысының дамуының өздеріне тән заңдары, өздеріне тән формалары болғанмен, өзара байланысты бір-біріне бағынышты болады да, тілдің даму заңдарының бүтіндей жүйесін құрайды. Тілдің даму дәрежесі қоғамның материалдық және рухани мәдениетінің даму көрсеткішін айқындап, өзіне тән заңдылықтармен жетіліп, өсіп отырады. Тілдің әр түрлі құрылымдық элементтерінің даму қарқыны біркелкі болмайды. Сол даму қарқынының әр түрлі болуымен бірге олардағы дамудың сипаты мен сапасы да басқаша болады.

Тілімізде баяндауыштар атқаратын қызметіне, білдіретін мағынасына қарай түрліше болып, тілдік қолданыста айқындала түседі. Сөздің баяндауыш қызметі ең алдымен оның предикативтік қатынасынан көрініп, саралап тануға мүмкіндік береді.

Қазақ тілінде іс-әрекетті, қимылды қалау, тілек ету тұрғысынан атайтын баяндауыштар бірнеше формада көрініп, функциялық қызметі жағынан түрленіп жұмсалады. Бұл баяндауыштар сөйлеушінің қимылын, іс-әрекетін орындауға немесе орындамауға қалау, тілек, ниет, ынтасын білдіріп, белгілі жолдармен жасалады. Олар:

Іс - әрекетті қалау, тілек етуді білдіретін баяндауыштардың бір түрі *-са/-се* екен, *-са/-се еді* болып құралады: *емделсем екен, кездессе екен, орындаса еді, хабарлассаң еді*. Бұл жерде шартты райлы етістік жіктеліп келеді де, көмекші сөздер (*екен, еді*) сөйлем баяндауышын тиянақты етіп отырады.

Тілімізде іс-әрекетті, қимылды қалау, тілек ету мағынасын білдіретін баяндауыштар қатарына «*-са /-се игі еді*» құрамында жасалатын форманы да жатқызуға болады: *оқыса игі еді, барсаң игі екен*. Сондай-ақ баяндауышы «*-са/-се→қайтеді*» болып құралатын баяндауыштар тыңдауышыны пікірлесуге шақыру қажет болғанда, диалог құрғанда жұмсалады: *жеткізсең қайтеді, аударса қайтеді*. Мысалы: Сол сары майдай сақтаған жиырма бестің үштен бірі ұйқымен, бес-алты жылы тамақ ішу, сейіл құрумен *өтсе*

қайтпексің? (Д.Досжанов). Баяндауыш құрайтын екі компонент (-са/-се тұлғалы сөз және қайтеді) өзара предикативтік қатынасқа түсіп байланысады.

Бұл баяндауыштар іс-әрекетті, қимылды қалау, тілек ету тұрғысынан атап қана қоймайды, сөйлеушінің эмоциялық сезімін қоса білдіреді. Профессор Р.Әмірдің пікіріне назар аударайық: «Сөйлемнің стильдік түрленуі, эмоциялық мағына үстеуі көбіне баяндауыштық форма арқылы жүзеге асырылады. Осыған орай баяндауыш мүше формаға бай келеді. Түрлілікке жету үшін баяндауыш әр сөз табына тән морфологиялық тұлға аясында қалып қоймайды. Ол сөздердің морфологиялық тұлғаларын өздігінше жұмсап немесе аналитикалық амалдарды қатыстыру арқылы өздігінше дербес баяндауыштық формалар құрайды»[1,117]. Мысалдарға назар аударайық:

1. Тағы да тілімнен жазбаса игі едім, -деп су Құсайынның көкшіл көзі жыпылық атып, шын түсінбеген нышан білдірді (С.Жүнісов).

2. Менің ерекем сөйтін қасиетті Айдың да нұрын сезіп жатса игі еді (Т.Нұрмағамбетов).

3.Ерекем солай күннің жылуын сезіп жатса игі еді (Т.Нұрмағамбетов).

4. Онымен ісің бітсе игі еді (Х.Есенжанов).

Жоғарыда берілген сөйлемдердің барлығында сөйлеушінің тілегі айтылады. Бірінші сөйлемде тілек бірінші жаққа арналған. Ал екінші, үшінші, төртінші сөйлемдерде сөйлеуші тілегі тыңдаушыға бағытталған.

Тіліміздегі іс-әрекетті, қимылды қалау, тілек ету тұрғысынан атайтын -ғай/-гей тұлғалы және -са/-се игі еді типті баяндауыштар көне түркі тілдерінде жиі қолданылғанымен, қазақ әдебиетінің қазіргі даму сатысында нормативтік тәсіл емес. Дегенмен бұл баяндауыштарды мүлде қолданылмайды деп тұжырым жасауға болмайды. Бұл амал көркем әдебиет стилінде аз болса да ұшырасады. Эмоциялы варианттың бірі -са/-се игі еді құрамында жұмсалатын баяндауышқа қатысты профессор Р.С.Әмір ойын былай сабақтайды: «Форма бір кездегі еркін тіркестің негізінде пайда болған. Тіркес құрамындағы игі еді сөйлеушінің тілек, қалау ретінде айтылған іс, қимылға беретін бағасын білдіретін болған: келсе, игі еді».

Іс-әрекетті, қимылды тілек ету, қалау тұрғысынан атайтын баяндауыштардың әрқайсысының өзіндік жасалу жолдары бар. Баяндауыштары -ғай/-гей тұлғалы етістіктерден болатын түрі тілімізде аз болса да ұшырасады. Өзбек ғалымы М.Т.Агламова -ғай/-гей аффиксін қалау мәнінде қолданылу фактілері төмендеп бара жатқанын айтады [2,12].

Көрнекті ғалым А.Байтұрсынұлы -ғай/-гей тұлғасын «сенімді рай» деп атап, ол туралы былай дейді: «істің істелу-істелмеуіне көңіл сенін сөйлегенде айтылатын сөз түрін, мәселен, алғаймын, алмағаймын, тұрғайсың, тұрмағайсың, болғай, болмағай деген сияқты сөздер сенімді рай болады»[3,242].

Қазіргі қазақ тілінде -ғай (-гей), -қай(-кей) еді типті баяндауыштар ауызекі сөйлеу тілінде және көркем әдебиетте де өте сирек жұмсалады. Мысалы:

1.Жан-дүниемді дүр сілкінткен нағашыға разымын: әркімнің-ақ осындай жақыны болғай! (Д.Досжанов).

2.Оған осы сөзімді жеткізгейсіңдер (Д.Исабеков).

3.Қабықты кетіру үшін марганцовка ерітіндісімен сүртіп қойғайсыз («Денсаулық» журналы).

Бұл сөйлемдегі баяндауыштар айтылу ыңғайына қарай ескерту, кеңес мағыналарын береді. Сондай-ақ қазіргі татар тілінде де -ғай/-гей тұлғасы пассивті жұмсалып, кей жағдайларда ғана қолданылған. Мысалы: ул йоклай бугай [4,25]. Бұл тұлға көне өзбек тілінде де келер шақтың көрсеткіші ретінде кездеседі.

Қазіргі қыпшақ тілдердің көпшілігінде -ғай/-гей тұлғасы қалау рай ретінде жұмсалады. Мысалы: алтай тілінде: Мен барғайым [5,162]. Башқұрт тілінде бұл форма ауызекі сөйлеу тілінде ескіліктің қалдығы ретінде сақталған. Мысалы: сөйлеу тілінде бугай «кажется, как будто» <булғай; булды, бугай «был, кажется» [6,166]. Сонымен -ғай/ -гей тұлғасы қалау рай жасайтын негізгі тұлғалардың бірі болып қазіргі түркі тілдердің көпшілігінде (қырғыз, қарайым, башқұрт, өзбек, ұйғыр, құмық, қарақалпақ) жұмсалады. Мысалы:

Қарайым тілінде: Болғайм мен аларба [7,287].

Қарақалпақ тілінде: Өтирик өлең айтқызбағай [8,57].

Құмық тілінде: Шо гиши кьумукьлу бугбай[9,123].

Алайда қазіргі кездері -ғай/-гей тұлғасы арқылы жасалған етістік формалары сөйлеу тілінен ығыстырылып, тек көркем әдебиеттерде қолданылатыны байқалады. Демек, әдеби нормадан ығыстырылу тенденциясы басым бағытта екені көрінеді.

Қазіргі қазақ тілінде сөйлемді қолданудың қалыпты жүйесі, оның жалпыға бірдей болып қалыптасқан нормалары бар. Бұл орныққан сөйлемдерді қолдану нормалары аз уақыт ішінде емес, көп замандар бойы халықтың сөздерді қажетінше іріктеп, сұрыптап, орнына қарай жөнімен жұмсау машықтарынан құралған.

Профессор М.Томанов қалау рай мен бұйрық райдың семантикалық, грамматикалық тығыз байланысының бір көрінісі осы *-ғай/-гей, -қай/-кей* тұлғасынан байқалатынын айтады. Оның пікірінше, бұйрық райдың *-айын/ -ейін* тұлғасының тіл құрамында болған фонетикалық өзгерістердің ықпалынан мына үлгіде болады: *-ғай+ мын > (ғ)ай+ (м)ын > а+ (йын)* [10,106]. Демек, бұл жерде фонетикалық өзгерістің нәтижесінде морфологиялық ығысу үрдісі болғандығы байқалады.

Әдеби тілдің басты белгісі – оның жалпы халықтығы, қоғамдық қызметінің ұлғаюы, әрі нормалылығы. Әдеби тілдің нормалары туралы алғаш пікір білдірген профессор М. Балақаев тарихи дамудың белгілі бір кезеңінде тіл тек қарым-қатынас құралы қызметін ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік, саяси, экономикалық өрлеудің қызметін де атқаратынын айта келін: «Тілдің әдеби тіл дәрежесіне көтерілуі – халық, ұлт тілінің жаңа сапаға ие болғанының көрінісі», - дегені өте орынды [11,111].

Әрбір тілдік құбылысқа, элементке әдеби тілдің қалыптасқан нормалары тұрғысынан қарау керек. Сол арқылы тілдегі ерекшеліктерді дұрыс түсінуге, әрі бірізділікке түсіруге мүмкіндік береді.

Тілдік норманы анықтағанда алдымен оның тілдің жүйесіне, яғни тілдің өз заңдылықтарына, оның ішінде грамматикалық заңдылықтары мен әдеби нормасына сәйкес келуі ескеріледі.

Тіл жүйесіндегі категориялардың өзгерін отыратындығы, өзгергенде оның барлық саласының біркелкі, бір дәрежеде өзгермей, бірі тез, бірі жай әр түрлі қарқында болатындығы белгілі. Сондықтан бірінің орнына бірін ауыстырып қолдану, жаңа элементтің көнелер ішінде жұмсалуды, жаңа норма, жаңа құбылыс арасында ескінің қалдығының да қабаттаса өмір сүруі кездесіп жатады. Міне, осыларды тілдік фактілерге сүйене отырып анықтау, тілдің әр алуан саласының даму бағытын жетілдіре түседі.

Әдеби тілдің неғұрлым стильдік тармақтары айқындалып жетілген болса, оның соғұрлым мүмкіншілігі мол болып, әдеби тілдік сипаты айқындала түседі. Осы тұста синтаксистік құрылымдардың жетіліп, тілдік тәсілдердің орнықтылық сипат алуы көрініс алады.

Ғалым Т.Қордабаев «*Жамиг- ат тауарихтың*» синтаксистік құрылысын талдау барысында *-ғай/-гей* тұлғалы етістіктердің қолданылып, баяндауыш жасауға қатысқанын айтады. Мысалы: *От, сешәклер көп болғай. Андағ ким иерлөрі Иран замында ғарабо мүлкі болғай. Жолларында сусыз от көп болғай. Андағ ким иерда тиұғә мінәсін болғай, нешік отны көп иегәй, суны аз. Соңғы шумақтағы -ғай/-гей тұлғасы* түркологияда ашық райдың бір көрсеткіші деп есептеледі. Ал қазақ тілінде бірді-екілі болса да ауыз әдебиетіне жататын шығармаларда ғана кездесетіні болмаса, қазіргі әдеби тілімізде қолданудан қалып бара жатқан форма [12,48].

Сөз етін отырған тұлғалар кей жағдайларда ертегі, қисса-дастандарда және бата- тілек сөздерінде де ұшырасады. Мысалы:

Иә, Құдайым ондасын,
Он жолына бастасын.
Құдая құлымын дегейсің,
Мұхаммед үмметімін дегейсің,
Шадиар досым дегейсің.

Тіліміздегі тілекті қалау райдың *-ғай/-гей, -қай/-кей* жұрнақтары арқылы жасалатын түрі көне тұлғалардың қатарынан саналады. Бұл тұлға ежелгі қолданыста келер шақ мәнін және қалау, тілек мағыналарын білдіру мақсатында жұмсалған. Сондай- ақ, *-ca/-ce игі еді* типті құрылымда жұмсалатын тұлғалар да ертеден қолданылып келеді. Бүгінгі таңда осы тұлғалармен жұмсалатын баяндауыштар ауызекі сөйлеу тілінен қолданыстан шығып, кейбір жазушылардың шығармаларынан ғана кездестіруге болады.

Профессор Қ. Есенов әдеби тілдің қоғамдағы орнына айрықша мән береді: «Әдеби тіліміздің сапасын арттырған сайын, тіл мәдениеті жақсара бермек. Ол сапа күнделікті өмірімізде сөздердің қолданылу өрісімен коммуникативтік қызметінің кеңдігімен көрінеді. Қатынас құралы ретінде жиі қолданылып, көпшілікке ұғымды болып кеткен сөздер әдеби тілдің құрамына кіре алады. Әдеби тілдің жалпыға ортақ қасиетімен түсініктілігі осы пронеке байланысты» [13,33].

Функционалды синтаксистің теориялық негізі – синтаксистік бірліктерді, құрылымдарды олардың семантикалық, категориялық мәндері мен сөйлемнің құрам бөліктерін зерттеуге қол жеткізу. Сондықтан норманың өзіндік айрықша белгілері арқылы тілдік бірлікті қарастыру кезек күттірмейтін мәселе.

- 1 Әмір Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі: Оқулық. – Алматы: Санат, 1998. –192 б.
- 2 Агламова М.Т. Способы выражения повелительности и желательности в тюркских языках: Автореф.канд.дисс. –Ташкент. 1966.-30с.
- 3 Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. –447 б.
- 4 Л. Жәлэй. Татар диалектологиясе. Казан, 1947.-132с.
- 5 Дыренкова Н.Т. Грамматика ойратского языка. – М. –Л.:Изд.Ан СССР, 1940. -304с.
- 6 Дмитриев Н.К. Грамматика башкирского языка. –М.–Л.: Изд-во АН СССР, 1948. – 276 с.
- 7 Мусеев К.М. Грамматика караимского языка. М., 1964.-344с.
- 8 8.Каракалпакский- русский словарь. Под ред.Н.А.Баскакова. М.,1958.-446с.
- 9 9.Дмитриев Н.К. Грамматика кумыкского языка. М.-Л.,1940. -156с.
- 10 10. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988. –264 б.
- 11 11. Қазақ әдеби тілі тарихының проблемалары. – Алматы: Ғылым, 1987. –176 б.
- 12 12. Қордабаев Т.Р. Тарихи синтаксис мәселелері (XV- XVIII ғасыр матер. бойынша). – Алматы: Ғылым, 1964. –244 б.
- 13 13. Есенов Қ. Өрелі тіл// Өрелі онер (Тіл мәдениеті туралы). – Алматы: Ғылым, 1976. -32-36 бб.

Резюме

Изменение в современной синтаксической системе в казахском языке определяется по структуре сказуемого. В настоящее время структура предложений и синтаксические связи слов, складываясь в одну систему, используются в отобранном языковом употреблении. Встречающиеся в нашем языке сказуемое в каждой форме, применяется в разных функциях. В этой статье рассматриваются особенности использования сказуемых действия в значении желания и характеристики норм. А также говорится о языковом виде и структуре сказуемого обозначающее действие, значение желание. В связи с использованием сказуемых дается заключение и обсуждается использование на тюркском языке. Рассказывается о том, что встречающиеся в сказуемых формы суффиксов «-гай, -гей» и «-са/ -се игі еді», которые часто встречаются в древне-тюркском языке. Но в литературном языке они мало используемы и выходят из употребления.

Ключевые слова: действие, сказуемое, древне-тюркский язык, значение желание, норма литературного языка, синтаксическая структура, историческое развитие, слушатель, язык нации, закономерность языка, общественная деятельность, части речи.

Summary

In modern Kazakh language the changes in syntax system defines by structure of predicates. Nowadays the structure of sentences and syntax links of words are directed to one system and used in selected forms. In our language predicates in every form use different function.

In this article we discusses particular qualities of using predicates that defines meaning of action, desire and norm reference. Also language form of predicates that defines meaning of action and desire. In connection with this using of predicates you are given conclusion and analysis of Turkic language. In this article predicate`s suffix such as «-гай\ -гей» and «-са\ -се игі еді» was actively used in ancient Turkic language. But we don`t use them in modern literal language.

Key words: action, predicate, ancient Turkic language, meaning of desire, standards of literary language, syntax structure, historic development, listener, national language, consistent pattern of language, social activity, parts of speech.

ӘОЖ 419.992.71

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЕТІСТІКТЕРДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ МҮМКІНДІГІ

Е.А. Джасинбеков - магистр-оқытушы,

Л.Б. Алиева - магистр-оқытушы

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті


Түйіндеме. Тілдік бірліктердің жұмсалым түрлері мен заңдылықтары тілдік жүйеге, тілдік нормаға жатқанымен, жұмсалым процесі сөйлеуде жүзеге асады. Жұмсалымға тән белгі – қозғалыс. Басқалай айтсақ, жұмсалым процесі арқылы потенциалды функция нәтижелі функцияға өтеді, тіл сөйлеу процесіне ауысады, мүмкіндік ақиқатқа айналады. Яғни сөйлеуші ойы тілдік құралдар арқылы тыңдаушыға жеткізіледі. Етістіктердің семантикалық валенттілігі өте жоғары болатындықтан оларда предикаттық қасиет басым. Сөздердің өзгеруі, түрленуі, олардың бір-бірімен тіркесуі, соның нәтижесінде олардан сөйлемнің құрылуы қалай болса солай емес, белгілі бір заңдарға, ережелерге бағынады, белгілі бір формалар бойынша іске асады. Мүмкіндік сол етістіктің ішкі мағынасынан соны тілдік ортада жүзеге асыра алу мүмкіндігінен тұрады. Етістіктердің көп мағыналық сипат алуына валенттілік теориясының маңызы зор екендігін байқадық.

Түйін сөздер: семантикалық мүмкіндік, семантикалық валенттілік, жұмсалым.

Етістіктердің семантикалық мүмкіндігі дегеннің өзі оның қолданылу, жұмсалыу ауқымымен тығыз байланысты. Етістік тұлғалары үшін дәстүрлі лингвистикада жұмсалыу ауқымы дегеніміз тіркесу қабілеті. Оның бір-бірімен өте тығыз байланысты синтаксистік және семантикалық валенттілік атты екі түрі болады. Етістіктердің семантикалық валенттілігі өте жоғары болатындықтан оларда предикаттық қасиет басым. Мәселен, *жету* етістігінің жеке қолданысының өзінде кім жетті, кімге жетті деген екі тіркес өзінен-өзі сұранып тұр. Яғни жету етістігі өзінің мағынасын осы модельдер арқылы ғана айқындай алады. Етістік тұлғаларының жеке лексикалық мағынасына қарай семантикалық валенттіліктің саны біреу және бірнешеу болуы мүмкін: 1) ұйықтап жатыр (кім); 2) шақырып жатыр (кім, кімді); 3) берді (кім, кімге, нені); 4) көшірді (кім, кімді, қайдан, қайда); 5) жалдады (кім, кімді, нені, қаншаға, қанша уақытқа) [2. 139].

Етістік сөз табы заттың қимыл-қозғалысын және қалпын білдіреді. Заттың қимыл-қозғалысы және қалпы оның сипаты, сапасы болып табылады. Сонда бұл сөз табының сын есімнен айырмашылығы неде деген заңды сұрақ туады. Ол да заттың сипатын білдіреді емес пе?! Етістіктің сын есімнен айырмасы ол заттың өзгеру процесін, уақыт бойындағы өзгеру процесін сол заттың сипаты ретінде көрсетеді. Етістіктің өзіне ғана тән категория ол шақ категориясы дейтініміз сондықтан. Етістік сөз табының валенттілік мүмкіндігі сын есімге қарағанда жоғары. Мысалы: *Жолаушылар қозылары жаңа жамыраған, құлындары шінгірлеп кісінеген, иттері үріп шулаған, көп үнді даңғазға болған адамға келді* (М.Әуезов). Есімше формалы етістіктің осы сөйлемде қос валентті екенін анық байқауға болады:

қозылары
жамыраған
жана
құлындары
кісінеген
шінгірлеп
иттері
шулаған
үріп




Ал сын есім бір сөйлемде әр уақытта етістіктер сияқты қос валентті бола бермейді. Мысалы, *Күнiкей атын көп атқа шатастырып, жұртқа таранып, сыланып жатқан Шамиш, Шәкендердің жанына келді* (Ж.Аймауытов). Осындағы *таранып, сыланып жатқан* деген сын есім (анықтауыш) қызметіндегі сөздер тек бір валентті болып келеді. Мамандар етістіктің басқа сөз таптарына қарағанда өте күрделі элемент екендігіне назар аударған: «По сравнению с именами существительными класс флагольных лексем представляет большие трудности при попытках их классификации по характеру их знакового значения» [3. 78].


Сөйлемдегі сын есімдердің бір валенттілігі мен етістіктердің қос (көп) валенттілігі етістік

тұлғаларының көп мағыналық сипат алуына негіз болған. Тіркесімділік бейнысандық (безобъектный) етістіктердің өзінде де жоғары болады. *Өту, кету* және т.б. етістіктердегі қимыл белгілі бір нысанға қатысты жүзеге асырылмайды. Сондықтан оның тіркесімділігі субъектінің өзімен ұлғая түседі:

уақыт
ақша кетіп жатыр
поездар
...




уақыт
тауар өтін жатыр
поездар
....



Бір субъектінің қасиетін сипаттайтын етістіктің (мысалы, ашу) объектімен тіркесу қабілеті артады:

терезені
гарышты
Адам сырын ашты
жаңалық
.....



Байқап отырғанымыздай, синтагма мүшелерінің (аясы) мағынасы өзінің алдынан немесе соңынан келетін синтагма мүшесіне барлық жағынан қарсы қою арқылы айқындалады. Синтагма ұғымы аясына сөздер ғана емес, сөз тіркестері, созылыңқы күрделі бірліктер (күрделі сөздер, туынды сөздер, сөйлем мүшелері, тұтас сөйлемдер) енеді. Синтагмалық қатынастар синтагманың ішінен туындайды.

ҚТТС-те *аш* етістігінің фразалық мағыналарының грамматикалық модельдері көбіне объектілік қатынаста болып келеді: *бетін ашты, жол ашты, көңіл ашты, құшағын ашты, ұйқысын ашты* және т.б.

Фразалық тіркестер пысықтауыштық қатынаста да келе береді: *айқара ашты, арасын ашты*. Бірақ бұлар объектімен қатынасқа қарағанда сирек ұшырасады. Дегенмен, грамматикалық модельдердің көптігі және түрлілігі етістіктердің көп мағыналық қырын байқата түсетін құбылыстар деуге болады.

ҚТТС-тен алынған мына мысалдарға көңіл аударып көрелік: ОЙЛА ет. *Бір нәрсені ақылға салу, еске түсіру*. Сондықтан осы адамдардың елден бұрын сауатын ашуды жас Ардақ егде адамша *ойлады* (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Енді ол балалар туралы *ойлады* (Т.Жармағамбетов, Сентябрь). – Кәрі кісіні сыйлағаныңа рақмет. Бірақ, бала өзінді де *ойла* (Ә.Нұрпейісов, Сергелден). **Әрі ойлап, бері ойлап.** *Әрлі-берлі ақылдасып, ойланып-толғанып, қорытып барып. Әрі ойлап, бері ойлап* «Мен базарда не көрдім» деген тақырыпқа тұңғыш рет шығарма жазып келдім (М.Әлімбаев, Тәрбие). Мен *әрі ойлап, бері ойлап*, осыған келістім де, Хадишаны қатты қысып сүйіп-сүйіп алдым (С.Сейтхазин, Хадиша). **Ойлаған жерден шықты.** *Ойындағыдай болды, ойына доп келді.* Шындап келгенде, опера сахнасындағы жас артистеріміздің бірі Ришад бұл жолы *ойлаған жерден шықты* (Ғ.Мүсірепов, суреткер). **Ойлағаны болды.** *Ойына алғаны орындалды, ойындағысы болды.* Атаңа нәлет хан ұлы-ай! Тілегін сұрап алған соң, *Ойлағаның болған соң, Патшаға хабар салдырып* (XVIII-XIX ғ. қаз. ақын.). **Ойламаған жерден.** *Ойда жоқта, кенеттен.* Қазір мырзаның *ойламаған жерден* «рахымы түсіп», азат етті (Ғ.Мұстафин, Дауыл). «*Ойламаған жерден*» деген сөзді әрдайым айта береміз ғой, ойламаған жерден кездесе кеттім (Ә.Әбішев, Замана) (7).

ҰМЫП ет. *Естен шығару, жадында сақтамау, қатерінде болмау*. Кейінгі кезде біз ескі сөздердің көбін *ұмытып* бара жатырмыз (С.Жүнісов, Ақан сері). Күйіп өлер сөзімнен Дұшпан барын *ұмыттым*, Өз жырымды өзімнен Қызғанғанын *ұмыттым*, Бірақ сені *ұмытқам* жоқ, сүйіктім (Қ.Сарыбаев, Отырар). **Құдайын ұмытты.** *Көзінің еті ості, дандайсыды.* Дүние-ай, қайран қазақ мен емес пе? *Ұмытқан шын құдайын* сен емес пе? Секілді жынды бота елеңдейсің, Қазақтың алты ауылды демі емес пе? (Айтыс). **Ұмыт болды.** *Естен шықты, ұмытты.* Күздің басы. Қараша қаз, Қайтып жатты мекеніне. *Болды ұмыт, тамаша жаз, Ауыл жайлау етегінде* (Қ.Жармағамбетов, Сырлы тал). **Ұмыт қалды.** *Ұмытылды, ескерілмеді.* Іште талай айтылмаған жатыр мұң, Ести алмай ұясына батар күн. *Ұмыт қалған* елесіндей сол күндер, тартып кеттің ғажап сазын дутардың (М.Айтхожина, Аққуым) [7. 480 бет].

ҚТТС-те *ойла* етістігінің бір-ақ мағынасы көрсетілген. Яғни бұл етістік көп мағыналы элементке

жатпайды. Өзге тілде, мәселен, орыс тілінде бұл етістіктің мағынасы екі тұлғамен беріледі (думать, мыслить). Яғни бір тұлғамен берілетін қазақ тіліндегі *ойлау* етістігі көп мағыналы деуге болады. Етістіктің ол мағыналары тек қана синтагмалық қатынас арқылы ғана сөйлем ішінде тілдік ортада анықталады. Ойлау дегеніміз жалпы ұғым. Біреудің жағдайын ойлау, яғни қамқор болу мен бір мәселе туралы ойлау екі басқа нәрселер. Ойлау лексемасының осындай қырлары тек белгілі бір құрылымдар ішінде анықталады. Сондықтан сөз мағынасын анықтау кезінде лексемалардың синтагмалық қатынасына назар аударып отыру өте маңызды.

Кейбір ғалымдар (Ф.де Соссюр, Д.Н.Шмелев) жеке сөздердің мағынасы жүйе құрамындағы басқа сөздердің мағынасы арқылы айқындалады дейді. Біздің ойымызша, бұл *жоғарыда аталған сөз өз мағынасын сөлем ішінде нақтылайды* деген нікірмен ұқсас. Бірі лингвистиканың зерттеу нысаны ретінде тілге, екіншісі сөйлеуге қатысты. Ф.де Соссюрдің және Д.Н.Шмелевтің *сөздердің мағынасы жүйе құрамында анықталады* дегені тілге қатысты айтылған да, ал *сөз өз мағынасын сөйлем ішінде анықтайды* деген пікір сөйлеуге қатысты айтылған деуге болады. Алғашқысы сөздердің арасындағы парадигмалық (қатарлық), екіншісі синтагмалық (тізбектік) қатынасты көрсетеді.

Синтагмалық көріністің ең типологиялық түрі – сөйлем. Ал сөйлем тілге емес, сөйлеуге тән. Сонда синтагма тек сөйлеуге ғана тән болып шыға ма? Ф.де Соссюр, сондай-ақ өзге лингвистер де мұндай біржақтылықпен келіспейді. Сөйлеуге тән басты белгі – сөйлеу элементтерінің еркін комбинацияға түсуі. Синтагманың көлемінде тілдік факті мен сөйлеу фактісінің арасын ажыратып тұрған анық шекара жоқ. Бірліктердің комбинациясын құрауда екі фактор да бірдей мөлшерде қатысады. Мұндайда синтагманы тілге я болмаса сөйлеуге жатқызу қиын. Синтагмалық құбылыстардың барлығы бірдей синтаксистің құрамына кірмегенмен, синтаксиске тән барлық құбылыс синтагма құрамына енеді.

Синтагмалық қатынастар жөнінде жоғарыда айтылған болатын. Өзірше біз осы синтагманың көмегімен ашылатын КМ лексемалардың табиғатына қайта оралалық. Кез келген лексеманың семантикалық мүмкіндігі (потенциалы) тілдік ортада ашылатындығына ешкім дау айта алмайды. Сөз – лексема қазір дәстүрлі тіл біліміндегідей емес, морфологиялық құрамымен, синтаксистік моделімен, семантикалық позициясымен, фразеологиялық контекстімен сипатталатындығын мамандар мойындатқан [4. 96]. Оны мынадай өрнек арқылы көрсетуге болады: тілдік тұлға → семантикалық мүмкіндік → тілдік орта → жұмсалым → нәтиже → жаңа мағына → полисемия.

Талдауға түсіп отырған тілдік тұлға *ойлау* етістігі. Бұл тілдік тұлғаның семантикалық мүмкіндігі тілдік ортадағы жұмсалымы арқылы ашылады. Осы мәселені қарастырып жүрген мамандардың айтуынша жұмсалым (функция) ұғымы функционированиемен тығыз байланысты. Тіл бірлігінің потенциясы оның тілдік ортадағы жұмсалымын және нақты сөйленімдерде белгілі бір мақсатты жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сөйлеу актісіндегі функцияның нақты жүзеге асуы сол тіл бірлігінің басқа да жаңа потенциясын қалыптастыруға негіз болады. Сөйтін функцияның сөйлеудегі жұмсалымы (реализация) процесі жұмсалымның басқа да жаңаша әдіс-тәсілдерін игерін, тіл бірлігінің потенциалдық мүмкіндігін байытады. Яғни потенция мен жұмсалым айналымында тілдік бірлік функциясының қайта түлеуі (құбылуы), екінші жағынан олардың дамуы қалыптасады. Функцияның сөйлеу манифестациясында жаңа элементтердің пайда болуы тіл бірлігінің потенциалды функциясының өзгеруіне және дамуына негіз болады.

Функция-потенция жұмсалым процесі арқылы функция-орындаушыға айналады. Демек сөйлеудегі функциялардан процесс пен нәтижені – орындалатын функция мен орындалған функцияны айыру қажет болады. Ал бұл орындалатын функция Фп-дан Фн-ға ауысу динамикасындағы (кезең) Фп және Фн элементтерінен тұрады.

Фп-дан Фн-ға өту кезеңі тіл жүйесінен сөйлеу жүйесіне өту процесін көрсетеді [5. 39].

Функциямен тығыз байланысты ұғым – жұмсалым (функционирование). Тілдік бірліктердің жұмсалымы – сөйлеуде актуализацияланған тілдік жүйенің әр түрлі деңгейіне жататын элементтер мен ортаның өзара әрекеттестігі. Тілдік бірліктердің жұмсалым түрлері мен заңдылықтары тілдік жүйеге, тілдік нормаға жатқанымен, жұмсалым процесі сөйлеуде жүзеге асады. Жұмсалымға тән белгі – қозғалыс. Басқалай айтсақ, жұмсалым процесі арқылы потенциалды функция нәтижелі функцияға өтеді, тіл сөйлеу процесіне ауысады, мүмкіндік ақиқатқа айналады. Яғни сөйлеуші ойы тілдік құралдар арқылы тыңдаушыға жеткізіледі.

Тілдік тұлғаның көп мағынаға баратын жолын мына кестеден байқауға болады:

1. Тілдік тұлға	Ойлау етістігі
2. Семантикалық мүмкіндік	Ойлау ұғымының жалпы және нақты процестерге бөлінуі және оның тілде тек бір тұлға арқылы белгіленуі.
3. Тілдік орта	Бір тұлғамен берілетін әр түрлі конкретті мағынаның тек синтагмада, тілдік ортада ғана нақтылануы.
4. Жұмсалым (тіркесу қабілеті)	Лексика-грамматикалық жағынан көптеген тілдік разрядтармен тіркесе алуы (етістік, есім, есімдік және т.б.).
5. Нәтиже	Субъективтік қолданыс арқылы жаңа тілдік ортада пайда болған бұрын мағынасы бар лексиканың жаңа мағынасының объективтен бастауы.
6. Жаңа мағына	Жаңа мағынаның объективтеніп, тілдік жүйеден орын алуы, сөздіктерде белгіленіп көрсетілуі.
7. Полисемия	Бір тұлғаның бірнеше мағына беруі, яғни оның көп мағыналы тілдік құралға айналуы.

Ойлау ұғымының логикада жалпы және жеке процестерге бөлінуінің өзі бұл лексеманың көп мағыналық сипатынан хабар береді. Орыс тілінде *думать* етістігі *о* предлоғыммен және *над* предлоғыммен тіркесіп келуіне байланысты мағыналық ерекшеліктерге жіктеледі. Екеуі де белгілі бір зат, нәрсе, тұлға жайлы (туралы) айтылса да, ойлаудың жалпы және нақты өтуіне қарай ерекшеленеді: Предлог *над* употребляется при обозначении предмета, лица и т.п., на которых сосредоточена, на которое направлена какая-либо деятельность: *работать над чем-либо* [2. 5].

Орыс тіліндегі *думать* және *мыслить* етістіктерінің мағыналық ерекшеліктері, көп мағыналық сипаты атылған предлоғтарды (*о*, *над*) жалғап қолданылуы мен жалғамай жалаң қолданылуына қарай ерекшеленеді: «Значение «размышлять, передаваться раздумью» проявляется с сочетаниях думать о ком-чем, над чем, а также в употреблении глагола без дополнения. Следует рассмотреть каждую из названных форм с точки зрения выражаемого ими значения, чтобы установить, действительно ли все эти формы реализуют одно и то же значение» [2. 56].

Қазақ тілінде мұндай грамматикалық модельдер бірнешеу. Олардың сөздердің лексикалық мағынасына әсері бар-жоғын тексеріп көруге болады. Грамматика мен лексика тілдің екі саласы болғанымен бір-бірімен астас болып келеді. Грамматикалық модельдердің лексикалық мағынаға, сөздің семантикасына әсері жөнінде біз жоғарыда кеңірек тоқталдық. Ал *ойлау* етістігінің модельдеріне мыналарды жатқызуға болады: *туралы ойлады, ұлыларша ойлады, өзін ойлады және т.б.* ҚТТС-те келтірілген осы үш үлгі жалпы ойлау мағынасын ашып тұрғанымен, үшеуінің арасынан семантикалық ерекшелікті табуға болады. Талдауға түсіп отырған лексеманың белгілі бір шектеулі нақты тақырып туралы ойлау процесін білдіретін жағын бір мағына деп тануға, әрине, болады. Ал өз көзқарасыңды білдіру мағынасында қолданылуы алдыңғы мағынамен бірдей деуге әсте болмайды. Қазақ тілінде бұл қолданыс көбіне болымсыздық тұлғада кездеседі. *Мен оны бұндай адам деп мүлдем ойламап едім. Ол жұмыс сондай ауыр болады деп ойламады және т.б.* *Ойлау* етістігінің бұл мағынасы *санғау, есептеу, жорамалдау* етістіктерімен синонимдес келеді де, алдыңғы нақты бір зат туралы ойлау мағынасынан мүлдем алшақтап, көп мағыналық парадигма құрайды. Бұл мағына ҚТТС-те екінші болып көрсетілуге тиіс болса, болжау және қамқорлық жасау мағыналарымен синонимдес келетін қолданыстары ойлау етістігінің үшінші және төртінші мағыналары ретінде болашақ сөздіктерден орын алуға тиіс деген ойдамыз. Орыс тіліндегі сөздіктерде *думать* және *мыслить* етістіктерін қоса алғанда, бұл сөз тұлғаларының жеті мағынасы көрсетілген. Бұдан біз ҚТТС түзу барысында басқа тілдердің де сөздік жасау тәжірибесіне сүйеніп отыру қажеттігін байқаймыз.

Қарайласу (қамқор болу) мағынасымен синонимдес келетін *ойлау* етістігінің қолданысы бұл етістіктің тура мағынасына парадигма бола алады: *Бауырымның жұмысы тоқтап қалды, сондықтан оның отбасын да ойлай жүремін (оған да қарайласа жүремін).*

Аталған етістіктің *болжау* мағынасында қолданылуы алдыңғы аталған үш мағынамен бірдей деп айтуға келмейді. Болжау, мақсат қою алдында талданған көзқарасын білдіру, қарайласу, қамқорлық көрсету немесе нақты бір зат (нәрсе) туралы ойлаудан мүлдем бөлек мағына. Ендеше ол жеке парадигмалық қатарда тұруы тиіс.

Тіл – қоғамның қалыптасу, пікір алысу қазынасы. Тілдің көмегімен адамдар белгілі бір ақпаратты сақтап, оны келесі бір субъектіге беру арқылы адамзаттың рухани және мәдени табиғатын дамытып отырады. Оның қызметі жылдап, ғасырлап жүріп жатады. Тілді мәңгілік сөнбейтін механизм деп санауымызға болады. Ой болса, тіл арқылы туындап отырады. Ол тілдік единицалар: морфема, сөздер, сөйлемдер арқылы жүреді. Бұл тілдік единицалар бірігіп келіп, тілдік құралды құрайды. Бұл тілдік құрал жалпы адамзаттық тілдерде бір мағынаны үстейтін болса, әр ұлттың тілі ішінде оның грамматикасының құрылымы, тілдік жүйесіне, единицаларына қарай ерекшеленеді. Оны кез келген адам пайдалана бере алмайды, тек оның единицасы арқылы танып білгеннен кейін ғана түсіне алады. Сондықтан тілдік құрал өте кең мағыналы процесс болып табылады. Сондықтан мыслить, думать деген екі етістікпен берілетін орыс тіліндегі көптеген ұғымдар бір ғана ойлау етістігімен берілетін қазақ тілінде тілдің өз табиғатына қарай ерешеленгенмен, бәрібір көп мағыналы тұлғаға жатады.

Поляк лингвисті Е.Курилович: «Главное значение слова (общее или основное значение) – это то, которое не определяется контекстом, в то время как остальные значения к семантическим элементам главного значения прибавляют еще и элементы контекста», - деген болатын [8. 246].

Сөздердің өзгеруі, түрленуі, олардың бір-бірімен тіркесуі, соның нәтижесінде олардан сөйлемнің құрылуы қалай болса солай емес, белгілі бір заңдарға, ережелерге бағынады, белгілі бір формалар бойынша іске асады. Өрбір сөз өзінше өзгеріп, өзінше түрленбейді. Сөздердің өзгеруі мен түрленуінің белгілі бір формалары мен белгілі бір жүйесі болады. Ондай формалар мен жүйе бір сөзді емес, белгілі бір топқа енетін сөздердің күллісін бірдей қамтиды.

Сонымен жүзеге асар кез келген мақсат ең алдымен мүмкіндік деңгейінде тұрады. Мүмкіндік сол етістіктің ішкі мағынасынан соны тілдік ортада жүзеге асыра алу мүмкіндігінен тұрады. Етістіктердің көп мағыналық сипат алуына валенттілік теориясының маңызы зор екендігін байқадық. Көп мағыналық тілде жүйеде белгіленгенмен, ол речье (сөйлеуде) жүзеге асатын құбылыс. Сөйлеуге қатысты болғаннан кейін бұл жерде тілдік тұлға мәселесі де қамтылады. Өйткені тілдік құралдың ішкі мүмкіндігін мақсат қойып жүзеге асыратын сол тілдік тұлға болып табылады. Жүйеде белгіленбеген, ҚТТС-те КМ парадигмасы көрсетілмеген тілдік тұлғалардың қыры сөйлеу материалдарына жіті талдау жасаған кезде анықталады. Біз оған жоғарыда *ойлау* етістігін қарастыру барысында көз жеткіздік.

1. Қалиев Б., Жылқыбаева А. *Соз мағыналарының негіздері.* - Алматы, 2002. - 20 бет.

2. Тестелец Я.Г. *Введение в общий синтаксис.* - Москва, 2001, 2,5,56,139 бб.

3. Жұбанов А. *Основные принципы формализации содержания казахского текста.* - Алматы, 2002. - 78 б.

4. Хусаинов К., Жубанова М. *Проблемы фоносемантической деривации.* - Алматы, 1998. - 96 б.

5. Жаңабекова А. *Функция ұғымы//ҚР ҰҒА Хабарлары №4, 2003. 39 бет.*

6. Курилович Е. *Очерки по ливгистике.* - М., 1962. 246 бет.

7. ҚТТС, 7 том. Алматы

8. Курилович Е. *Очерки по ливгистике.* - М., 1962. 246 бет.

Резюме

Несмотря на то что законности и виды функционирования языковых единиц относятся к языковой системе, к языковой форме, процесс функционирования осуществляется при разговоре. Функционированию присуще процесс движения. Иначе говоря благодаря процессу функционирования потенциальная функция преобразуется в результативную функцию, язык переходит к разговорному процессу, а потенциал переходит в факт. То есть при помощи языковых средств мысли говорящего доходят до слушателя. В связи с высокой семантической валентностью у глаголов больше предикатного качества. Изменение слов, их многообразие, их взаимосвязь, в результате всего этого предложения образуются учитывая уже сложившиеся правила и законы, существует также форма создания предложения. Причиной многозначности глаголов является суть теории валентности.

Ключевые слова: семантический потенциал, семантическая валентность, функционирование.

Summary

In spite of that the rules and the types of language units function belong to the language system, the form of language, the process of function realizes by conversation. The functioning is the process of mobile. In one word

thankings to the process of functioning the potential function reform to the result function, the language passes to the oral process, and the potential passes to the fact. With the helping of language methods the thinking of speaker will go to the listener. Due to the high the semantic valence of verbs they have more predicate quality. The Variation of the words, their variety, their interrelation, as a result of all this proposals are formed considering already developed rules and laws in the same form of creation of proposals. The essence of the theory valency is the reason of the essence of the multi importance of verbs. The Linguistic value which developed since ancient times is a systematic value.

Keywords: Semantic valence, syntagmatic relation, subjectivity in language, polisemiotic.

УДК 81'1

МОДАЛЬДІЛІК– ТІЛДІК КАТЕГОРИЯ

Г.С. Ешнияз - *Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдер университеті, филология ғылымының магистры, PhD докторант*

Түйіндеме: Мақалада жалпы тіл білімінде модальділік категориясының зерттеу қалпы қарастырылып, аталған категорияның семантикасы мен тіл білімінде алатын орны дәйектеледі. Модальділік категориясы - тіл білімінде жан-жақты қарастырылып, талас туғызып отырған категория болып табылады. Тіл білімінде қазір орын алып отырған антропоэзектілік концепциясына сәйкес тілдің әмбебап құбылысы ретінде модальділік тілдің барлық деңгейінде көрініс табады. Модальділік категориясының күрделілігі біріншіден, оның логика, философия және тіл білімі салаларының зерттеу аясына кіретіндігімен байланысты. Екіншіден, тіл білімінде аталмыш категорияның семантикасы мен семантикалық құрылымының түрлі анықталуымен түсіндіріледі. Сондай-ақ аталмыш категорияның түрлі бірліктермен берілгендіктен, зерттелу ауқымы кең. Мәселен, отандық тіл білімінде модальділік категориясы объективтілік және субъективтілік негізде түсіндірілсе, батыс лингвистикасында модальділік семантикасы философиялық ілімдерден негіз алып, қажеттілік және мүмкіндік түсініктеріне негізделеді. Бұл аталмыш категорияның әлі де болса зерттеуді қажет ететіндігін көрсетеді. Мақалада модальділік категориясына түрлі көзқарастар қарастырылып, модальділік қажеттілік және мүмкіндік тұрғысынан түсіндіріледі.

Түйін сөздер: модальділік, объективті модальділік, субъективті модальділік, қажеттілік, мүмкіндік

Модальділік ұғымын алғаш таныстырып, ғылымға енгізген Аристотель болып табылады. Философ өзінің «Органонда» алғаш рет сөйлемді модальдік мағыналарына қарай классификациялап, сөйлемдерді «Болу мүмкін ...», «қажет ...» және «болашақта болуы мүмкін іс-әрекеттер» деп қарастырады. Кейінірек келе, Аристотельдің зерттеулерін И. Кант жалғастырып, сөйленімді проблематикалық яғни (S P болуы мүмкін), ассерторикалық (Sдегеніміз P) және аподиктикалық (S P болуы керек) деп үшке бөледі. И. Кант ұсынған сөйленім классификациясы жалпы тіл біліміне және модальділік категориясын түсінуге үлкен ықпалын тигізді. XIX ғасырда орыс тілі лингвистикасында И. Канттың іліміне сәйкес райдың үш түрі бөлініп қарастырылды: ашық рай (=ассерторикалық), бұйрық рай (=аподиктикалық) және шартты рай (=проблематикалық).

Философтар еңбектерінен бастау алған категория XIX ғасырдан бастап қана тіл білімінде кең ауқымда қарастырыла бастады. Қазіргі таңда аталған категория тіл білімінде жан-жақты зерттелін, талас туғызғын өте маңызды тілдік категорияға айналды. Модальділіктің ғасырлар бойы философтар мен тіл білімі ғалымдарының зерттеу нысаны болуы аталған категория ауқымының кең және біркелкі болмауына байланысты. Мәселен, модальділіктің семантикалық құрлымы объективті және субъективті (А.В. Бондарко, Г.А. Золотова, Г.А. Медетова, С.Қ. Құлманов), реалды және бейреалды (Е.И. Беляева), 'деонтикалық' (ағыл. deontic), 'эпистемологиялық' (ағыл. epistemic) және 'динамикалық' (ағыл. dynamic) (J. Lyons, F.R.Palmer, F.De Haan), 'эпистемологиялық' және 'негізгі' (ағыл. root) (J. Coates), 'агенске бағытталған' (ағыл. agent-oriented), 'сөйлеушіге бағытталған' (ағыл. speaker-oriented), 'эпистемологиялық' және 'бағыныңқы модальділік' (ағыл. subordinating) (J. Bybee, R. Perkins, W. Pagliuca) болып бөлініп қарастырылады.

Осы мақала аталған терминдерге шолу жасап, модальділік категориясы аясындағы диллеманы түсіндіруді мақсат етеді.

Тілдік модальділік туралы алғашқы ой айтқандардың бірі – швед ғалымы Шарль Балли. Ғалым сөйлем эксплицитті екі бөліктен тұрады, оның біріншісі – сөйлем мазмұнын білдіретін диктум, екіншісі – субъектінің осы сөйлем мазмұнына көзқарасы, яғни модальділікті білдіретін модус деп, модальділікті сөйлемнің «жаны» деп атайды [1, б.44]. Аталған ғалымның анықтамасы бойынша, модальділік – сөйлеушінің өзі айтқан сөйлем мазмұнына немесе сөйлемде айтылған жағдайға көзқарасы, яғни отандық ғылымда қарастырылып жүрген модальділіктің субъективті бөлігін құрайды. Г.А. Золотова модальділікті үш түрлі қатынас негізінде қарастырады:

- 1) Сөйлеуші тұрғысынан айтылған ой мағынасының шындыққа жанасымдылық қатынасы
- 2) Сөйлеушінің айтылған ойға қатынасы
- 3) Субъект яғни қандай да бір қасиет иесі мен қасиет (әрекет) арасындағы байланыс.

Бірінші байланыс негізгі модальділікті немесе объективтік модальділікті

сипаттайды, яғни айтылған ой шындыққа жанасуы да жанаспауы да мүмкін (реальная и нереальная модальность). Екінші байланыс субъективті модальділік түрін сипаттайды, яғни сөйлеушінің айтылған ойға сенімділігін немесе сенімсіздігін білдіреді.

Қай тілде болмасын даралаушы (оморфтық) тілдерді қоспағанда, етістік морфологиялық формаға бай сөз табы екендігі белгілі. Грамматикалық мағынаны білдіретін функциялы қосымшаларға (есімше, көсемше, жақ, шак) дейінгі аффикстердің өзі-ақ етістіктердің табиғатын сан қилы етін тұр. Түбір етістік болсын, туынды түбір етістік болсын, негізгі етістік болсын, модификациялық етістік болсын сөздіктерден орын алатындығы белгілі.

Түбір етістіктер мен туынды түбір етістіктердің лексикалық мағыналарының түсіндірілуі заңды құбылыс. Өйткені жоғарыда айтып өткеніміздей, ҚТТС-те (Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі) бір лексеманың барлық грамматикалық тұлғасын түгендеп беру мүмкін емес. Сондықтан да модификациялық етістіктердің өзі де (етістер, күшейткіш, реңк мәнді жұрнақтар) сөздікке жеке лексема ретінде там-тұмдап қана енеді.

Кейбір түбір етістіктердің тұлғасы анық болса, кейбірінің түбір-түбір емес екендігін анықтау қиын. Ондай тұлғаға көрсет етістігін жатқызуға болады.

Көрсет етістігі көп мағыналы лексемаға жатады. Сөздікте оның бірнеше мағынасы берілген. Морфологиялық тұлғасына қарап –т қосымшасын өзгелік етіс жұрнағымен шатыстырып алуға болады. Бұл жерде біріншіден, етістіктің түрлену жүйесінің өзіндік тәртібі бар екендігіне сүйенсек, екіншіден, қазақ тілі агглютинативті тіл болса да омоним жұрнақтардың кездесін отыратындығын ескереміз.

Біз соңғысынан бастайық. Қазіргі қазақ тілінде өзгелік етістердің -т, -тыр, -қыз жұрнақтары бар. Дауысты дыбыстарға біткен етістіктерге –т қосымшасы, ал дауыссыз дыбысқа біткен етістіктерге –дыр, -қыз қосымшалары жалғанады. Бір айта кететін жайт, й дыбысына біткен түбірге негізінен –т жұрнағы жалғанады. М.Оразовтың айтуынша, өзгелік етістің –т қосымшасы кез келген –й дыбысына біткен түбір етістіктерге қосыла бермейтін сияқты. Олар, біріншіден, екі не одан көп туынды етістіктерге, екіншіден, есім негізді туынды түбір етістіктерге қосылады [1. 45]. Көрсет етістігі қазіргі қазақ тілінде түбір тұлға ретінде танылады. Өйткені көр деген түбірдің көрдір, көргіз тұлғаларында келуін кездестіруге болады.

Етістіктің түрлену тәртібіне сүйенсек, көрсет деген тұлға шартты райдан кейін тұрған өзгелік етіс жұрнағы дегенге келмейді. Өйткені шартты рай жұрнағы етістіктің функционалды жұрнақтарымен (көсемше, есімше) бір қатарда жалғанады да, кезінде Ы.Маманов көрсеткен «көпірдің» (-ма, -ме болымсыздық жұрнағы) бергі жағында тұрады. Ал, етіс жұрнақтары тікелей түбірден кейін жалғанады. Мысалы, көрсеткізбесендер, көрмесеніздер. Байқап отырғанымыздай, екі мысалда да болымсыздық етістігі шартты рай тұлғасының алдында тұр. Яғни, көрсет етістігін көр+сет аффикстерінің қосындысынан пайда болған туынды түбір, бұл күнде құрамын анықтау өте қиынға түсетін негізгі түбір деуге әбден болады. А.Қалыбаеваның айтуынша, көр-се-т етістігі орта ғасыр жазба нұсқаларында: көр-сәт < көр-іг-са-т < көр-іг-сақ-те деген тарихи қалыптасу процестерін басынан өткізген [2. 187].

Бір түбірден тараған екі тұлғаның (көр, көрсет) жеке лексикалық мағыналарын былай қойғанда (көру – көзбен көру; көрсету – көз салдыру, көргізу, қарату), семантикалық, валенттілік жағы да бірдей болып келмейді: көр (кім, нені), көрсет (кім, нені, кімге). Бірінші лексемаға екі тіркес міндетті болса, екінші лексемаға үш тіркес міндетті. Яғни екіншісінің осы тіркесімділік жағынан алғанда семантикалық мүмкіндігі жоғары деуге болады. Енді соңғысының сөздіктегі мағынасына талдау жасап байқайық (біздің осы тарауда барлық түбір етістіктерге талдау жасап шығуға мүмкіндігіміз жоқ, сондықтан ҚТТС-тен бірекеуін ғана (көрсет, кет) қарастырып шықтық. Олар жөнінде айтатын тұжырымдарды басқа етістік тұлғаларына да қолдана беруге болады).

ҚТТС-те көрсет етістігінің 5 мағынасы берілген. Екі негізгі мағынасы: КӨРСЕТ ет. 1. Көз салдыру, көргізу, қарату. – Жанын қия алатын бар ма деп сұраса, ең алдымен мен сені көрсетер едім, Омар, - деп ол жік-жаппар болып отыр (Б. Тілегенов, Аққайнар). – Әнеугі қызға менің хатымды көрсетін, оқыпсың ғой? – деді Аян (С.Сейфуллин, Шығ.). Көрсетсең күйеуіңді өзің ап кел. Ауылыңда ол келгенше отырады (Ақын жыр.). 2. Білдіру, байқату, аңғарту. Бұл мәліметтер түйе жүнінің сапасы жоғары екенін көрсетеді (И. Жұмағұлов, Түйе өсіру). Өмір шындығы ненің дұрыстығын әлі-ақ көрсетер деп айтқан сөзін тілші бүгінге дейін ұмытқан жоқ (Абзал жан.). «Жүз» деген сөздің өзі «бағыт», «жак», «бөлік» дегенді көрсетеді («Халық мұғ»). 3. Ауыс. Жасау, істеу. Жақсылықты досыңа көрсет, Досыңнан асса, өзіңе көрсет (Мақалнама). Сондай анаға кеше не көрсеттім (К. Баялиев, Дегелек). 4. Ауыс. Жала жабу, үстінен арыз түсіру. Сол жылы Абайды астыртын көрсетін отырған – тағы да бүкіл бұзық ру басылары, сатымсақ болыстар (М. Әуезов, Әр жыл.). Ұрысы Қуандықтың шетке шауып, Айдаған қалың жылқы олжа тауып, Соңынан жедеқабыл қуғын келсе, Көрсеткен Әмірханды жала жауып (И. Байзақов, Ақбөпе). 5. Ауыс. Кіжіну, айбат шегу, қорқыту, қоқан-лоққы жасау. Абылаевтың түсі бұзылып кетті: - Мен сен бұзыққа көрсетейін... (Х. Есенжанов, Тар кезең). Ол бөлімдегінің әрқайсысының жанына барып жеке-жеке төнді: – Мен әлі сендерге көрсетемін. Бәріңнің үстіңнен қызыл судай жүріп кетем (Б. Қыдырбекұлы, Ұры.). – Оңбағандар, мен сендерге көрсетермін, – деп ол өзінен-өзі столды ұрды (С. Ерубаев, Шығ.) [3. 260]. Ал осы етістікті жұмсалымдық жағынан алып қарастыратын болсақ, яғни, көрсет етістігінің тіл жүйесіндегі барлық қолданысын алып талдайтын болсақ, жоғарыда көрсетілген бес мағынасынан кеңірек екендігі

байқалады. Мәселен, ҚТТС-те берілген көз салдыру, көргізу, қарату деген бірінші мағынаны іштей жіктеп бөлуге болады. Бұл мағынаның жалпы және локальды (нақты) реңктерін байқау қиын емес. Жалпы бір нәрсені көрсету: Қаланың көрнекі орындарын көрсету. Мұражайды көрсету. Бұл қолданысында көрсету етістігі аралату лексемасымен синонимдес келеді. Сілтеу есімдігімен жүзеге асатын қимылды сипаттау (мынау мұражай, мынау жазушылар үйі) алдыңғы жалпы мағынаға (аралату мағынасына) қарағанда нақты локальды болып келеді. Мұнда іс-әрекеттің жүзеге асу сипаты да тез. Соңғысы, әрине, грамматикалық мағынаға жатады. Бірақ грамматикалық мағына лексикалық мағынадан шығатындығы, соның жалпылануынан туындайтындығы белгілі. Семантикалық тұрғыдан алып қарасақ та жоғарыдағы екі мағына бір емес. Салыстырып көрейік. Бірінші мағына аралату етістігімен синонимдес келсе, екінші мағына сілтеу етістігімен синонимдес келеді. Екеуінің басын біріктіруші істің нәтижесі субъектінің объектіні көруі: Мен оған қаланы көрсеттім (аралаттым). – Ол қаланы көрді. Ол маған жаңа ғимаратты көрсетті (нұсқады). – Ол жаңа ғимаратты көрді.

Көрсету тұлғасындағы көп мағыналы қолданыстардың барлығында да осы субъектінің объектіні көруі жалпылауыш сема болып табылады.

ҚТТС-те біреудің қимылын, іс-әрекетін салып беру, көрсету мағынасы ескерілмеген. Мысалы: *Сенің жүрісіңді көрсетейін бе?* (Салып берейін бе?). Аталған көп мағыналы етістіктің қолданысында жоғарыдағы талданған аралату немесе нұсқау, сілтеу мағыналары жоқ, бірақ субъектінің өзінің жүрісін көруі, яғни жалпылауыш ортақ сема бар. *Көрсет* етістігінің бұл жұмсалысы *мазақтау, келемеждеу* мағыналарымен сәйкес, астарлас келеді. *Келемежеге үйір Шукарь шал Макардың суретін айна-қатесіз келтірді* (І. Омаров). Соңғы етістікті *көрсетті* деп қолдануға болады. *Ұялы телефонды қалай қолдану керектігін көрсетейін (үйретейін). Сен маған мына есепті шығарудың жолын көрсет (үйрет)* және т.б.

Көрсет етістігінің осы мағынасының өзі көркем әдебиетте кейіпкердің әрекетін бейнелеу мен біреуді жәй өмірде келемеждеп көрсету (визуально) семаларының қолданысқа қарай актуальдануына байланысты жіктеледі. Бұлардағы ортақ сема – бейнелеу. Ал айырым семалар – мазақтау (қимыл арқылы) және кескіндеу (жазып сипаттау арқылы). Мысалы, С.Мұқанов өз шығармаларында кедейлердің ауыр тұрмысын көрсетті (бейнеледі).

Тілдік фразалық тіркестердің шығу тегі еркін тіркестер екендігін айтып жатудың өзі артық. Фразаларға тән белгілер – тұтастық, тұрақтылық және тиянақтылық. Әдетте, зерттеушілер тарапынан бұл аталған критерилердің бірін – басты, шешуші, екіншісінен – көмекші не қосымша, үшінші біреуін – қосалқы, не шешуші емес деген тәрізді саралау, салмақтау талабы кездеседі [4. 204]. Жоғарыдағы аталған үш критерилерді түгел қамтитын тұтастық пен тұрақтылық кез келген сөз элементінен немесе сөйлемнен табыла бермейді. Ал ондай белгілердің екеуі болып, бірі болмаса немесе біреуі ғана болып екеуі болмаса, ешбір лексикалық-грамматикалық тұлға ФЕ дәрежесіне көтеріле алмайды. Ал, ФЕ категориясын алатын болсақ, ол аталмыш үш белгінің, яғни жоғарыдағы үш өлшеудің үшеуіне бірдей ие, үш қасиетінің үшеуі бірінен-бірі ажырамай, іштей өзектесіп жатады. Міне, осыған орай ФЕ тілдің өзге категорияларынан оқшауланып, өзіндік бітім-бейнесімен тіл ішінде өмір сүреді, өз заңдылықтарын берік тұтынады [5. 205].

Бұл айтылғандар тұрақты тіркестерді терең талдап, артына осы жайлы мол мұра қалдырған академик І.Кенесбаевтың тұжырымдамасы. Біз осыны (тұтастық, тұрақтылық және тиянақтылық) қатаң сақтап, аталған критерилерге сүйенетін болсақ, көрсет етістігімен келетін тұрақты тіркестердің табиғатына басқаша қарауымызға тура келеді.

ҚТТС-де берілген ерлік көрсетті, жігіттілік көрсетті, қайрат көрсетті, күш көрсетті, табандылық көрсетті (соңғы екеуі сөздікте берілмеген). Бұл тіркестер субъектінің саналық белгісін, қажырлылығын байқататын ортақ мағынаға бірігіп тұр. Бұл тіркестер арқасын көрсетті (сырт айналуы) немесе көмек көрсетті (жәрдем берді, қолғабыс етті) деген тіркестегі мағыналардан мүлдем бөлек. Сондықтан оларды сөздікте бір жерге шоғырландырып берген жөн. Оның үстіне олардың грамматикалық модельдері де бірдей болып келеді.

Субъектінің сапалық белгісін байқататын көрсету етістігінің жоғарыдағы келтірілген тұрақты тіркес құрамындағы қолданысын бастағы мағынасы еркін тіркес екендігін ескеріп, жеке лексеманың көп мағыналық сипатын білдіретін тұсқа қоюға болады деген ойдамыз. Біріншіден, оның да ортақ өріске бірігу мүмкіндігі бар. Мысалы, Осы іске өзінің табандылығын көрсетті – Ол оның табандылығын көрді. Шабуыл кезінде жау қатты қарсылық көрсетті – Біз жаудың қарсылығын көрдік және т.б.

Біз күнделікті тіршілікте оны өмір көрсетеді, бәрін жағдай көрсетеді, уақыт көрсетеді деген сөйлемдерді (фразаларды) жиі естиміз. КМ көрсету етістігінің парадигмалық қатарын осындай қолданыс

арқылы да толықтыруға болады: Нәтиженің қандай болатындығын болашақ зерттеудің нәтижесі көрсетеді – Біз болашақ зерттеудің нәтижесін болашақта көреміз.

Сағаттың тілі түскі бірді көрсетіп тұр. Термометрдің бағамы он градус жылылықты көрсетіп тұр. – Біз сағаттың тілін де, термометрдің бағамын да көрдік. Бұл көп мағыналы көрсет етістігіне ортақ біріктіруші мағына болып табылады. Ал ажыратушы семалар жоғарыда айтылған аралату, нұсқау, сілтеу, бейнелеу, үйрету, табандылық, таныту сияқты болып келеді. Болашақ зерттеудің көрсетуі мен сағаттың тілінің көрсетуі де бір синтагмада тұра алмайтын құралдарға жатады.

Осы мәселені қорытындылай келе, КМ көрсет етістігінің жұмсалымынан шығатын он бір мағынасы бар екенін байқадық. Оны кесте арқылы былай көрсетуге болады:

КМ көрсет етістігі		
№	Жеке мағынасы	Ортақ мағынасы
1.	Объектіні аралау	Аралаушының көріп шығуы (көру)
2.	Объектіні нұсқап, сілтеп көрсету	Көрушінің нұсқаған жаққа қарауы (көру)
3.	Біреудің қимыл-әрекетін салып беру немесе көркем шығармада кейіпкерді бейнелеу	Көруші, тыңдаушының әрекетті тануы (көру)
4.	Біреуге бір нәрсенің қалай істелетіндігін үйрету (көрсету)	Біреу бір нәрсенің қалай істелетіндігін көреді (көру)
5.	Бір істе субектінің қажырлық көрсетуін немесе жалпы бір нәрсенің сапасын білдіруі	Біреудің, бір заттың қажырлығын (сапасын) көреді (көру)
6.	Болатын істі болашақтың көрсетуі	Оны сол кезде көру
7.	Сағаттың тілінің уақытты және т.б. белгілеуі	Белгі арқылы бір өлшемді көру
8.	Жала жабу, сыртынан көрсету	Жалалы адамды көру
9.	Кіжіну, айбат шеғу, Мен саған көрсетемін	Мінезін көру
10.	Жақсылық істеу, көрсету	Жақсылықты көру
11.	Бір нәрсені білдіру	Соған көзі жету (көру)

ҚТТС-те көрсет етістігінің екінші тура мағынасы ретінде білдіру, байқату, аңғарту семалары актуальдандырылып көрсетілген. Онда берілген мысалдарға қайта назар аударалық: Бұл мәліметтер түйе жүнінің сапасы жоғары екенін көрсетеді (И. Жұмағұлов). Өмір шындығы ненің дұрыстығын әлі-ақ көрсетер деп айтқан сөзін тілші бүгінге дейін ұмытқан жоқ (Абзал жан). «Жүз» деген сөздің өзі «бағыт», «жақ», «бөлік» дегенді көрсетеді (Халық мұғ.) [б. 1 том].

Біз кестеде келтірген парадигмалық қатарлардың бесіншісіне сөздіктегі бірінші мысал сай келеді. *Түйе жүні сапалы – біз оны байқадық.* Бұл мысалдың кестедегі бесінші бағамға сай келетінін мына мысалдармен салыстыру арқылы байқауға болады: *Асқар табандылық танытты (көрсетті) → Асқар табанды – Біз оны көрдік (байқадық).*

Енді екінші мысалға келейік: *Ненің дұрыс – бұрыс екендігін өмір шындығы көрсетеді* деген мағынада келтірілген мысал кестедегі КМ көрсет етістігінің парадигмалық қатарының алтыншы бағамына сәйкес келеді. *Болатын істі болашақ көрсетеді – оған сол кезде көз жеткіземіз (көреміз).* Көрсет етістігінің бұл мағынасы жоғарыдағы *сапаны* білдіретін мағынасымен бір синтагмалық қатарда тұра алмайды. Сөздікте берілген үшінші мысал кестедегі он бірінші бағамға сай келеді. Бір нәрсені білдіру.

Бір мағынаны ашуға алынған үш мысал бір мағынаның өріс ауқымына жатпайтындығын байқауға болады.

Енді тұлғасы жағынан нағыз түбір болып саналатын кет етістігін қарастырып көрелік. ҚТТС кет етістігінің төрт тура мағынасы берілген: КЕТ ет. 1. Бір арадан қашықтау, алыстау, ұзау. Мың тоғыз жүз отыз тоғызыншы жылы мен колхоздан кеттім (С.Омаров, Өмір). - Әй, Дос, мынауыңа қой дейсің бе, әлде маған кет дейсің бе? (Ә.Нүрпейісов, Сергелден). 2. Есім сөздермен тіркесіп, бір нәрсенің бітуін, таусылуын білдіреді. Баланың денесіндегі қызу, шаншу – бәрі де кетті (С.Омаров, Әңгім.). Жаз шығып, қар кеткен соң, Жылқыны елге таман қайта айдайды (Қозы Көрпеш). Баланы жайландыру, көңілін көтеру, өзіне сенімділігін арттыру қажет, сонда тұтығу кетеді (Семья тәрбиесі). 3. Шығыс жалғаулы сөзге

қосылып, болып өткен жайды білдіреді. Жауымбай қотыр аттың жүнін жұлып қарады. Күлімдеді: - Енді өлуден кетті (Б.Майлин, Шығ.). – Сен менің туысым емессің. Екеуіміз туыс болудан кеткен адамбыз (Б.Тілегенов, Аққайнар). Кенжек шам жарығында ұйықтай алмайтын. Оянып кетуі мүмкін. Сағатына карап еді, оннан кетіпті (М.Мағауин, Көк мұнар). 4. Негізгі етістіктің көсемше түрімен тіркесіп келіп, қимыл-әрекеттің кенет, бірден болғанын білдіреді. Жарқын кеше үйіне барып қайтуға рұқсат алып еді, бүгін ерте тұрып, қамданып, түс кезінде автобуспен жүрін кетті (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). Ганна ұшып түрегеліп, бір минутке рұқсат өтінді де, қабырғадағы бір есікті ашып, бөлмесіне кіріп кетті (Ж.Тілеков, От кешу). Нұрлан түсініксіз бірдеңені күнк етті де, дастарқан басына, Лиза мен Миранның арасына тізерлеп отыра кетті (Ә.Тарази).

Біздің ойымызша, сөздікте екінші тура мағынасымен сәйкестеу келетін, бірақ зат есіммен тіркесімділігі өзгеше болып келетін жойылу, жоқ болу мағынасы қамтылмай қалған сияқты. Мысалы, Сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді (Мақал). Сиясы (жазуы, бояуы) кетті (сөйлеу тілі).

Бұнда біріншіден, етістікпен тіркесетін зат есім үнемі тәуелдік тұлғада келеді. Екіншіден, кет етістігінің бұл қолданысында бір нәрсенің бітуі, таусылуы ғана емес, жойылуы, мүлдем жоқ болуы мағынасы актуальданып тұр.

Сөздердің тіркесім кезіндегі мағынасы басқа қырынан нақтылана түсетіндігін дәлелдейтін дерек ретінде екінші мағынадағыдай атау тұлғалы сөз емес, тәуелдік тұлғалы сөздің қолданылуынан байқауға болады. Атау тұлғалы тіркес объектінің құрамдас бөлігін емес, қосынды бөлігінің таусылуын білдірсе, ал тәуелдік жалғаулы сөз объектінің құрамдас бөлігінің жойылуын, жоқ болуын білдіреді: Мынауың менің басым кететін іс екен т.б.

1. Оразов М. Етістік. - Алматы, 2001. - 45 б.
2. Хасенова А. Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты. - Алматы, 1971. - 187 б.
3. Манкеева Ж. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. - Алматы, 1997. - 260 б.
4. Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімі туралы зерттеулер. - Алматы, 1987. - 204 б.
5. Османова А. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде омонимдердің берілуі мен бір-бірінен ажыратылуы жайында // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін жасау тәжірибелері. - Алматы, 1989. - 205б.
6. ҚТТС. 1 том. Алматы.

Резюме

Все глаголы казахского языка, как составные глаголы, основные глаголы, будь то модификационные глаголы, все они имеют свое место в словаре. Пояснение лексических значений глаголов корней и составных глаголов свое начало языковое фразовое словосочетание берет с вольных словосочетаний. Если у некоторых глаголов корней основа ясная, то у некоторых трудно определить корень это или нет. К таким глаголам можно отнести глагол *корсет*, то есть *показать*. Глагол *корсет* относится к многозначным лексемам. В словаре даны несколько его значений. По морфологической основе суффикс – *m* можно перепутать с принудительным залогом. В этом случае во-первых, мы основываемся на то что в системе изменения глагола есть свои определенные правила, во-вторых, казахский язык являясь агглютинативным языком в котором встречаются суффиксы омонимов. Фразам присуще объединенность и стабильность.

Ключевые слова: лексема, модификационный глагол, субъективность в языке, семантический.

Summary

All the verbs in the Kazakh language like verb roots, main verbs, whether the modification verbs have their places in the dictionary. The explanation of lexical meaning of the verb roots and compound verbs takes its origins from the free word combinations. The common signs of phrases are stability and accuracy. On the morphological base of the suffix ‘-m’ we can confuse with the voice. In this case, at first, we pay attention to the special rules of changes of the verbs, the second, Kazakh language is the agglutinative language where there are many suffixes of homonyms.

Keywords: Modification of verb subjectivity in language, semantic, compound verbs.

ӘОЖ 419.992.71

КӨП МАҒЫНАЛЫ ЕТІСТІКТЕР

М. Ж. Сақтағанова - аға оқытушы,

Л.Б. Алиева - магистр-оқытушы, **Б.Н. Бесимбаев** - магистр-оқытушы, **Е.А. Джасинбеков** - магистр-оқытушы, *Қожас Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті*

Түйіндеме. Дәстүрлі тіл білімінде жүйені реттеп отыратын екі үлкен сала: бірі – сөздік, екіншісі – грамматика. Бұл екеуі бір-бірімен тығыз байланысты. Өйткені тілдегі элементтердің синтагмалық қатынасы осы грамматикалық ережелермен тығыз байланысты. Сөздік пен грамматиканың ортақ жақтарын сөз мағынасының өзгеруі мен қалыптасуына грамматикалық фактордың әсері барлығынан байқауға болады. Тағы бір айта кететін жайт, қандай сөздік болмасын, онда белгілі бір деңгейде грамматикалық деректер беріліп отырады. Тілде сөйлеушінің жеткізілетін хабарға қатысын сөйлеу актісін жүзеге асыруынан-ақ көруге болады. Яғни сөйлеу белгілі бір субъектінің жеке әрекеті болып табылады. Бұрыннан қалыптасқан тілдік мағынаны жүйелілік мағына деуге болады. Бірақ сол жүйелілік дәстүрлі мағынаның субъективтік қолданысқа түсу мүмкіндігі бар. Тілдегі көп мағыналық құбылысы сөйлеуге тән болса, ол субъективтілікпен тығыз байланысты.

Түйін сөздер: синтагмалық қатынас, тілдегі субъективтілік, полисемиялық.

Сөздің қолданылуы сөйлеуге тән, мағынасы тілге тән. Бұл туралы орыс ғалымы Рубен Александрович Будагов былай дейді: «... Употребление слова – сфера речи, значение сфера языка. Полисемии тем самым не находится места в сфере языка» [4. 100]. Әрине, процесс речье (сөйлеуде) жүзеге асатындығы шындық, бірақ сөз (лексика) жүйеде белгіленеді. Тіл білімінде негізгі бірлік болып табылатын сөздің мағыналары әр түрлі сөздіктерде ашылып көрсетіледі.

Сөздің мағынасын сипаттаудың үш түрі бар екендігі белгілі. Осы үш түрінің ішінен мамандар түсіндірме әдісін дәстүрлі және басқасына қарағанда кең қолданылады деп санайды: «Из трех названных способов наиболее традиционным является толкование. Толкование используется, прежде всего в лексикографии, т.е. в толковых словарях. Толкования могут очень отличаться друг от друга в зависимости от типа словаря, от его целей, от того, кому он предназначен. Чтобы проиллюстрировать различия, достаточно взять примеры из Словаря русского языка С.И.Ожегова, адресованного самому широкому кругу читателей, и Толково-комбинаторного словаря (авторы Ю.Д.Апресян, Л.А.Гончар, И.А.Мельчук), разработанного в рамках модели «Смысл ↔ Текст» и предназначенного в первую очередь для лингвистов. В словаре Ожегова слово ветер толкуется следующим образом: ‘движение потока воздуха в горизонтальном направлении’. В Толково-комбинаторном словаре оно толкуется несколько иначе: Ветер с Y в сторону Z-а – ‘достаточно интенсивное горизонтальное перемещение газа X, обычно воздуха, в направлении от Y к Z, происходящее вблизи поверхности небесного тела, обычно Земли, захватывающее достаточно широкое пространство и вызванное либо атмосферными явлениями, либо быстрым движением каких-либо тел. Последнее толкование включает в себя латинские буквы, обозначающие переменные, т.е. относится к искусственному типу – естественный язык с элементами логического языка.

Принципиально важно, однако, что в любом толковании используется синтаксис естественного языка: многие семантические связи присутствуют в нем имплицитно, в неявной форме, поскольку синтаксические конструкции естественного языка имеют определенное значение, которое участвует в толковании, но так и не раскрывается» [1. 84].

Бұдан түсінгеніміз синтаксис түсіндірме кезінде қолданылады, бірақ толық ашылмай қалады екен. Синтаксистің өзін сөйлеудің бірлігі деп, ал одан төменгі деңгейдегі бірліктерді тілдікі деп танытындар бар [2. 20].

Дәстүрлі тіл білімінде жүйені реттеп отыратын екі үлкен сала: бірі – сөздік, екіншісі – грамматика. Бұл екеуі бір-бірімен тығыз байланысты. Өйткені тілдегі элементтердің синтагмалық қатынасы осы грамматикалық ережелермен тығыз байланысты. Көп мағыналық синтагмалық қатынастан туып қалыптасады. Сөздік пен грамматиканың ортақ жақтарын сөз мағынасының өзгеруі мен қалыптасуына грамматикалық фактордың әсері барлығынан байқауға болады. Тағы бір айта кететін жайт, қандай сөздік болмасын, онда белгілі бір деңгейде грамматикалық деректер беріліп отырады.

ҚТТС-тегі сөздердің түсіндірілуі екінші кезеңдегі жұмыс. Алдымен сол орнығып, объективтенген мағынаның қалыптасу процесі жүреді. Тілдегі көп мағыналық семантикалық деривация процесінің нәтижесі. Бірақ сол процесі жүзеге асыратын тілдік тұлға мәселесіне соқпай, бұл құбылысты ашу мүмкін емес. Бұл әдіс қазақ тіл білімінде енді қалыптасып келеді. Сөз мағынасы, көп мағыналық референционалды семантика мәселесімен ұштасады.

Қазіргі тіл біліміндегі референция теориясында бірнеше терминдер қатар қолданылады. Мәселен, референт, денотат, экстенционал, десигнат, релят, значение, номинат және т.б. Бұл терминдердің түсініктемесі де әр авторда әр түрлі беріледі [3. 28].

Референция теориясы мен референционалдык семантика мәселелеріне қатысты терминдер жүйесінің қалыптасуын 70-жылдардағы Н.Д.Арутюнованың еңбектерінен басталды деуге болады. Ал жалпы референцияның өзі ағылшын сөзі (refer) «нысанға қатысты» деген мағынаны білдіреді. Тілдік көрсеткіштің тілден тыс нысанға қатысы деген түсінікті береді. Басқа ғылымдарда, мәселен философия немесе логика ғылымында бұл термин тіпті кең мағынада түсіндіріледі: 'как соотношение мыслей и реальности посредством языка' [3. 15].

Көп мағыналықты тудыратын тілдегі субъективтіліктің өзі философиялық ұғымнан өзгеше. Философияда субъективтілікке сондай көзқараста болу, объективтілікті шектеу немесе объективтіліктен шектелу деген түсініктеме беріледі. Тілде сөйлеушінің жеткізілетін хабарға қатысын сөйлеу актісін жүзеге асыруынан-ақ көруге болады. Яғни сөйлеу белгілі бір субъектінің жеке әрекеті болып табылады. Дәстүрлі (бұрыннан қалыптасқан) тілдік мағынаны жүйелілік мағына деуге болады. Бірақ сол жүйелілік дәстүрлі мағынаның субъективтік қолданысқа түсу мүмкіндігі бар. Тілдегі көп мағыналық құбылысы сөйлеуге тән болса, ол субъективтілікпен тығыз байланысты.

Біріншіден, кез келген сөйлеу актісінің авторы болады. Сол сөйлеу актісінде тұлғаның (субъект) ойы мен сезімі қоса жүреді.

Екіншіден, ойын жеткізу үшін ол жүйеден өзінің мақсатына сай элементтерді пайдаланады.

Үшіншіден, сөйлеуші тілдегі қалыптасқан номинативтік мағыналарды нақты объективтік шындықтағы ұқсас заттармен (құбылыстармен) салыстыра ситуативтік мағына береді.

Төртіншіден, сөйлеуші немесе жазушы сөйлеу кезінде өз мақсатына қажетті стильді таңдайды.

Бесіншіден, сөйлеушінің сөйлеу сипаты оның мінез-құлқын, психологиялық жағдайын, коммуникативтік мақсатын байқатады.

Мамандардың айтуынша, тілде пайда болған мағына (тілдік тұлғаның қолдануымен) объективтенгеннен кейін жүйеде дербес өмір сүре береді. Өз мағынасын контекст арқылы нақтылағанымен, анықтамайды.

Сөздер дыбыстық жағынан бір-бірімен кездейсоқ сәйкестікте бола беруі мүмкін (омоним). Мағыналық байланыстағы сөздердің тектестігі мен төркіндестігінің тарихын айқындау үшін туыстас тілдердің түрлі тарихи кезеңдердегі мәліметтерінің тектестігі мен төркіндестігін, ықтималдығын анықтау үшін бастапқы мағына, оның қандай өзгерістерге ұшырағандығын, қандай зат құбылыстардың атауы болатындығын білу, болмаса болжай білу, анық аналогияларға сүйене отырып, ескерткіштердің мәліметтерін, оның фонематикалық заңдарын пайдаланып, көне түрін реконструкциялау керек. Реконструкция мен этимология бір-бірімен тығыз байланысты құбылыстар. Реконструкция этимология жасау үшін қажет, этимология реконструкция арқылы іске асады [3. 87]. Мағына тұрақталған болса, ол сол тұлғаның жүйедегі көрінісінен-ақ байқалып тұрады. Мәселен көп мағыналы етістіктердің омонимдік қатары да болатындығы белгілі. Бірақ бір тұлғаның омонимдік, полисемиялық мағыналарының қайсысы актуальданып тұрғандығын, әрине, тілдік орта, контекст нақтылайды. Ал омонимдік немесе полисемиялық мағына тілдік тұлғаның өз бойында болады. Біз бірінші тарауда ат сөзінің «мен қазір осындамын» теориясына салып талдап шыққан болатынбыз, енді осы лексеманың омонимдік сипатына назар аударалық: 1. АТ (зат) Үйірге түспейтін, піштірілген, ақталған жылқы; 2. АТ (зат) Балаға (адамға, затқа) қойылатын есім, атау; 3. АТ (зат) Аттың басына ұқсастырып жасалған шахмат фигурасы; 4. АТ (етістік) Оқ шығару, қару қолдану. Оның өзінің ҚТТС-те 5 мағынасы берілген: 1. Оқ шығару (қарумен ату); 2. Лақтыру (тас ату); 3. Жерге тастау (атып ұру); 4. Биіктен қарғу (өзін-өзі ату); 5. Шапшу (фонтан су атты).

Ат етістігімен келетін тұрақты тіркестердің өзі 30 шақты болады. Бұлардың лексика-грамматикалық сипаты әркелкі болып келеді. Оның ішінде атып шықты, атып тұрды деген сияқты қимылдың өту сипатына қатысты тіркестер де бар. Тұрақты тіркестердің о бастағы сипаты еркін тіркес болғандығы

белгілі. Объективтік шындықты бейнелейтін тіл құралдарының көп мағыналық сипат алуы да өмірдегі сондай құбылыстардың көп-аздығымен байланысты. Шешек атты, гүл атты деген тіркестердің көп мағыналықтың қатарын толықтырмай, санаулы тіркестің құрамында ғана келуімен байланысты деуге болады. Құдай атты, аруақ атты және т.б. тіркестердің де мағынасы осындай жолмен қалыптасқан.

Ғылымның бір мақсаты ондағы элементтерді жүйелеу, жүйеге түсіріп, реттейтін жеке адамдар. Сондықтан онда (жүйелеуде) субъективтік көзқарастың болуы заңды. Белгілі бір тылсым күштің жеке адамға кері әсер етуін қазақ «Құдай (тәңір, аруақ, қарғыс...) атты» деп атайды. Біздіңше, бұл мағынаның (тылсым күштің (құдіреттің) кері әсері мағынасының) бастапқы сипаты еркін тіркес болса да, ат етістігінің көп мағыналық қатарын толтырмай тұрғандығына ат етістігімен тіркесетін сол мағынадағы зат есім тұлғаларының санаулы ғана болуынан деп қорытынды жасауға болады. Олай дейтін болсақ, ат етістігінің бесінші мағынасының да тіркесімділік шеңбері шектеулі екендігін байқаймыз. Бірақ ол полисемиялық қатар түзіп тұр: 5. Ауыс. Шапшу, атқылау. Су шүмектеп аспанға атып жатыр (С.Омаров). Есімде Ембі өзені – су емес, кілкін май аққан күркілдеп жердің өзегі. Фонтаны мұнай айға атқан (Қ.Аманжолов). Толқыны тулап көкке атқан теңізді кешер ме екенсің (С.Бегалин). Бұл жердегі ат етістігінің де тіркесу шеңбері жоғарыдағы тылсым күштің кері әсерін беретін мағынадағы ат етістігінікі сияқты шектеулі. Бірақ бірі фраза құрамында, бірі полисемиялық қатарда берілген. Осындай мәселелер болашақта терең талдауды қажет етеді деген ойдамыз.

Біз сөзіміздің басында грамматика мен сөздіктің өзара тығыз байланысты болатындығын айттық. Сөз мағыналарын анықтағанда таза морфологиялық көрсеткіштер өлшеушек бола алмайды. Мұндағы сүйеніш етістік тұлғаларының таза лексикалық мағынасынан туындайды десек те, сөздіктегі көп мағыналық грамматикамен де тығыз байланысты екендігін анықтау қиын емес. Мұны біл етістігі арқылы анықтап көрелік. Біздіңше, оның анық үш мағынасы бар:

1. Бір нәрсе жайында білу, хабардар болу;
2. Бір нәрсені игере білу;
3. Біреуді тану.

Біл етістігінің сөздіктегі мағынасы: 1. *Бір нәрсе жайында толық хабардар болу, ұғу, түсіну.* Қай жерде кен бар, қай кенді кім басып алайын деп жатыр, оны Тұрсынбай жаттап алғандай *біледі* (Ғ.Мүсірепов). Біздің бір қылып еткен қылығымызды Үсекең *біліп* қойса, мені тура қапқа салады. Сен оны жақсы *білесің* (І.Жансүгіров). *Білем* мен талай жерді араладың, шарқ ұрып ойладың да бала қамын (С.Жиенбаев). 2. *Жақсы, жете тану.* Совхоздағылар аудан басшыларының ұйғарымы бойынша осында келе жатқан жаңа директорды көптен бері *білетін* («Жас Алаш»).

Орыс тілінің сөздігінде *біл* (знать) етістігінің 7 мағынасы көрсетілген:

1. Иметь сведения о ком, чем-л.
2. Обладать знанием чего-л., иметь специальные познания в какой-л. области.
3. Быть знакомым с кем-л.
4. Понимать, сознать, отдавать себе отчет в чем-л.
5. Испытывать, переживать.
6. (Обычно в отрицательных оборотах). Соблюдать что-л., считаться с чем-л., признавать.
7. Знаешь, знаете в знач. вводн. сл. Употребляется с целью обратить внимание собеседника на предмет разговора.

Бірақ Д.Н.Шмелев бұлардың барлығы жеке мағына емес, кейбіреуін қосақтап бір мағына ретінде беруге болады дегенді айтады. Орыс тілінде сөз мағынасын грамматиканың көмегімен анықтау жақсы жолға қойылған. «Обратимся, однако, к сочетаемости глагола «знать», которая должна предоставить в наше распоряжение факты, подтверждающие или опровергающие высказанные выше соображения по поводу словарной статьи. При субъекте – лице одушевленном объекты выражаются следующим образом.

1.Именем существительным (местоимением) в предложном падеже (о ком-чем).

2.Именем существительным (местоимением) в винительном падеже. Имена существительные этой группы распадаются на классы, которые определяют значение глагола «знать»:

- а) лицо одушевленное (ребенок, женщина);
- б) область знания (ботаника, литература, язык);
- в) эмоции, состояния и т.п.: радость, страдание, тоска, состояние наполненности, необходимости;
- г) все существительные неодушевленные.

3. Придаточным предложением изъяснительным. Перечень зависимых форм позволяет заметить, что

все они фактически выражают нечто общее при частных различиях – наличие информации. Различия же между ними следующие: 1) форма предложного падежа представляет словесный контур информации, указание на наличие информации, но без раскрытия ее; 2) винительный падеж обозначает наличие информации, ограниченной названным явлением; 3) придаточное предложение представляет информацию как определенное, конкретное суждение.

Таким образом, наличие информации представлено определенными ее видами, вариантами. Это позволяет говорить о том, что глагол распадается на два компонента: 1) наличие, 2) информация. Разные значения глагола – это модификация компонента «информация», за пределы которого не выходит ни одно значение «знать» при субъекте лице одушевленном» [3. 73].

Біл етістігінің көп мағыналық қыры грамматикалық модельдер арқылы нақтыланады. Орыс тілінің мамандары *знать* етістігінің полисемиялық қатарын тіркесімділігі арқылы анықтағандығын көрдік. Тіркесетін сөздің қай септікте тұратындығы я болмаса, қандай грамматикалық тәсілді қолданатындығы КМ етістіктің қай мағынасының актуальданатындығына түрткі болатындығын байқау қиын емес.

1. Табыс тұлғалы ғалам зат есімдер мен есімдіктерге тіркесу арқылы біл етістігі бір нәрсе жайлы білу деген мағынада қолданылады. Бұл етістіктің жалпы мағынасы бастапқы негізгі мағынасы деуге де болады. Бұнда біл етістігі хабардар болу деген етістікпен мағыналас келеді.

2. Табыс тұлғалы адам зат есімдер мен есімдіктерге тіркесу арқылы біл етістігі біреуді тану деген мағынада қолданылады. Бұл қолданыс білу етістігін тану етістігімен синонимдес етін тұр.

3. Көсемше тұлғалы етістікпен тіркесін, игеру мағынасын береді: жүргізе білемін, ағылшынша сөйлей білемін және т.б. Етістіктің бұл мағынасы грамматикалық болып есептелуі мүмкін. Бұнымен келісуге де, келіспеуге де болады. Біріншіден, орыс тілінде білу етістігінің жетінші мағынасы ретінде қарапалық мағына қолданылған. Бұны да таза лексикалық мағына деп айту қиын. Екіншіден, игеру мағынасындағы біл етістігінің сөйлемдегі синтаксистік мағынаны тіркескен сөзбен бірге (баяндауыш) атқарады. Дегенмен, тіркестің бастапқы үлгісі табыс тұлғалы қимыл есім: жүргізуді (айтуды, жазуды) білемін. Міне, осындай ерекшеліктерін ескере отырып, біл етістігінің полисемиялық қатары сөздікте берілгендегіден көбірек екендігіне көз жеткізуге болады.

КМ тұлғалардың қатарын дәл анықтауға грамматикалық модельдердің көмегі бар екендігі келешекте ескерілуі тиіс деген ойдамыз.

1. Степанова Г.В. Семантика многозначного слова. Учебное пособие. - Москва 1991. - 84 с.
2. Москальская О.Л. Проблемы системного описания синтаксиса. - Москва, 1981.- 20 с.
3. Жұбанов А. Основные принципы формализации содержания казахского текста. - Алматы, 2002. 15, 28,87 сс.
4. Будагов. Р.А. Борьба идей и направлений в языкознании нашего времени. - Москва, 1978.- 100 с.
5. Белбаева М. Қазақ тілінің омонимдер сөздігі. - Алматы, 1988.
6. Османова А. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде омонимдердің берілуі мен бір-бірінен ажыратылуы жайында // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін жасау тәжірибелері. - Алматы, 1989. 62-74 бб.
7. Қалиев Б., Жылқыбаева А. Сөз мағыналарының негіздері. - Алматы, 2002. - 109 б.

Резюме

В традиционном языкознании имеются две большие отрасли, которые регулируют эту систему. Одной из них является - словарь, а вторая – грамматика. Они очень тесно связаны между собой. В сходстве словаря и грамматики грамматический фактор влияет на изменение и формирование значения слова. Также какой мы бы словарь не рассматривали, в каждом из них имеются в значительной мере грамматические данные.

Так как синтагматическое отношение элементов в языке тесно связано с грамматическими правилами. Обычно в языке насколько имеет отношение говорящий к информации можно узнать по проведенному им разговорному акту. То есть разговор является личным характерным поведением субъекта. Языковое значение сложившееся издревле является систематическим значением.

Ключевые слова: синтагматическое отношение, субъективность в языке, полисемический.

Summary

There are two branches in traditional linguistics. One of them is dictionary, and the second is grammar and these are closely related. The grammatical factor influences to the change and formation of the meaning of words. And in any kind of dictionaries we can find the grammatical dates. So as syntagmatic relation of elements in the language closely related to the grammatical rules. That is, the conversation is a personal characteristic behavior of the subject. The linguistic multi meaning prevailing since ancient time is a systematic value.

Keywords: related speaking, syntagmatic correlation, subjectivity in the language, polysemical.

УДК: 81-119

ГИБРИДНЫЕ ТИПЫ КОНЦЕПТОВ

А. И. Скрипникова -

докторант PhD, КазНПУ им. Абая

Аннотация: в статье рассматриваются современные типологии лингвистических концептов, включающие новейшие когнитивные единицы, такие как «инсайт» и «паттерн». В тексте также содержится анализ работ, посвященных мезонимному (срединному) типу мышления, которое характерно и для казахстанцев. Новые типологии получают все большее распространение в научных кругах. После тщательного анализа работ зарубежных ученых автором сгруппирована особая категория - гибридные форматы знания или гибридные ментальные единицы. В статье на основе проведенного анализа сделан и ряд других выводов: 1) в последнее время в когнитивной лингвистике стали вычленяться новые форматы знания: инсайт, паттерн и мезоним; 2) лингвисты активно применяют в своих разработках гибридные форматы знания, такие как: фрейм-сценарий, концепт-представление и фразеогаштальт. Полученные результаты могут быть использованы при дальнейшей детальной разработке типологий.

Ключевые слова: когнитивная лингвистика, типология концептов, формат знаний, гибридизация, инсайт, паттерн, мезоним.

Типологией ментальных единиц занимается целый ряд российских ученых: А.П. Бабушкин, М.В. Пименова, В.А. Маслова, Н.Н. Болдырев, Е.С. Кубрякова, Г.Г. Слышкин, С.Г. Воркачев, В.И. Карасик, Л.О. Бутакова, З.Д. Попова, И.А. Стернин и другие. Вкратце ознакомиться с их основными научными достижениями можно благодаря обзорным статьям: С.А. Питиной, Л.В. Поповой «Типологии ментальных единиц» [1] и О.И. Лыткиной «К вопросу о типологии концептов в современной лингвистике» [2]. Мы ограничимся лишь перечислением основных типов или (по определению профессора Н.Н. Болдырева) форматов знания. Практически во всех исследованиях в качестве таковых упоминаются: **концепт** (как родовое понятие), **фрейм, сценарий** (или скрипт), **сцена, схема, прототип, образ, мыслительная картинка, понятие** (представление) и **гештальт**.

В ряде последних работ часто фигурирует и такой термин как **инсайт**- «озарение»; знание о функциональной предназначенности предмета [3]. Например, слово *барaban* будет сопровождаться инсайтом о музыкальных инструментах и способах извлечения из них звуков. Интересно здесь будет привести цитату Н.Н. Болдырева, который пишет: *«Инсайт я могу соотнести с учением Платона об «идеях» вещей, т.е. об их существенных свойствах. Под идеей нужно понимать устройство и назначение, сам смысл вещи»* [4].

Еще один термин, недавно, но уже прочно закрепившийся в лингвистической науке, и, в частности, в когнитивном языкознании, – **паттерн**.

Паттерн (от англ. *pattern* – модель) - многократно, настойчиво повторяемые формулы-модели, допускающие разнообразное варьирование [5]. В работе исследователя Г.М. Сучковой находим несколько иное толкование. По ее утверждению, паттерн – концептуальное понятие, используемое в разных областях; определяемое в справочниках и словарях по-разному. Огромное количество аспектов пришлось учитывать при формировании лингвистического термина «паттерн» [6]. Далее ученый выводит собственное определение: *«Лингвистический паттерн (прагматическая избыточность) выступает в виде свойства языка/речи, явления в языковой/речевой практике и процесса речевого взаимодействия, имеющего форму гештальта, включающего повторяющиеся черты»* [там же]. После тщательного анализа основополагающих работ по данной тематике Г.М. Сучкова разрабатывает авторскую типологию

паттернов (*коммуникационный паттерн*: паттерн эгоизма, морализаторства, утешения; речевой паттерн и др.). Ученый утверждает, что наличие известных признаков паттерна дает возможность опознать эту структуру в любом тексте, и, в доказательство своей гипотезы, приводит пять основных признаков паттерна коммуникации [см. 6].

Важно будет подчеркнуть, что лингвистический паттерн реализуется посредством прагматических повторов. Характер паттерна определяется количеством и качеством повторов. Круговые структуры паттерна регистрируют постоянно возобновляемые позиции обращения к одной и той же теме [6].

Другой российский исследователь А.А. Чернореченский вводит в научную терминологию такое понятие как *тембральный паттерн* [7]. Он необходим при проведении анализа на цельнооформленность текста. С точки зрения Чернореченского, двух наиболее значимых критериев (авторская интенция – программное утверждение самого автора текста о том, что текст завершен, и читательское восприятие) при определении границ целого текста недостаточно. Значительная роль в этом случае будет отведена тембральному паттерну (выделяется тембром при восприятии текста). Под ним ученый подразумевает инородное текстовое вхождение (цитаты, афоризмы, прямые и косвенные упоминания других текстов), которое идентифицируется по принципу «свой/чужой» на основании оценки вариативности или инвариантности используемых в нем языковых единиц по отношению к основному смысловому полотну [7].

Итак, мы выделили уже несколько подтипов паттерна: (коммуникационный, речевой и тембральный), которым посвящены отдельные исследования.

Перечисляем новейшие форматы знания далее. Польские лингвисты Альберт Бартошевич и Леонтий Миронюк в своем совместном исследовании предлагают выделять в качестве когнитивной единицы *мезоним*. Под мезонимом они понимают «срединный» элемент между двумя антонимами, т.е. своего рода «лингвистическую биссектрису», например: *верхний – средний – нижний; левый – центральный – правый* и т.д. [8].

Ученые пишут также о мезонимном типе мышления, который со временем вырабатывается у каждого человека. Л. Миронюк и А. Бартошевич выделяют следующие четыре разновидности мезонимного типа мышления: 1) фольклорно-сказочное мышление (*налево пойдешь... - прямо пойдешь... - направо пойдешь...*); 2) историческое мышление (*древние века – средние века – новые века*); 3) пространственно-географическое (*северный полюс – экватор – южный полюс; Средиземноморье; междуречье*); 4) металингвистическое (*высокий – средний – низкий стиль; прошедшее – настоящее – будущее время; мужской – средний – женский род; полугласный; полупредикативный*) [подробнее см. 8].

Мезонимы, по свидетельствам авторов, часто встречаются в публицистическом стиле: *полуимперия, полуколония, полуполицейский, полуправда, полудемократия*. Мезонимными по своему происхождению были и некоторые русские собственные имена типа *Полупанов, Полубояринов, Полуфранцузов* [8]. Среди казахских фамилий также встречаются похожие образцы, например, *Шалабаев* («шала» – «полу»).

Примером мезонима в классической литературе XIX века является слово *полурусский* (встречается у А.С. Пушкина). Отметим, что в современном казахстанском обществе также циркулирует мезоним *шалаказақ* (полуказах). Его можно встретить в текстах масс-медиа. В качестве примера можно упомянуть название одной из рубрик программы КТК «Шалаказахи».

Помимо выделения новых типов концептов, в когнитивной лингвистике наблюдается и еще одна тенденция. Проанализировав научные публикации за последние годы, можно обнаружить, что многие исследователи стали активно применять в работе не только «чистые», но и гибридные (смешанные) ментальные единицы.

Остановимся на этом вопросе подробнее. Так, например, О.С. Полатовская предлагает относить *фрейм-сценарий* (или его термин-дублет *сценарный фрейм*) к типу концептов, что, по ее мнению, будет иметь практическое значение при исследовании проблемы соотношения языка и речи. Она пишет: «В целом, основное отличие фрейма-сценария от фрейма заключается в динамическом характере первого и статическом характере второго... Принципиальное отличие фрейма-сценария от сценария заключается в его привязанности к контексту конкретной ситуации» [9].

Классифицировать гибридные типы квантов знания можно в учении А.П. Бабушкина. Это *калейдоскопические концепты* – по его авторскому определению – совокупность сценариев и фреймов, связанных с переживаниями и чувствами. В качестве примера калейдоскопического концепта Бабушкин приводит слово «*совесть*» [3].

З.Д. Попова и И.А. Стернин в своих работах также упоминают гибридные типы концептов, правда, не выделяя их из общей канвы в отдельную категорию. В частности, в их работе находим упоминание о *концептах-представлениях*. Они объективируются в языке преимущественно лексическими единицами конкретной семантики. Смысловая сторона подобных единиц репрезентирует представление – словарные дефиниции этих лексем практически полностью состоят из перечисления чувственно воспринимаемых признаков предмета номинации. В качестве примера концепта-представления ученые приводят слова: *дрожь ласточка*. «Дрожь – частое судорожное вздрагивание тела; ласточка – перелетная птица с узкими, острыми крыльями, юркая и быстрая в полете» [10].

Также, исходя из работ Поповой и Стернина можно сделать вывод о существовании не только гибридных, т.е. смешанных типов концептов, но и о промежуточных. Так, например, они дают следующее определение: «схема – промежуточный тип концепта между представлением и понятием, определенный этап развития абстракции» [10].

Доказательством существования гибридных типов концептов, служит наличие подтипов ментальных единиц, которые, по сути, являются переходным звеном.

Ученый Е.А. Андреева в своей работе вводит понятие и дает определение *аксиологического фразеогештальта*, описывая компоненты его структуры. Она ссылается на ранние работы Н.Ф. Алефиренко - так как именно он ввел понятие *фразеологический гештальт* и доказал целесообразность его выделения в когнитивной фразеологии. Фразеологические гештальты представляют собой стереотипные, повторяющиеся в речемыслительной деятельности ситуации и составляют образно-ономасиологическую часть языкового сознания каждого этнокультурного сообщества [11]. Автор исследования упоминает о трудах В.А. Ермолаевой, в которых пропагандируется выделение *коммуникативного гештальта*. Есть ссылка и на то, что в научных текстах Н.А. Сидоровой фигурирует более структурированное понятие – *аксиологический коммуникативный гештальт*.

В статье Е.А. Андреевой находим нижеследующее определение: «Аксиологический фразеогештальт может трактоваться как целостный образ в когнитивной структуре фразеологизма, определяющий аксиологический вектор (ценностные или антиценностные характеристики) отображаемого во фразеологическом значении объекта или явления действительности» [там же].

В структуре аксиологического фразеогештальта исследователь выделяет: 1) образ фразеологизма как связующее звено между реальностью и понятием; 2) культурный код, в котором реализуется образ фразеологизма; 3) фоновая информация, в том числе о происхождении фразеологизма; 4) семантика фразеологизма; 5) аксиологический вектор фразеологизма (положительный или отрицательный). При этом, как утверждает автор теории, аксиологический фразеогештальт играет определяющую роль в когнитивной структуре фразеологизмов.

Еще один подтип – это *гендерный гештальт* (работа Е.П. Петриковой). Гендерный гештальт играет большую роль в построении коррелятивной пары мужчина/женщина (в конечном счете, в построении гендерного концепта). Гендерный гештальт связан с самоидентификацией личности. В художественном произведении, например, через анализ речи можно определить, с кем идентифицирует себя автор и в какой степени ему близок тот или иной персонаж [12].

Е.П. Петрикова пишет: «Гендерный гештальт, как и всякий гештальт, устанавливается не сразу при соприкосновении с предметом. Это фигура, постепенно выплывающая из фона и приобретающая собственные очертания. Поэтому гендерный гештальт индивидуален, так как формируется в сознании у каждого человека в свое время» [12].

Как видим, новые типологии получают все большее распространение в научных кругах.

Основываясь на всем вышеизложенном, можно сделать несколько выводов: 1) в последнее время в когнитивной лингвистике стали вычлняться новые форматы знания, такие как: инсайт, паттерн и мезоним; 2) лингвисты активно применяют в своих разработках гибридные форматы знания, такие как: фрейм-сценарий, концепт-представление и фразеогаштальт, которые могут сформировать отдельную категорию ментальных единиц.

1 1 Питина С.А., Попова Л.В. Типологии ментальных единиц // Вестник Челябинского гос. университета, № 20 (311), 2013. – С. 61-69.

2 Лыткина О.И. К вопросу о типологии концептов в современной лингвистике // Филологические науки. Лингвистика. С. 68 – 75.

- 3 Бабушкин А.П. Типы концептов в лексико-фразеологической семантике языка. – Воронеж, 1996. – 104 с.
- 4 Болдырев Н.Н. Когнитивная семантика. Введение в когнитивную лингвистику. – Тамбов: Издательский дом ТГУ им. Г.Р. Державина, 2014. – 236 с.
- 5 Толково-энциклопедический словарь. – СПб.: Норинт, 2006. – 2144 с.
- 6 Сучкова Г.М. Паттерн коммуникации как тип эмоционального общения // Вестник ВГУ. Серия: Лингвистика и межкультурная коммуникация, 2010. № 2. С.149 – 154.
- 7 Чернореченский А.А. Анализ тембральных паттернов при изучении текста на цельнооформленность // Вестник ИГЛУ, 2012. С 110 – 115.
- 8 Бартошевич А., Миронюк Л. К вопросу о языковой конденсации мысли // ActaNeophilologicaI, 1999. С. 5-10.
- 9 Полатовская О.С. Фрейм-сценарий как тип концептов // Вестник ИГЛУ, 2013. – С. 161-166.
- 10 Попова З.Д., Стернин И.А. Когнитивная лингвистика. – Воронеж, 2006. – С. 23.
- 11 Андреева Е.А. Аксиологический фразеогештальт в когнитивной структуре русских и немецких фразеологизмов.
- 12 Петрикова Е.П. Гендерный гештальт и категории художественного текста // Вестник КазНУ. Серия филологическая. – Алматы. № 1-2 (125-126), 2010. – С. 126 – 131.

Түйін

Мақалада қазіргі концептің типологиясының (ең жаңа когнитивті бірліктер "инсайт" және "паттерн") қарастырылады. Мәтінде ойдың мезоним туралы жұмыстарды талданды (мезоним қазақстандықтар үшін тән). Жаңа типологиялары ғылыми шеңберлерде кең таратылды. Шетелдік ғалымдардың жұмысын мұқият талдаудан кейін, ерекше тобы - білімнің буданды форматтары немесе буданды когнитивті бірліктері қалыптастырылды. Өткізілген талдау негізінде мақалада басқа қорытындылар жасалған: 1) соңғы кезде когнитивтік лингвистикада жаңа пішімдерді мүшелуге болады. Олар: инсайт, паттерн және мезоним; 2) лингвистер өз жұмыстарында буданды пішімдерін белсенді қолданады: фрейм - сценарий, концепт және фразеогештальт. Алған нәтижелер типологиялардың одан әрі толық зерттеуде пайдалы болады.

Негізгі сөздер: когнитивтік тіл білімі, концептің типологиясы, білім пішімі, будандастыру, инсайт, паттерн, мезоним.

Summary

In the article modern concepts' typologies (including the latest cognitive terms, such as "inside" and "pattern") are considered. The article also contains the analysis of the works devoted to mezonym (median) type of thinking which is also typical for Kazakhstan citizens. New typology gain ground in scientific community. After the thorough analysis of foreign scientists' works the author grouped special category - hybrid formats of knowledge or hybrid mental units. After the careful analysis of foreign scientists' works the author grouped special category - hybrid formats of knowledge or hybrid mental units. In the article on the basis of carried-out analysis some other conclusions are made: 1) recently in cognitive linguistics new formats of knowledge began to be allocated: inside, pattern and mezonym; 2) linguists actively apply in the development hybrid formats of knowledge, such as: frame-scenario, concept- representation and phraseo-gestalt. The received results can be used at further detailed development of typologies.

Keywords: cognitive linguistics, typology of concepts, format of knowledge, hybridization, inside, pattern, mezonym.

ӘОЖ 780.4:398.831 (=512.122)

ҚАЗАҚ БЕСІК ЖЫРЛАРЫНЫҢ ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ, МУЗЫКАЛЫҚ СИПАТЫ

Г.С. Сүлеева -

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, ф.ғ.к, доцент

А.Ж. Мәшімбаева -

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, ф.ғ.к., аға оқытушы

Түйіндеме: Қазіргі таңда ұлттық құндылықтарды лингвистикалық тұрғыда зерттеу өзекті мәселеге айналды. Өйткені, қазақ этносының тарихы мен салты, тыныс-тіршілігі тілдік деректерінде сақталған. Осындай қазақ фольклоры жанрларының бірі – бесік жыры. Бесік жыры ауызекі шығармаларының жанры ретінде ауыз әбиетінде біршама қарастырылған. Біз мақалада бесік жырларын психолінгвистикалық, музыкалық сипатта қарастыруға тырыстық. Мақалада бесік жырларының сәбидің тілдік танымын жетілдіруге, ой-өрісін кеңітуге, тілінің тез шығуына маңызды әсер ететіндігі мысалдар арқылы талданды. Және бесік жырын айту кезіндегі дауыс ырғақтарының түрліше қалыпта естілуі, мәтіннің әндете айтылудағы әуезділігі жайлы сөз қозғалды. Дыбыстық фонемалардың қайталануы бесік жыры мәтіндерін жеткізудегі суггестиялық формалардың бірі екендігі айқындалды. Бұл ана мен бала арасындағы жағымды психологиялық қарым-қатынас орнатудың тиімді көздерінің бірі болып табылатындығына мән берілді. Жалпы мақалада әр ананың бесік жырын айтуы қажет екендігін, сол арқылы бүгінгі сәби-ертеңгі тұлғаның дамуына этностық, психологиялық, суггестиялық ықпалдарының зор болатындығын туралы ой қозғалады.

Кілт сөздер: бесік жыры, психолінгвистика, музыкалық интонация, суггестия, эмоция, суггестиялық транс, фонема, интонациялық қарқын, вербалдылық, бейвербалдылық, таным.

21 ғасыр дамуындағы тіл білімі этнолінгвистикалық, психолінгвистикалық тұрғыдан кеңінен зерттелу үстінде. Ауыз әдебиетіне бай қазақ халқының фольклорлық деректерін лингвистиканың түрлі салаларында қарастыру бүгінгі таңда өзекті болып отыр. Бұл – әлемдік жаһандануға бет алған қазақ этносының да өзінің тілі мен ділін сақтап қалудағы жалғыз жолы. Өйткені, тілдік деректерді зерттеу, сақтау мен қолданыстан шығармау ұлттың болашағын да айқындамақ.

Қазақ халқы фольклорлық жанрға аса бай этнос. Оның бірі – бесік жыры. Қазақ бесік жырларының үлгілері алғаш Ә.Диваевтың жинауымен 19 ғасырдың аяғында хатқа түсіп, Н.Потанин, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедұлы, С.Сейфуллин, М.Ғабдуллин, Б.Ерзакович, Б.Уахатов еңбектерінде кейде бөбектерге арналған өлеңдерінің қатарында, кейде балалар фольклорының арнайы саласы ретінде қарастырылған. Осы тұрғыда фольклорлық балалар поэзиясын зерттеген К.Матыжанов, үй-іші әдет-ғұрып өлеңдерін зерттеген Г.Болатова, И.С.Қарабұлатова, бесік жырларын этнолінгвистикалық тұрғыдан арнайы зерттеген А.Айтпаева, ғұрыптық фольклор лексикасы ретінде зерттеген А.Айтмұқашева еңбектерін атауға болады. Біз мақалада қазақ фольклорының кең таралған жанрларының бірі – бесік жырын психолінгвистика аясындағы суггестиялық сипатын қарастыруға тырыстық.

Суггестия қазақ фольклоры жанрының әртүрлі топтары ғұрыптар, салттар, жоралар, наным-сенімдер, ырымдар мен тыйымдар, тілек-бата сөздерінде кеңінен көрініс тапқан. Сөз құдіретіне сену, бірауыз сөзбен бар тағдырын шешіп, тіл күшінің құдіреттілігіне табынған. Ғылыми тілдегі суггестия, қазақы ұғымдағы «сенім» сөзінің төркіні ерекше болған. Атап айтқанда, қазақ болмысы сенімге негізделген. Ал суггестология, суггестизм – адамның психикалық ой-өрісіне ерекше әсер ететін ғылым. Ол вербалды және бейвербалды әрекеттер арқылы жүзеге асады.

Қазақ халқының бесік жырлары көнеден қалыптасқан, этнографиялық, этномәдени ақпарат беретін, тілдық қазына болып табылады. Этностың басынан кешкен тарихынан, рухани өмірінің ахуалынан хабардар ететін этнолінгвомәдени коннотациялар төмендегі мағыналық кеңістік түсініктер мен концептілерді қамтиды: бесік жыры – этнос, бесік жыры – мәдениет, бесік жыры – тіл, бесік жыры – психология, бесік жыры мифология [1, 41]. Бұл бесік жырының тілдік ақпаратпен қатар рухани ақпарат беретіндігін айқындайды.

Бесік жырларындағы суггестиялық ақпарат сәбидің жырды тыңдауы, оған ұюы, тілі шықпай-ақ анасымен сөзсіз тілдесуі, әннің ырғағын қабылдауы, әнді естуі арқылы анасының даусын есте сақтауы, ана мен баланың арасындағы қарым-қатынастардан тұрады.

Зерттеушілер бесік жырының қызметтерін әр түрлі қарастырады. К.Ісләмжанұлының еңбегінде

мынадай деректер келтірілген: Н. Мельников мұны «категория» десе, А.Сафаров «басқыш» деп атаған. Бұл жіктеу – қазақ бесік жырларына да тән. Яғни, бірінші сатыда аналар тілімен сәбиді қоршаған ортамен таныстыруды мақсат тұтады. М.Н.Мельников орыс балалар фольклорында бұл мысық, көгершін, әтеш, сиыр. т.б. жан-жануарлармен таныстырудан басталады дегенді айтады. А.Сафаров өзбек фольклорында бұл сатының бала бесігінен басталып, таныстырылатын тұрмыстық заттар сананың кеңейе түсетіндігін көрсетеді. Қазақ бесік жырының да табиғаты осы А.Сафаров пікірімен ұштасады [2, 23 б.].

Бесік жырларын айту сәби үшін өте маңызды. «Ана өз баласына жанды тыныштандырып, сүйсінерлік және бірсарынды өлеңдер қажет екендігін аналық сезімімен түсінген. Осылай бесік жырларының формасы пайда болды. Осы аналық сезімдер бесік жырларының мазмұны қандай болуы қажет екендігін анықтаған. Осы арқылы ана жанының ең мәнді асылдығы көрінеді» [3, с. 46].

«Бүкіл ана атаулы жаттап алып айтатын өзінің баласына деген махаббат әңұраны. Бұл жерде көзделер мақсат біріншіден, бесік жырларын анасы әндете отырып, өзінің нәрестесін әсем ырғағымен тәтті ұйқыға бөлеу болса, екіншіден, ананың баласына берер тілек батасы, сәбидің болашағынан күтер үміт сәулесі сөз болады» [4, 46 б.].

Баланы ұйықтатар алдында әр ана бесік жырын айтқаны жөн. «Баланың есту сезіміне аса көп әсер беретін – бесік жыры. Баланы қолына алған, баланың бесігі жанындағы ана аузына тас салғандай үндемей отырмасын. Жырлай берсін. Бала сөзін ұқпаса да, күйінен әсерленеді. Жас балаға қазақтың «әлди, әлди, ақ бөпем» деп басталатын бесік жырын жырлау керек. Бұл жырдың күйі де, сөзі де тәтті. Жыршы мағынасымен әуендік мазмұны жете шоғырланған өлеңді сәбиге жырлайды [5, 45 б.].

Бесік жырын айту бесікке салу ғұрпынан басталады. Бесік – жас нәрестеге арналған ағаш төсек (ҚТТС). Бесік сөзінің шығу төркіні, бесікке салу дәстүрі туралы А.Айтмұқашева өз еңбегінде тоқталған [1, 42 б.]. Бұл ғұрып орындалған сәттен бастап сәбидің тілі шығып, ес кірген уақытына дейін бесік жыры айтылатын болған. Оның мәтіні қарапайым, жеңіл түрде жеткізілген. «Қарапайым бесік жырлары – ежелгі халық психологиясының, мәдениетінің, тілдік байлығының куәсі» [1, 43 б.] екендігін көрсетеді.

Бесік жырын айту вербалды, бейвербалды қарым-қатынас пен әндету арқылы жүзеге асады. Олар музыка, дауыс ырғағы, интонация, сәбиді тербету, әлдилеу жағдайларымен көрініс табады. Баяу үнмен бірқалыпты ырғақта ән айту баланы ұйқыға шақырады. «*Әлди бөпем, әлди*» деп басталатын алғашқы жолдарының ырғақты, әуезді қайталануы әсерлі ықпал етеді.

Бесік жырын айту кезіндегі коммуникациялық кеңістік ананың балаға деген жылы, мейірімді эмоциясының пайда болуы мен дамуына әкеледі. Бұл бесік жыры мәтінінде жеке тұлғаның психикасына әсер ететін күшті суггестологиялық қызмет жатқанын көрсетеді. Баланың болашақта сөйлеуіне, тілінің ерте шығуына, ықпал ететін тілдік қызмет бесік жыры мәтінінің бала бойына сіңуімен қалыптасады. Бесік жырын айта отырып, вербалды, бейвербалды элементтерді қолдану болашақ тұлғаның ой-өрісінің дамуына да себеп болады. Бала сол арқылы өмірді таниды. Өйткені, жыр мәтіні тілі шықпаған сәби үшін танымдық қызмет пен ой-өрісінің даму қызметін атқарады. Сөйлей алмай тұрған кездегі баланың коммуникативтік мінез-құлқын жетілдіру мен кішкентай адамның болашақ сөйлеу механизмін жаттықтырушы ретінде қаралады. Оны қабылдауда вербалды-бейвербалды-музыкалық бірліктер біріге келе, негізгі ауызша сөйлеу үлгісінің психофизиологиялық қызметін жасауға бастама болады. Сонымен қатар баланың еліктеу, ұқсау негізіндегі тілді өздігінен үйренуге қабілеттендіреді. Мұндағы суггестиялық бағыт мысалы, алты айлық былдырлаған баланың тілінде оның айналасындағы үлкендер сөзінің фонетикалық ерекшелігі айқын көрінетіндігімен белгіленеді.

Бесік жыры музыкалық түрде де, мәтіндік нұсқада да айтылуы мүмкін. Бірде жұмсақ, бірде қатты, кейде қарлығыңқы, кейде қуатты, немесе солғын, болмаса үздік-создық, мәнерлі, тіпті буындарға бөлініп те айтыла береді. Яғни, сөз буындарының жоғарылығы мен күштілігі үнемі ауысып отырады. Бұл өз кезегінде сәби бойындағы суггестиялық транс жағадайын тудырып, ұйқыға шақырады. Сол сияқты бесік жырын орындаушы адамның сол сәттегі көңіл-күйін, түрлі эмоциялық күйлері, ниеті де байқалады. Бесік жырын айту кезінде орындаушының ішкі әлемі сыртқа «ақтарылады». Сол арқылы дауыстағы жалын, күйініш, маужырау, сары уайым, момындық, таңғалушылық, құмарлану, қуаныш, нәзіктік сияқты түрлі адамға тән сезімдер сыртқа шығады. Байыпты айтылған бесік жыры баланың құлағына сіңіп, туған тілдің сөйлеу дыбыстарындағы фонетикалық эталондар жадына автоматты түрде жазылады.

Бесік жыры мәтіндерін қарау барысында, айту кезіндегі ішкі эмоциялық күйді белгілейтін семалардың түрлілігіне байланысты болады, келесі топтарға бөлуді жөн көрдік:

- 1) еркелету мағынасындағы семалар: *жұлдызым, ботам, күнім*. т.б.

2) этникалық ұғымдағы семалар: *қозы жүн, қой, ешкі саууып сүт берер, түлкішек-ау, түлкішек, екі тышқан ұрысты, құлынтай, қарағай найза қолға алып, жауға тиер ме екенсің.*

Бұл – ұлттық тілде бар кодталған ұғымдардың бесік жыры мәтіндерінде кең орын алғандығының белгісі. Сол арқылы тек жырды жеткізін қана қоймай, ұлт тұлғасын дайындауға қажетті стратегиялық маңызы бар ақпараттар беріледі. Осы арқылы дәстүр мен салтты, әдет-ғұрыпты сақтайтын, тілдік моделі қалыптасқан тұлға тәрбиеленеді. «Бесік жыры қай тілде айтылса, баланың тілі сол тілде шығатыны» дәлелденген тұжырым. Мұнда суггестиялық аксиома былдырлаған сәбидің сөз буындарын дыбыстаудан бастап, сөйлем құрап, сөйлеу үлгісі қалыптасқанға кезеңге дейін ықпал ететінін көрсетеді.

Суггестия – бөтен адамның басқа «мен» идеясын өзге адамның психикалық аймағына (ой, эмоция, акт) сіңіру үрдісі. Суггестиялық ықпалға ұшыраған бейне өзінің миына түскен ақпаратты өз түсінігінсіз, ұғынуынсыз және тәжірибесі мен жағдайы арқылы талдауынсыз, екі ортада пайда болатын аралық қарым-қатынасыз қабылдайды. Суггестиялық лингвистика тілдік тәсілдер мен шаблондарды адам санасына қабылдануға қызмет етеді. Адам жасына, таным-түсінігіне қарай тілдің сөздің қабаты әртүрлі қабылданады. Бесік жырының мәтіні баланың ұғынуына сай құрылған. Қазақ бесік жырларының қай нұсқасын алып қарасақ та түсінуге жеңіл, күнделікті қолданыстағы сөздер мен сөз тіркестері. Мысалы,

Бөпем менің қайда екен?

Асқар алатауда екен.

Тауда неғып жүр екен?

Алма теріп жүр екен.

Алмасынан қанеки?

Жаңа теріп жүр екен.

Терсе, терсе, терсе екен,

Үйге жылдам келсе екен,-

деп басталатын бесік жырының мәтініне талдау жасайық. Мәтін қысқа құрылымды, бірақ контекстегі ойды жеткізін тұр. Мәтіннің басталуы да, аяқталуы да бар. Мәтін құрамындағы «*бөпе, алатау, тау, алма, теру, жаңа, үй, жылдам*» деген сөздердің барлығы қарапайым тұрмыстық сөздер. Әр тармақ сұраулы сөйлемге құрылғанымен, ауабы мәтін ішінде нақты айқындалған. Ал «*екен, неғып, тері, терсе, тере, келсе*» сөздерінің қайталануы бесік жырының әндете айтылу кезіндегі әуезділігін ашып, тыңдауға жағымды сипат береді. Сол арқылы сәби санасына жеңіл, жұмсақ қабылданады. Бар-жоғы 8 жолдық жырда интонациялық қарқынның сұрақ-жауап түрі, дауысты *а*, дауыссыз *с* фонемаларының көп қайталануы бесік жырын тыңдай білуге жетелейді.

Сәби ұйқысын шақырып суггестиялық трансқа түсіретін нәрсе бесік жырын әндетін айтудағы әуезділік болып табылады. Бұл жырда жиі қолданылатын және осы сөздерді сол әуеннің бесік жыры екенін танытатын тұрақты семалар қатарын айтуға болады. Мысалы, *әлди, әлди ақ бөпем, жан бөпем, ақ бесік, аппағым, әлдижар, «қозы жүнді қалпағым», айналайын, балапаным, шырағым, ерке балам, құндызым»* семалары айтылған ойымыздың дәлелі. «*Сүт бетінде қаймағым», «бөбегім»*. ... Сол сияқты:

Шылдыр-шылдыр, шылдырмақ,

Су ағады сылдырлап,

Былдыр, былдыр, былдырлақ,

Не сөйлейді былдырлап, -

деген бесік жыры мәтінінде *ы, с, б, д* семалары тыңдаушы сәбиге әсер етудің негізгі прагматикалық бейнесі.

Сөз қолданыста да, әсер етуде де бірнеше ықпалдық қабаттардан тұрады. Оның бірінші деңгейі – ақпараттық, логикалық. Екінші әсер ету қабаты – эмоционалдық болса, біз сөз еткен бесік жыры мәтіндері көбіне эмоционалдық күйге құрылған. Мысалы,

Әлди, әлди, бөпеім,

Әлпештейін көкешім.

Тербетейін жата ғой,

Тәтті ұйқыға бата ғой.

Мұндағы жыр үзіндісін ана мен сәби арасындағы жақындықтың жылдамдықтың ең максималды шегі деуге де болады. Шумақ ұйқасқа құрылған, бүтін мәтін десек те, айту кезінде автоматты жеткізіледі. Оң әсерлі эмоция (әлпештеу, аялау, жақын тарту) барынша айқын көрінеді. Үшінші деңгей – сөздің дыбыс пен ритм арқылы әсер етуі. Дыбыс зерттеушілерінің пікірінше қатаң, жуан дыбыстар қаттылықты,

жінішке ұяц, үнді дыбыстар – нәзіктікті жеңілдікті білдірсе [6, с. 121], бесік жыры сөздерін олай деп айта алмаймыз. Өйткені, мұндағы сөздер де, сөз құрамындағы дыбыстар да талғаммен, бала қабылдауына сай құрастырылған.

1 Айтмұқашева А.А. *Ғұрыптық фольклор лексикасы: идиоэтникалық семантика. Филол. ғыл. канд. ...дисс.: 10.02.02. – Алматы, 2006. – 141 б.*

2 Ісламжанұлы К. *Рухани уыз. – Алматы: Ана тілі, 1995.*

3 Мельников М. *Русский детский фольклор. Сибири-новосибирск: 1970, - 217 с.*

4 Кенжесахметұлы С. *Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы, 2004, - 284 б.*

5 Жұмбаев М. *Шығармалар. Алматы: «Білім», 1996, - 2 том, - 512 б.*

6 Суровцев Н.В. *Русская колыбельная песня. Москва, 1974. С. 2016*

Резюме

Сегодня изучение национальных ценностей с точки зрения лингвистики является актуальной проблемой. Так как сведения об истории и традициях, бытие казахского этноса сохранены именно в языковых материалах. Одним из таких жанров казахского этноса – колыбельная песня. Колыбельные песни в какой-то мере были рассмотрены в устной литературе в качестве жанра повествовательных произведений. В этой статье мы старались рассматривать колыбельные песни с точки зрения психолингвистических, музыкальных особенностей. В статье также были проанализированы некоторые примеры колыбельных песен, которые имеют важное влияние на развитие языкового познания, расширение кругозора, быстрое развитие речи. Также речь идет о ритмах колыбельных песен в разных диапазонах и о мелодичности текста при воспевании. Во время эксперимента выяснилось, что повторяемость звуковых фонем является одной из суггестивных форм для донесения текста колыбельных песен. Здесь мы обратили внимание на то, что это является одним из эффективных методов для того, что бы создавать положительное психологическое взаимоотношение между матерью и ребенком. Этим сказывается, что каждая мать должна воспеть колыбельную песню, так как этностные, психологические, суггестивные явления имеют колоссальные влияния на дальнейшее развитие ребенка как личность.

Ключевые слова: Колыбельная песня, психолингвистика, музыкальная интонация, суггестия, эмоция, суггестивный транс, фонема, интонационный темп, вербальность, невербальность, познание.

Summary

Study of national values by the vision of Linguistics is an urgent problem. Because the information about the history and traditions of the Kazakh ethnic group are preserved in the language materials. One of the genres of the Kazakh ethnic group is lullaby. Lullaby songs were considered mainly by the oral literature as a genre of narrative works. In this article we have tried to consider the lullabies vision by psychological, musical features. In this article there are analyzed some examples of lullabies, which have an important influence by the development of linguistic knowledge, broaden their horizons, the rapid development of speech of the children. It also says about the rhythm of Lullaby songs in different bands and the melody of the text by singing. During the experiment it turned out that the sound frequency of phonemes is one of suggestion forms for reporting text lullabies. Here we focus on the fact that this is one of the effective methods to generate a positive psychological attitude between mother and child. This proves that each mother must sing a Lullaby song, because ethnic psychological suggestive phenomenon have huge impact for the further development of the child as an individual.

Keywords: Lullaby, psycholinguistics, musical intonation, suggestion, emotion, suggestiontrans, phoneme Lullaby songs, intonational tempo, verbally non-verbally, cognition.

ӘОЖ 419.992.71

КӨП МАҒЫНАЛЫ ДЕРИВАЦИЯЛЫҚ ТҮБІР ЕТІСТІКТЕР

Ф.Т. Тулендиева - магистр оқытушы,

Э.Ж. Мұлықбаева - магистр-оқытушы,

М. Бүркітбаева магистр-оқытушы

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Түйіндеме. Тілдің сөзжасам саласын дериватология деп атайды. Ол латын сөзі *dérivation* – «жасау, құрау» деген мағынаны береді. Субстанциалдық бірліктер реляциялық қатынастар барысында өзгереді. Сондықтан деривация дегеніміздің өзін өзгеріс деп түсінуге тиіспіз. Өзгерістің бастапқы және кейінгі нәтижесі болатындығы белгілі, семантикалық деривацияны зерттеуші мамандардың айтуынша, деривация дегеніміз – бастапқы, алғашқы тілдік бірліктен кейінгі, туынды тілдік бірліктің жасалу процесі. Ал деривация процесі – тілдік бірліктердің формалық және мазмұндық өзгеруі. Деривация процесінде бастапқы тілдік бірлік структуралық және мазмұндық өзгеріске түседі. Демек, деривациялық процестің мазмұндық және формалық типтері бар. Тілдің формалық деривация процесіне грамматикалық құбылыстар, мазмұндық деривация процесіне семантикалық құбылыстар жатады. Семантикалық деривация процесі – мазмұны, мән-мағынасы өзгерген бастапқы және кейінгі бірліктердің нәтижесі.

Түйін сөздер: дериваттар, семантикалық деривация, формалық, грамматикалық парадигма.

Тілдің сөзжасам саласын дериватология деп те атайтыны белгілі. Ол латын сөзі *dérivation* – «жасау, құрау» деген мағынаны береді. Субстанциалдық бірліктер реляциялық қатынастар барысында өзгереді. Сондықтан деривация дегеніміздің өзін өзгеріс деп түсінуге тиіспіз. Өзгерістің бастапқы және кейінгі нәтижесі болатындығы белгілі, семантикалық деривацияны зерттеуші мамандардың айтуынша, деривация дегеніміз – бастапқы, алғашқы тілдік бірліктен кейінгі, туынды тілдік бірліктің жасалу процесі. Ал деривация процесі – тілдік бірліктердің (дериваттардың) формалық және мазмұндық өзгеруі [1. 43].

Ең алдымен деривация термині «сөзжасам» мағынасында ғана қолданылған. Тіл білімінде тілдік заңдылық бір салаға қатысты қолданылады да, бірте-бірте басқа да деңгейлік салаларға қолданыла бастайды. Сол сияқты деривация термині де кейіннен синтаксис саласына қатысты қолданыла бастады. Сөйтіп деривацияның лексикалық және синтаксистік деген екі түрі қалыптасты.

Семантикалық деривация лексикалық деривацияға жақын, соның ішінен шығады деуге де болады. Тіл бірліктерінің тұлғалық жағы да, мазмұндық жағы да қатар өзгереді. Семантикалық деривация мағынаның көшуі. Тұлғаның өзгеруі мағынаның өзгеруіне әкеледі. Өзгерген туынды түбір етістіктердің көп мағыналылығы – ерекше зерттеуді қажет ететін мәселе.

Деривация процесінде бастапқы тілдік бірлік структуралық және мазмұндық өзгеріске түседі. Демек, деривациялық процестің мазмұндық және формалық типтері бар. Тілдің формалық деривация процесіне грамматикалық құбылыстар, мазмұндық деривация процесіне семантикалық құбылыстар жатады. Семантикалық деривация процесі – мазмұны, мән-мағынасы өзгерген бастапқы және кейінгі бірліктердің нәтижесі. Семантикалық деривация олардың арасындағы белгілі бір қатынастар мен байланыстарды айқындайды, заңдылықтарын белгілейді. Демек, семантикалық деривация дегеніміз – контекстен тыс автосемантикалы, контекст ішіндегі синсемантикалы түбір және негіз сөздердің мағыналық өзгеріске түсуі [1. 46].

Мамандар категориялық көрсеткіштің лексемалар сияқты объективтік шындықпен байланысы барлығын мойындайды: «Не может быть ни малейших сомнений в том, что сами (грамматические) значения категорияльных показателей так или иначе связаны с явлениями внешнего мира. Можно безоговорочно принять, например, следующее высказывание: «В грамматическом строе закрепляется обобщенное отражение нашим сознанием наиболее общих связей и отношений между предметами и явлениями объективной действительности». Иә, бір тілде лексикалық бірліктер арқылы берілетін мағыналар, бір тілде грамматикалық формалар арқылы беріліп отырады. Осының өзі олардың өзара тығыз байланысты екендігіне, бірінің негізінде бірі пайда болғандығына дәлел бола алады.

Грамматикалық мағына лексикалық мағынадан ғана өзгеше емес, сөзжасамдық мағынадан да өзгеше. Лексикалық мағына түбір тұлға арқылы, ал сөзжасамдық мағына түбір емес морфемалар арқылы білінеді. Түркі тілінің түбір сөздері жеке лексема ретінде жұмсалып қана қоймайды, сонымен қатар сол қалпында

тұрып-ақ бірнеше мағынада жұмсала да алады [2.307]. Грамматикалық мағына аффикс арқылы да, түбірдің өзі арқылы да көрсетіле береді. Грамматикалық мағына әйтеуір бір категорияның құрамына енуі тиіс. Сөзжасамдық мағына таза грамматикалық тұрғыдан алғанда парадигма да, категория да құрамайды.

Грамматикалық парадигма немесе сөзжасамдық деривация жасайтын морфемалардың өзі моносемантикалы және полисемантикалы болып екіге бөлінеді. Тіл білімінде біріншісі бір мағыналы, екіншісі көп мағыналы деген ұғымда қолданылады. Қазақ тілінде бұндай құбылыс бар және ол туралы арнайы зерттеу жұмысы да жазылған. Ал жүйесі бөлек флективті тілдерде бұндай омоним немесе көп мағыналы жұрнақтар көптеп ұшырасады: «...флексия существительного село содержит три семы, означая: 1) род (средний) 2) падеж (именительный или винительный) 3) число (единственное). Флексия – полисемное окончание, формаобразующий суффикс – моносемное окончание» [3. 109]. Түбір морфема мен қосымша морфеманың мағыналарында айқын айырмашылық бар: түбір морфеманың мағынасына, біріншіден, әрі нақтылық, әрі дербестік тән болса, екіншіден, сол мағына тікелей түбірдің өз бойында болады; қосымша морфеманың мағынасына, біріншіден, әрі тым жалпылық, әрі дербестігі жоқтық тән болса, екіншіден, сол жалпы мағына тек сөздің құрамында ғана тиынақты болып анықталады. Осыған сәйкес, түбір морфема тілдің өзіне тән мағынасы бар тұлға ретінде жеке дара тұрып қызмет етсе, қосымша морфема тілдің мағыналы тұлға есебінде жеке-дара жұмсалмайды, тек сөздің құрамында ғана қолданылады. Мәселен, туынды түбірлердің бәрі бірдей етістіктен етістік тудыратын –ыт, –іт түбірін жалғай алмайды:

ал+ын

аз --

ас+ын

ақ --

ат --

аш – ын және т.б.

-ын қосымшасын ырықсыз етіс деуге де болады. Бірақ оның түбір тұлғаны талғап жалғанатыны зерттей түсуді қажет етеді. Мына мысалдарға назар аударалық: *Күзем алынып, жабағы жүндер үй маңына тобе-тобе болып үйіліп қалды* (Х.Әбішев). *Ол биыл әскерге алынады* (газеттен).

-ын қосымшасын өздік етіс деуге де болады. Түбір тұлғаның (ас) лексикалық мағынасына байланысты оны ҚТТС-ге өздік етіс деп берген: *Сол кезде үйге бір мылтық асынған жігітті ертіп, Боранбек кіріп келді* (С.Сейфуллин). *Қарамұртша менен озге қылыш асынған қайсысы бар?* (Ғ.Мұстафин).

-ын қосымшасын бөлмей, түбір құрамында тануға да болады: *ашын* етістік. *Жаныма батқандықтан ашынамын* (Жаяу Мұса). *Ашынды, ашу қысып азаматты* (І.Жансүгіров). Бұл жердегі –ын қосымшасын етістіктен етістік тудырушы жұрнақ деуге болады. Бұл мысалдар бір тұлғаға қатысты семантикалық ерекшеліктерді байқатады. Ал тілде мұндай жиі ұшырайтын формалар көп-ақ, соның бірі –іс, –ыс, –іс аффиксі. Бұл аффикс ортақ етіспен байланысты. Одан басқа мағынада қолданылатын да –с (–ыс, –іс) аффиксі бар. Ол *бар-ыс* (быр-жи, быр-ти дегендермен түбірлес), *тыр-ыс* (тыр-жи, тырт-ыс дегендермен түбірлес), *құр-ыс*, *бұр-іс* т.б. осы сияқты туынды түбір етістіктерде қолданылады. Мысалы: *Біреу келсе-ақ болғаны ол күйген терідей тырысып, бырысып қалады. Бала суыққа тоңып, бұрышта бүрісіп отыр.* Мұндай етістіктер субъектінің сыртқы құбылысын білдіреді. Осында келтірген мысалдағы *бұр-іс* дегеннен басқалары еліктеуіш сөздер тобына жатады, олар көбінесе туынды түбір тұлғада тұрып қана қолданылады. Осы тұлғада тұрған сөздердің ішінде түгелімен омоним болып келетін сөздер де жоқ емес. Мәселен, «ол оқуын жақсы үлгіруге *тырысты*» дегенмен «ашудан мандайы да *тырысты*» дегендегі *тыр-ыс-ты* етістіктері осындай.

–т (*ыт*, *-іт*) аффиксі жөнінде де осыны айтуға болады. Өзгелік етіс жасайтын –т аффиксімен тұлғалас келетін –ыт (*-іт*, *-т*) формалары бар. Оларды да бір-бірінен ажыратып қарау керек болады. Өйткені өзгелік етіс аффиксі етістік негізгі түбірлермен (мәселен, *шоқы-т*, *боя-т*, *алдыр-т*) қолданылады. Ал, ол аффикс басқа сөз таптарынан туынды түбір етістік жасайтын және *ер-т* (біл-дір-т) деген тәрізді етістіктерде жаңа мағыналы етістік жасайтын омоним аффикстер болады. Өзгелік етістің осы –т, –ыт, –іт аффиксімен омоним болып келетіндерге келейік. *Құмар*, *тұман*, *тозаң* деген зат есімдер мен күрең, шұбар, қылаң деген сын есімдерге қосылып, олардан туынды түбір етістік жасайтын –т (*-ыт*, *-іт*) аффиксі (*құмар-т*, *тұман-т*, *күрең-іт*, *шұбар-ыт* т.б.) салт етістік жасайды. Мұнымен тұлғалас өзгелік етістің –т, –ыт, –іт аффиксі етістік негізді түбірлерге қосылады, олар салт етістікті сабақтыға айналдырады.

Бұл омоформалардың мағыналарында осы айтқандардан басқа да өзгешелік бар. Есімдерден етістік тудыратын *-ыт (-іт)* формасы енді бір жағдайларда сол түбірлердің *-лан (-лен)* формалы өздік етісті тұлғаларымен мағыналас болып келеді: *құмарт, құмарлан* [4. 88,93].

Жоғарыда талданған *-ын* қосымшасына қатысты да ерекшеліктер көп. Олардың бірде ырықсыз, бірде өздік, бірде сөз тудырушы қосымша ретінде қолданылуы түбірдің лексикалық мағынасына байланысты болады. Өздік және ырықсыз етістіктерді шатастырып алу оңай. Жеке тұрғанда қай формада тұрғандығын тіпті ажырату мүмкін емес. Өздік етіске айқын мысал бола алатын *жуынды* мен *жуынды* тұлғаларының арасын ажырату оңай болғанымен, *қаланды* (ырықсыз) *қаланды* (өздік) етістіктерінің қай тұлғада тұрғандығы мүлдем белгісіз. Бұл лексеманың нақты мағынасы тек синтагмада ғана ажыратылады: *Кірпіш қаланды* (ырықсыз). *Сен де бір кірпіш дүниеге кетігін тап та бар қалан* (өздік).

Қосымша морфемаларға тән жүйе бар екендігі белгілі. Олардың жүйелі құбылыс екендігін түбір мен қосымшаның арақатынастарынан да көруге болады. Яғни қосымша морфемалар бірінен соң бірі, қалай болса солай қосыла бермейді, тілдің ішкі заңдарына лайық, белгілі бір жүйе бойынша рет-ретімен тіркеседі. Мәселен, омоним *-ын* жұрнағы кейбір түбірлерге бірдей жалғанып, бірде өздік, бірде ырықсыз етіс тудырса, бірде жаңа лексема тудырады. Тек ырықсыз етіс мағынасын беретін *-ыл* тұлғасы бір түбірге жалғанып, *-ын* тұлғалы етістіктен бөлек мағына беретін болса, бір түбірлерге жалғану мүмкіндігі жоқ екендігі байқалады. Бұндай құбылыстар көп мағыналықтың туындау механизмдерінің біріне жатады.

Әрбір сөздің өзіне тән тұлға-тұрпаты болады. Сол тұлға-тұрпаттың арқасында әрбір сөз бір бүтін тұлға ретінде қызмет етеді. Ал, сөздің тұлға-тұрпаты оның лексикалық және грамматикалық сипаттарымен байланысты. Осы себептен сөздер морфологиялық құрылысы жағынан әр қилы болып келеді. Ал, сол әр қилылық, әрине, сөздердің құрамдарының әр түрлі болуына байланысты да, сөздің құрамының түрлі-түрлі болуы оның бөлшектеріне байланысты. Кестеге назар аударайық:

Түбір етістіктер	Қосымшалар	Көрсеткіш
Ас	-ын	+
	-ыл	+
ал	-ын	+
	-ыл	-
аш	-ын	+
	-ыл	+
арт	-ын	+
	-ыл	+
ақ	-ын	-
	-ыл	+
Аз	-ын	-
	-ыл	-
Ат	-ын	-
	-ыл	+
аш	-ын	+
	-ыл	+
бақ	-ын	+
	-ыл	+
бар	-ын	-
	-ыл	-
бас	-ын	+
	-ыл	+ және т.б.

Бұның арасынан жүйе табу өте қиын. Әр түбір мен қосымшаға жеке-жеке келу қажет. Мынадай түбірлерге немесе мынадай лексикалық топтарға *-ын* қосымшасы, ал мынадай түбірлерге *-ыл* қосымшасы жалғанады деу қиын. Бұл құбылыс түбірлердің семантикасына немесе морфологиялық құбылыстарға немесе сол лексеманың қолданылу жиілігіне қатысты болуы мүмкін. Қалай болғанда да, бұл мәселе арнайы қарастыруды қажет ететіндігі түсінікті. Бұл мәселеге көңіл аудару етіс тұлғасындағы лексемалардың ҚТТС-те берілу сипатын шешу үшін қажет. Туынды түбірлердің мағынасы жалғанатын қосымшаға байланысты болатындығы лексиканың грамматикамен байланысына тағы бір дәлел бола алады.

Мектеп деңгейіндегі грамматикада жұрнақтар сөзден сөз тудыратын категория болғандықтан лексикалық категорияға, жалғаулар сөйлем ішіндегі сөздерді бір-бірімен байланыстыратын категория болғандықтан, грамматикалық категорияға жатқызылады. Бірақ тіліндегі жұрнақтар арқылы сөз тудыру категориясы грамматикамен де тікелей байланысты. Ол байланыс жұрнақтардың мынадай екі түрлі ерекшеліктерінен айқын көрінеді. Біріншіден, жалпы грамматикалық категорияларға тән аса абстрактілік қасиет жұрнақтардан да табылады, екіншіден, грамматикалық категорияларға тән тиісті ереже берерліктей жүйелі заңдар жұрнақтарда да бар. Мысалы, есім, я етістік тудыратын жұрнақтардың әрқайсысы топ-топ сөздерді қамтиды да, солардың бәріне де ортақ мағына үстеп, олардың жалпы көрсеткіші ретінде қызмет етеді. Мысалы, *аула, арала, тазала, шамала, ізде, құрметте, кілтте* деген етістіктер –ла (-ле, -да, -де, -та, -те) жұрнағы арқылы есімдерден туса, «*таңдамалы, жанамалы, құрамалы, жылжымалы, қопармалы, ашпалы, жаппалы, ауыспалы*» деген сын есімдер –малы, -мелі, -палы, -пелі, -балы, -белі жұрнақтары арқылы етістіктерден жасалған. Демек, бұдан, біріншіден, әрбір жұрнақ көптеген сөздерге жалғанғанда тек лексикалық мағынасы басқа жаңа сөздер туғызып қана қоймай, олардың бәріне де бірдей жалпы абстрактілі қасиеттерін анықтайтыны байқалады, екіншіден, белгілі бір грамматикалық категорияға тән сөздерді екінші бір грамматикалық категорияға ауыстыратыны көрінеді. Осы жағынан алып қарағанда, жұрнақтар грамматикалық категорияға тек жақын ғана емес, онымен тікелей ұштасып та, ұқсасып та жатады. Сондықтан деривациялық түбірлердің мағынасын анықтағанда грамматикалық талдауларға сүйену қажеттігі байқалады.

1. Жалмаханов Ш. *Түркі лексикасының семантикалық деривациясы (доктор. диссер. авторефераты)*. - Алматы, 2004. - 43 бет.
2. Хасенова А. *Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты*. - Алматы, 1971. 307 бет.
3. Қалиев Б., Жылқыбаева А. *Сөз мағыналарының негіздері*. - Алматы, 2002. 109 бет.
4. Karcevskij S. *Du dualisme asymetrique du signe linguistique*. –Travaux du cercle linguistique de Prague. Praha, v. 1, 1929, c. 88, 93.

Резюме

Дериватология – раздел науки изучающий морфологию языка. В переводе с латынского *dérivation* – означает «делать, составлять». Субстанциальные единицы изменяются в процессе реляции. Поэтому слово деривация мы должны понимать как изменение. Во всяком изменении есть начальный и последовательный результат. По словам исследователей, деривация-это начальный процесс составной языковой единицы. А сам процесс деривации- это структурное и семантическое изменение языковой единицы. В процессе деривации изначальная языковая структура подвергается структурным и содержанию изменениям. Это означает что различаются два вида деривационного процесса: форменный и содержательный типы. К форменным процессам деривации относятся грамматические изменения, а к содержательному процессу деривации семантические. Семантический процесс деривации, является изначальным и последовательным результатом с изменениями в содержании и значении.

Ключевые слова: дериваты, семантическая деривация, структурный, грамматическая парадигма.

Summary

The derivatologiya is a division of science studying language morphology. In translation from Latin *derivation* means “to do, to make”. Substantial units change in the course of correlation. Therefore a derivation we have to understand the word as a change. In the process of derivation the base form of language structure takes the changes in the form and the content. It means that there are two forms of derivation process: the formal and the changes of contents. The formal process is the grammatical changes and the changes in the contents are semantic forms. Semantic process of derivation is the base type and the results with the changes in the contents and meanings.

Keywords: derivate, semantic derivation, structural, grammatical paradigm.

УДК 378.02:37.016

THE MAIN METHODOLOGICAL APPROACHES TO THE ENGLISH FOR SPECIFIC PURPOSES TEACHING

A. Iskakova -

Kazakh National Pedagogical Abai University

Abstract:Expansion of contacts in all spheres of human activity on an international scale entailed increasing need to study foreign languages not only as a means of communication, but also as a prerequisite for a successful professional competence and professional career. The higher education system of the Republic of Kazakhstan introduced the course of "Professionally-oriented foreign language." The article attempts to analyze the main methodological approaches to its teaching on the base of professionally-oriented English for the students of "tourism" department. This paper considers the English for specific purposes not as an artificial closed subsystem but as a living, ever-changing variety of language, closely related to the content of a particular discipline and to a course of English for General Purposes. English for special purposes is considered as a language oriented to the specific needs of students associated with the content of a particular professional discipline, based on the core language and focused on the special linguistic and communicative material. Methodology of formation of its content for using in the professional sphere, in this case tourism, based on the unity of the two approaches - analysis and synthesis. Initially it requires a thorough analysis of the linguistic material, not only lexical and grammatical, but also communicative one, then resulted in the selected and analyzed material synthesized in the content of the educational process. The interaction of analysis and synthesis methods appears to be continuous process.

Keywords: English for specific purposes, professional competence, methodological approaches, analysis, synthesis, professionally-oriented language, language material, texts vocabulary, morphological structure, specimens of language.

It is now widely accepted that we are living at the age of tremendous and unprecedented expansion in scientific, technical and economic activity on an international scale and ever-increasing contacts between countries all over the world. In these terms the study of foreign languages turned to be of great importance, especially learning languages for professional needs and interests. That means the learner should be able to use a foreign language not only as a means of communication but he can function professionally in English for career advancement.

Higher school system in Kazakhstan has been developing professionally oriented foreign languages curriculum and in this paper we would like to discuss the general methodological approaches of teaching English for tourism department students. As far as English for specific purpose (ESP) is concerned, it is important to say that there is significant distinction between the English we speak and the English we speak about. [1]. But we should notice that English for specific purposes is not a closed, artificial code. It is a living variety of English which like all natural human languages is in a state of constant change. All the processes which take place in the actual functioning of this variety of language have to be carefully controlled and studied. We should not forget that ESP consists of English language teaching which is: a) designed to meet specific needs of the learner; b) related in content to particular disciplines, occupations, activities; c) centered on the language appropriate to those activities in syntax, lexis, discourse, semantics, etc. and analysis of this discourse. [2].

The teaching of professionally oriented English for tourism department students is based on the unity of analysis and synthesis: a) analysis of specimens of this kind of English; b) synthesis of the results of primary analysis; c) analysis of the newly produced materials from the point of view of different stages (vocabulary, word-combinations, morphology, syntax) and etc.[3].

We begin by choosing specimens of the intellectual English. It is important to distinguish the variety of English which is used in tourist sphere. We thoroughly study this language material, because LSP instruction process demands accurate selection of linguistic means—not only lexical and grammatical, but communicative as well. In other words, authentic English texts of this type are translated into a pragmatically oriented ESP, so they could become part of the speech students use to work in scientific sphere. In fact, the analytical method supposes detailed discussion of every single word and word combination in a given text before it is finally decided whether it could be useful as part of ESP for tourism department students. Analysis was obviously followed by synthesis, and finally new tourist texts were synthesized on the basis of the outcomes yielded by the analysis.

The study of the vocabulary of these texts allowed us to distinguish the basic lexical strata of the register of scientific discourse: a) so-called 'general words' constituting the core of the language; b) special terms and terminological word-combinations; c) words of the general scientific vocabulary. The general scientific has been systematized from the point of view of the main conceptual fields reflecting the processes of acquiring knowledge, organization and systematization of the material, making conclusions and etc. It should be noticed that scholars made very important conclusions concerning the options and arrangement of words in the flow of speech. Students were accurately shown how to arrange lexical units according the rules of collocation. The morphological analysis of ESP brought us to some fruitful results such as the necessity of 'minimization' of morphological structures in this variety of English. For instance complicated grammatical forms like 'I shall have been researching', 'Had he been invited?', 'They will have been taught', etc. should be carefully kept out.

From the syntactic point of view the study of the texts under discussion began with the detailed analysis of the structure of the paragraph, for the optimal division of the texts contributes greatly to the more effective passing on the information contained in the text.

The analysis is again followed by a new synthesis – further optimization of the modeled texts of the tourist ESP. The analysis-synthesis interaction thus becomes an uninterrupted process. We thought that it is necessary to introduce the reader first to the more theoretical problems concerning the idea of the tourist ESP and to explain briefly the main stages of its elaboration. Now that it has been created and is generally accepted all over the world as a very effective means of international communication the most important question which has to be answered is how to teach it, what are the most optimal ways of acquiring this variety of English in the shortest amount of time.

1. Magidova I.M. *Introduction into English philology. M., 1985, 126 p.*
2. Hutchinson, T., Waters, A. *English for Specific Purposes: A learning-centered approach. Cambridge: Cambridge University Press, 1987, 305 p.*
3. Akhmanova O., Gvishiani N. *ESP: Analysis through synthesis. M., 1979, 188 p.*

Резюме

Расширение контактов во всех без исключения сферах человеческой деятельности в международных масштабах повлекло за собой возрастание необходимости изучения иностранных языков не только как средства коммуникации, но и как неперемного условия профессиональной компетенции и успешного профессионального роста. Практически во всех структурах системы высшего образования Республики Казахстан внедряется дисциплина «Профессионально-ориентированный иностранный язык». В статье предпринята попытка на материале дисциплины «Профессионально-ориентированный английский язык» проанализировать общие методологические подходы преподавания этого учебного предмета на примере специальности «туризм». В работе рассматривается английский язык для специфических целей не как замкнутая искусственная подсистема, а как живая, постоянно меняющаяся разновидность языка, тесно связанная с содержанием конкретной дисциплиной и с курсом английского языка для «общих» целей (English for General Purposes). Английский язык для специальных целей рассматривается как язык, ориентированный на специфические потребности обучающихся, связанный по содержанию с определенной профессиональной дисциплиной, опирающийся на базовый язык и сфокусированный на специальном лингвистическом и коммуникативном материале. Методология формирования его содержания для использования в профессиональной сфере, в данном случае туризме, основана на единстве двух подходов – анализа и синтеза. Первоначально требуется тщательный анализ лингвистического материала, не только лексического и грамматического, но и коммуникативного, в результате которого отобранный и проанализированный материал синтезируется в содержании учебного процесса. При этом взаимодействие методов анализа и синтеза представляет собой непрерывный процесс.

Ключевые слова: английский для специфических целей, профессиональная компетенция, методологические подходы, анализ, синтез, профессионально-ориентированный язык, языковой материал, лексика текстов, морфологическая структура, разновидность языка.

Түйін

Бүгінгі таңдағы әлемдік білім кеңістігінде халықаралық байланыс, заман талабына лайық оқыту модельдерінің озық үлгілері күннен-күнге артып, шет тілдерін игеру тек коммуникативтік қатынас

құралы ғана емес, сонымен қатар кәсіби құзыреттілікті және кәсіби маман ретінде қалыптасуының алғышарттарының бірі болып саналады. Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесінің бәрінде дерлік «Кәсіби-бағдарлы шет тілі» пәні тәжірибеден өтуде. «Кәсіби-бағдарлы ағылшын тілі» пәні атты мақалада жалпы «туризм» мамандығы бойынша оқытудың әдіснамалық тәсілдерін талдауға талпыныс жасалады. Жұмыста ағылшын тілі арнайы мақсатта ғана емес, үнемі өзгерісте, күнделікті қолданысқа ие тілдердің бірі ретінде пәннің мазмұнына сәйкес және ағылшын тілі «жалпы» мақсатпен байланысты жүргізіледі (English for General Purposes). Ағылшын тілі арнайы мақсат үшін, тіл үйренушінің арнайы сұранысын қамтамасыз ететін кәсіби бағдарлы тіл ретінде қарастырылып, лингвистикалық және коммуникативтік материалдарға сүйеніп, мазмұны базалық тілге тірек жасайды. Әдіснаманың қалыптасуы, оның мазмұны кәсіби сала үшін пайдалануға бағытталады, соның ішінде туризм саласы бойынша, анализ және синтез әдістері негізге алынады. Алғашында лингвистикалық материалдарды терең талдауды талап етеді, тек лексикалық және грамматикалық материалдар ғана емес, сонымен қатар оқыту процесінде таңдалынып алынған материалдар сараланып, нәтижесінде коммуникативтік қатысым да жүзеге асады. Анализ және синтез әдістері үнемі үздіксіз процесс ретінде бір-біріне байланысты қарастырылады.

Тірек сөздер: арнайы мақсаттар үшін ағылшын тілі, кәсіби құзыр, методологиялық тіл табулар, анализ, синтез, кәсіби шет тілі, тілдің материалының, мәтіннің лексикасы, морфологиялық құрылым, тілдің бір түрі.

ӘДЕБИЕТТАНУ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

УДК 821.161.1

НРАВСТВЕННЫЕ АСПЕКТЫ ТЕМЫ СЕМЬИ В ПРОЗЕ У.ТАЖИКЕНОВОЙ

С.Д. Абишева - *Казахский национальный педагогический университет им.Абая,*
доктор филологических наук, профессор

Д.А. Сабирова - *Казахский национальный педагогический университет им.Абая,*
PhD докторант

Аннотация: Художественная литература во все времена стремилась ответить на основные вопросы человеческого бытия. Не проходит она и мимо меняющихся семейных отношений в современном обществе. Тема семейных отношений одновременно традиционна и актуальна. Интерес к ее изучению продиктован реалиями сегодняшней жизни. Перед художником всегда стоит и сверхзадача: расширить пространство свободы, наказать негодяев и вознаградить справедливых. Показателем ломки привычных форм повествования стали произведения У.Тажикеновой. Здесь можно найти множество положительных героинь, но в целом остается тяжелое впечатление, потому что у этого автора очень часто мы встречаем реальное описание женской доли.

Ключевые слова: семья, кризис, проза, современная литература.

Современный суверенный Казахстан, переживает период своего национального возрождения. Возрастающий интерес к истории своего народа, к своей национальной культуре, к истокам формирования этноса и его эволюции в системе общемировой цивилизации – реалии, характерные для всего постсоветского пространства на рубеже веков, называемого отдельными исследователями временем «взбунтовавшейся этничности» или «нового национального возрождения» [1].

Поэтому не вызывает сомнения важность и актуальность как в научном, так и в общественном отношении постановка проблемы изучения культурных традиций и ценностей современной казахской семьи с позиции художественной литературы.

Понятие современная художественная литература может трактоваться очень широко. Прежде всего, современным принято считать любое выдающееся художественное произведение, поднимающее вечные, общечеловеческие проблемы, искусство вневременное, созвучное любой эпохе вне зависимости от периода сотворения. Такова, например, классические произведения Абая, Шакарима, М.Ауезова, не прерывающая своей жизни в восприятии читателя.

В узком смысле современная литература – это, прежде всего, литература последних двух десятилетий. Точкой отчета современного периода развития литературы стал 1985 год, год «перестройки». Конец XX века ознаменовался поистине революционными событиями в общественно-политической, экономической и социально-нравственной сферах жизни нашего общества. Современная проза не просто отразила грядущие перемены, но и сыграла немалую роль в их осуществлении (в процессе развития современной прозы условно можно выделить три этапа, связанных со спецификой культурной ситуации каждого из них) и предупреждении. Именно Слово, выстраданное писателем, помогало осуществлять духовный контакт с читательской аудиторией.

Автор тщательно всмотрелся в сферу морали, частной жизни, в быт (о который разбивается порой не только «любовная лодка»), короче говоря, в процесс возвращения к общечеловеческим ценностям, к абсолютам добра и зла, ко всем былым «ненужностям», которых оказалось чрезвычайно много.

У.Тажикенова пришла в литературу Казахстана в последнее десятилетие. Она заявила о себе в малой прозе. Выработанный фрагментарный, пульсирующий и информативно насыщенный стиль сохраняется и в первом объемном произведении «Ось существования», которое она назвала «роман-пунктир».

Он интересен сочетанием художественно преобразованного документализма и стремлением подняться над ним, увидеть бытие как нечто

цельное и большее, чем одна недолгая человеческая жизнь. Все события в романе даны ретроспективно как хаос лиц, биографий, ситуаций, конфликтов, встреч, расставаний и смертей. Жизнь не движется сообразно логике, и только прожив ее, мы начинаем отыскивать в ней нити, стежки, хотим

воспроизвести и описать узор бытия. У.Тажикенова разбивает художественный текст на относительно самостоятельные, но и связанные несоизмеримые фрагменты, разъединенные интервалами. Авторски соположенные, они часто стилистически и повествовательно разнородны. В художественной полистилистике соединяются сказовый, орнаментальный и медитативный стили.

В романе много историй и человеческих характеров. Будучи тесно связанной с разными людьми, Ажар (главная героиня романа) все-таки всегда как бы мудрее, как бы выше каждодневного быта. Она жалеет этих людей, которых волею обстоятельств жизнь соединила с ней. Обижается и прощает.

Ажар старалась не заискивать ни перед кем. «Как в зоне, – вспоминалось прочитанное где-то, – не верь, не бойся, не проси». Она становилась стержневой, могла резко ответить и послать куда подальше».

Обрисованные события и узнаваемые герои нашего времени лишены однозначной оценки. Проза У.Тажикеновой не тенденциозна, но она писатель, для которого важны позиция, принципы и футурологическая оптимистическая перспектива. Азиатская ментальность пронизывает многие мысли автора, но всё это имеет такую общечеловеческую ценность, что способно покорить читателей всех национальностей [2, с. 175].

Произведение У. Тажикеновой «Ось существования» – о семье, о женщинах. В них очень часто перед нами разворачивается сложная женская доля.

Героями У. Тажикеновой становятся в основном женщины, попавшие в трудные, «пограничные» ситуации.

В работе «О семье и воспитании» имеется основополагающая, ключевая мысль – «Основанием всех добрых качеств супруги служит ее разумная любовь к мужу» [3, с. 15].

Здесь можно найти множество положительных героинь, но в целом остается тяжелое впечатление, потому что у этого автора очень часто мы встречаем реальное описание женской доли.

«В ресторане гостиницы Аральска ей каждое утро готовила завтрак сутулая сморщенная женщина в поношенной, неопределенного цвета бесформенной одежде. Блестели только глаза, большие, когда-то, может быть, красивые. Было что-то жалкое в ее фигуре, лице. Познакомившись, расспросила подробнее о ее жизни. Оказалось, что она совсем еще молодая» .

Ажар – это опора для всей огромной семьи. Неслучайно автор подчеркивает защищаясь, очередной раз от городских чиновников резко выпалила, перед вами Волчица, оберегающая свое логово, даже шуба у Ажар была подстать - волчья. Но желание прокормить армию родственников сделало из Ажар вспыльчивую женщину. Ее обижало, что люди ради которых она так старалась не понимали ее.

Умение прощать и умение любить мы встречаем в этой сильной женщине, которая взвалила на себя непосильный груз. Даже обессилев, в лютый мороз, она находит силы выходить на работу. Здесь перед нами пример самопожертвования – ради маленьких детей, мужа, родственников, безработного сына. Но героиня счастлива, она благодарна жизни, ведь ей есть, о ком заботится. В отличие от ее подруги Калдыгуль, у которой не было детей и называя причину ее смерти их отсутствие.

«Детей своих у нее не было, был усыновленный племянник. Может быть, эта беда и наложила свой отпечаток, не дала женщине раскрыться»

Но даже слабая и больная Калдыгуль пример истинной силы и смелости. Зная о своей смертельной болезни, ушла достойно, без слез и жалоб. И все ее мысли были о бедной матери, говорила, что та не выдержит: старенькая.

Калбиби тоже одна работала в семье, вынуждена ради семьи работать вдали от детей. Раз в два месяца она отвозила деньги, на которые жили свекровь, муж и пятеро детей.

Поражает простота и широта души этой женщины. Она, простила своего мужа, бывшего и унижавшего ее. Но в итоге все равно изменившего и бросившего ее, пока она трудилась ради них в Алматы.

В жизни этих женщин нет места проклятиям, осуждениям. Они хранят семейный очаг, свой дом. Жизнь героинь не то чтобы трудна, она смята, скомкана, невыносима. Многие из них не утратили веру, нравственные идеалы, ими движет желание жить по-мусульмански, с верой и любовью. Так, Ажар, накануне великого поста, в день иис, провела поминальный обед. На заклатие купила коричнево-белую овцу. Всех родственников до пятого колена пригласила Ажар помянуть предков аула. Современная проза – это множество имен. Каждый писатель занимает свое, присущее только ему место.

1. Кабакова М.П. Психологическое исследование казахской семьи //Сборник тезисов 5-ой Международной научной конференции «Психология и жизнь: психологические проблемы современной

семьи». - Минск, 2011. - 610с. - С.34-37.

2. Савельева В.В. *Наши современный роман как жанровый микс и некоммерческий проект // Простор. 2012. № 3 165-184.*

3. *О семье и воспитании. М., 1998.*

Түйін

Көркем әдебиет әр уақытта да адами болмыстың негізгі сұрақтарына жауап беруге тырысады. Ол қазіргі қоғамдағы өзгермелі жанұялық қарым-қатынастарға да соқпай өтпейді. Жанұялық қарым-қатынас әр уақытта да дәстүрлі және өзекті. Оны білуге деген қызығушылық қазіргі өмірдің болмыстарына байланысты. Суретшінің алдында әрқашан да жоғары міндеттер тұрады: бостандық кеңістігін үлкейту, сұмырайларды жазалау және әділеттілерді мадақтау. Осы үйреншікті баяндау түрін өзгерткен Ү. Тәжікенованың шығармалары болды. Оның шығармаларынан көптеген жағымды әйел кейіпкерлерді табуға болады, жалпы айтқанда, ауыр әсер қалады, себебі, осы автордан біз әйелдің басына түскен істің шынайы суреттелуін кездестіре аламыз

Тірек сөздер: отбасы, дағдарыс, қарасөз, қазіргі әдебиет.

Summary

Fiction has always sought to answer the basic questions of human existence. Do not pass it by me and family relationships in contemporary society. The theme of family relationships both traditional and current. Interest in its study is dictated by the realities of today's life. The artist is always and important task: to extend the area of freedom, punish the villains and fair reward. Indicator of breaking the usual forms of storytelling are works U. Tazhikenova. Here you can find a lot of positive characters, but overall remains a painful impression, because this author is very often we meet the real description of the female share.

Keywords: family crisis, prose, modern literature.

ӘОЖ 821.512.122.0

ҒАЛЫМ Ш. ЕЛЕУКЕНОВ ЖӘНЕ АЛАШ АРЫСТАРЫНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ

Б.Әбдіғазизұлы -

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық

университеті Филология институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор

Түйіндемесі: XX ғасыр басында қазақ зиялыларының алдында ұлы міндет тұрды. Ол міндет – халықтың мәдени өміріндегі жаппай оқу-ағарту ісі еді. Қазақтың XX ғасыр басында қалыптасқан интеллигенция өкілдері өркениетке ұмтылудың бірден-бір жолы – халықтың өнер-ғылым, оқу-білім игеруі екенін ұғынды. Зиялы азаматтар осы бағытта табанды іс жүргізіп, елге насихат айтты. Алаш азаматтарының шығармашылығы Ш.Елеуқенов зерттеулерінде қарастырылды. Мақалада зерттеуші Ш.Елеуқеновтің «Жаңа жолдан», «Мағжан», «Әдебиет және ұлт тағдыры», «Қазақ әдебиеті тәуелсіздік кезеңінде», «Казахская литература: новое прочтение», «Тәуелсіздік биігінен» атты зерттеу кітаптары талданады. Мақалада Ш.Елеуқеновтың Мағжан, Шәкәрім, Ахмет, Жүсіпбек, Міржақып мұралары туралы әр жылдары жазған еңбегімен қатар алаш мұраларын ақтауды ұйымдастыру жолындағы қызметі қарастырылған.

Кілт сөздер: Ш.Елеуқенов, әдебиеттану, әдеби жанр, эстетикалық талғам.

Ұлттық әдебиеттің тарихы халқымыздың уақыт бедерінде жүріп өткен жолының көркем шежіресі болып табылатыны артық дәлелді қажет етпейтін ақиқат екені даусыз. Әр дәуірде өмір сүрген әдебиеттің өзіне тән тақырыбы, өзіндік сорап-соқпағы болары заңды. Осы тұрғыдан алғанда, өткен ғасырдың алғашқы ширегі ұлтымыздың әлеуметтік-экономикалық даму жолы үшін де, ұлттық рухани-мәдени ой қазынасының тағдыры үшін де аса бір күрделі әрі шешуші кезең болды.

XX ғасырдың басы ғасырлар бойы халқымыздың ой-арманына айналған еркіндік, азат сана мен тәуелсіз өмірді аңсаған қасиетті идеяның мейлінше айқын бой көрсеткен дәуірі болды. Бодандық бұғаудың әлсіреп, көбесі сөгілер тұсын болжаған қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси, әлеуметтік қызметінен де, ұлттық әдебиет пен мәдениет майданындағы жаңа қадамдары мен тың туындыларынан да сезіліп жатқан бұл идея қасиетті Алаш идеясы еді.

Ұлттық әдебиетіміздің тарихындағы тағдырлы тұлғалар Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев пен Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов пен Сұлтанмахмұт Торайғыровтардың есімдерімен тікелей байланысты осынау кезеңді біз ұлттық әдебиетіміздің жаңаша тыныстаған жаңғыру дәуірі ретінде жоғары бағалауға тиісіз. Солай бағалап келеміз де.

Ал осындай күрделі заманда өмір сүріп, халқының мұң-мұқтажын арқалап өткен, соған қарамастан зымиян саясаттың құрбаны болып, есімдері де, мұралары да зынданға қамалған жоғарыда аттары аталған қайраткер тұлғалардың өз халқына оралу жолы қаншалықты жеңіл болды? Олардың «елім, жерім, ұлтым» деп шырқыраған перзенттік үндері өз ортасымен қашан және қалай қауышты?

Бұл сұрақтардың жауабын дәл қазір қайталап жату артық, оны әдебиет зерттеуші ғалымдарымыздың тәуелсіздіктің тұсындағы соңғы ширек ғасырдай уақыт ішінде жазылған, жарияланған еңбектерінен көптеп табарымыз анық.

Әдебиетіміздің тарихындағы ақтандақ беттердің ақиқатын айқындап, алаш арыстарының мұрасын зерттеп, зерделеп, халқымызға ұғындыра ұсынып келе жатқан биік парасатты ғалым ағаларымыздың қатарында Шерияздан Рүстемұлы Елеуқеновтің есімі айрықша аталады.

Алаш ұранды әдебиеттің тағдыры туралы сөз болғанда мынадай бір ақиқатты айтпай кетуге болмас. Өткен ғасырдың соңғы ширегінде алаш арыстарының өмірі мен шығармашылық мұрасын ақтау, жариялау, насихаттау бағытында елімізде орасан зор жұмыстар атқарылды. Міне, осы істің басы-қасында Мүсілім Базарбаев, Шәмшиябану Сәтбаева, Рымғали Нұрғалиев, Серік Қирабаев, Шерияздан Елеуқенов, Тұрсынбек Кәкішев секілді қазақ әдебиеттану ғылымының көрнекті тұлғалары тұрды. Сол себепті де сонау арыстар дәуірі мен бүгінгі күннің арасын жалғаған алтын көпірдей болған осынау аға-апаларымызды ұлтымыздың бақытына туған ұрпақ деп айрықша бағалауымыз керек деп ойлаймын. Олардың алдында басымызды иеміз.

Міне, осынау алтын қаламды ұрпақтың белді де беделді өкілі, «Жаңа жолдан», «Мағжан», «Әдебиет және ұлт тағдыры», «Қазақ әдебиеті тәуелсіздік кезеңінде», «Казахская литература: новое прочтение», «Тәуелсіздік биігінен» атты зерттеу кітаптарының аттарының өзі айғақтап тұрғандай сан қырлы талант иесі, филология ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері Шерияздан Елеуқенов ағамыздың қаламынан туған ғылыми еңбектердің ең басты өзегі тәуелсіздік мәселесі болып келеді. Оның ішінде Мағжан Жұмабаев мұралары ғалым зерттеуінің басты арнасына айналған.

Шерияздан ағаның Алаш арыстарының мұрасын зерттеу мен насихаттау бағытындағы еңбегін екі салаға бөлін қарауға болады. Оның біріншісі- зерттеуші Шерияздан Елеуқеновтың Мағжан, Шәкәрім, Ахмет, Жүсіпбек, Міржақып мұралары туралы әр жылдары жазған, жариялаған кітаптары болса, екінші саласы - қайраткер Шерияздан Елеуқеновтің алаш мұраларын ақтауды ұйымдастыру жолындағы қызметі.

Шерияздан аға Мағжан Жұмабаев жөнінде бірнеше зерттеу кітаптарын жариялады. Солардың ішіндегі басты еңбегі «Мағжан» (1995) монографиясы дер едік. Ғалымның әр кезде жазылған Мағжан ақын жайындағы мақала, зерттеулерінің қорытынды нәтижесі іспетті бұл еңбекте сыршыл ақын Мағжан Жұмабаевтың шығармашылық келбеті жан-жақты ашылады. Мағжан өлеңдері мен поэмаларының идеясы мен көркемдігі, өзіндік стилі мен өрнек-бояуы зерттеушінің парасатты талдаулары арқылы халқына мейлінше терең танылды.

Ғалымның пайымдауы арқылы Мағжан ақынның дара тұлғасы, әлемдік әдебиет контексіндегі өзіндік орны айқындалды. Мағжан поэзиясының қуаты дүниежүзілік әдебиет өкілдерінің туындыларымен салыстырыла отырып ашылды.

Зерттеуші Мағжан жырының сиқырлы үнін, сұлу сипатын мейлінше жарқырата көрсетті. Сол арқылы ақынды жаңаша қырынан танытты. Айрықша көркем тілмен, тамаша стильмен өрілген осы еңбегі үшін ғалымның Мемлекеттік сыйлыққа ие болғанын бәріміз жақсы білеміз.

Мағжан туралы зерттеулерінен байқалатын айрықша қасиет – Шерияздан ағаның көркем шығарманы талдау мәдениеті, бейнелеу шеберлігі, стильдік бояуының қанықтығы мен тіл шұрайы. Мағжанның жыры қаншалықты сұлу болса, оны зерделеп отырған зерттеушінің тілі де соншалықты сұлу, тіпті ақын жырларының жалғасындай сезіліп жатады.

Мысалы, Шерияздан аға Мағжан ақынның стилі туралы бір еңбегінде ақынның «Шолпы» өлеңіндегі «Сылдыр, сылдыр, сылдыр, Есімнен аударды құрғыр» деген жолдарын талдай отырып, «...сылдырап шыққан дыбыстардың өзі сурет. Қыз көрінбейді. Іргеде жүргенін көрін тұрған көз емес, құлақ!» немесе «Шолпының әуезділігі күйсандықтың ойнауына бергісіз» деп келетін әдемі тіркестер өреді. Дәл осы

жолдардан зерттеуші ғалымның сөз өрнектері Мағжан жырының әуезімен үндес шығып жатқанын байқау қиын емес.

Жоғарыда айтқанымыздай, ғалым Мағжан ақын тұлғасын жеке дара алып қарамайды. Өлемдік әдеби пронеістің бір буыны, ірі тұлғасы деп қарайды. Мағжан шығармаларының стилі, ондағы символизм жайын сөз еткенде қазақ ақынының жырлары мен әлемдік әдебиетте кездесетін сарындар арасынан үндестік іздейді, Мережковский тәрізді бірқатар өзге ұлттар әдебиеттерінің көрнекті өкілдерімен салыстыра қарастырады.

Ғалым Шерияздан Елеуменов өзінің ендігі бір еңбегінде Мағжан мен Мұхтар Әуезов шығармашылығын қатар алып зерделейді. Екі қаламгерге тән ұлттық идея, тақырыптар мен тұжырымдар төңірегінде ой толғайды. Ұқсастықтар мен үндестіктің түп тамырына үңіледі.

«Уақыт өмірі қатты. Онымен бірде санассаң, бірде санаспай тұра алмайсың. Уақыт шеңберінен Мағжан мен Мұхтар да шығып кете алған жоқ. Тек жаңылмағаны – ел қамы», - дейді ғалым ұлттық әдебиетіміздің тарихындағы екі ұлы тұлға хақында.

Бұдан әрі ғалым Мағжанның «Оқжетпес қиясында» (1920), «Ертегі» (1922), «Батыр Баян» (1923) поэмаларындағы Кенесары хан бейнесін, оның айналасындағы тарихи шындықтың көріністерін Мұхтар Әуезовтың «Хан кене» (1934) пьесасындағы жайлармен сабақтастыра зерттейді.

Мағжан поэмаларына жоғары баға бере отырып, оларда «ұлттық характер өзінің рухани дүниесімен тұңғыш рет көркемдік бейнесін тапты. Біздің әдебиет тарихымызда оның алатын орны да сол жаңалығымен белгіленсе керек», - деп түйіндейді ғалым.

Жалпы, ғалым Шерияздан аға Елеуеновтың алаштың ақыны туралы сан тарау зерттеулерінен көрініп тұрғандай. «1917 жылғы Ақпан мен Қазан революциялары кезінде Мағжан Жұмабаев алаш қозғалысының ну ортасынан табылды. Өзі айтқандай, басшысы емес, қосшысынан саналды. Қозғалыстың дырау қамшысы емес, жырау жыршысы болды».

Қайраткер ақынның мұрасы осы тұрғыдан зерттелді, азаматтық тұлғасы осы арқылы биіктей түсті.

Шерияздан аға Елеуенов Шәкәрімнің әдеби мұрасы жөнінде де ең алғашқы зерттеу еңбегін жариялаған ғалымдардың бірі. 1988 жылдың сәуір айында Алаш арыстарының басы болып ақталған сәтте Шәкәрімнің өмірі мен шығармашылығын республикалық баспасөз арқылы жұртшылыққа таныстыру сипатындағы «Армысыз Шәкәрім аға!» атты алғашқы еңбектің астарында осы бағыттағы қыруар еңбектің жатқанын бүгінде айта кету парыз.

Ол – Шерияздан ағаның Шәкәрім мұраларын ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия жетекшілерінің бірі ретінде атқарған зор қызметі болатын. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтын басқарған 1986-1988 жылдар аралығы Шерияздай аға үшін Алаш арыстарының мұраларын ақтап алу жұмыстарымен бетпе-бет келген аса бір жауапты уақыт еді. Ондаған жылдар бойы қиянаттың құр құдығында тұншыққан Шәкәрім, Мағжан, Жүсіпбек, Ахмет, Міржақып мұраларын инемен құдық қазғандай жинап, көз майын тауыса зерттеп, олар туралы ақтау қорытындыларын дайындау, тәуелсіздіктің таңы алдындағы саяси оғандардың сұрғылт кабинеттеріндегі салқын көзқарастар мен кедергі-тосқауылдарды жеңе отырып, оны қорғау, сөйтіп ресми шешім қабылдану жолындағы қыруар еңбектер, қазақ мәдениетінің болашағын ойлаған ұйқысыз түндер қайраткер ғалым Шерияздан аға Елеуеновтың ұлт өркениетінен алатын орнын биіктете берері анық.

Біз ұлттық мәдениетіміз бен әдебиетіміздің сан түрлі саласында өзіндік қолтаңбасы бар, халқына мемлекеттік деңгейдегі жауапты қызметтер атқарған қайраткер, көрнекті ғалым, қара қылды қақ жарған әдебиет сыншысы, баспа, кітап, ғылым салаларының білікті ұйымдастырушысы, көркем сөздің барлық жанрында қалам тербеп келе жатқан белгілі жазушы Шерияздан аға еңбегінің бір ғана саласына аз-кем тоқталдық. Мұхит суының дәмін тамшысынан білуге болатыны секілді осының өзінен қайраткер азаматтың сан қырлы сипатын, сөз өнерінің әрбір пернесін дөп басып, қаламының нәрлі қуатын танытқан талантты тұлғасын, ұлт мәдениетінің жанашыры ретіндегі парасатты келбетін таныдық.

Резюме

В начале XX века стояла великая задача перед казахской интеллигенцией. Это задача – массовое культурное просвещение жизни народа. Представители казахской интеллигенции сформированной в начале XX века понимали, что единственный путь к достижению цивилизации – это освоение народом искусства, знаний и образования. Они неустанно работали в этом направлении и просвещали народ. Творчество деятелей Алашорды были рассмотрены в исследованиях Ш. Елеуенова. В данной статье

анализируется книги исследователя Ш. Елеуенова: «С новой строки», «Магжан», «Литература и судьба нации», «Казахская литература периода Независимости», «Казахская литература: новое прочтение», «С высоты независимости». Наряду с трудами Ш. Елеуенова также рассмотрено наследие: Магжана, Шакарима, Ахмета, Жусупбека и Мыржакыпа, написанные в разные годы и его организационная деятельность в оправдании наследия алашорды.

Ключевые слова: Ш.Елеуенов, литературоведение, литературный жанр, эстетические потребности.

Summary

Great task stood in front of Kazakh intelligentsia in the beginning of the XX century. It was total education in cultural life of nation. Representatives of Kazakh intelligentsia formed in the beginning of the XX century have understood that one way of aspiration to civilization was to possess art, science and education. Intelligentsia citizens did a great work in this direction and agitated for it. Work of figures of Alashorda were considered in researches of Eleukenova of Sh. In this article analysed bookissledovatelya ShEleukenova: "From a new line", "Magzhan", "Literature and fate of nation", "Kazakh literature of period of Independence", "Kazakh literature: new reading", "From the height of independence ". Along with labours of ShEleukenova of heritage is also considered: Magzhan, Shakarima, Ahmet, and Zhusupbek Myrzhakypa written in different years and his organizational activity in acquittal heritage of Alashorda.

Keywords: Sh. Eleukenov, literary study, literary genre, esthetic needs

УДК 821.512.122.0

ДИСАБЕКОВ ДРАМАТУРГИЯСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Б.С. Бегманова -

ҚазМемҚызПУ, қазақ әдебиеті кафедрасының қауымд. доценті, филология ғылымдарының кандидаты

Э.С. Сейсенбиева -

ҚазМемҚызПУ, қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі

Түйіндеме: Мақалада қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі Дулат Исабековтың драмалық шығармаларына талдау жасалады. Драматургтің тәуелсіздік алғаннан кейінгі қазақ драматургиясында ұлттық тұтастық тұрғысында қайта жаңғырып, тың жаңалықтар мен іргелі ізденістері айтылады.

Қоғамдық өмір көріністері, адам тағдыры мәселелері, кейіпкерлердің рухани, психологиялық әлеміндегі жағдайлар драматургтың туындыларында еш боямасыз, таза табиғи күйінде беріліп отырады. Бұл қаламгердің өзіндік ұстанымы мен жазушылық лабороториясының жан-жақтылығынан деп білеміз.

Тәуелсіздік жылдар драматургиясындағы дәстүрлік сипаттың нығаюы – қағидалылықты жоққа шығарудың бір әдісінің өзі болып табылады. Әдеби сана-сезімнің қарқын алу кезеңдерінде жанр шығармашылық жанаруға деген талпынысты ұстап тұрады және онымен қоймай, оны үнемі жаңартып отырады. Осы бастамалардың ескіштылығымен танылған жанр, қарама-қайшы болса да, өте маңызды әдеби шығармашылықтың белгісіне айналады.

Тарихи сананың сілкінін-серпілген тұсында оның жықпыл-жықпылында жасырын тыныстап жатқан бағзы бейнелердің немесе қағазға қатталып әйтпесе ауызша жеткен, этностың жан-жүрегіне жақын, киелі, қасиетті ұғымдардың бүгінгі болмыспен шарпысуының әдебиет әлемінде бедерленуі-қызық құбылыс.

Жалпы әдебиеттану ғылымында көркем шығарманың табиғатын түсіну үшін оның көркемдік ерекшеліктерін зерттеудің маңызы зор. Қаламгердің шеберлік қырлары, көркем әдебиет туындысының эстетикалық қуаты суреткердің поэтикалық ізденістерінен көрінеді.

Қазіргі әдеби үдерісте жарық көрген шығармалардың басым бөлігі сонылығымен, тақырыптық жаңашылдығымен, көркемдік сипатымен ерекше бағаға ие. Еліміз егемендік алғаннан кейінгі қазақ әдебиетінде қаламгерлер қаламынан туындаған тың дүниелер әдебиеттанушы ғалымдардың назарына іліне бастағаны мәлім.

Қазіргі әдеби процестегі соны дүниелер жалпыадамзаттық мәселелерден жалқылыққа, яғни, кейіпкердің ішкі әлеміне, жандүйесіне, оның болмыс-бітіміне үңілуде.

Әдеби шығарма әрбір қаламгердің таланты мен өмірлік тәжірибеден түйіп-білгенінің жемісі. Әдеби шығарма үшін ең бастысы тек өмір құбылысы, алынған тақырып қана емес, сонымен қатар оның бейнеленуі, авторлық көзқарас, оны жеткізудегі автордың қаламгерлік машығы мен ізденістері де маңызды. Осы орайда, еңбегіміздің зерттеу нысанына айналған қаламгерлер шығармаларының әдеби

пронестен алатын орнын, көркемдік-эстетикалық қуатын айқындау зерттеу жұмысының басты мақсаты болып табылады.

Кілт сөздер:Драматургия, әдебиеттану ғылымы, трагедия, драма, фольклорлық сарындар, идея, авторлық ұстаным.

Бүгінгі таңдағы қазақ драматургиясы тақырыптық-идеялық өзектілігімен, шынайы өмір болмысының нанымды суреттелуі, адамгершілік, әлеуметтік, қоғамдық мәселелердің жаңаша бағытта көтерілуі, сюжеттік желінің, кейіпкерлер характерінің өмірмен аастастырыла байланыстырылуымен ерекшеленеді. Драматургия жанры жайлы ұлы суреткер М.О.Әуезов: «... қиын жанр, ең жауапты жанр – драма жанры» деп атап айтқан. [1, 97.].

Еліміз өзінің Тәуелсіздігін алғаннан кейін рухани мұраларымыз ұлттық тұтастық тұрғысында қайта жаңғырып, тың жаңалықтар мен іргелі ізденістерге толы болды. Соның бірі драматургия саласы. «Драматургияның әдебиеттің өзге салаларынан гөрі, аз кем айырмашылығы оның адамдар жандүниесіндегі асқақ сезім мен отты құштарлықты психологиялық тұрғыда кісінің жан күйзелісімен ұштастырып, өмір мәселелерін барынша шынайы суреттеуінде» [2,328б]. Бұл тұрғыда драматургия жанры өз қызметін толығымен атқарып келеді.

Қазақ әдебиеті оның ішінде проза, поэзия, драматургия жанрында өзіндік қолтаңбасымен танылған Ш.Мұртаза, Д.Исабеков, Б.Мұқай, С.Жүнісов, С.Балгабаев, Т.Нұрмағамбетов, Ә.Тарази, Т.Әбдіков, И.Сапарбай, И.Оразбаев, С.Асылбекұлы, Т.Ахметжан, Р.Мұқанова сынды қаламгерлердің драмалық туындылары бүгінгі күннің өзекті мәселелерін көтерген жанашылдығымен бағалы.

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі, драматургия дүлдүлі атанған Дулат Исабековтың драмалық шығармаларының өзі бір төбе. Қоғамдық өмір көріністері, адам тағдыры мәселелері, кейіпкерлердің рухани, психологиялық әлеміндегі жағдайлар драматургтың туындыларында боямасыз, таза табиғи күйінде беріліп отырады. Бұл қаламгердің өзіндік ұстанымы мен жазушылық лабораториясыныңжан-жақтылығынан деп білеміз. Жазушы драматургиясына баға берген әдебиеттанушы ғалым А.Қалиева: «Қазақ прозасында Қаратаудың шертпесіндей майда қоныр нақыштармен із қалдырған кәнігі сөз зергері Д.Исабековтің соңғы жылдары әсіресе драматургия саласында өндіре жазып жүрген жайы бар. ХХІ ғасырда Д.Исабековтің құрыш қаламы «сахналық» жанрда жүрдектік танытып, айрықша стильдік өрнектерімен, парасатты пайымымен, сом тұлғаларымен алаш жұртының мерейін өсіріп, мәртебесін асқақтатты дегіміз келеді. Шын мәнінде ол оқырманның емес, ендігіде көрерменнің көз қуанышына бөленді, ежелден өзіне үйреншікті сала болғанымен, кез келген дарынды жазушының өзі бағындыра алмайтын, құпиясы мол күрделі драматургия саласында дүркін-дүркін олжа салды» деп баға берген. [4,6б.].

Қаламгердің «Ескі үйдегі екі кездесу» атты драмалық шығармасы бүгінгі таңдағы өмір құбылыстарын, туындыға арқау болған кейіпкерлердің қарым-қатынасы, олардың арасындағы психологиялық тартысқа толы мәселелердің оң шешім табуы оқырман қауымды баурап алады. «Ескі үй» Зейнеп пен Айтөренің өткен өмірлері. Кейіпкерлердің қуанышы мен қайғысының куәсі болған «ескі үй» – шығарманың негізгі объектісі. Драматург өткен күндердің куәсі – «ескі үйді» шығармаға арқау ете отырып, адам тағдырының өзекті мәселесін көтереді. Қаламгер өткен күн мен бүгінгі күнді еске алып, салыстыру тәсілі арқылы оқиға желісін дамытып отырады. Өткен күнге лирикалық шегініс жасай отырып, бүгінгі күннің тіршілігін қатар суреттей, оқиға желісін дамытып отырады. Екі бөлімнен тұратын пьесаның негізгі идеясы бір пәтердің екі кезеңдегі иелері Зейнеп пен Айтөренің екеуара сырласуы арқылы ашылады. Пьесаның бір ерекшелігі – екі кейіпкердің тағдырлары әр қилы болғанымен, бір-біріне ұқсас. Қала сыртындағы қызыл кірпіштен салынған екі қабатты зәулім үйдің екінші қабатындағы шағын пәтердің бұрынғы тұрғыны Айтөренің беймезгіл уақытта келіп, Зейнептің есігін қағуы оқиға желісінің өрбуіне бастау болады. Бір-біріне мүлдем бейтаныс екі кейіпкердің ұқсастықтары – жастары ұлғайған шағындағы жалғыздығы және бірі пәтердің бұрынғы, екіншісі қазіргі иесі. Уақыт кеңістігі тұрғысынан екеуі де пәтердің екі кезеңдегі тұрғындары. Алайда, өмірден көргендері мен көңілге түйгендері мол екі кейіпкер алғашқы кездесуден-ақ бірін-бірі іштей ұғысады. Ертеден «қалалық» болып кеткен Зейнептің өмірінде бірінші рет көріп тұрған кісіні үйіне кіргізуі де қонақжай қазақы ұлттық мінезді танытады. Туган жерін, бір кездегі ұйыған отбасы болып тіршілік кешкен үйін сағынышпен еске алып, бір көріп кетуге аңсары ауған Айтөренің жан дүниесін айтқызыбай түсінген Зейнеп адамгершіліктің биік үлгісін көрсетеді. Жылдар бойы жырақта жүріп, сағынышпен еліне ат басын тірегенде далаға келгендей болмасын деп дастарқан жайған Зейнептің

іс-әрекеті жүрегі жылылыққа, болмысы ұлылыққа толы, текті адамның өнегелі қасиетін танытады. Драматургтің кез келген шығармаларына арқау болып отыратын қазақы ұлттық қасиет бұл туындыда да Зейнептің мінез-құлқы, болмыс-бітімі арқылы танылады.

Айтөренің Зейнептің үйіне келуінің тағы бір себебі – ауа-райының қолайсыздығынан ұшақтың ұшу уақытының кейінге шегерілуі еді. Ұшақ шығарма желісінің өрбуіне детальдық қызмет атқарып тұр. Ұшақтың ұшу уақытының кейінге шегерілуі, Айтөренің бұрынғы пәтеріне келуі, Зейнеппен кездесуі, өткенді еске алып, екеуінің сырласуы оқиға желісінің өрбуіне ықпал етеді. Автор жаңбыр арқылы Айтөренің өкінішке толы өткен өмірі мен зейнеткерлікке енді ғана шыққан Зейнептің ауыр өмір жолын табиғаттың тосын мінезімен психологиялық параллелизм әдісін қолдану арқылы бейнелейді. Толассыз жауған жаңбыр тоқтаусыз өмірдің тынымсыз әрекеті.

Шығармадағы тағы бір ерекшелік – кейіпкер өткен күнді еске түсіру арқылы анасының елесімен тілдесуі. Әлем әдебиетінде елестің әдеби шығармадан көрініс табу тарихы ерте заманнан келе жатқан дәстүр. Сонымен қатар, елеспен, аруақпен тілдесу деген ұғымдар жалпы халық ауыз әдебиетінде қолданыс тапқандығы белгілі. Фольклордан бастау алатын бұл ұғым жалғасын тауып, жаңғырып қазақ әдебиетінің түрлі жанрларында көркемдік, психологиялық тәсілдермен беріліп келеді. Автор сол үрдісті драмалық шығармаға арқау етіп, психологиялық мағынаны тереңдету мақсатында қолданған. Елестің шығармадағы әлеуметтік орны бөлек, ол – жастық шағын тек қана жоқшылық, қиыншылықпен өткізген, бала үшін бар тауқыметті өзі тартып, жеткізген баласының қуанышын сол босағада күзетіп, баласының жолын күткен ана елесі. Елес деп аты айтып тұрғандай көзге көрінбегейімен, Айтөре тағдырын терең танытуда қызметі айрықша. Бұл психологиялық эпизод шығармаға ерекше жан бітірін, туындының құнарын арттыра түседі. Ана елесі – Айтөренің бақытты күндерінің елесі. Драматург ана елесі арқылы Айтөре өміріндегі маңызды сәттерін танытады. Айтөренің анасының елесімен тілдесуі арқылы елге, туған жеріне деген сағынышын айқындай түскендей. Автор екі кейіпкердің аз ғана уақыт ішіндегі сұхбаты, қарым-қатынасы арқылы тәрбиелік маңызы зор ойды береді. Әруақ елесі арқылы тірі пенденің атқарар ісі мен арқалар өз жүгі барын еске түсіргендей.

Пьесада қазақы ұлттық сананы танытатын тағы бір ерекшелік – Зейнептің әжесін еске алуы. Драматург «Үйде босанбаған әйелдің ұлы мейірімсіз болады» деп Зейнеп әжесі арқылы пьеса оқиғасының маңызын арттыра түсетін ұлттық нақыштағы эпизодты орынды қолданған.

Пьесаның басты кейіпкерлері Зейнеп пен Айтөренің қиындыққа толы, бұралаң тағдырлы жағдайларынан сыр шертісуі, бірін-бірі ұғынуы туындыға көп мағына үстеп тұрғандығын аңғаруға болады. Драматург екі кейіпкерді сырластыра отырып, шығарманың негізгі айтар ойын танытып отыр. Айтөре елге деген сағынышын Зейнеппен сыр бөлісу арқылы басса, жастайынан төрт баламен жесір қалып, қатыгез тағдырдың талқысына ұшыраған қызының қазасына қабырғасы қайысса да мойымай тіршілік кешін келе жатқан Зейнеп бітімінен қайсар қазақ әйелін танысыз.

Қатал тағдырдың тезіне майыспай өмір сүріп келе жатқан қарт ананың болмысын оның балалық шағын еске түсіру арқылы да нығайта түскен. Зейнеп: «Бала кезімде ауылда Барақат деген шал тұратын еді. Өзі сіңірі шыққан кедей болатын. Жекеменшіктің малын бағатын. Сол шал таяғына сүйеніп тұрып былай дейтін еді: «Дүние әлемде он сегіз мың мақұлық бар. Он сегіз мың мақұлықтың бірі етіп жарату үшін де Аллатағаланың мейір шапағаты түсуі керек екен. Ит қылам, доңыз қылам, құрт-құмырсқа, маса-шіркей ғып жаратам десең де қолыңда еді, бірақ ықласың түсіп, қолыма таяқ ұстатып, мал бақтырып, Адам етіп жаратқаныңа тәубә, жасаған ием!»[4,100.]. Бәлкім сол шалдың сөзінде көп мән жатқан шығар. Тереңге ұмтыламыз деп саязда жатқанды, әріге ұмтыламыз деп беріде тұрғанды көруден қалған шығармыз» деп еске алуынан шығарма идеясының қаншалықты қиындық, озбырлық көрсең де адамшылықтан аттамай, қолдағы барға қанағат айтып, оның қадірін білу мәселесін көтереді. Драматург Барақат шалдың сөзімен пьесаның негізгі идеясын нығайта түскен.

Пьесаның негізгі идеясын ашуда тағы бір кейіпкер – Ертайдың да рөлі зор. Тағдырдың тауқыметін тартқан Зейнепті қинайтыны да Ертайдың іс-әрекеті. Пьесада Ертай өмірде шалыс басып, адасумен қатар, өз қателігін түсініп, тура жолға түсуге ұмтылған бейнесімен ерекшеленеді. Араққа салынып, адамдық жолдан адасып барып түзелген Ертай образы ұтымды шешім тапқан. Пьеса соңында Ертай мен Зейнеп арасындағы диалог көп сырдың түйінін шешін береді. Басына түскен қиыншылықты төзімділікпен жеңе білген Зейнеппен табанды әйелдің бейнесін көреміз.

Пьесада детальдық қызмет атқарып тұрған қара телефон шығарманың сюжеттік-оқиғалық маңызын арттыра түскендей. Туындыға арқау болған қара телефонның да өзіндік орны зор. Шығарманың

экспозициясында алдағы болатын оқиғадан хабардар етіп, пьесаға түсінік беру мақсатында қолданылған қара телефон шығарманың соңында Айтөре мен Зейнепті соңғы рет тілдестіреді. Айтөренің елге, туған жерге деген қимастық сезімін Зейнепке жеткізуде қара телефон арқылы шалынған қоңырау сол сағыныш сезімін жалғайтын, жеткізетін дәнекер іспетті. Жалпы пьеса санаулы кейіпкерлердің қатысуымен-ақ үлкен тақырыпты арқау еткен. Драматург адам жанының нәзік иірімдерін, ішкі толғанысын, кейіпкерлердің болмысын туындысына арқау ете отыра, тақырыпты аша білген. Драматург қаламынан туған пьесалары жайлы белгілі сыншы Ә.Сығай: «Оның қаламының ұшынан дүниеге келген он беске тарта пьесаның тақырыптық, жанрлық ауқымы сан қилы. Трагедия, драма, мелодрама, комедия деп бөле жармай, қоғам, өмір орта ұсынған қайсыбір мәселелерді болсын сахна төріне ыңғайлауда өзінің жеке дара жазу стилін қалыптастырған суреткер Дулат сүрлеуіп бірден танысыз... Көбіне көп жазушы көтерген мәселелердің бас кейіпкеріне айналғандай хал-күй кешесіз. ...ол өз замандастарына ынтық. Тұрғыластарына іңкәр. Өзі өмір сүріп отырған ортаға етене, жанында жүрген елгезек жанның ішкі құбылыстарына ұқыппен қарайды» деп баға берген. [1, 111б.].

Д.Исабековтің қазақ халқының өткен тарихынан, сол тарихи кезеңдерде өмір сүрген тұлғалардың өмірінен сыр шертетін пьесаларының бірі – «Жаужүрек» драмасы. Автор бұл пьесасына ХІХ ғасырда өмір сүрген Балуан Шолақ өмірін, оның палуандық, серілік, әншілік сынды қасиеттерімен бірге, сол кезеңдегі қоғамдық саяси жағдайды өнер иесі Нұрмағамбет өмірімен байланыстыра суреттеген. Балуан Шолақтың Қызылжар Жәрмеңкесіндегі жеңісін келімсектерге жерін беруден бас тартып, қарсылық көрсеткен халық жеңісімен ұштастыра суреттеледі. Балуан Шолақ бойындағы ерекше қасиеттердің бірі – елі, жері, туған халқы үшін басын бәйгеге тіккен тұлға екендігін драма барысында кейіпкердің қимыл-әрекеттерімен аша түскен. Шығармадағы бір көрініс – бас бәйгені өзге біреуге сыйға тартуы да «сегіз қырлы – бір сырлы» өнер иесі болған кейіпкердің мәрттігін дәлелдеп оның бейнесін толықтыра түседі. Сегіз ояздың аға сұлтаны болған паң Нұрмағамбеттің мысқылына берген уәжі де оның тек қана палуан емес, сөзге шешендігін де танытады.

Пьесада «Үстінде ақ ботаның түбітінен қара ала батсайымен өңірін, етегін әдіптеп, жағасына төрт елдідей құндыз ұстаған қынама бел қамзолы бар, жасыл жібектен тыстаған, оң жақ құлағын жымқыра киген ақ бұйра жекей тымағы бар, аяғында өкшесі биік қазақ үлгідегі «Қосай-калош» киген» [4,99.]. Балуан Шолақ бейнесі сырт көрінісімен де биіктей түседі.

Д.Исабеков туындыларының әрбір кейіпкерлері ұлттық болмысқа бейімделіп, сомдалып отыратындығын автордың кез келген шығармаларынан көре аламыз. Бұдан драматургтың ұлттық менталитетті берік ұстанған азаматтық позициясын көреміз. Ұлттық сана болмысын туындыларына әрқашан арқау етін, осы құндылықты насихаттап отырады. Драматургтың аталмыш пьесасынан да кейіпкер Балуанның бойынан ұлттық болмыстан тамыр тартатын мінез-құлықты көреміз.

Пьесада оқиға желісі бір-бірімен тығыз байланысып, шиеленісе дамып отырады. Балуан шолақ пен паң Нұрмағамбет, Балуан Шолақ пен Балқаш, Балуан Шолақ пен Ақылбай, Уезд бастығының үйіндегі қонақтар, Балуан Шолақтың уезд басшысының үйіне баруы, оның қызы Татьянаны алып қашуы, уезд басшысына қойған талабы, шығармадағы жеке-жеке эпизодтар композициялық құрылысы жағынан өзара тығыз байланыс тауып, негізгі авторлық идеяға қызмет етіп тұр.

Уезд бастығына Балуан Шолақ тарапынан жіберілген хат – детальдық қызмет атқарып тұр. Хат шығарманың шағын ғана бір бөлшегі болғанымен, автор хатқа бір елдің сындарлы тағдырын шешетін міндет жүктеген.

Оқиғаның шарықтау шегі мен шешімі палуан мен Татьянаның арасындағы қарым-қатынасқа негізделеді. Драматург екі кейіпкердің диалогтері арқылы күрделі мәселелер көтерген. Балуан Шолақ пікірінен елін, жерін, халқын ардақтаған тұлғаның бейнесін биіктеткісі келген. Автордың бұл әрекеті сәтті шыққан. Туындыға арқау болған негізгі кейіпкердің образын жасауда поэзия мен прозада қолданылатын әдіс бір бөлек. Оны авторлық сипаттау арқылы, монолог, диалог т.б. әрекеттер арқылы бейнесін жасауға болатын болса, ал драмалық туындыда бұл мәселе күрделірек. Д.Исабеков өз туындысында Балуан Шолақ образын жасауда күрделі мәселенің оң шешімін тапқан. Бұл автордың қарымды қабілеті, өзіндік дара дарыны, жинақтаған тәжірибесі бар, шығармашылық шеберлігі шыңдалған талант иесі екендігінің тағы бір дәлелі.

Пьесада палуанның Татьянамен бейнелерін, олардың қарым-қатынасын толықтыра түсетін сауысқан – шығармаға психологиялық мағына үстеп тұр. Сауысқан – заман бейнесі. Автордың шырша басында отырған сауысқанға Татьяна тарапынан тіл қатқызуы белгілі бір астарлы ойды жеткізудегі қолданылған

әдісі. Екі ұлттың өкілі болған кейіпкерлер Татьяна мен Балуан Шолақтың өзара қарым-қатынасы нәтижесінде бір-бірінен екі ел туралы алған мәліметтері олардың байланыстарын өзара бекіте түскендей. Екі кейіпкердің бір-біріне деген құрметі ерекше болғанымен екеуінің де ұлттық болмысқа негізделген өзіндік ұстанымдары бар. Ұлттық болмыс ұстанымы бұл туындының негізгі идеясы.

Д.Исабековтың «Жаужүрек» туындысы қазақ халқының ұлттық болмысын, ел тарихын, сол тарих сахнасында өткен халық композиторы, әнші, балуан, ұлтжанды тұлға Балуан Шолақ образын бейнелеуде ұлт мұратын ұлықтайтын бітімі кесек туынды болып қазақ драматургиясының алтын қорына енген елеулі еңбек.

Қорыта айтқанда, қазіргі қазақ драматургиясы бүгінгі күннің өзекті мәселесін көтеруде үлкен жетістіктерге жеткені аян.

1 Әуезов М. *Уақыт және әдебиет*. – Алматы: ҚМКӘБ, 1962. – 361 б.

2 Қазақ әдебиетінің тарихы. 10-томдық ұжымдық монография. 10-том. 2006ж. 576 б.

3 Нұрғали Р. *Арқау*. Алматы. Жазушы. 1991. 576 б.

4 Д.Исабеков. *Жеті томдық шығармалар жинағы. 7-том*. Алматы, Атамұра 2012. 272 б.

5 Бисенғали З. *Нұрлы әлем // Егемен Қазақстан, 2008. – Шілде. – 8.*

6 Байтұрсынов А. *Әдебиет танытқыш*. Алматы: Атамұра, 2003.-208 б.

7 Дәдебаев Ж. *Қазіргі қазақ әдебиеті*. Алматы: Қазақ университеті, 2003.-284 б.

Резюме

В этой статье применяется анализ драматических произведений одного из выдающихся представителей казахской литературы, Дулата Исабекова. Раскрываются новшества и передовые творческие поиски драматурга, которые были возобновлены с точки зрения народного единства в казахской драматургии после обретения независимости.

В произведениях драматурга описываются жизненная картина общества, проблемы человеческой судьбы, ситуаций духовного и психологического мира героев, без прекаса, в чистом виде. Мы это можем воспринимать как самостоятельная позиция писателя и его писательская разносторонность.

Усиление традиционного описания в годы независимости является одним из способов игнорирования теоритического метода. В период распространения литературного сознания, жанр хранит стремление к обновлению и, между тем, обновляет его. Жанр, известный рискованностью этих начинаний, становится очень важным знаком литературного творчества, несмотря на противоречия.

В мире литературы интересно явление проникновения в современность священных, благородных понятий, близких к природе этноса, дошедших к нам письменно и устно, а также древних образов, затаившихся в ущельях во времена взбудораженного исторического сознания.

Вообще, в науке литературоведения, для понимания природы художественного произведения, необходимо изучение его художественных особенностей. Мастерство писателя, эстетическая энергия произведения художественной литературы видны в поэтических поисках художника.

Многие произведения, вышедшие в свет в современном литературном процессе, высоко оцениваются за свежесть, тематическую новизну и художественный характер. Известно, что оригинальные труды писателей в казахской литературе после обретения независимости, начинает привлекать внимание учёных-литературоведов.

Свежие труды в современном литературном процессе акцентируют внимание больше на индивидуальность, то есть, на внутренний мир героя, духовность, качества, ежели на общечеловеческие проблемы.

Литературное произведение – это плод таланта и приобретенного жизненного опыта писателя. Самое главное в художественном произведении – это не только жизненное явление и тема, но и её описание, авторская точка зрения, и писательские навыки в её донесении, поиски. В связи с этим, нель нашей исследовательской работы – определение значимости произведений писателей, которые являются формой исследования работы, в литературном процессе и их художественно-эстетическую мощь.

Ключевые слова: драматургия, литературоведение, трагедия, драма, фольклорные течения, идея, авторская позиция.

Summary

In this paper we apply the analysis of the dramatic works of one of the outstanding representatives of Kazakh

literature, Dulat Isabekov innovations and advanced creative pursuits of dramatist, which been renewed from the point of view of national unity in the Kazakh dramatic art after independence, are disclosed.

The works of dramatist describes the life pattern of society, the problem of human destiny, situations of spiritual and psychological world of the heroes, without embellishing, purely and simply. We can perceive it as an independent position of the writer and his literary versatility.

Strengthening of traditional descriptions in the years of independence is one of the ways of ignoring theoretical method. During the spread of literary consciousness genre keeps the desire for renewal and, meanwhile, updates it. Genre, known for riskiness of these undertakings, it becomes very important sign of literary creativity, despite the contradictions. It is known that the original works of the writers in Kazakh literature after gaining independence is beginning to attract the attention of literary scientists.

In the world of literature, phenomenon of penetration into modernity of sacred, noble concepts, that are close to nature of ethnos, come down to us in writing and orally, as well as of the ancient images, lurking in the ravines in flutter times of historical consciousness, is interesting.

Generally, in the literature science, to understand the nature of art, it is necessary to study its art features. Mastery of the writer, aesthetic energy of literary work can be seen in poetic search of artist.

Many works, which was published in the contemporary literary process, are highly appreciated for freshness, thematic originality and artistic character.

Recent works in the contemporary literary process emphasize more on personality, that is, the inner world of the hero, spirituality, qualities, than on human problems.

Literary work - is the fruit of talent and life experience of the writer. The most important thing in a work of art - it is not only phenomenon of living and the theme, but its description, the author's point of view, and writing skills in its report, searches. In this regard, the goal of our research - establish the significance of works of writers who are a form of the study of work in the literary process and their artistic and aesthetic power.

Keywords: drama, literary studies tragedy, drama, folklore course, the idea, the author's position.

ӘОК 821.512.122.09

АҚЫН-ЖЫРАУЛАРДЫҢ ӨЛЕҢ-ТОЛҒАУЛАРЫНДАҒЫ ИБРАҺИМ (Ғ.С.) - СМАҒҰЛ (Ғ.С.) ЖӘНЕ ДӘУІТ (Ғ.С.) – СҮЛЕЙМЕН (Ғ.С.) ПАЙҒАМБАРЛАРДЫҢ ТАРИХЫ

С. Дәрібайұлы -

ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті

Андатпа. Ислам дінінің тарихы ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басындағы ақын-жыраулар поэзиясының негізгі арнасы. Бұл мақалада ақын-жыраулардың өлең-толғауларындағы әкелі-балалы Ибраһим (ғ.с.)-Смағұл (ғ.с.) және Дәуіт (ғ.с.) – Сүлеймен (ғ.с.) пайғамбарлардың шежіресі баяндалған. Сөз зергерлері ұлттық құндылықтарды Құран аяттары арқылы жыр арқауына айналдырады. Дәстүрлі жыр мектептерінің барлығында да ислам тарихына, пайғамбарлар тарихына ерекше көңіл бөлінді. Ақын-жыраулар пенденің Алла алдындағы парыздарын жырлай отырып имандылық, адамгершілік мәселелерінде пайғамбарлар өмірін үлгі етеді.

Кілт сөздер: пайғамбарлар тарихы, парыз, дін, құндылық, сабыр, дәстүр.

Бүгінде барша мұсылманның жүрегіне орныққан Алланың хақ діні исламның кеңінен қанат жаюына пайғамбарлардың сіңірген еңбегі ұшан - теңіз. Пайғамбарлық туралы тұжырымда ислам әлеміндегі ғұлама ғалымдардың бірі Әл-Кинди былай дейді: «Құдіретті білімнің мысалы – Алланың (ол ұлы һәм құдірет иесі) өзінің елшілеріне (оларға Алланың шапағаты жаусын) берген білімі, бұл білім ізденісті де, еңбекті де, зерттеуді де, математика мен логикаға зеректікті де, уақытты да қажет етпейді, оған (елшіге) қайырымды һәм мейірімді Алланың бұйрығымен, соның жәрдемі, оқытуы әрі зердесіне байлауы арқасында өздерінің жүрегін ақиқат нұры тазартуы арқылы жетеді. Бұл білім қарапайым адамдарға емес, тек елшілерге ғана тән (Алла оларды рақымына бөлесін). Бұл (білім) пайғамбарлардың ерекше қасиеттерінің, яғни оларды жай адамдардан окшауландырып тұрған кереметтерінің бірі, өйткені жай адамдар ізденіссіз, логикаға және біздер тізіп өткен математика ғылымдарына арнайы уақыт сарп етпей-ақ, бірінші сезімдік және екінші субстанция білімдерін, сондай-ақ соңғыларында ұшырасатын білімдерді де білуі мүмкін емес. Хақ Тағаланың елшілері (Алланың рақымы жаусын) мұның ешқайсысын қажет

етпейді. Ешқандай ізденусіз, Хақ Тағаланың бұйрығымен білім алады. Білімнің осындай түрі бар. Сонда біз Алла Тағаланың кереметтеріне иланамыз. Ал жай адамдар мұндай білім ала алмақ емес, бұл білім олардың табиғи қабілетінен тыс. Адамдар бұл білімді аса қастерлейді, Жаратушының осы білімді сыйлаған елшілерінің сөзіне иланады» [1,269 б.]. Пайғамбарлардың адамзат баласына үлгі болған өнегелі өмірлері еуропалық ғалымдардың назарынан да тыс қалған жоқ. Көрнекті ғалым Ф. Шюон өзінің «Исламды ұғыну» атты еңбегінде Алла елшілері туралы: «Рухани принцип ретінде Пайғамбар - өзіміз жеке-жеке бөлшектері болып табылатын Күллі тұтастық қана емес, өзіміз ауытқып, алыстап бара жатқан Әдепкі Бастау; өзгеше айтқанда, Пайғамбар Үлгі бола тұрып, тек «Кемел адам» (әл Инсан әл Камил) ғана емес, «Ежелгі адам» (әл Инсан әл Қадим) ретінде көрінеді. Бұл тұста кеңістіктік және уақыттық символиканың ұласып кетуі көрініп тұр: «Кемел адам» деңгейіне жету (немесе Толық адам деңгейіне көтерілу) дегеніміз өз мүмкіндіктерінің шегінен шығып, өз еркінді «өзге» абсолютке тигізу, күллі ғарыштық өмірге, күллі тіршілікке сіңіп кету; ал «Ежелгі» немесе «Әуелде жаратылған Адам» болу дегеніміз мәңгілік сәбилікке оралу, өз архетипіңмен бірігіп кету, әдепкі және мінсіз пішінмен, тәңіртекті субстанциямен ұласып кету» [2,380 б.] деген пікір айтады.

Ақын-жыраулар поэзиясында тыңдарман қауымға ісі жиі ұлықталып, үлгі етілетін пайғамбарлар – Ибраһим (ғ.с.) мен Смағұл (ғ.с.). Бұл әкелі-балалы пайғамбарлардың өмірі адамзат баласына өнеге болары хақ. Төменде мысал ретінде ұсынылған жыр жолдарына Ибраһим (ғ.с.)ның Жаратушы Иенің бұйрығына мойынсұнып, Алладан келген аянды орындауға бел бұғаны және бұл істе аса сабырлылық танытып, өзін құрбандыққа берін жатқан Смағұл (ғ.с.) өмірі арқау болған. Құран Кәрімнің Саффатсүресінің «Оны өте мұлайым бір ұлмен қуанттық.(101); Ұлы (Смағұл) өзімен бірге жүруге жеткен кезде: «Балақайым! Сені түсімде бауыздағанымды көремін; назар аудар, көзқарасың не?», - деді. Ол: «Әй, әкетайым! Өзіңе не әмір етілсе, оны орында. Алла қаласа, мені сабырлылардан табарсың» деді» (102) деп баяндалған аяттары Түмен ақын төгілткен жырда:

Алладан әмір келгенде:
«Баланды шал,-деп,- құрбанға»,
Ибраһим пайғамбар
Көнді сонда қылғанға.
Өзі шалу баласын
Нәбиғе оңай болған ба?
Баланы салды пышаққа
Құбылаға басын қаратып.
Жылап отыр пайғамбар
Екі көзден жас атып.
Адалын біліп бір Алла,
Көктен тастап көк қошқар,
Құрбанға қылды бағалық [3,359 б.] –

деген жолдармен тәпсірленеді. Алла өзіне шын жүрегімен ниет еткен құлдарына кеңшілік етіп, Ибраһим(ғ.с.) пайғамбарға осылайша құрбандық шалуына аспаннан көк қошқар түсірді. Қасиетті КітаптыңХаж сүресінде бұл оқиғаға байланысты:«Біз әрбір үммет үшін өздеріне берген малдардан Алланың ғана атын атап, құрбан шалуды бекіттік. Өйткені, Тәңірлерің бір-ақ Тәңір. Сондықтан Соған бойсұныңдар. (Мұхаммед!) Бқыластыларды қуандыр» (34 аят) делінген.

Сыр шайырларының бірі Шораяқтың Омары Смағұл (ғ.с.)дыңАлла үшін құрбан болуға дайын ниетін:

Смағұл Құдай үшін құрбан болып

Тамағын пышақпенен бауыздатқан [4,301 б.], –

деп өрнектесе, Ибраһим (ғ.с.) пайғамбар мен баласы Смағұл (ғ.с.) арасындағы оқиғаның желісін Ерімбет Келдейбекұлы:

Тоқталмай, Нақтан бұйрық келген сағат,

Ибраһим Смағұлды құрбан етті [5,408 б.], –

деп Алла елшілерінің шын ықыласымен жасаған ниеттерін қысқа ғана түйіндейді.

Ақын-жыраулар Ибраһим (ғ.с.) пайғамбардыңкәпірлерлің патшасы Намрудқа қарсы келіп, сол үшін отқа тасталса да Алланың көмегімен одан аман-сау шыққанын жыр жолдарымен өрнектейді:

Ибраһим Намұратқа қарсы келіп,

Саламат күймей шықты жанған оттан [4,53 б.].

Шораяқтың Омары
Намруд-Шадат отына
Ибраһим-халил жанбаған [3,132 б.].
Нұрым Шыршағылұлы

Осы оқиғадан соң Ибраһимге (ғ.с.) көпадам еріп, мұсылман болады. Ал Намруд патша мен пайғамбар арасындағы жоғарыдағы оқиға Бақара сүресінің 258 аятында: «...Сол уақытта Ибраһим (ғ.с.): Раббым өлтіреді де тірілтеді» деді. Ол: «Мен де өлтіремін де тірілтемін» деп, (өлімге бұйырылған біреуді қоя беріп, жазықсыз біреуді өлтіреді.) Ибраһим (ғ.с.): «Расында Алла күнді шығыстан келтіреді, сен оны батыстан келтірші» деді. Сонда кәпір абыржып қалды. Алла залым елді тура жолға салмайды»деп түйінделген.

Есқали сопының домбыраны қу ағашқа теңеп айтқан сөзіне Қашаған жырау мұсылман әлемінің қасиетті мекені саналатын Қағба есігінің ағаштан жасалғанын және оныңИбраһим (ғ.с.) кезінде салынғанын мысалға алып, ашына жауап қайырған болатын:

Пайғамбарлар туғанда
Бесік болған бұл ағаш.
Ибраһим Қағба салғанда,
Есік болған бұл ағаш.
Мұнаралы әр жерде
Мешіт болған бұл ағаш [6,62 б.].

Бұл жөнінде Құран Кәрімде де «Сол уақта Ибраһим мен Смағұл (ғ.с.) үйдің (Қағбаның) ірге тасын көтере: «Бізден қабыл айла, күдіксіз Сен тілекті тым естуші, толық білушісің»(Бақара сүресі, 127 аят) деп баяндалған.

Ибраһим (ғ.с.)ның Қағбаны салған оқиғасы Нұрым Шыршағылұлының жыр жолдарына да арқау болған:

Құдай үшін үй салып,
Ниетінен танбаған
Жалған сөзге нанбаған.
Дүйсенбі күні алуға
Алласы қалап арнаған.
Бәйтілланы салдырып,
Мәдина-Мекке тұрғанда,
Арапаға хаж етіп,
Халық кеңесін құрғанда
Соййын десе қара жоқ,
Соны шалған құрбанға [3,132-133 б.].

Ақын-жыраулар өлең-толғауларында Дәуіт (ғ.с.) пен Сүлеймен (ғ.с.) пайғамбарлардың өміріне де ерекше мән берген. Әкелі-балалы пайғамбарлардың ғибратты ғұмыры әсіресе ақын-жыраулардың көңіл қосу өлеңдеріне мысал болады. Жыр дүлдүлдері отыз ұлынан бір сәтте айырылған Дәуіт (ғ.с.) пайғамбардың Алла ісіне мойынсұнып, сабыр сақтағанын өнеге етеді. Мысалы, болашағынан үлкен үміт күткен баласын жер қойнына тапсырып, қайғыдан қамыққан Аралбайға Қашаған ақын Дәуіт (ғ.с.)пен Сүлеймен (ғ.с.)пайғамбарлардың өмірлерін алға тарта отырып, былайша басу айтады:

Сабыр ет енді, Аралбай,
Көп ойлай берме балаңды-ай.
Таңда мақшар күнінде,
Құлының сонда «бабалап»
Алдыңнан шығар аяндай
Хазіреті ер Дәуіт –
Бір намаздың үстінде
Отыз ұлдан айрылып,
Көзінің жасы төгіліп
Асасына таянды-ай.
Соңынан беріп жалғыз ұл,

Тақ – Сүлеймен пайғамбар

Патша болып дүрлеген

Он сегіз мың ғаламға-ай [3,228-229 б.].

Баласы Берекеттің мазарының басында өз-өзін сабырға шақырып, Алланың басқа салған ісіне мойынсұнған Аралбай ақын айтқан толғау да:

Бұл дүниенің жүзінде

Дәуіттің ұлы Сүлеймен

Дәрежесі артық бұлданған.

Аспанмен жердің арасын

Патша болып құлданған.

Жиырма тоғыз жасында

Мұхаррам дүние тұл қалған [3,229 б.], –

деп аң мен құстың тілін түсініп, жер-жаһанға шексіз патшалық құрған Сүлеймен пайғамбардың пешенесіне жазылған тағдырдан қашып құтыла алмағандығын мысалға алады. Ал Қарасақал Ерімбет:

Жүргізіп ұсталығын Мысыр Дәуіт,

Үйреніп теміршілік санағаттан

Үкімін күллі ғаламға етіп рауаж

Сүлеймен дүр - жақұттан тақ жасатқан [5,71 б.] –

деп Дәуіт (ғ.с.) пен Сүлеймен (ғ.с.) пайғамбарларға Алла дарытқан ерекше қасиеттерге тоқталады. Барлық тіршіктің Раббысы Сәббә сүресінің аяттарында Дәуіт (ғ.с.) мен Сүлеймен (ғ.с.) осы қасиеттері жөнінде: «Расында Дәуітке (ғ.с.) өз жанымыздан ізгілік бердік: «Әй, таулар, құстар! Онымен бірге үн қосыңдар» (дедік). Және оған темірді жұмсарттық.(10); Кең сауыттар жаса, оны тоқығанда мөлшерле. Оң істеңдер. Әрине не істегендеріңді толық көрушімін (11); Сүлейменге (ғ.с.) де ерте кетуі бір айлық, кешке қайтуы бір айлық (жол алатын) желдерді бағындырдық. Ол үшін еріген мыстан бұлақ ағыздық. Я, Раббының бұйрығымен оның алдында жұмыс істейтін жындарды да бағыздырдық. Олардан кім әмірімізден тайса, оған жалындаған азаптан таттырамыз.(12); Олар, Сүлейменнің (ғ.с.) қалауынша құрылыстар, мүсіндер, көлдей ыдыстар және орнатылған қазандар жасайтын еді» (13) деп баяндайды.

Тұрмағамбет Ізтілеуов «Ата мен бала» атты шығармасын Әнбия сүресінде «Дәуіт (ғ.с.) пен Сүлейменді (ғ.с.) есіңе ал. Екеуі бір елдің қойы түнде еңіңге түсіп, соған билік айтқанда, биліктерін көріп тұрдық...» (78) деп баяндалатын оқиға арқылы өрбітіп, мысал соның:

Неңдей бір тартып қасірет, шегіп жапа,

Жағарсың ақылды ердің ақыры отын.

«Жас» демей, ақылы барды «аға тұт» деп,

Данышпан айтқан Лұқпан, Аплатон [7,92 б.], –

деген өсиетпен аяқтайды.

Сүлеймен (ғ.с.) пайғамбардың өмірі туралы жазған тағы бір мысал өлеңінде шайыр:

Сауалын Сүлейменнің берген шешіп,

Білімге бай болған соң бір құмырсқа.

Талабын Тәңірі оңғарса қайбіреудің,

Иелік ете кетер бақ, ырысқа.

Ақылдың көкірегінде көзі барлар,

Шығармас бұл сөзімді нәдұрысқа [8,80 б.], –

деп Нәмил сүресіндегі (Ол, бұлармен) ақыр құмырсқаның ойпатына келген сәтте, бір құмырсқа: «Әй, құмырсқалар! Ұяларыңа кіріңдер. Сүлеймен, оның әскерлері сендерді білмей жаншып кетпесін» деді.(18); Сонда (Сүлеймен ғ.с.) құмырсқаның сөзінен жымылып күлді де: «Раббым, маған және әке-шешеме мәрхамет еткен игіліктеріңе шүкір етуімді әрі өзін разы болатын іс істеуімді нәсіп ет те өз мәрхаметіңмен ізгі құлдарыңның арасына кіргіз!» – деді.(19) деген аяттарды жыр жолына салады. Енді бірде:

Үкімінде Сүлейменнің болған тегіс,

Ұшқан құс, жүгірген аң, дәу мен перің.

Олардан абайлашы, қай біріннің,

Қанша артық қадір, қайрат, тұтқан шенің [8,80 б.], –

деп сүренің «Сүлеймен, Дәуіт (ғ.с.)ке мұрагер болды да: «Әй, адамдар! Бізге құс тілі үйретілді. Сондай-

ақ бізге әр нәрсе берілді. Рас, бұл әлбетте ашық бір артықшылық.(16); Сүлейменнің жыннан, адамдардан, құстардан әскерлері жиналды. Сонда олар толық басқарылуда еді (17)»деген жолдарын тәпсірлейді.

Шайыр Сүлеймен (г.с.) пайғамбар мен Жебірейіл (г.с.) періште арасындағы оқиғаны да назардан тыс қалдырмаған. Құранның сүресіндегі аяттар молда ақынның сия сауытынан төмендегіше өрнектелін түскен:

Жебірейіл Сүлейменге келтірін су,
Су, - деді, - өлместікке берілген бу.
Сарқып іш, саған Тәңірім сыйлау қылды.
Қолымда тұрсың десен тірілік ту[8,133 б.].

Ақын-жыраулар Алла елшілері болған пайғамбарлар өмірінің мән-мағынасына тереңдей дендеп, олардың сауапты амалдарын, гибратты істерін үлгі етуді басты парыз етті. Бұл ретте сөз зергерлері көркемдеу тәсілдеріне көп бой алдырмай Алла Тағаладан келген нақты аяттарды тәпсірлегені ақиқат.

- 1 Әлемдік философиялық мұра. 20 томдық. 5 том. - Алматы: Жазушы, 2005. - 558 б.
- 2 Әлемдік мәдениеттану ой-санасы. 3 том. - Алматы: Жазушы, 2005.- 504 б.
- 3 Көне күннің жыр күмбезі. - Алматы: Жазушы, 2007.- 495 б.
- 4 Шораяқов О. Сөйле, тілім, жошылып. - Алматы: Рауан, 1995. – 301 б.
- 5 Қарасақал Е. Ұлағат сөзім ұрпаққа. - Астана: Фолиант, 2009. 408 б.
- 6 Қашаған. Топан. - Алматы: Жалын, 1991.- 176 б.
- 7 Ізтілеуов Т. Назым. - Алматы: Жазушы, 1965.- 142 б.
- 8 Ізтілеуұлы Т. Шығармалары. - Алматы: Дешті Қытшақ.- 2007.- 588 б.

Резюме

Основная тема поэзии акынов и жырау XIX- начала XX веков – история ислама. В статье описывается история пророков, начиная с Ибрагима и до его сыновей – Исмаила, Давида и Соломона, - которая легла в основу произведений акынов и жырау. Мастера словесного искусства воспевают в своих поэтических произведениях национальные ценности в форме сур Курана и хадисов пророка. Особое внимание обращено на историю пророков в традиционных поэтических школах. Основы ислама в поэзии акынов и жырау изложены посредством разъяснения мусульманского долга. Воспевая долг человека перед Аллахом, поэты-сказители поднимают вопросы гуманизма и нравственности в качестве основной цели своих произведений.

Ключевые слова: история пророков, долг, духовность, ценность, воздержанность, традиция.

Summary

The main theme of poetry of akyns and zhyrau at XIX century and at the beginning of XX century- the history of Islam. The article describes the history of the prophets, starting with Ibrahim and his sons- Ishmael, David and Solomon- which formed as the basis of works of akyns and zhyrau. Master of verbal art chants in their poetic works of national values in the form of verses of Quran and Hadith of the Prophet. Particular attention is paid to the history of the Prophets in the traditional poetic schools. Fundamentals of Islam in poetry of akyns and zhyrau set out by explaining the Muslim duty. Chanting the duty of man in front of Allah, poets, storytellers raise the questions of humanity and morality as the main purpose of their works.

Keywords: history of the prophets, duty, spirituality, values, forbearance, tradition.

УДК 821.512.122.0

АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АВТОМЕТАФОРА

А.Ж. Жапарова - *Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Филология ғылымдарының магистрі, PhD докторанты,*

Түйіндеме. Мақалада филология ғылымындағы өзекті мәселе – метафора және оның шығармадағы поэтикалық құрылымындағы орны сөз етіледі. Метафора классификациясы, дербес-авторлық метафора (жеке поэтикалық), дербес-авторлық метафорадағы әлемнің концептуалды-тематикалық бейнесіне ерекше көңіл бөлінеді. Қазақ халқының ұлы ақыны Абайдың дербес-авторлық метафоралары 2 семантикалық өріс тұрғысынан қарастырылады, олар: «Адам» және «Табиғат» сфералары. Абайдың поэтикалық мәтіні негізінде дербес-авторлық метафоралардың мағынасы анықталады.

Түйін сөздер: метафора, дербес-авторлық метафора, бейнелі не поэтикалық метафора, «Адам» және «Табиғат» семантикалық өрістері

Поэтикалық мәтіндерде қолданылатын негізгі троптардың бірі – метафора. Антика дәуірінің философтары Аристотель, Цицерон, Платон, Гиппократ, Сократ, Эпикур еңбектерінде «метафора – поэтикалық сөзді көркемдейтін құрал» екені көптеп сөз етіледі. Ежелгі грек философы, Аристотельдің шәкірті Теофраст «метафораны тілдегі тапшы сөз орнын толықтырады» деп есептеген [1].

Академик Зәки Ахметовтің метафораға берген анықтамасы: «Метафора (грек. *metaphora* – ауыстырып қою), - екі нәрсені, құбылысты салыстыру және жанастырып-жақындату негізінде астарлы тың мағына беретін бейнелі сөз немесе сөз тіркесі» [2]. Лексикограф В.Дальдің «Түсіндірмелі сөздігінде» метафора былайша түсіндіріледі: «метафора ауыстыру, өзге тіл, өзге сөз, жұмбақтап сөйлеу, тұспалдау сөйлеу, риторикалық троп, ұғымдар ұқсастықтарына қарай, тура мағынаның ауыспалыға өзгеруі. Өткір тіл» [3]. Филология мен лингвистика, психоллингвистика, прагматлингвистика және когнитивті лингвистика контексттерінде метафора теориясын қалыптастырған 20 ғасырдағы бірқатар ғалымдар мыналар: А. Ричарде, Р. Якобсон, К. Бурк, С. Левин, Л.Д. Коэн, Дж. Лакофф, М. Джонсон, М.Тернер, Р. Гиббс, У. Эко; А.А. Потебня, В.П. Григорьев, Н. Д. Арутюнова, С.М. Мезенин, Г.Н. Скляревская, В.Н.Вовк, В.Н. Телия. Метафора анықтамасы, оның түрлері мен қызметтері турасында ғалымдардың пікірі әралуан. Лингвистика тарихында метафораның классификация жайында сөз қозғаған зерттеушілер жетерлік, олардың кейбірін атап болсақ, Н.Д.Арутюнова, В.Г.Гак, Ю.И.Левин, В.П.Москвин [4].

Тіл теориясы саласындағы көрнекті ғалым В.Н.Телияның метафора мәселесіне байланысты көзқарастары айрықша назар аударады. Оның зерттеуі тың пікірлерімен, жаңа ой тұжырымдамаларымен құнды. В.Телия метафораны 5 түрге бөледі:

- индикативтік метафора
- концептуалдық метафора
- бейнелі метафора
- баға беруші метафора
- эмотивті боялған метафора [5].

Стилистикада көркем метафоралар 2 топқа бөлінеді:

1. анонимдік
2. дербес-авторлық (жеке поэтикалық) [6].

Көркем әдебиет, публицистика, поэзияда ең жиі қолданысқа түсетін метафора түрі – бейнелі не поэтикалық метафоралар. Бейнелі (поэтикалық) метафоралар тілге әсерлік, көркемділік беріп, речеинтерактэмоционалды-экспрессивті әсер етеді. Метафора - поэзияның тірегі деуге болады. Бейнелі метафора меңзейтін объектісінің тура атауын емес, тек ауыспалы атауын нұсқайды. Поэтикалық метафора оқырманды күтпеген кездейсоқтық пен жұмбақтар әлеміне жетелейді. Бейнелі метафора мен дербес-авторлық метафораның ортақ ерекшеліктері көп. Поэтикалық метафоралар мен дербес-авторлық метафоралар тілде бір қызмет атқарады. Метафораның екі түрі де поэтикалық және көркем мәтіндерде өзінің көркемдік-бейнелік мүмкіндігін жүзеге асырады. Поэтикалық метафораның үлгілері ретінде берілген мысалдардан дербес-авторлық метафора қызметінде де қолданылуын байқау қиын емес. Ал өз кезегінде дербес-авторлық метафораларды атқаратын қызметі мен қолданылу аясына байланысты поэтикалық метафора құрамына жатқызуға әбден болады. Дербес-авторлық метафора да, өзге метафора

түрлері тәрізді жүйелі болып келеді. Тілдік тұлғаның дүниетанымына аса қажетті дербес-авторлық метафора біздің ассоциаларымыздың жүйелі күш-қуатын қамтамасыз етеді.

Авторлық метафора – жалпыхалықтың немесе әдебиеттің ортақ иілігіне айналмаған, автор, ақын не жазушы қолданған ерекше көркем сөз. Авторлық метафора белгілі бір тілдік жағдайға байланысты қаламгерлер мен тіл шеберлерінің құраған өрнегі. Дербес-авторлық метафоралар өте мәнерлі, сазды болып келеді, оларды жасаудың мүмкіндіктері сарқылмайды, таусылмайды. Өйткені салыстыруға келетін заттар, құбылыстар, күй-ахуалдар, іс-әрекеттердің түрлі белгілер ұқсастықтарын айқындаудың мүмкіндіктері шексіз. Дербес-авторлық метафора – көркем мәтіннің күрделі және көпқырлы құбылыс. Дербес-авторлық метафора болмысы метафоралық контекст және авторлық дүниетаным мен көзқарас табиғатымен анықталады. Авторлық метафораға мысал ретінде мына үздік нұсқаларды келтіреміз. «Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?

Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?

Көкте – бұлт, жерде – желмін ғүлеген,

Жер еркесі – желдің жөнін кім сұрар?» [7]. (Мағжан Жұмабаев, «Мен кім?» өлеңі)

«Арғымақтан туған қазан ат, шабуыл салса нанғысыз,

қазан аттан туған қаз мойын,

күніне көз көріп жер шалғысыз» [8].

(Махамбет Өтемісұлы, «Тайманның ұлы Исатай» өлеңі)

Жүрегім дертті сау емес,

Сол себепті сөзім – у,- [9] (Шәкәрім Құдайбердіұлы)

Қазақ халқының бас ақыны Абай Құнанбайұлы поэзиясындағы метафоралық қолданыстар – ақынның көркемдік әлемінің, дүниені, әлемді өзіндік тануының, жан дүниесінің тебіренісі деп қабылдауға болады. Абайдың көркем сөзді дәл, орынды қолдануы, оның шеберлігі, қабілеті, ұсталығы ақынның қолданған метафораларынан көрінеді.

«Жүрегім менің қырық жамау,

Қиянатшыл дүниеден» [10]

деп халық мұңын жырлаған суреткердің өкінішін, мұрат-арманын «қырық жамау» метафорасы арқылы танымыз. Ақынның жүрегі жаралы, басты себеп – өмірде әділетсіздік, қиянат толассыз.

Үш-ақ нәрсе – адам қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек [10]

Қаламгердің айтып отырғаны – ақылдың зеректігі, танымдық қуаттылығы, онан соң жүректің сезімталдығы, адамгершілік сезімнің күштілігі және қайраттылық, жігерлілік – осы үшеуінің бірлігі [11]

Дербес-авторлық метафораға тән 2 семантикалық өріс бар, бірі – «Адам», екіншісі - «Табиғат». Аталмыш екі өрісті салыстырар болсақ, «Адам» өрісінің алар орны ерекше. Екі концепт те автордың тезаурустық таным тұрғысынан әлемнің тілдік бейнесінің қыр-сырын қамтып көрсетеді. «Адам» атты семантикалық өріс төмендегідей тақырыптық сөздермен көрінеді: соматикалық лексика, адамның физикалық және психикалық жағдайы, діни лексика, артефакттар. Абайдың мына авторлық метафоралары сөзімізге дәлел бола алады.

«Адам – бір боқ көтерген боқтың қабы,

Боқтан сасық боласың өлсең тағы» [11]

«Тілде сүйек, ерінде жиек бар ма,

Шымылдық боп көрсетпес шынның жүзін» [11]

«Тәуекел мен батыр ой

Өткір тілді найза етіп» [11]

«Табиғат» семантикалық, мағыналық өріске тірі, жанды мақлұқ аттары, табиғи құбылыстар атаулары, жер қыртысы, ландшафт, өсімдіктер атауы жатады.

«Өзі шошқа, өзгені ит деп ойлар,

Сорпа-сумен, сүйекпен сүйдірмекке» [11]

«Ол жай жүрсе, жұрт та жай,

Ол желсе, жұрт желеді» [11]

Метафоралық тіркестер бейнелеп суреттеу асқан шеберлікті аңғартады. Айтайын деген ойдың әсемдігі ғана емес, әсерлігі үшін де құбылту тәсілі керек. «Құбылту – сөздердің тура мағынасында емес, бұрма мағынасында қолдану, шындықты бейнелеп, кейде тінті перделеп таныту, ойды өзгертіп, кейде тінті ойды

өнін айналдырып айту» - дейді академик З.Қабдолов өзінің «Сөз өнері» еңбегінде [12].

Абайдың поэзиялық әлемінің метафоралық көрінісін зерттеу, әлемнің бейнелік моделдері шеңберінде қарастыру аса маңызды. Ақынның авторлық метафоралары суреткердің көркемдік талғампаздығын аңғартады. «Сағаттың өзі - ұры», «Өмірдің алды - ыстық, арты - суық, алды - ойын, арт жағы мұңға жуық», «Ызалы жүрек, долы қол, улы сыя, ащы тіл», «Өлең шіркін - өсекші, жұртқа жаяр, сырымды тоқтатайын айта бермей» деген авторлық метафоралардың қисының келтірін, орнымен айтқан Абайдың ойшылығы, шеберлігі таң қалдырады. Абайдың дербес-авторлық метафоралары жазушының әлемді тану, қабылдау өзгешелігін, өзіндік ой-өрісі мен тұжырымын, жан-дүние байлығының небір тұңғыық иірімдерін көрсетеді. Авторлық метафора ақиық ақын шеберлігін, сөз саптау тілінің көркемдігі мен мазмұнының тереңдігін танытады. Индивидуалды-авторлық метафора өзіндік қасиеттерімен, көркемдігімен, ұғым, таным тереңдігімен ерекшеленеді. Абайдың авторлық метафораларының жұмбақтық ерекшелігі бар. Оны аудару басқа ұлт ақындары үшін қиын тиюде. Мұны біз алдағы тарауларымызда кенінен қарастырамыз.

1. Складская, Г.Н. *Метафора в системе языка* / Г.Н. Складская – СПб.: Наука, 1993 – 150 с.
2. З.Ахметов құрастырған «Әдебиеттану терминдер сөздігі», Алматы, 1998 ж., «Ана тілі» баспасы
3. Даль Владимир Иванович «Толковый словарь живого великорусского языка Владимира Даля», Под ред. А. И. Бодуэна Куртене, 1903-1909, II том
4. Москвин В. П. *Русская метафора: параметры классификации*// Филологические науки.-2000.-№2.-стр.66.
5. Телия В.Н. *Русская фразеология*. – Москва, 1995. – 305б.
6. Голуб И.Б. *Стилистика русского языка*. - М., Айрис пресс, 2007. – 448 с.
7. Мағжан Жұмабаев. *Шығармалар*. – Алматы: «Білім» баспасы, 1995
8. Махамбет Өтемісұлы. *Шығармалар жинағы*, 1989, Алматы, «Жазушы» баспасы
9. Ш.Құдайбердіұлы. *Шығармалар жинағы / Құраст. Г.Мұқышева*.-Алматы: «Өлке» баспасы, 2013.-416 б.
10. Абай. *Птом*. Алматы: Жазушы, 1995. – 335б.
11. Абай (Ұлы дала тұлғалары)Ш. Абайдың ақындық шеберлігі (Зәки Ахметов) // Абайдың ақындық тұлғасы, суреткерлік шеберлігі, Алматы, 2013.
12. З. Қабдолов «Сөз өнері» - Алматы: «Санат» баспасы, 2002.

Резюме

Статья рассказывает об актуальной проблеме филологии - метафоре и ее роли в поэтической композиции произведения. Особое внимание уделено классификациям метафоры, индивидуально-авторским метафорам (собственно-поэтическим), концептуально-тематической картине мира в индивидуально-авторской метафоре. Индивидуально-авторская метафора великого казахского поэта Абая рассматривается в действительности 2 семантических сфер: «Человек» и «Природа». На материале поэтического текста Абая выявлено значение индивидуально-авторской метафоры.

Ключевые слова: метафора, индивидуально-авторская метафора, образная или поэтическая метафора, семантические сферы «Человек» и «Природа».

Summary

The paper tells about an actual problem of linguistics - a metaphor and its role in a poetic composition of the work. The paper gives special attention to individual author's metaphors (actually-poetic ones), conceptual-thematic world picture in the light of individual-author metaphor. Individual-author metaphors of the great Kazakh poet Abai are studied in the reality of 2 semantic spheres: «Man» and «Nature» On the material of Abai's poetic texts the meaning of individual-author metaphors is revealed.

Key words: metaphor, individual-author metaphor, image and poetic metaphor, semantic spheres «Man» and «Nature»

ӘОЖ 378.016:821.512.122.

«СОҢҒЫ КӨШ» РОМАН – ДИЛОГИЯСЫНЫҢ ЖАЗЫЛУ ТАРИХЫ

А.Д. Ибраева -

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, филол.ғ.к.

Түйіндеме: Мақалада қаламгердің шығармашылық әлеміне қатысты мәселелер сөз етіледі. Тақырыптан бастап, материал жинау, оны өңдеу, көркем шындықпен өмір шындығының арақатынасы қарастырылған. Протип пен көркем бейне, қолжазба және шығарманың түрлі нұсқаларының арасындағы ерекшеліктердің барлығы қаламгердің әдеби шығармашылық әлеміне әкелетіні қарастырылған. Мақалада Қ.Жұмаділовтің шығармаларының жазылу тарихы қарастырылған. Жазушының өзінің айтқан пікірлері романның жазылу тарихын қарастыруда негізгі дерек ретінде пайдаланылды. Кейіпкерлерімен кездескені, өмір дерегін қай арнадан алғанын қаламгер жан-жақты өзі айтып өтеді. Жазушының күнделік жазуы оның шығармашылық зертханасының ерекшелігі ретінде қарастырылды.

Түйін сөздер: шығарма, тақырып, көркемдік ерекшелік, шығармашылық зертхана

Жазушының жарыққа шығарған еңбегі – білгенінің, жиып-тергенінің, біткен болмысының, танымының, ой әлеуетінің биікке көтерілген тұғыры болып табылмақшы. Көркем шығарма көбіне-көп оқырман қауымның ықыласты ниеті мен берген бағасы арқылы бағаланбақшы. Оқырманның назарында ерекше орынға ие болған шығармалардың бірі – «Соңғы көш» романы.

Қабдеш Жұмаділов 1956 жылы гимназияны үздік бітіріп, Қытай үкіметінің жолдамасы бойынша, Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетіне оқуға түседі. Жалынды поэзиясымен қалыптаса бастаған жас ақын М. Әуезовтан дәріс тыңдап, білім теңізінде тербелген студенттің өмірі 1958 жылы Қытай үкіметінен келген мынадай астарлы хабардан кейін күрт өзгереді. «Сендер шілде айының басында елге қайтасындар. Бір айлық курс бар. Елдің жағдайымен танысасындар, сонан соң үйлеріңе барып, күзде сабаққа келесіндер» деген хабармен еліне қайтады. Қабдеш әліпби туралы полемика болғанда сол жақтың газетіне мақала жазып, «Шыңжаң қазағы қай жазуды қабылдау керек?» дегенге «Қазақстанның жазуын қабылдау керек, бір ұлт бір жазумен болу керек» деген секілді пікірлеріне байланысты «оңшыл, ұлтшыл» деген қалпақ киіп, қудалауға ұшырайды. Еңбекпен тәрбиелеу, еңбекпен түзеу науқанына ілігеді. Оқуға жіберілмей, бір-екі ай тергелін, ауыр еңбекке салынып, шахтада көмір қазады. Екі жылдан кейін жеңілдік жасап, жазуға құқығы жоқ, бірақ мамандығы бойынша пайдалануға болады деген пәрмен алады. «Шыңжаң» газетінде мақала өндеп, алайда өз көзқарасы бойынша қалам жүгіртуге ерік бермейді. Осы жылдары Шыңжаңда ел жағдайы нашарлап, ашаршылықтың салдары біліне бастаған болатын. Екі жыл бұрын болат өндіру, шойын қорыту науқандарына елдің бәрін шығарып жіберіп, астық орылмай, егін жиналмай қалудың нәтижесінде халық азуын ақситқан ашаршылыққа ұрынады. Коммуна құрып, жұртқа ортақ қазаннан тақ-тұқ ас ішкізін, ошақсыз қалдырып, түтін түтетпеуі психологиялық жағынан да, тұрмыстық жағынан да көшпенді халыққа аса ауыр тиеді. Ішер ас, киер киімге зар қылған «Халық коммунасы» ашарлықтың бұқара халықтың арасына жайғасуын тінтен үдетіп жібереді. Шәуешек пен Үрімжіде аш-жалаңаш халықтың дәмнен аузы жырылып, көнек ауруымен ісіп-кеуіп жатқанынан Қабдеш хабардар болатын. Халықты, қаны бір қандасты аштық апатынан құтқару үшін үкімет тарапынан ешқандай іс-әрекет жасалмайтынын сезген Қабдеш маңындағылармен ақылдаса елді атажұртқа көшіру идеясын құп көреді. Басына қара бұлт төнген бұқараның хал –ахуалын көзімен көрін, басынан кешірген болашақ жазушы роман жазуға баспалдақ болған көркем әдебиеттер тізімін былайша көрсетеді. «Уақытты бос өткізбеу, қол қалт етсе кітапқа үнілу – бала күннен бойға сіңген ғадет. Гайыптан сақталған күнделік дәптерге қарап отырсам, Шәуешек пен Сібетіде өткен осы қыста біраз кітаптар оқыппын. Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясының алғашқы екі кітабын қайталап (әлде үшінші, әлде төртінші рет) оқыппын. Шолоховтың «Тынық Доны», болгар жазушысы Иван Вазовтың бір томдығы, Тургеневтің «Рудині», Фабиден Мұстафиннің «Дауылдан кейін» романы. Гончаровтың «Обломовын» да екінші рет қайталағаным байқалады. Әр кітаптан көңілге түйген пікірлер, бейнелі сөздер блокнотқа көшіріліп, аяғына ай-күні жазылыпты» дей келе, «Бұл – жай қатардағы оқырманның кітап ақтаруы емес, өзі де бірдеңе жазам деп талпынған адамның жазушылармен ой жарыстырып, бой теңестіргені секілді жаңа бір қадам еді» деп романның жазылуына көркем шығарманың баспалдақ болғандығын айқындап, осы жылы 1961 жылы романның жоспарын жасайды. «1961 жылдың қысында көптен бойға бітіп, ойда жүрген романның жоспары жасалыпты. Жоспар болғанда, өзім ғана түсінетін блокноттағы екі бет жазу

және кейіпкерлердің тізімі. Роман аты – «Соңғы көш». Екі, не үш кітаппен бітуге тиіс. Мен ол кезде елдің қоныс аударуы деген ұғымда емес, «Көшпенділердің соңы» деген кең мағынада алсам керек. Негізгі тақырып, яғни орталық идея – Шыңжаңда осы ғасырдың ортасына дейін созылып келген көшпенділердің тұрмысын суреттеу, өзім күзесі болған, бірақ өзге дүниеден жасырын, жабық жасалған қиянат, зорлық-зомбылықты айдай әлемге паш ету. Осы идеяның ойда қорытылып, піскендігінен болар, негізгі кейіпкерлердің ат-жөні, жас мөлшері, әлеуметтік тегі қағазға түсіпті. Қанағат би, Естай, Нартай батыр, Нұғыман бай, Балжан, Торғын, Дүрия, Жолбарыс бейнелеріне қысқа-қысқа мінездеме берілген. Қытай коммунистерінің қос қанаты – Ли-хун мен Лан-ке тізімде тұр. Тек, кейін кітапқа кірген соңғы нұсқадағы Нұрбек – Халел, Ермек – Нұркен болып еніпті» [2, 374].

Осылай романның жоспарын түзін қойған болашақ жазушы халықты үгіт-насихат, жасырын жиналыстармен көшке дайындық жұмыстарын жүргізеді. Келіспей жатып, құрдан – құр атойлап жүрін кетуге тағы болмайтындығын айқын аңғарады. Егер халық дүрліге көше қалған жағдайда, Кеңес Одағының үкіметі қандай көзқараста, қандай ниетте болады? Шекара мәселесі қалай? Кеңес Одағы көшті қабылдауға дайындық жұмыстарын жүргізін жатыр ма? Атажұртына келгендерге жұмыс жайы, тағы басқа да жағдайларға қол ұшын бере алады ма? деген күмәнді сұрақтарға жауап іздей бастайды. Көшті бастаушылардың бірі болған көштің серкесі Кеңес Одағына жүздеген адамның қолын қойдырып, жеке-жеке ондаған хат жолдайды. Адрес мынадай: «Москва, Кремль. КПСС Орталық Комитетінің бас секретары Никита Сергеевич Хрушев жолдасқа» немесе «Жоғары Совет Президиумының төрағасы К.Е.Ворошилов жолдасқа». Кейде осы хаттардың көшірмесін Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы Д.А.Қонаевқа жолдап отырады. Тұрмыс-тіршілігі нашарлаған халық 1962 жылдың 10 сәуірінен бастап, 20 күнге созылған көптен күткен дүрбелеңмен шекарадан өтіп, атажұртқа ат-көлігімен еніп те үлгереді.

Автор атажұртына келген соң, аяқталмай қалған оқуын аяқтайды. «Жас дәурен» атты өлеңдер жинағын, «Қаздар қайтып барады» атты әңгімелер жинағын, «Көкейкесті» атты романның (1969) авторы атанады. Қабдеш жазылмақшы шығарманың идеясы болғанымен, ол идеядан бұрын жоғарыдағы романды жазуы: біріншіден, ой өзегінің санада әлі де болса пісін, жетілуін керектігі болса, екіншіден, алдағы романға дайындық жүргізуі, проза жанрында тәжірибе жинақтап, шеберлікті қалыптастырғандығы болып табылады. 1961жылы жасалған жоспар бойынша «Соңғы көш» романын жазуды 1970 жылы қолға алады. [3,304].

Жазушы романның материалымен жете таныс болғандықтан жылдамдықпен біршама төселіп жазады. Ұзақ жыл ойда тербелін, баста піскендігінен болар, уақыттың тапшылығына қарамай, бірінші кітап тез жазылады. Бас-аяғы бір жарым жылда, яғни 1971 жылдың ортасында романның соңғы нүктесі қойылады. [2,476]. Қ.Жұмаділов романды 1972-жылдың жоспарына енгізуді сұрап, қолжазбасын проза редакциясына өткізіп қояды. Шығармаға екі адам төрелік айтып, пікір жазады. Олар: Рахманқұл Бердібай мен Асқар Сүлейменов романды жоғары бағалап, ұнамды рецензия жазып береді. Алайда, роман 1972-жылдың жоспарынан қалып қояды. Болмаған соң, қолжазбаны құзырлы орындарға(Тарих институты, М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты, Мемлекеттік Қауіпсіздік комитетіне) жібереді. Бірақ, мандырып ешқайсысы пікір айта алмайды. Содан романды орысшаға аударып, 1972 жылы қараша айында Мәскеудегі Қиыр Шығыс институтына жібереді. Ол жақтан 1973 жылдың наурызына дейін хабар келмегендіктен, Қабдеш Мәскеу қаласына жол тартады. Мәскеуде романмен танысып, оқып шыққан Тұрсын Рахимов Қытайдағы Шыңжаң жағдайын қанық білетін адам болып шығады. Сол жолы автор Кеңес Одағының құзырлы мекемесінің оң иікірін алып қайтады. Сөйтіп, «Соңғы көш» 1973-жылы «Жұлдыз» журналының 9-10-11 сандарында жарияланады. Баспа жағдайының қиыншылығын көрген жазушының қаламы бірден екінші кітапқа жүре қоймайды. «Соңғы көштің» бірінші кітабының жарық көруі мұншалықты әуре-сарсаңға салмағанда, сол ет қызумен екінші кітапты жазып тастауым да мүмкін еді. Алайда жүгіріспен өткен көп жылдар мені біраз қалжыратып кетті. Көңіл қайтып, қалам суып қалды» [2,483].

1978 жылы «Саржайлау» романын жарыққа шығарады. Бұл романның кейін Қ.Жұмаділов «Соңғы көштің» екінші кітабын ақылы-ақысыз демалыс алып, жазуға кіріседі. Әдебиетті жан-тәнімен сүйетін бір дәрігер айлап-апталап бюллетень жазып берін отырады. Осындай іс-әрекеттің нәтижесінде, 1979-жылдың орта шенінде екінші кітап та аяқталады. Жоспар бойынша роман үш кітап болып, екі кітапқа сыйдырғанын былай түсіндіреді. «Соңғы көшті» үш кітап бола ма деп мөлшерлегенмін. Егер заман сеімді, баспалар ықыласты болып тұрса, қолдағы материалым үш кітапқа еркін жететін еді. Алайда,

саясатқа тәуелді, дау-шары көп тайғақ тақырыпты бұдан ары созғым келмеді. Кейін ел басына түскен ауыр күндерді, ауған елдің көшімен бірге екінші кітапқа сыйғызып жібердім» [2,507]. Араға бір жыл салып, романның журналдық нұсқасы 1980-жылы «Жұлдыздың» 4-5 сандарында жарияланады. Келесі жылы (1981) өз алдына жеке кітап болып басылып шығады.

«Соңғы көш» романының алғаш идеясы туған уақыт пен жұршылық, оқырман қауымның қолына тигенге дейінгі мерзім 1961-1981 жылдар аралығын қамтиды. Бұл уақыт, яғни романның жазылу тарихы 20 жыл мерзімнің үлесінде қалыптасқан құбылыс ретінде айқындалады.

Қабдеш Жұмаділов күні бұрын романның жазылуын ойлап, болжамағанын былай көрсетеді: «Студенттік кезде алға қойған мақсат, жазсам-ау дейтін жоба – жоспар аз болмайтын. Бірақ, шынымды айтайын, Шығыс Түркістан халқының басына ауыр апат төнеді, қайран ел тоз-тозы шығып, туған жерден ауа көшеді, өзім сол елге оралып, қиын-қыстау жағдайға тап боламын, сол бастан кешкен оқиғалар негізінде күндердің күнінде «Соңғы көш» атты роман жазамын деген ой үш ұйықтасам түсіме кірген емес» [1].

Кейде жазушылар көркем туындысының тақырыбын, материалын үздіксіз ізденіс үстінде табатын болса, енді бірде өз ортасында қайнаған тіршіліктің көрінісінен, бастан кешін, куәсі болған оқиға құбылыстарын романның арқауына айналдырады. «Жазушының өмірбаяны неғұрлым бай, неғұрлым бұралаң болса, солғұрлым пайдалы деседі ғой, «Көкейкесті», «Саржайлау» тағы басқа шығармаларымда тақырыпты өзім іздеп тапсам, «Соңғы көш» дилогиясын маған өмірдің өзі әкелін таңды» деп тақырып таңдауын өмірлік көріністің әсері екендігін айқындай түседі [1].

Романда көрініс тапқан оқиғалар тізбегін жазушы өзі өткерген құбылыс ретінде былай баяндайды: ««Соңғы көште» суреттелетін оқиғалар – менің өз басымнан кешкендерім. Оны жазбау мүмкін емес еді» деп көз көрін, құлақ естіген, түйсікпен сезінген дүниесін шығармаға негіз етін алады. [3, 304].

«Соңғы көшті» күн құрғатпай табандап жазуға жағдай болған жоқ. Күндізгі уақыт кеңсе қызметіне кетеді. Қолға қалам алатын кезіміз – жұмыстан кейінгі кешкі уақыт пен сенбі-жексенбі күндері. Сағындырып жылына бір келетін демалыс та түгелімен жазуға тие бермейді. Амал жоқ, кітапты ұйқының, денсаулықтың есебінен жазуға тура келді. Күнде жұмыстан келген соң, бірер сағат тынығып алып, бала-шаға тыным алған кезде жазуға отыратынмын. Жазу түннің бір уағына, кейде таң ағарғанға дейін созылады» деп жазу мәнері мен машығын көрсетсе, «Біреулер: «Проза жазу үшін шабыттың болуы шарт емес, қажырлы еңбек қана керек. Күніне екі-үш беттен жылжыта берсең, жылына бір кітап бітіп қалады дегенді айтады. Сорыма қарай, менің маңдайыма мұндай еңбекқорлық жазылмаған. Маған бап керек. Бап емес-ау, алаңсыз көңіл керек. Шабыт дегеніміз – жазуға құштарлық қой. Сол құштарлықсыз, өзімді зорлап отырғыза алмаймын. Менің шығармаларым бір-бір беттен құралып жазылмайды. Бойды кернеп, ойды тербеп жүреді де, күні жеткенде бір толғақпен дүниеге келеді» деп құлшыныс – құштарлықсыз, алаңдаулы көңілмен қолына қалам алмайтындығын дәлелдейді [2, 483].

Жұмыс уақытында бір кездері жазушы қаламы қайсібір қиыншылыққа бой алдырғаны байқалады. Себебі, романда оқиғалар желісі көрініс табатын Шығыс Түркістан аймағы тарихшылар тарапынан бағыт тауып зерттелмегені авторды азды-көпті тығырыққа тірегенін байқаймыз. «Өмір материалын қаншалықты жақсы білдім, бастан кешірдім дегенмен, романды жазу үстінде тұйыққа тірелін, қиыншылық тартқан кездерім көп болды. Өйткені менің алдымда әлі күнге дейін тарихшылардың назарына ілінбеген, зерттелмеген, мүлде тың дүние жатыр еді» [4,286].

Автор: «Өміріме сан рет қауін төнгеніне қарамастан, мұның өзі мен үшін өте тиімді «командировка» болды-ау деп ойлаймын. Төрт жылға созылған (1958-1962) азапты ауыр күндерді артқа тастап, мен атажұртқа аман оралдым. Жай оралғам жоқ, осы сапардан бірнеше романның материалын алып қайттым» деп өмір жолын романға материал болғандығын көрсетеді [4,283]. Материалдың жиналып, анализден өтуі қай шығармаға болмасын таптырмайтын бірден-бір көмекші құрал болып табылады. «Қажетті архив материалдарының қол жетпес алыста қалуы, оқиға өткен жерлерді қайта бір аралап, жадынды жаңғырта алмауың сияқты қосымша қиыншылықтар да аз болған жоқ. Мен үшін бір ғана жеңілдік бар еді. Ол – оқиға ізінің әлі суымауы, жүз мыңдаған тірі куәлардың, соның ішінде менің кейбір прототип – ғаройларымның да осы жаққа (Қазақстанға) басып өтуі... Менің тірі архивім де, емін-еркін ақтаратын қазына толы сандығым да солар болды десем, асыра айтқандығым емес. Менің өз басымнан кешкен, көзім көрген жайларды сол адамдардың әңгімелері толықтырып отырды» деп материал жинау құбылысын қайта бір еске түсіріп, ой өзегінің жетілуін жаңғыртады деген иішінге келтіреді [4, 286].

Жазушының шығармашылық тарихын қарастыру ұлттық әдебиеттану ғылымында өзекті мәселелердің

бірі. Себебі мұндай зерттеу бізге көркем шығармашылықтың сан алуан ерекшеліктері, шығарманың жазылу үдерісіндегі әр қилы күрделі сипаттар, жазушының қоғамдық тұлғасы, оның психологиялық болмысы, жазушы еңбегінде бақылау, сезімталдық, қиял, шабыт, қабілет тәрізді қасиеттердің алатын орны туралы жан-жақты мағлұмат береді [6]. Шығармашылық жұмыстың басты кезеңдері, жазушы талантының табиғаты, дәстүр мен жаңашылдық, бастапқы ой, жазылар шығарманың жоспары, өмір шындығы және оның көркем шығармадағы көрінісі, прототип-түпнұсқа туралы мәліметтерді меңгеру шығармашылыққа бастау болатын кезеңдер болып табылады.

1 Қ Жұмаділов, *Қазақ әдебиеті газеті*, «Соңғы көш осылай туған», 1981ж., 2 қазан, 11б.

2. Қ Жұмаділов, «Таңсажайып дүние», *Ғұмырнамалық роман*, Тамыр, 1999 ж.

3 Қ Жұмаділов, «Тозақ оты», Алматы, 2010ж.

4 Қ Жұмаділов, «Қалың елім, қазағым», *Қазақстан*, 2010ж.

5 Қ Жұмаділов, «Соңғы көш», 2том, Алматы, 1998ж.

6 Ибраева А.Д. *Қаламгерлердің жазу машығы, жұмыс тәртібі жайында*

// *ҚазҰПУ Хабаршысы «Филология ғылымдары» сериясы*, 2014 №3.

Резюме

В статье рассматривается проблемы творческого лаборатория писателя. Определение темы, сбор материалов из разных источников, превращения жизненной правды в художественную правду, поиски в изучении характера персонажа – все эти уровни произведения показывают свойственный писателю художественный почерк. В статье рассмотрена творческая история создания произведений К.Жумадилова. В процессе изучения создания романа мнение писателя использовано как одно из основных сведений. Писатель подробно рассказывает о встрече с героями своих произведений и о жизненных фактах, которые послужили основой для его произведений. Ведение писателем дневника рассматривается как особенность его творческой лаборатории.

Ключевые слова: произведения, тема, художественная особенность, творческая лаборатория.

Summary

Input a word in the article the problem of the creative laboratory of the writer. Definition of the topic, the collection of materials from different sources, transformations truth of life in the artistic truth, the quest to explore the nature of the character - all these works show the typical levels writer artistic handwriting. In this article the history of the creative works of K.Zhumadilova. During the study of the novel the writer's opinion is used as one of the basic information. Writer recounts a meeting with the heroes of his work and life facts that formed the basis for his works. Keeping a diary writer regarded as a feature of his creative laboratory.

Keywords: artwork, theme, art feature, art laboratory.

УДК 821.512.122.32.09

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ «ТОҚЫРАУ ЗАМАНЫНЫҢ» БЕЙНЕСІ

Ж.Т. Қадыров - М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры м.а., ф.ғ.к.

Н.Қ. Смағұлова - М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты

Түйіндеме: Мақалада қазіргі қазақ әңгімелеріндегі «тоқырау заманының» бейнесі қарастырылған. Жазушылар Д.Исабеков, Ә.Кекілбай, Т.Нұрмағанбетов әңгімелеріндегі қоғам шындығы талданған. Образдардың психологиясы, іс-әрекеті, монолог, диалогтары арқылы қаламгерлер уақыт шындығын көрсеткен. Сыншыл реализм арқылы «тоқырау заманында» орын алған бюрократтық іс-әрекеттердің, ұлттық мүдденің тапталуын танытқан. Д.Исабековтың «Социализм зәулімі», «Ескерткіш», «Талахан-186» Ә.Кекілбайдың «Есболай», Т.Нұрмағанбетовтың «Сушы» әңгімелерінде сатира мен юмор тәсілдері қатар қолданылған. Соның негізінде адам мен адам, адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынас көрсетілген. Д.Исабековтың «Социализм зәулімі» әңгімесінде халықтар достығының дәріптелуі, асыра сілтеушілік сынға алынған. Социалистік қоғамның өзіндік жетістігі мен кемшілігі болғаны шындық. Жазушылар өз

шығармаларында осы мәселелерді жан-жақты қарастырып, талдап көрсеткен. Қазіргі қазақ прозасында көтеріліп жүрген әлеуметтік мәселелерді қоғамдық шындық арқылы таныта білген.

Түйін сөздер: қазіргі қазақ прозасы, сатира, юмор, сыншыл реализм, ұлттық мүдде, әлеуметтік мәселелер.

Бүгінде тоқырау жылдары аталатын бұл кезеңде ел ішінде орын алған бюрократтық келеңсіздіктер ашы түйреледі. Д.Исабековтың «Талахан-186», «Ескерткіш», «Социализм зәулімі», Ә.Кекілбайдың «Есболай», Т.Нұрмағанбетовтың «Сушы» әңгімелері осының айғағы.

Сыншы Ә.Бөпежанова Д.Исабеков шығармашылығына талдау жасай келін: «Ал жазу творчествосынан сарын іздесек, шығыс поэмаларынан да, тіпті Толстойдың көпке мәлім «қорлық жасағанға зорлық жасама» принципінен де емес, кезінде бізде ағаш аттың басына ілінген, батыс философиясының, сондай-ақ әдебиетінің де қуатты ағымы экзистенциализмнен үндестіктерді зерделер едік» [1, б.19] деп бағалауы заман шындығын ашып көрсеткен жазушы шеберлігіне берген әділ баға еді.

Шындығында да экзистенциалистер адамның «Шын» және «Жалған» өмір сүруін бір-бірінен ажырата отырып, «Жалған» өмірге адамның күнделікті тіршілігін, ал «Шын» өмірге оның шындықтағы әлеуметтік қатынастардан тәуелсіз, адамның ішкі табиғатынан туатын ерікті іс-әрекеттерін жатқыза отырып, олар адам өзінің табиғаты бойынша бостандықтан ерікті түрде бас тартады, сөйтіп күнделікті тіршілігімен айналысуға бейім тұрады деп дәлелдейді. Адам үшін еріксіздік жағдайында өмір сүру қолайлы да жеңіл, бостандыққа талпынудан гөрі тағайындалған тәртіпке бой ұсыну пайдалы болған кезеңді ел бастан өткергені белгілі.

Өзіміз білетін, әлі де жоғала қоймаған тоталитарлық қоғамда адамдар көбіне мемлекеттің меншігі, ол қандай қызмет істесе де, ол қызмет мемлекеттің қызметі, егер мемлекетке керек деп табылса, адамдарды қайда айдаса да еркі бар, жеке адамның жеке мұқтаждықтары есеп емес. Егер ол өзінше іс істеуді қалайтын болса, ол өзіншілдік. Мемлекет тек жалпы әрі ең маңызды істердің, мұқтаждықтарының шоғырланған жері, жеке мүдделер оның қасында өте ұсақ нәрселер, олармен санаспаса да болады. Бұл нағыз тоталитарлық ойлаудың екінші жағынан жатсынудың логикасы, соның менталитеті. Оның негізгі принципі – жаппайлық, бірдейлік. Көпшілік не істесе, ортада не нәрсе қабылданса, соны ойланбастан қабылдай салу.

Мағынасы теріс айналған дүниеде ырқы жасыған адамдар үнемі сыртқы бір күштен сүйеніш іздеуге бейім. Ал сондай күштің бірі – көпшілік. Көптің бірі болсаң, қиын түйіндерді шешуден құтыласың. Сол сияқты басқа да көптеген сүйеніш болатын күштер бар. Солармен бірдей болу сенің бар емес, жоқ болуыңның кепілі. Бар болу-соншалықты ауыр, ал жоқ болу сені жауапкершіліктің жүгінен босатады. Осы жағдайдың ақылға жанаспайтындығы сондай – көп адамдар жоқ болуға құмар. Байқалмайтын, көзге іліге бермейтін, ешнәрсеге қарсы келмейтін үнсіздердің қоғамы – тоталитарлық қоғам.

Осы қоғамда шығармашылық белеске көтерілген Д.Исабеков әңгімелерінде ел ішін жайлаған бюрократтық келеңсіздіктер, қызмет басында отырған кейбір белсенділердің екі жүзділігі, әділетсіздігі, қоғамдағы рухани дағдарыстар жан-жақты көтерілген еді. Д.Исабековтың «Талахан-186» әңгімесіндегі үш түп помидор шартты алынған бейне. Осы үш түп помидордың сортын анықтау үшін қызу дау туады. Кейіпкерлер арасындағы тартыс гротеск арқылы өрбиді. Әңгіме тартысының жүгі ауыр. Ел ішінде орын алған еріншектік, бюрократтық қарым-қатынас әңгіменің өн бойынан көрінеді. Автор өзі өмір сүрін отырған орта шындығын шегіне жеткізе сынағанын байқаймыз. Әсіресе қазақ халқының бойындағы еріншектікті көрсету арқылы көп нәрсенің ұшығын сездіргендей «Егер еріншектіктен дүниежүзілік жарыс өткізілетін болса және оған ерінбей қазақтар да қатыса қалса, халықаралық қазылар алқасы бас жүлдені ойланбастан қазақтарға беретініне өз басым бәс тіге аламын» [2, б.444] деген үзінді осының айғағы.

Қай елде, қай әлеуметтік құрылымда адам өмір сүрмесін ісіне адал, еңбекқор адам, әлдебір күйзеліске ұшыраған қоғам болмаса, жерде қалмайды. Қоғамда өз орнын табады. Жұмыс істемей, еңбектенбей жақсы тұруды ойлаған адам мұратына жетпейді. Ондай адамның қас-жауы – оның өзі. Егер әрбір мүшесін жалқаулық, керенаулық, «жұмыс істелер, қайда кетер» – деген сезім билесе, онда бұл қоғам еш ілгері баспайды. Бүкіл ел талпынып жатқанда, жәйбарақаттыққа салыну – кешірілмес күнә. Автор сонымен қатар, қазақтың ежелден бері қанына сіңген кейбір мінездерін тізбектей өтеді. Әңгімеде үш түп помидордың төңірегінде өрбіген дау оны алғаш көрген жұрттың жиналуынан басталады. Үш түп помидор өскен ауыл сыртындағы апан болашақ оқиға өтетін жер. Жазушы бұл жерді тіптен текке

таңдамаған. Образдардың өзіндік бет-бейнесін, мінез-құлқын, өмір сүру, тіршілік ету салтын ашып көрсету ашық алаңда өту қажет. Себебі бей-берекет әркім өзімен-өзі, қаннен-қаперсіз, тек өзінің жеке басының тыныштығын ойлап күн кешін жатқан адамдардың басын бір жерге қосып, бір мәселе төңірегінде ой айтқызу жазушының басты мақсаты.

Автор үйреншікті дағдыдағы жиналыс өткізу, соның үстінде қоғам мүшелеріне өз пікірін білдіру сияқты сюжеттік желілері көбейін кеткен тұста оқиғаны басқаша тың, оқыс ситуация негізінде ұйымдастырған. Үш түп помидордың өсін тұрғанын алғаш байқаған, қазір аздап молдалықпен айналыса бастаған бұрынғы парторг Ештен еді. Ештеннің бұрынғы қызметі және бүгінгі «молдалығын» қатар айтқан жазушы бұл екеуінің арасы жер мен көктей екендігін көрсетеді. Парторг пен молда кеңес үкіметі тұсында мақсат-мүдделері бір-біріне кереғар адамдар болды. Ал әңгімеде Ештеннің бұл екеуімен де айналысқанын байқауға болады. Образдардың бүгінгі кәсіптерін жазушы толығымен берген. Себебі соның негізінде олардың түсініктері, өзіндік ой-пікірлері, бет-бейнелері көрінеді. Жұмыстың нағыз қызған шағында бәрінің үйінде жүргені мәселенің басын ашады.

Әңгімеде «Ол бүгін үйде, себебі, көрші колхоздағы жолдасы отын түсіріп алайын деген соң, алдыңғы күні тракторын соған берін жіберген», «Өзінің орнына бюллетенде жүрген күйеуін жібергендіктен ол да бүгін үйде демалып жатқан-ды», «Қазіргі еріккен жұрт сөз қылмас үшін ол түнде комбайн паркінің орнындағы ашық алаңға барып бір-екі рет мылтық атып қойып жүрген», «Мұғалім Әбдеш балалардың ортасына футбол добын тастады да, «екі сағат осылай ойнай беріңдер» деп жас әйелдің жанына жетуға асыққан» деген суреттемелерден-ақ елдегі еріншектік, жұмыстың жүріп жатпауы көрінеді. Бірін-бірі алдаған жұрт, оларды алдаған жоғары жақ сияқты өзін-өзі, өзімен қоса өзгені шырмаған қоғамның жүйедегі келеңсіз құбылыстар осылайша әңгіме тартысын ширықтыра түседі. Жазушы тартысты ұйымдастыруда диалогты шебер қолданған.

Диалог – дауда ой қайшылығы, әр түрлі көзқарастар қақтығысы, пікірлердің кереғарлығы кейіпкерлердің ұстанған өмірлік позициясына қарай өріс алып, ілгері дамиды. Жалпы диалогтың көркемдік тәсілі ретіндегі өзіндік маңызы туралы профессор Б.Майтанов былай дейді. «Терең психологизм дәлдігі, сенімділігі үшін монолог қандай роль атқарса, диалогтың да идеялық-көркемдік функциясы сондай үлкен. Адамның мінез қырларын, белгілі бір сәттердегі сезім-күйлерін тапқыр, әрі ұтымды қысқа да, мағыналы бейнелеуде диалог ерекше тәсіл» [3, б.103].

Әңгімеде помидор сортын анықтау үстіндегі дауда үндемей қалған кейіпкер жоқ. Олардың ой айтуы, бір-біріне деген көзқарасы тек әрқайсысының қызметіне байланысты. Бұлардың ішінде соңғы сөз Иппатшаның болуы қажет. Себебі ол звеновод жұртқа жалақыны сол жазады. Бұл әрине Иппатшаның ойы. Сатқындар, осыларға ғой мен табель толтырмасам баяғыда аштан өлер еді. Баяғыда! Жақсылықты білмейтін оңбағандар өңшең. «Көпшілік, көпшілік» деп әбден есіртін жіберді осыларды. Бұлардың қай жері көпшілік? Анау тұрған қалқан құлақ па, әлде төртінші класта үш жыл отырған миғұла мына мақұлық па, әлде түсте қарны тойса, кешкі асын ойламайтын анау шеттегі кеше ме? Бұларды бір жерге жиналғандықтан көпшілік деп атай беруге бола ма екен?» [2, б.448] деген Иппатшаның ызалы ойы көп жайдан хабар береді.

Көпшілік халық, бірақ оның ойынша өзі олардан жоғары. Көпшіліктің тағдыры өз қолында тұрғандай сезінеді. Тіпті звеноводтың помидордың сорты қандалалық деген таяз пікірі оның лауазымына қарай қабылдана бастайды. Бірақ Жаппарханның ондай ел атын естімедік дегені тартысты өрістетін жібереді. Осы сәтте жазушы ел ішінде лауазымын пайдаланып ойына келгенін істегісі келетін кейбір шолақ белсенділердің бейнесін Иппатша арқылы бір танытып өтеді. Білімінің таяздығы көрінін қалған сәтте звеновод мұғалім жігіттің жеке басына тиісе бастайды. Әрине, оның бұған ешқандай хұқығы жоқ. Тіпті оның жалақысын өсіруге өзінің сентігі тигенін де баса айтады. Дегенмен «бәрібір менің жалақыммен Канаданың арасында ешқандай байланыс жоқ... Болуы да мүмкін емес – мұғалім қояншық ұстағандай селкілдеп кетті» [2, б.448] және «Иә, Канада, Канада, қандала деген ел жоқ. Нағашы ағаңыз түгіл оған екеніз де бара алмайды. Тіпті сіз де бара алмайсыз, өйткені ондай ел жоқ. Амал қанша өмір заңы солай құрылған. – Жоқ нәрсеге бара алмайсыз ешқашан?» [2, б.449] деген үзінділердегі мұғалім жігіттің ойы терең.

Звеновод Иппатша сияқтылар қарапайым халықтың еңбегін бейбіт заманда сорып жатқан қандала емес пе. Халық жалақысы төккен маңдай теріне қатысты төленеді. Бірақ оның адам еңбегін бағалауы мүлдем басқаша. «Бар! Жалақының бәріне қатысы бар!» деп екіленін айтуы осы ойын көрсетеді. Оның аузына түскен қандалалық деген ел оның тар шеңбердегі өз «мекені». Осындай «мекен» оның

«тұрғындары» таралып кетпеуі қажет. Мұғалім жігіттің ызаға булығы түсуі ел ішінде әбден тамырын тереңге жайған бюрократизмге қарсы көрсетілген шарасыз іс сияқты. Әңгіме кейіпкерлерінің әр түрлі әлеуметтік топ өкілдері болып келуінің де өзіндік маңызы бар қоғамның әр түрлі саласындағы қордаланған проблемалар көтерілген.

Жазушының «Ескерткіш» әңгімесінде де қоғамда орын алып отырған келеңсіз, кесір құбылыстар өткір суреттелген. Бұл келеңсіздіктің ең бастысы «ел үшін еңбек етін жүргендердің» бірін-бірі алдап, халық еңбегі арқасында күн көріп, атақтары өскендеріне мәз болып жүрулері еді. Әрқайсысы өзінің жылы да жұмсақ қызмет орындарын сақтағысы келіп, бірінің алдында – бірі өтірік ақпаратты қардай боратқан олардың шын бейнесін жазушы реалистік шеберлікпен суреттеген.

Төменнен жоғарыға, жоғарыдан төменге сұдай аққан жалған ақпараттар халық еңбегін шайып тастап отырды. Орнатылмаған ескерткішті көрсетеміз деп әуре-сарсаңға түскен аудан басшысы Жанайдаров бейнесі аянышты. Тұла бойы тұнып тұрған көлгірсу, жағыну, бір күндігін ғана ойлаған өспейтін, тереңге бара алмайтын тар дүниетаным иесі. Елдің көсеғесін көгертетін осылар деп үлкен сенім артып отырған «тірі ескерткіштер» бейнесі бірінен соң бірі алдымыздан шығады. Әңгімеде тері илеушінің ескерткішін шет елдік қонақтардың келіп көруі қоғамда орын алып отырған келеңсіз, оспадар іс-әрекеттердің шет ел азаматтарының көзқарасы арқылы пайымдалып, сараланған. Ескерткішті көркем өнер туындысы деп бағалаған шетелдіктер санасы мен ескерткішті жоғары жақтың алдында өздерін бір көрсетіп тастау үшін пайдаланып қалғысы келіп жүрген басшылар санасы мүлдем қарама-қарсы, қабыспайды.

Тоқырау жылдарындағы қоғамдық жүйенің ерекшелігінің бірі халық үшін партия бәрін өздері шешіп қоятын еді. Әңгімеде Әштеннің сыртынан оны ескерткіш етіп қоймақ болады. Оның өзіндік ой-пікірі, көзқарасы сөз етілмейді. Тек оның сыртынан бәрін шешкен аудан басшыларының ойы көп айтылады. «Әштенді тұғырға қою керек пе, керек емес пе? Қоя қалған күнде шетелдік тері илеу шеберлерінің алдында ол жөтелін, немесе түшкіріп қалып жүрсе, одан арғы күніміз не болмақ? Деген сияқты толып жатқан сауалдарға тұс-тұстан әр түрлі жауаптар айтылған соң, аудан басшысы да ойланып қалды. Ақыры бұл мәселе дауысқа салынды. Сөйтіп бюронның шешімі бойынша Әштен бір сағат тұғырға өзі кеп тұратын болды» [2, б.464] деген сәттен осыны аңғаруға болады. Бұдан шығатын қорытынды қарапайым халық кеңес басшылары үшін тірі ойыншық тәрізді. Тіпті олар тірі адамдарды бір сәт ескерткішке де айналдырып жібереді. Ел ішінде індетше жайылған ішімдік кеселін өздерінің мақсаты үшін оңды-солды қолданып жатыр.

Диалог пен юмор элементтерін әдемі ұштастырып, шығарма формасын сәтті ұтымды табатын қаламгердің стилі де терең, арнайы назар аударуды қажет етеді.

Ал Д.Исабековтың «Социализм зәулімі» әңгімесі кешегі қызыл империяның кезіндегі бейбіт өмір сүріп отырып-ақ қасірет шеккен ұлт тағдырын арқау етеді. «Бақытты өмір сүріп жатырмыз» деп ұран салып жүріп, өздерімен бірге халықты көрсоқыр еткен шолақ белсенділердің іс-әрекеті өткір сынға алынған «Социализмнен коммунизмге қадам басайық» деген кеңестік принцип халыққа ауыр соққанын бүгінде бағамдап отырмыз. Жазушы кезекті саяси науқанның орындалу барысын суреттей отырып, халықтың қасіретін, харекет тірлігін бүркемелемей көрініске шығарған. Әңгімеде жазушы Пашат пен Сепентай бейнелерін сомдағанда басты нысанаға олардың іс-әрекетін алған. Олар ешнәрсеге басы ауырып, жаны күйзеліп ойлана бермейді. Тек бар білетіндері бұйрықты орындау. Істелінген іс-әрекеттің нәтижесі, салдары олар үшін ұлт-айырбастауға көнбейтін сатып-саудалауға келмейтін ұлы құндылық емес, ойыншық. Әңгімеге назар салсақ бұл жағдай былайша көрініс тапқан: «-Енді не істейміз? – деді Пашат күрсініп. Сепентай ұзақ ойланып отырды да: - Былай етсек қайтеді, – деді сыбырлап. – Тізім бойынша жетпей тұрған қазақтардың бірін пұшту, бірін шүршіт етін толтырсақ. Жұмыссыз жүрген қаңғыбастар көнбей қайда барады?»

Сепентай да істі көп сөз бермей өзіне керекті сегіз ұлтқа түрі келеді-ау деген сегіз қазақты ішке кіргізіп алды да, осылай да осылай, бізге мынадай ұлттың адамы керек, келіссендер қазір оформит етемін» деген соң басына қонғалы тұрған бақыттан айрылып қалғысы келмеген сегіз қазақ сегіз жерден жамырап қоя берді. – Ойбай, о не дегеніңіз, шүршіт болмақ түгілі шұбалшаң десеніз де ризамыз, одан неміз кетеді, – десті бәрі өзеуреп» [2, б.8].

Автордың жоғарыда сөз етілген «Ескерткіш» әңгімесіндегі адам баласын жанды қуыршақ ойыншыққа айналдырған «жоғары жақ», партия қайраткерлерінің іс-әрекеттері, бет-бейнелері бұл әңгімеде де алдымыздан шыға келеді. Сол Сепентай мен Пашат ең алдымен өздері біреудің жанды қуыршағына айналып отыр. Бес қабатты екі үйге бүтіндей бір елді қоныстандырып отырып, оның астынан су өткізетін

құбыр жібермеулері, екі үйдің бір-біріне қарап қисая бастауы күні жеткен қоғам бейнесін көрсетеді. Әңгімеде автор өзінің сөзі мен ісі арқылы ел азаматы ретінде көрінетін бірде-бір кейіпкер сомдамаған Сепентай мен Пашат қолдан жасалған коммунистік сана мен ірге тасы жоқ интернационалистік сананың жандайшаптары. Өзгеге түсіндірмек түгілі, өздері түсінбейтін саясатты жақтаушылар. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарындағы шолақ белсенділердің, шаш ал десе, бас алатын мандатты уәкілдерінің жанарған түрі осы Пашат пен Сепентай. Ұлт, ру, ұлттық сана деген меселелерге қолын бір сілтеген жандар өздерімен бірге қаншама жұртты ерікті-еріксіз идеология құрбанына айналдырғаны шындық. Көз алдындағыны көре алмайтын, көрсе де түсіне алмайтын көрсоқыр жергілікті басшылардың іс-әрекеттері қоғамдағы кесір құбылыстарды одан сайын өршітіп, ушықтырып жіберген еді.

Аталмыш кезеңдегі прозалық шығармалардан осындай ұраншыл адамдардың іс-әрекеттеріне, жергілікті басшылардың көрсоқырлығына қарсы шығатын көбінесе қарт адамдар екенін байқаймыз. Жоғарыда сөз етілген әңгімеде Мелдеш қарт көп көрінбесе де, ара тұра белең алып отырған келеңсіздікке қарсылық білдіреді. Ал Ә.Кекілбайдың «Есболай» әңгімесінде Есболай қарт бар іс-әрекетімен бұндай жағдайларға қарсы тұрады. Әңгіме оқиғасы Есболай қарттың кемпірімен арасындағы диалогқа, кейде кейінкердің монологына негізделген.

Қарт айналасында, көз алдында болып жатқан әділетсіздікті көріп, оған қарсы тұрғысы келеді. Ащы шындықты бетке айтады. Қанша дегенмен ол жалғыз. Сондықтан оның істеген іс-әрекеттері тәртінсіздік болып саналады. Сыртқа айтып түсіндіре алмаған ол үйіне келін кемпіріне айтады. Әсіресе қарттың: «Бұл қалай» дегенді теріс «ләббай» дегенді дұрыс көретін қай заманда да көрсоқырлардың ісі. Бұл айтса соны айтады. Естін отырған сөзді тергемей айтып отырған ауызды тергеу әуелден ақырға дейінгі барша қиянаттың басы. Бұл соны айтады» [4, б.225] деген ойы тереңде жатыр. Шындықты айтса қудаланып, ал оған көз жұма қараса қолпаштау көретін тіршіліктің заңына айналып бара жатқанын қарт сезініп түсінген. Ол бірақ бәрібір қорғалақтап отырған жоқ. Әңгіменің өн бойында күнделікті тіршілікте кездесін отырған келеңсіздікті жінке тізгендей етін айтып береді. Күнделікті күйбең тіршілікте көріп жүрген сорақы қылықтарға күйінген Есболай қарттың есіне Ораз марқұмның қайта-қайта оралуы тегін емес.

Әңгімедегі Дүйімбай бейнесі арқылы жазушы ақшаға құныққан, қолындағы қызметін тек тамыр-таныстың, туыс-жұрағаттың мүддесін ғана қорғауға айналдырып жібергендерді көрсеткен. «Елдің сілесіне қалған кісі құрып кететін болса, алдымен мына Дүйімбай құрысын, артынан біз екеуміз де көресінін көре жатармыз» [4, б.260] деген ой осыған дәлел. Жиынбай бейнесі де әңгімеде атына сай бар әділетсіздіктің жиынтығы іспеттес. Айналасында болып жатқан, ел ішінде орын алған сорақы қылықтарға көзін жұмып қарайды. «Әуелі ыңыранып отырып дүкендегі кешегі оқиғаны айтты. Көпшілік орнында тәртін бұзады, қызмет бабындағы адамға тіл тигізеді деді. Не үшін тіл тигізіпті, не деп тіл тигізіпті оны айтпады» [4, б.262] деген тұста осыны байқаймыз. Есболай қартты шындықты айтқаны үшін «заңға қарсы келдің» деп жазаламақ. Қарттың ашына айтқан сөздері атойлаған шындық екенін мойындауға Жиынбайлар қорқады. Сондықтан да олар оны тәртінсіздік деп өздерін өздері алдап күн кешуде.

Бұл диалог-монологтегі басты нысана-қоғам туғызған психологиялық-әлеуметтік құбылыстарды сынау, тығырыққа, тұйыққа тірелген кейіпкердің одан шығатын жол іздеп, аласұруы. Жалпы бұнда жарқын үміттен гөрі көлеңкелі күдік басым. Әрине ол үшін кейіпкерді емес, әділетсіздікке, адам еңбегін қанауға даңғыл жол ашқан қоғамдық құрылысты кінәлау керек. Әңгімедегі кейіпкер сөзі замана мен уақыт тынысынан мол мағлұмат береді. Тоқырау жылдар саясаты кей тұста адам өміріне азаптан басқа ешнәрсе алып келмегендігін ашық, айыптай суреттей отырып, қаламгер біраз шындықтың бетін ашады. Қоғам тіршілігі барлық көрінісімен адамдар арасындағы қарым-қатынас арқылы, солардың өмір-тағдыры арнасында ашылады.

Осы орайда Т.Нұрмағамбетовтың «Сушы» әңгімесіне тоқталуға болады. Әңгіменің негізгі оқиғасы Жаманқұл сушы төңірегінде өрбиді. Қолындағы аздаған билігін Жаманқұл кімнің пайдасына жаратарын білмей қалды. Халық мүддесіне қызмет етуге оның ой-өрісі жетпейді, сондықтан тек өзі үшін ғана қызмет қылады. Оқиғаны автор мына сәттен бастап өрбітеді: «Бұрынғыдай көл-көсір су жоқ. Сондықтан кезек әр үйге айына бір-ақ рет келеді екен деп, суды есіктерінің алдына жарқыратып жайып отыратын заман тағы жоқ. Су бір сағатқа беріледі. Сол бір сағатта суарсаң суардың, суармасаң қалдың. Міне тәртін! Жаңылмас үшін, дау-дамай болмас үшін міне сағат» – деген Жаманқұл сөзі оқырманға қатты тиеді.

Себебі табиғаттың тегін берін жатқан суын адамдар бір-бірінен қызғанып жатыр. Халықтың үйрек-қаздарын топырлатып сойғызып тастауы, су құятын ыдыстан жұрдай қылмақ болуы Жаманқұлдың астамшылдық мінезін байқатады. Ел ішіндегі шолақ белсендінің кейпін танытатын Жаманқұл

басшылардың қолшоқпары сияқты. Автор оның бейнесін бергенде мынадай портрет қолданған: «жан-жағына ішіп-жеп қарайды. Қабағы қалың, шүнірек көз адамның жай қарағанының өзі қандай сұсты десеніңші» [5, б.35] Жаманқұлдың билігіне бағынбай қарсылық білдірген Мұртташ деген жас тракторшы жігіт Мұртташтан соққы жеген Жаманқұл оны милицияға бермек ниетте болады. Бірақ ол райынан тез қайтады. Себебі дауды бірінші өзі бастаған болатын. Жаманқұл бейнесі біртіндеп сатиралық бейнеге ауысады. Жазушы шеберлігі Жаманқұл тұлғасын қызықты етін бере білуінде жатыр. Мұнда сушы міндетін атқарып жүрген адамның характерінің әрқилы жолмен қалыптасуын көреміз. Сушының бойындағы қиқарлық, бірбеткейлік, еңбекқорлық мінездерімен бірге мақтауды сүйетін, лепірін алатыны да бар. Жазушы бұл арасын жеңіл күлкімен суреттейді. Мысалы, Жаманқұлдың сөзін алайық: «...Ентелегенттермен бірге отырдым. Жаманқұлдың шалдардың арасында не бар? Ентелегенттермен бірге отырсын деп Мырзақеннің өзі ертін барды. Өңшең жақсы мен жайсаңдар бірге болдық. Мектептің директоры орталықтан келген глаунай зоотехник, глаунай бухгалтер. Құдай-ау тағы кімдер бар еді... әлгі... Жаман мұғалімдер бізге арақ құйып, сорпа тасып жүрді», [5,486] әйеліне айтып отырған осы әңгімеден оның мінезінің кей тұстары ашылады.

Сушылардың облыстық жарысына қатынасқан Жаманқұл 3-ші орынды иеленіп келеді. Бұл оны тіпті есіртін жібереді. Жалпы әңгіме Д. Исабековтың «Талахан-186», «Ескерткіш» әңгімелерімен үндес. Әлеуметтік мәселелерді, қоғамдағы келеңсіздікті көтерген. Тоқырау жылдарындағы «халық үшін қызмет етін жүрген» бірақ өз бастарынан аса алмай қалған басшылар олардың жандайшаптарының бейнелері аталмыш кезең прозасында осылайша суреттелген еді.

Қоғам бейнесін ондағы қарама-қайшылықтарды, толғақты мәселелерді ашып көрсетін, реті келгенде сынап, орайы келгенде ойып түсіріп суреттей білу қаламгерлер талантының қуаты еді. Расында да кешегі ұрандап жүріп, өздері қолдан тұрғызған кеңестік жүйе адам баласын неге қорлайды. Олардың басты міндеті қорғау емес пе еді? Алпауыт заман кімге жайлы, кімге жайсыз екенін өз шығармаларында кейде ашық, кейде астыртын, ишара-мегзеу арқылы жазушылар халыққа жеткізе білді. Қанды қырғынмен орнатылып, бүтіндей бір ұлттарды бодандықта ұстап отырған қызыл империяның ішкі құрылысы іріншірін қақырай бастағаны осы тұс еді. Тогышарлық белең алып, әлдінің әлсізді басуы, небір әділетсіздіктің көрініс тауып, бірінші орынға адам емес, қоғамдық меншік шыққан кезде шынында да бұл жүйеде адамдар емес белгілі бір техника тетіктері өмір сүруге тиіс болған еді. Өзінше ойлап, ой айтатын, пікір білдіретін, айналасына бағамдап, байыптап қарайтын терең көкірек иесіне өмір сүру қиынға соққан тұс осы кез еді.

Жалпы бұл әңгімелердің әлеуметтік жүгі ауыр. Әлеуметтік шындықты жазу – ол заманның рухани тынысын жеткізу, әлеуметтік проблемаларды көркемдік тұрғыдан зерттеу, қоғам өмірінің басты буындарына анализ-синтез жасау, үлкенді-кішілі қарекеттерімізге баға беру, кесім айту – жетістіктерді көрсете отырып, кесірлі кемшіліктердің себептерін ашу, болашаққа бағыт-бағдар сілтеу, қысқасы уақыттың типтік шындығының диалектикасын реалистік тұрғыдан жазу деген сөз. Көркемдік деңгейі, стильдік ізденістері әркелкі, әр бағыттағы бұл шығармалардың ортақ белгісі – бүгінгі заман, бүгінгі күн мәселесін көтергендігінде жатыр. Осы шығармалардың ішінде сөз болатын оқиғалар ағымы, өмір көріністері адамдар тағдыры да сол кезеңнің шындығынан туындап жатты.

1. Бөпежанова Ә. Қазіргі қазақ прозасы // *Парасат*, 1990, № 12.
2. Исабеков Д. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1993. – 464 б.
3. Майтанов Б. Қазақ прозасындағы замандас бейнесі. – Алматы: 1982. – 148 б.
4. Кекілбаев Ә. Құсқанаты. – Алматы: Жазушы, 1978. – 349 б.
5. Нұрмаганбетов Т. Ата қоныс. – Алматы, 1977. – 277 б.

Резюме

В статье рассматривается образ «времени застоя» в современных казахских рассказах. Писатели Д.Исабеков, А.Кекілбай, Т.Нурмаганбетов в своих рассказах показали реальное современное общество. Писатели изображали быт того времени через психологию, действия, монологи, диалоги. Применяя критический реализм, авторы показали бюрократические действия, неуважение к национальному самосознанию.

В рассказах Д.Исабекова «Социализм зәулімі», «Ескерткіш», «Талахан-186», А.Кекілбая «Есболай», Т.Нурмаганбетова «Сушы» параллельно применялись сатира и юмор. На основе этих приемов показано

отношение людей между собой и с обществом. В социалистическом строе были свои достижения и недостатки. Писатели в своих рассказах дали анализ данной проблеме с разных сторон. Социальные проблемы, нередко поднимающиеся в современном мире, писатели показали через общественной правды.

Ключевые слова: современная казахская проза, сатира, юмор, критический реализм, национальный интерес, социальные вопросы.

Summary

The article examines the image of “standstill time” in modern Kazakh stories. The writers D. Isabekov, A.Kekilbay, T. Nurmagambetov showed the genuine modern society in their works. They depicted everyday life of that time through psychology, actions, monologues and dialogues. With critical realism the authors represented bureaucratic actions, disrespect to national self-consciousness.

Satire was used together with humor in the stories “Социализмзәулімі”, “Ескерткіш”, “Талахан-186,” by D. Isabekov, “Есболай” by A. Kekilbay, “Сушы” by Nurmagambetov. People’s attitude to each other and to society itself is shown on the base of these examples. The writers made the analysis of this problem from different points of view in their stories. Social problems, arising so often in modern society, are represented by the writers with the help of social true.

Keywords: modern Kazakh prose, satire, humor, critical realism, national interest, social issues.

УДК 821.512.122

ҚАЗАҚТЫҢ ӨТКІР ТІЛДІ АҚЫНЫ– КӨДЕК БАЙШЫҒАНҰЛЫ

Б.Ш. Қожекеева -

ҚазМемҚызПу Филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы

Түйіндеме: Бұл мақалада ХХ ғасырдың өткір тілді ақыны Көдек Байшығанұлы шығармашылығы мен өмірбаянынан деректер келтірілген. Ақынның өлеңдерінен өзі тартқан тағдыр тауқыметін, жүрін өткен өмір жолының бұралаңды кезеңдерін анық байқауға болады. Жастық шағы Ресей патшалық үкіметінің қазақ халқына тырнағын батырып, қанау мен талауға түсіріп, басын шырғалаңға салып тұрған кезіне тап келген ақын өлеңдері арқылы ел басына түскен ауыр күндердің тауқыметін түсіне, түйсіне отырып ащы запыранын төгеді. Ақынның өлеңдерінен өзі тартқан тағдыр тауқыметін, жүрін өткен өмір жолының бұралаңды кезеңдерін анық байқауға болатындығын өлеңдерінен үзінділер келтіре отырып талданады..

Сонымен қатар Көдек айтыскер ақын Әулиеата елінің айтулы ақын қызы Сейділда Тілекматқызымен үш жыл қатарынан айтысып, сонда да бірін-бірі еш жеңе алмағандығы туралы ел адамдары аңыз қылып айтып отырады. Әрине, ақынның ақын болып қалыптасуында оның өскен ортасының алар орны ерекше. Мақалада көршілес жатқан елдерден Сүйінбай мен Жамбыл, өз ауылынан ұстазы Албан Асан мен Құланаян Құлмамбеттің ақындық метебінің игі әсері тигендігі туралы айтылады.

Көдек ақын шығармаларынан 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс дүрбелеңі туралы біраз мәліметтерге көз жеткізуге болады.

Көдек ақын – жоқтау, дауыс айту өнерінің де шебері. Мақалада бұл турасында бірқатар деректер келтірілген.

Тірек сөздер: шешен, ділмар, сөзге жүйрік, тайпа, ру, ақын, ұлы жүз, терме, толғау, айтыс, нақыл сөздер, аңыз, бәйге, дастан, ащы сатира, уытты мысқыл, өткір ажуа, суырып салма ақын, төкпе жыр, жоқтау, дауыс айту, арнау.

Өз заманының айтулы ақыны, өткір тілді Көдек Байшығанұлы (1888-1937). Ол 1888 жылы Алматы облысының қазіргі Шөлкөде жайлауында дүниеге келген. Көдек ұлы жүздегі Албан елінің бір тайпасы айт руының Сүйіндік аталығынан тарайды. Сүйіндік деген кісі өз заманының тілге шешен, ділмар, сөзге жүйрік адамы болған. Ел арасында Сүйіндікке таңатын нақыл сөздер мен шешендік терме толғаулар да осының дәлелі болса керек. Осы Сүйіндік деп аталатын бір тайпа елге ақындық, шешендік өнер мықтап дарыған. Содан болар ел арасында «Сүйіндіктің сүйкемесінен сақта» деген нақыл тараған. Ата тегі осылай болғанда, Көдектің өз әкесі Байшыған да, атасы Маралбай да өлең сөзге жүйрік, айтыс ақындары болған. Жиын-тойларды жібермей айтыс бәйгесіне түсін отырады екен. Көдек ақынның өз әкесі Байшыған Әулиеата елінің айтулы ақын қызы Сейділда Тілекматқызымен үш жыл қатарынан айтысып, сонда да бірін-бірі еш жеңе алмағандығы туралы ел адамдары аңыз қылып айтып отырады. Әрине,

ақынның ақын болып қалыптасуында оның өскен ортасының алар орны ерекше. Бұл есептен ақын таршылық көрді деп айта алмаймыз. Көршілес жатқан елдерден Сүйінбай мен Жамбыл, өз ауылынан ұстазы Албан Асан мен Құланаян Құлмамбеттің ақындық метебінің игі әсері тигені талас тудырмайтын шындық.

Көдек ақын еңбектерін зерттеп зерделеуде ғалымдар Д.Мәсімхан [1], Т.Әлібек [2], қаламгерлер Т.Қаупынбайұлы [3], Н.Әбдібеков [4], еңбектерінде біршама тың тұжырымдар ұсынылып, шығармалары ғылыми тұрғыдан сараланды. Көдек ақын анасынан туа салып айрылып, жетім қалған кезде әжесі Мәзина бауырына басады. Мәзина Дулат руының Жаныс тайпасының қызы, өзінің көрінкелдігімен қатар әулиелігі де бар, қадір-қасиеті асқан мейірімді-шапағатты адам екен. Келіні Көдекке аяғы ауырлаған кезден бастап-ақ, шалы Маралбайға: «Келінің ұл табады, сенің атағыңды шығаратын ұл сол болады» – деген екен. Көдек Байшығанұлы 1888 жылы Жетісу өңіріндегі Шөлкөдеде дүниеге келген. Жоқшылық пен таршылықтың азабын жас кезінен бастап тартқан Көдектің ақындық өнері ерте танылады. Он жасқа толар толмастан өз бетінше ізденіп хат таниды. Ол кезде терең оқуды алыстан іздейтін болғандықтан ата-анасы Көдекті қастарынан жібермей, көздерінен таса еткісі келмейді де осы алған біліміне қанағат тұтуды жөн көреді. Себебі, әрі қарайғы оқуды ол кезде Әулиеата медресесінде жалғастыруға тура келетін. Атасы Маралбай Көдекті жанына ертіп жүріп, ел ішіндегі өнерлі, өрісті ортаға бейімдей бастайды. Жастайынан әкесі Байшыған, атасы Маралбай шаңырағынан естіген ғашықтық, батырлық дастандарды, қиссаларды қару етіп алған бала Көдек 10-12 жастан өлең жазуға әуестене бастайды. Өмірде болып жатқан әртүрлі жайттар мен келенсіздіктерді өткір де улы тілімен түйрейді. Ақынның өлеңдерінен өзі тартқан тағдыр тауқыметін, жүріп өткен өмір жолының бұралаңды кезеңдерін анық байқауға болады. Ол өмір сүрген уақыт Ресей отаршылдығынан халықтың еңсесі түсіп, қиын-қыспақ өмірді бастан кешіріп тұрған кезеңі еді. Жастық шағы Ресей патшалық үкіметінің қазақ халқына тырнағын батырып, қанау мен талауға түсіріп, басын шырғаланға салып тұрған кезіне тап келген ақын өлеңдері арқылы ел басына түскен ауыр күндердің тауқыметін түсіне, түйсіне отырып ащы запыранын төгеді. Өз бетімен хат таныған ақынның өлеңді қолма-қол жазып тастауға келгенде алдына жан салмайтынын оны көрген, дәмдес-тұздас болған адамдар әркез айтып отырады. Оның көзін көрген қариялар К.Байшығанұлының Жетісу жерін, Шыңжан өлкесін көп аралағанын, мұның өзі деректі оқиғаларды көп білуіне әсер еткенін де әңгімелеп отырады. Көдек ақынның өлеңдері ащы сатираға құрылған, оның уытты мысқыл мен ажуаға толы өлеңдері осының дәлелі. Мысалы: «Сасан би ауылына» деген өлеңінде ол сырты жылтырауық, іші қалтырауық байдың образын былайша көркем бейнелейді:

Шынжыры жеті атадан үзілмеген,
Шұбар төс үлкен есек шомбалың жүр.
Халайық! Құм сірке, бит болам десең,
Сасанның ауылына бардағы жүр [5,Б. 179].

Би-болыстың сараңдығы мен ел билеудегі теріс іс-әрекеттері уытты тілмен әшкерелеу XIX ғасыр әдебиетіне тән қасиеттердің бірі десек, бұл тақырыптан Көдек ақын да айналып өтпегендігін көреміз. Оның «Бір болысқа» деген өлеңінде де болыстың сараңдығы өткір сыналады:

Болыстың бөркі жақсы шашақтаған,
Атыма шөбі тұрып қашақ салған.
Берді ғой бидай майлап қонақасыға,
Бола ма бұдан артық аш аттанған [5,Б. 128].

Патшашыл өктемдік пен озбырлықтың қылбұрауы Албан Асан, Бөлтірік Атыханұлы, Мейірман сынды ақындармен қатар Көдек ақынды да бей-жай қалдырмады. Көдек ақын шығармаларынан 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс дүрбелені туралы біраз мәліметтерге көз жеткізуге болады. Ол ақынның «1916 жыл», «Албан туралы» деген толғауларынан анық көрінеді:

Жаралып неше түрлі ғылым кепті,
Бөлініп өз табына ру кетті.
Жуандар нашарларды нандай жаншып,

Біреудің біреу алдап пұлын жепті.
Түк көрмеген қазақтан салдат сұрап
Ұлықтан әділетсіз зұлым жетті [5,Б. 80].

Саурық батырдың баласы Ұзақ батыр, Жәменке, Серікбай бастаған Қарқара көтерілісінің жуан ортасында жүреді. Олар туралы Көдек ақын сөзінде: «Серікбай, Ұзақтарды орыс атып, Не боздақ ел ішінде ұлық кетті», – деп тарихи оқиғаны термелеп жырлайды.

Көтеріліс күшпен басылып, оған қатысушылар қудалана бастаған мезетте үріккен елмен бірге қытай еліне асып кетеді. Онда барған елдің жетісін отырғаны шамалы еді, босқын жұртты қытай мен қалмақ әрі жығып, бері жығып берекесін қашырады. Осы кезде «елде патша құлап, кеңес үкіметі орнапты», «патшаға қарсы оқ атқандарды қолдайды екен» деген сөз тарайды да, Көдек ақын елге қарай қайта өтеді. Бұл жағдай ақынның өлеңдерінен де анық байқалады:

Ары өткен шекарадан ағайынға,
Басына малдан озып шығын жетті.
Қытайдың қол астына үрікпей қалған,
Тым онша біз сияқты бүлінбепті [5, Б. 80].

1919 жылы Әскерге шақырылады да, сол жолда қырғыз жерін аралап, Қазақстанның Оңтүстік өңірін көктей өтіп Ферғана, Бұқара секілді қалалардың дәмін татқандығын жырға қосады. Оның «Сағыныш толғауы» деген толғауы осы сапар іздерінен мол мағұлмат берер дүние. Оның өзі сол жылдар кезеңінің ащы шындықтарының ақиқат суреті болатын:

Бір алла, өзің сақта қарыбыңды,
Дүние жаман көрдім қалыбыңды.
Құдайға бір мал айтып сояр едім,
Текесті, көрсем аман аға-інімді.

Жайымды өзім айтсам Албан едім,
Солдатқа былтыр күзде алған еді [6,Б. 194].

«Албан туралы» толғауының қашан туғаны белгісіз. Ақынның өмірбаяндық деректеріне сүйенсек, 1921-1924 жылдарда Көдек ең әуелі Тұзкөл болыстық комитет төрағасының орынбасары, кейін Сүмбенің ауыл кеңесінің төрағасы қызметтерін атқарған. Ақын бар жанын салып кеңес үкіметіне қызмет қылғанымен, өткен өміріндегі отаршыл орыс мемлекетіне қарсы шыққан сөздері еске алынып, орыстың шовинистік пиғылы Көдек ақынды мұнда тұрақтатпауға айналады. «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген ұранды жалаулатқан Голощекин ғеноциді 1929 жылы шекаралық аудандардағы қазақтардың Қытай асып қашуын тудырды. Ал ақынның кейінгі өмірі Қытай жерінде, Аттың тауында (Қобы) өткен. Ол жайында ақын:

Бұл жаққа жанымды алып өтіп кеттім,
Орыстың ілінген соң жаласына-ай.
Ойладым аманымда кетейін деп,
Тура келмей тұрғанда жазасына –ай
Шошаңдап ақырында қашып тындық,
Мал-жанды қарақшыға тонатып-ай
Келдік те Аттауында тұрып қалдық,
Не күй бар жайлы қоныс шолатындай [7,Б.153-154]

– деген өлеңінде анық байқатады. Осында 1937 жылы 49 жасында жарық дүниемен қоштасқан. Суырып салма ақын, төкпе жырдың шебері Көдек ақын – жоқтау, дауыс айту өнерінің де шебері. 1927 жылдың жазында қайтыс болған Сімтік болысқа Ақбейіт деген жерде жұрттың ең алдымен дауыс салып келген адам Көдек ақын екен. Дауыс айтатын қыз-келіншектерге жақсы адамның қасиеттерін тізбелей,

ұйқасты өлең жолдарын шығарып беруде ол алдына жан салмайды екен. Оның осы қасиетіне риза болған қалың жұрт Көдекке Сімтіктің сұлулап сәнге мінетін бөрте атын жабулап мінгізеді. «Бір жалқы жігітке шығарылған дауыс» деген жоқтау өлеңі де осының мысалы. Оны ақын жігіттің анасының атынан келтіреді.

Жер таянып әкесі,
Тұрады әрең орнынан.
Өзге – өтірік, өлім – шын,
Сыртынан бағып шолыған.
Аман пенде бар ма екен,
Қазаның жайған торынан [6, Б.315].

Ал отыз төрт жасында дүниеден өткен құрдасы Әшімбайға арнаған жоқтауын Нүсіпбек Әшімбайұлы қария жатқа айтады. Сонымен қатар Көдек ақын арнау өлеңдер мен дүниеден қайтқан игі жақсыларды дәріптеуде алдына жан салмайды екен. Бізге белгілісі Діқанбайға, Сұраншыға, Оразбайға, Қасымға, Әтейбекке, Тұңғатар қажыға, Сәрсенбайға, Мысаны жоқтау деген өлеңдері. Көдек ақынның нысанасына ілігін жүрген жоқтауларының тағы бір басты тақырыбы – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінде қаза болған боздақтарды жоқтап жазған өлеңдері. Ақынның жүзден аса жоқтау жазғанын ескерсек, оның жоқтау жыры үлгісін дамытқандығына шек қоймасaq керек. «Қазақ поэзиясының антологиясында» Көдек ақынның біршама өлеңдері берілген. Олар: «Қолыма хат жазамын қалам алып», «Көргенді баяндайын өлеңменен», «Бір болысқа», «Қалайы қасық», «Хат жазған ақ қағазға қаламұшым», «Мұғалімдерге», «Бір қыздың даусы». Ақын шығармалары Қытай ғалымдары мен зерттеушілері тарапынан да біраз зерттелін, зерделенді. Ол туралы қалам тербеп, өз зерттеу нысанасы етін алып жүрген ғалым Д.Мәсімхан еңбектерінде Қытайда Т.Қабай, А.Кірішбаев, Б.Әділхан сынды қазақ ғалымдарымен қоса, Су-Бейхай, Ма-Суелияң секілді ұлты қытай ғалымдар да ақын шығармалары туралы өз еңбектерінде арнайы да, басқа мәселе орайында да жиі тоқталып жүргендігі айтылады.

Көдек өлеңдерінің інінен «1916-1920 жылдарда бірінші империалистік соғысқа барып, басынан кешкендерін жазған өлеңдері және 1933 жылы Қытайдан қашқанда айтқан өлеңі», «Көдектің қайнына барғандағы өлеңі», «Сасан аулына барғандағы өлеңі», «1930 жылы Албан руының мансаптыларынан ерулік сұраған өлеңі», «1919 жылы Өзқарай Шәрінке солдатқа барғандағы өлеңі» [8] сынды туындылары Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында сақтаулы.

1. Мәсімханұлы Д. Қытай қазақтары поэзиясындағы ұлт-азаттық идея (XX ғасырдың 20-50 жылдары): фил. ғыл. канд. ...дисс. – Алматы: 1999. – 152 б.
2. Әлібек Т. Құланаян Құлмамбеттің ақындық мұрасы: фил. ғыл. канд. ...дисс. – Алматы, 2002. – 157б.
3. Қауыпбаев Т. Бабалар аманаты. Тарихи-эсселер, аңыздар, очерктер. – Алматы: Жалын, 1995. – 256 б.
4. Байшығанұлы К. Қайтейін жалған дүние...өлеңдер, толғау, дастандар, жоқтау-дауыстар. Құрастырған: Әбдібеков Н. – Алматы: Тоғанай Т, 2008. – 336 б.
5. Орталық ғылыми кітапхана. Көдек сөзінен. 1013 папка. 1-дәптер.
6. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қоры. Көдек ақын шығармалары. 340 бума, 3-дәптер.
7. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қоры. Ақын Маралбаев Көдек. 340 папка, 2-дәптер.
8. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қоры. Көдек Байшығанұлы Маралбаев өлеңдері. 901 папка. 4-дәптер.

Аннотация: В этой статье рассматривается жизнь и творчество казахского поэта XX века Кодека Байшығанұлы. Его творчество как анкета, где ярко отражена вся жизнь поэта, по нему можно точно определить его пройденный, тернистый, жизненный путь. Главный лейтмотив поэзии поэта – свобода родного народа, бунтарский дух стремящиеся к свободе. Жизненное кредо и поэтическая сила акына всесторонне раскрыта при художественном анализе его стихов.

К тому же Кодек – поэт-импровизатор, участвовавший во многих айтысах. Среди народа распространена такая легенда, где он три года подряд состязался с известной мастерицей слова Сейдилла

Тлекматкызы из Аулие-аты и при этом никто из них так и не мог победить другого. В становлении и развитии творчества Кодека, как поэта-импровизатора немалаважную роль сыграла его жизненная среда. Поэтому в статье особо ставится акцент на глубокое влияние поэта поэтической школы таких видных народных поэтов, как Суйнбай, Жамбыл, Албан Асан и Кулмамбет.

Немало произведения Кодека посвящены национально-освободительному восстанию 1916 года.

Кодек акын – мастер таких жанров, как жоктау и плач. В статье тоже немало говорится об этой грани поэта.

Ключевые слова: оратор, сказитель, красноречив, клан, род, старший Жуз, терме, толғау, айтыс, слова назидания, легенда, байга, дастан, острая сатира, ирония, сарказм, поэт-импровизатор, жыр, жоктау, плач, посвящение.

Annotation: This article deals with the life and work Kazakh poet XX century CodecBayshyganuly. His work as a profile where bright reflected entire life of the poet, on it you can pinpoint it passed, thorny way of life. Leytmativ poetry poet freedom of the native people, the rebellious spirit of striving for freedom. Credo poetic power akyna comprehensively revealed with artistic analysis of his poems. Besides Codec poet improviser in many aitys. Among the people rassprostranena such a legend, where he competed in three consecutive years with the famous skilled worker gear Seydilla Tlekmatkyzy of Aulie Ata and thus nobodys and they could not win another. The development of creativity in the development of Codecs as poet-impravizator nemolavazhnuyu role played by his living environment. article therefore particularly emphasize a profound impact poet poetic school prominent folk poets such as Suynbay, Zhambyl Alban Asan and Kulmamabet. Many works dedicated Codec national liberation uprising of the 1916 year. Codec poet - the master of such genres as zhoktau and crying. The article also says a lot about this facet of the poet.

Key words: speaker, storyteller, eloquent, clan, family, senior Juz, terme, tolgau, aitys, edifying words, legend, bayga, epos, sharp satire, irony, sarcasm, poet-improviser, zhyr, zhoktau, crying, dedication.

УДК 82.091 (574)

СИМВОЛИЗМ АҒЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

Э.С. Құрманғожаева -

Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті

Түйіндеме: Әдебиет әлемінде бағыттар мен көркемдік әдіс мәселелері ерекше орын алады. Жаһандық әдебиет тарихында көркемдік сананың даму тәжірибесі әр кезеңдегі тарихи-әлеуметтік құбылыстарға лайық түрлі әдеби әдістерді, ағым-бағыттарды тудырды. Өнер - өмірдің шынайы қалпын, объективті болмысын бейнелеу. Көркемөнер тәжірибесінің ұзақ ғасырлар бойғы даму тарихында суреткерлердің өмірді қаз-қалпында, шынайы бейнелеуге талпынуы өнердің табиғатынан туындайды. Көркемдік шындық жасау талабы қай уақытта да көркемдік әдістер мен бағыттарға арқау болған. Олардың әрқайсысы өнерде өз принципін ұстанып, өмір шындығын шыншылдықпен суреттеу мақсатында (тек әр дәуірде «шынайы болмыс» ұғымдарының мағынасы түрліше болды) күресін келді. Көркем әдебиет пен өнердің бүкіл даму тарихында әр дәуірде әр түрлі нақтылы сипат алып, үнемі бой көрсетін келе жатқан негізгі көркемдік әдіс – символизм деуге болады».

Кілт сөздер: әдеби бағыт пен ағым, әдеби үрдіс, стиль, реализм, романтизм.

Символизм ХІХ ғасырдың 60-70 жылдарның 2 жартысында пайда болған әдеби көркем ағым. Ол әдебиетте индивидуализмді, мәдениетте еркіндікті, жатталған тұжырымды айқындайды. Сондай-ақ, оны 4 идеализм мен антинатурализмді де айғақтайтыны анық. Символистердің барынша ұнатып ден қойған тақырыптары – махаббат, өлім, қайғы-қасірет, қандайда бір тосын оқиғаларды күту, т.т.

Бұл ағымның эстетикалық негізін құрған батыс оқымыстылары – А. Рембо, С. Малларме, П. Варлен, К. Гамсун, М. Метерлинк, Э. Верхарн, О. Уайльд, Г. Ибсен, Р. Рильке және т.б. болды. Сондай-ақ, символизм Батыс Еуропаның Бельгия, Германия, Норвегия сияқты елдеріне кеңінен таралды. Символизмнің эстетикасы «ішкі көрініске», рух әлеміне көңіл аударады. Символистік концепция негізіне әлемдік құбылыс тек болмашы ғана бейнеленген шынайы заттар көрінісінің, шындық өмірдің барлығы

арқау болған. Мұнда өнер рухани таным мен әлемдік жанғыру ретінде қарастырылады.

Символизм XIX ғасыр мен XX ғасыр аралығында орыс поэзиясына да ерекше құбылыс болып енді. Ол елдегі бүкіл ақындық әлем шығармашылығын қамтымаса да, өзінің сол кезеңдегі ерекше келбетімен айқындалды.

Демек символизм әдеби бағыт ретінде Еуропалық және орыс өнерінде 1870-1910 жылдары дамыды десек болады. 1886 жылы теоретик Ж.Мореастың «Символизм манифесінде» аталмыш бағыттың мәні анықталған болатын. Ж.Мореастың тұжырымдауында, ақиқат болмысты тікелей бейнелеу өмірдің мәнін тек үстіртін түсіндіреді. Тек символ-ишараның көмегімен ғана біз сезімдік дәрежеде «әлем құпиясына» бойлай аламыз. Символизм идеализммен, нақтылай айтқанда, жеке мүдденің сұраныстарымен және адамның рух бостандығымен, «өнер күйбең тірліктен жоғары» деген анықтамамен байланысты.

1881 жылы жарық көрген «Совет энциклопедиялық сөздігінде» символизм ағымына «символдың және сезімдік қабылдаудан тысқары жатқан идеялардың көмегімен көркем бейнелеуге негізделген ағым» деген анықтама берілген (сөздің астарына ерекше мән беріледі).

Әдебиеттану ғылымында «символизм» термині әр қилы мағынада қолданылып келеді. Көбінесе символизм еуропалық және орыс өнеріндегі бағыт ретінде айқындалады. Сонымен қатар, символизм кең мағынасында «дүниетаным» (А.Белый) немесе философиядағы, өнердегі және антикалық мәдениеттің белгілі бір кезеңінде жазылған шығармалардың өзіндік сипатын айқындайтын «өмірлік тәжірибе» ретінде де түсіндіріледі.

Әдебиеттанушы Е.В.Ермилова орыс символизмінің теориясына байланысты өз тұжырымын ұсына келіп, былай деп жазады: «Символизм алғашында «декаденттік», «импрессионистік», «субъективистік», «иллюзионистік символизм» тәрізді бағыттардың орнын басқан әдеби бағыт болғысы келмеді. Символизм тек әдеби мәселелерді ғана емес, дүниетанымдық мәселелерді де шешуге ұмтылды» [1,58с.].

А.Белый, Вяч.Иванов, Вл.Соловьев тәрізді теоретик-символистер де символизмді осылайша түсінді. Символизмді белгілі бір дәуірдегі философиялық ойдың жалпы мәселелерімен тығыз бірлікте қарастырудың қажеттілігі орасан зор, себебі сонда ғана символизмді – «дүниетаным» ретінде қабылдауға болады. Е.В.Ермилованың айтуынша, «реалды» символдың концепциясын тұжырымдаған Вяч.Ивановтың ойы өз жалғасын П.Флоренский, С.Булгаков шығармаларынан тапқан, ал негізгі бастауын Вл.Соловьевтің «Софияның күйбең тірлікпен, ақиқат болмыспен қарым-қатынасы туралы» қағидасынан алады. Идеалды нәрседен қарапайымдылыққа, күнделікті күйбең тірлікке ұмтылу – платонизм деп аталған еді. А.Ф.Лосев платонизмді «соңғы сатыдағы символизм» деп қарастыра келіп, былай деп жазады: «Білім мен сезімнің, идея мен болмыстың, осыдан келіп білім мен сезімнің және идея мен болмыстың бірігу проблемасы – негізінен символизмнің проблемасы болып табылады. «Геэтет», «Менон» және «Пир» шығармаларында символизмнің трансценденталдық эволюциясы анық байқалады» [2,90с.].

Е.В.Ермилова Вяч.Ивановтың символ туралы ой-тұжырымына (ол өз кезегінде Вл.Соловьевтің София туралы қағидасына сүйенген) иек сүйей отырып, символизмдегі тірек сөзге мынадай анықтама береді: «Символ – бір жағынан, өмір құбылысының нақты, материалдық мәнін, екінші жағынан, идеалдық мәнін бейнелейтін образ».

Ғалымның ойынша, тек осындай «кең мағынадағы» символ ғана символизмнің алдына қойған міндетіне – теургияға, ақиқат болмыстың идеалды талаптарына жауап бере алады.

А.Белый өзінің «Символизм как миропонимание» атты еңбегінде XX ғасыр басындағы орыс әдебиетінің сипаты туралы айта келіп, символизмнің дүниетаным ретіндегі мағынасына тоқталады. Символизмді бұлайша түсіндіру ғасырлар тоғысындағы уақыт ерекшеліктеріне байланысты болып келеді. Символизмді – дүниетаным ретінде анықтаудың негізінде адам өмірінің мәнін экзистенциалдық тұрғыдан түсіну жатыр. А.Белый былай деп жазады: «Кез-келген символист суреткер шығармашылығының алғы шарты – оның ғасырлар тоғысындағы адамзаттың тығырыққа тірелуін, іс пен сөздің, сана мен түйсіктің арасында жер мен көктей айырмашылық бар екенін сезінуі» [3,66с.].

XX ғасыр басындағы белгілі ойшыл Карл Ясперстің идеясы бойынша халықтар арасында тектік емес, рухани байланыс бар. Нағыз рухани өмір тек «өмір мен өлім белдескен шекаралық жағдайлар» кезінде ғана басталады, тек осы уақытта ғана адамдар арасындағы қарым-қатынас экзистенциалдық деңгейге көтеріледі.

Экзистенциалдық философия идеялық ағым ретінде XX ғасырдағы философияға ғана емес, пессимистік көңіл-күйге негізделген әдебиетке де тән болды. Экзистенциалистердің көркем

шығармаларындағы символдар көбінесе адам болмысының мәнін эмоционалды түрде жеткізуге қызмет етті. Адам болмысының негізгі категориялары – жатсыну, қорқыныш, үрей, өлім т.б.

Орыс символизмі экзистенциалдық дүниетанымға сүйене отырып, мағыналық басымдылық ретінде трансцендентті (тәжірибеден тыс жатқан, ақыл-санамен түсініп білуге болмайды дейтін идеалистік философиядағы ағым) түсіндіруді көрсетеді. Орыс экзистенциализмі (Н.Бердяев, Л.Шестов, С.Франк) бойынша адам – бұл метафизикалық мән, себебі адамды адам ететін нәрсені эмпирикалық (тәжірибеге негізделген) тұрғыда түсінуге болмайды, ол - эмпирикалыққа трансцендентті. Н.Бердяевтің пікірінше, бұл трансценденттілік біздің өмір сүруімізге жағдай жасайды, біздің табиғи болмысымызға және рухани дүниемізге ауадай қажет нәрсе. Егер трансценденттілік болмаса, онда тұла да болмайды. Бұл - өнерде бағыт ретінде танылған символизмге анықтама берудегі негізгі ұғым. Бұл анықтама бойынша символ көп мағыналы, астарлы образ ретінде сезімдік қабылдаудан тысқары идеяларды көркем бейнелейді. Символизм «жасырын ақиқатты», «өмірдің шын мәнін» түсінуге, «теңдесі жоқ сұлулыққа» қол жеткізуге ұмтылады.

Осындай «жасырын ақиқатты», «өмірдің шын мәнін» түсінуге «кіші» символистер (Блок, Белый, Вяч.Иванов) құштар болды, олар әлеуметтік төңкерісті (революцияны) нағыз трансцендентті «Рух төңкерісіне» апарар саты деп қабылдады (А.Белый). В.А.Келдыш жазғандай, «айналада болып жатқан өзгерістерді жүрегімен сезінген символистерде жан толқуы жыр жолдарымен берілді. Бұл толқу сол кезеңдегі аласапыран уақыттың өзіндік ерекшеліктеріне (тығырыққа тірелген халықтың басын тауға да, тасқа да соғып абдырауы) байланысты туындаған еді»[4, 86с.].

Осылайша, экзистенциализм адамның рухани дүниесін, жан әлемін терең түсінуге мүмкіндік береді. К.Ясперс көрсеткендей, адамзат тарихын көркем бейнелейтін өнердің негізінде рухани факторлар, атап айтқанда, экзистенциалды өмірмен, яғни мағыналық басымдылық – трансцендентті түсіндірумен тығыз байланысты факторлар жатады.

К.Ясперс бір кездегі Н.Бердяев, А.Ф.Лосев, С.Цвейг және т.б. тәрізді адамның рухани әлемінің трансценденттілігін мойындайды. К.Ясперс философиялық сенім ұғымын енгізді, бұл ұғым бойынша ақиқат туралы білімнің өзі білместіктен пайда болған. Осы ақиқат – философиялық сенімнің нысаны. Ясперс үшін білместік – адам ақыл-ойының дәрменсіздігінің субъективтік көрсеткіші ғана емес, сондай-ақ, болмыс-трансценденцияның ерекше формасының объективтік куәгері де. Білместік – бұл миф, өмір туралы мифологиялық түсінік.

А.Ф.Лосевтің тұжырымдамасы бойынша біздің өміріміз символдарға толы. «Символдың көмегімен біз трансценденттілікпен, нағыз ақиқатпен қауышамыз. Бұл нағыз ақиқат символда, сонымен бірге біздің сезіміміздің сыртқа шығуына жол ашатын экзистенция да жоғалып кетеді». Лосевтің айтуынша, өнер өзінен-өзі белгілі бір дәрежеде символикалық болуы керек. Бірақ ақиқат болмыспен салыстырғанда ол астарлы. Ал өмірдің өзі символикалық мәнге ие, «себебі біз өмірде кім болсақ, солай өмір сүреміз». Лосев нікірі бойынша миф пен символ бір-бірімен тепе-тең.[2, 567с.].

XIX ғасырда мифке деген ерекше қызығушылық болды. Бұл ғасырда мифологияны игерудегі өзіндік ерекшеліктерді де байқаймыз: бұл кезеңде мифтің құрылымдық қызметінің өзгергеніне куә боламыз: миф не құрылымдық мәнге ие (миф – көркем баяндаудың ең басты және жалғыз тәсілі, мифологиялық «хронотопка» негізделген элем моделін қалыптастырады) немесе мифтің қызметі факультативтік деңгейде ғана көрінеді (миф мәтіннің белгілі бір деңгейін ғана қамтиды). Дегенмен, романтиктер мифологиямен символистер мифологиясының арасында елеулі айырмашылық бар дейді. Е.М.Мелетинскийдің ескертуінше, романтиктер өз шығармашылығында «дәстүрлі мифологияны» пайдаланса, символистер мифологияны шығармашылықпен игерді, атап айтқанда, мифті саналы түрде дәстүрден тыс формада игеру өзіндік поэтикалық шығармашылықтың пайда болуына түрткі болды.

Ежелгі миф пен қазіргі мифтің арасындағы айырмашылық туралы Д.Е.Максимов былай деп жазады: «Көркем миф ежелгі мифке қарағанда тарихи мазмұнға толы, ол өз кезегінде ежелгі мифке тән болып келетін космозммен, эмбебап антропологизммен, кей жағдайда архаизммен де қабысып жатады. Бірақ жана мифтер де, ежелгі мифтер де бірдей дәрежеде беймәлім, ретсіз құбылыстарды белгілі бір тәртіпке бағындыруға, өмір мәнін түсіндіруге ұмтылады»[5, 190с.].

Г.П.Козубовская өзінің «А.Фет поэзиясы және мифология» деген монографиясында өзгеріске түсудің нәтижесінде пайда болған мифологиялық шығармашылық XIX ғасыр поэзиясына тән болып келеді дейді.

Д.В.Затонскийдің «Модернистік мифтер және шындық болмыс» атты еңбегі де өзіндік ерекшелігімен назар аудартады. Бұл жұмыста XX ғасырдағы батыс модернизміндегі мифтік шығармашылық туралы

айтылады. Енбек авторының зерттеу нысанына деген біржақты көзқарасына қарамастан, жұмыста ХХ ғасырдағы өнердегі мифтің рөліне қатысты қызғылықты деректер молынан берілген.

Батыс әдебиетінің мифті адам болмысын ашудың негізгі құралы ретінде қарастыруы көптеген кеңес ғалымдарын қанағаттандырмады, себебі кеңес оқымыстыларының зерттеу еңбектері маркстік-лениндік әдіснамаға негізделген еді. Затонский батыс суреткерлерінің шығармашылық көзқарастарының тайыздығын дәлелдеу мақсатында Роже Гародидің ХХ ғасырдағы мифтік шығармашылықтың экзистенциалдық сипатын ашып көрсеткен «О реализме без берегов» атты кітабынан мынандай пікір келтіреді. «Ғылым мен техника дамыған заманда адам өзінің техникалық мүмкіндіктерін толығынан пайдаланған сайын оның табиғаттың беймәлім сырынан, дүлей күшінен қорқу сезімі жоғала бастайды. Енді адам өзі қолдан жасаған элеуметтік катаклизмдерден, оның өлім себетін күшінің алдында дәрменсіз, шарасыз халге душар болады. Бұл – кедейлік, тұйыққа тірелу, соғыс және т.б.»[6,7с.].

Д.В.Затонский батыс зерттеушілерінің жұмыстарын қарастыра келін, «ХІХ ғасырда адамның өмірді субъективтік тұрғыдан қабылдауының негізінде мағынасыздыққа, бейберекетке толы экзистенциалдық сезіну жатады, ал бұл өз кезегінде сана, дұрысырақ айтсақ, түйсік болып табылады» деген тоқтамға келеді. Батыс зерттеушілерінің мифке қатысты тәжірибелерін сараптан өткізе келе, Затонский былай деп жазады: «Олар әлемнің сызбасын, моделін, түптеп келгенде әлемнің моделін емес, өздерінің өмірді субъективтік түрде қабылдауының моделін жасайды. Олар өмірге бейберекет, сана-ақылмен түсінуге болмайтын болмыс ретінде қарайды. Сондықтан олар өмірдің осы тектес моделін жасайды. Осы бейберекетсіздікте өзінің ақылға симайтын ережелері, заңдары бар, олар қоршаған ортаның ақиқат болмысына емес, миф жасаушы сананың өз ерекшеліктеріне негізделген»[6,15с.].

Өмірді бұлайша қабылдау ХХ ғасыр басындағы Ресей әдебиеті мен мәдениетінде де көрініс тапқан. Мәселен, Андрей Белый «Символизм как миропонимание» («Символизм дүниетаным ретінде») атты мақаласында түбегейлі өзгерістерімен халықты толқытқан уақыттың экзистенциалдық мәнін былайша анықтайды: «Сол кезеңде сезім мен ақылдың арасында өткел бермес асу пайда болды. Түйсікпен ғана қабылданған, сананың астарында ұялаған қорқыныш енді сыртқа шықты, сөйтіп ақылмен қабылданды. Мәңгілік құндылықтардың, адамгершілік принциптерінің сақталмауы бей-жайлылыққа, қатығездікке алып келді. Шопенгауэр философиясына «жоққа шығару» белгілері тән болды. Осынысымен көптеген адамдардың назарын өзіне аудартты. Пессимизм етек алған сайын, қорқыныш пен күдікке, трагедияға толы болмысты қабылдау соғұрлым оңайырақ бола бастады. Болмыс шыны тәрізді өзінің ішкі мәнін көрсетті. Енді айналаны тек сырттай бақылау, әрекетсіздік белең алды. Өмір ағыны кері бұрылды»[3, 187с.].

А.Белый А.Ф.Лосев сияқты кез-келген өнер туындысын символикалық деп есептейді, себебі «символизм реализмді де, романтизмді де, тінті классицизмді де жоққа шығармайды. Ол (символизм) реализм, романтизм мен классицизм – үшеуі шығармашылықтың біртұтас принципінің үш түрлі қыры екенін дәлелдейді»[3,192с.].

А.Белыйдың тұжырымдамасы бойынша, өнердегі бұл қағиданы символистер жаңаша тұрғыдан ұсынған. ХІХ ғасыр әдебиетіндегі үш бағыт (реализм, романтизм және классицизм) өз «дамуының ең жоғарғы сатысында символизмге алып барады: мұнда адам мен адамзаттың тағдыры образдар түрінде беріледі». Бірақ Белыйдың айтуынша, символизм Бодлер, Ницше және Ибсен есімдерімен байланысты. «Соңғы екеуі символизмнен нәр алады; Бодлер әдіс-тәсілдері бойынша парияснадан, Ибсен реализмнен қол үзбейді; ал Ницше өмір бойы нағыз романтик болып өтті».

Белыйдың нікірінше, бұл тұлғалар әр қилы, дегенмен оларды ортақтастыратын «бір нәрсе» бар. Бұл - өмір мәнін түсінудегі ұқсастық емес, «ғасырлар тоғысында» шығармашылықпен айналысқан суреткерлердің «дүниетанымындағы ұқсастық». А.Белый былай деп жазады: «Үшеуі де (Бодлер, Ницше және Ибсен) адамзаттың тұйыққа тірелген жайын көрсетеді, үшеуі ымырасыздықты жақтайды. Бодлер жеке тұлғаның екіұдайы күй кешуін, санасының екіге қақ жарылуын суреттейді және образдар арқылы өлім және ескі өмірдің жойылу суретін салады. Ницше мен Ибсен жарқын болашаққа шақырады. Ницше болашақ адамның өмірге келерін сезеді және тек сезін қана қоймайды, идеалды, «толық» адамның образын береді, оған құдайдай сиынады». Бұл үш тұлға, Белыйдың ойынша, «сырттай бақылауға негізделген символизмді іс-әрекет символизміне айналдырды».

ХХ ғасыр басында бұл игі дәстүр өз жалғасын тапты. Төл әдебиетіміздің тарландары орыс ақын-жазушыларының тамаша шығармаларынан тыныс алып, таң қаларлық табыстарға жетті.

Әріге бармай, беріден тартсақ, өзіміз сөз етін отырған символизм ағымының әсерін орыс, батыс

эдебиеттерін терең біліп, таныған әрі аумалы төкпелі заманда өмір сүрген төл сөз өнеріміздің таланттары –М.Жұмабаев пен Б.Күлеев шығармашылығынан байқаймыз.

1. Ермилова Е.В. Теория и образный мир русского символизма. -М, 1989, с.3.
2. . Лосев А.Ф. Очерки античного символизма и мифологии. –М, Мысль, 1993.- 959с.
3. Белый А. Символизм как миропонимание. -М, Рес-ка, 1994. – 528с.
4. Келдыш В.А. Русский реализм начала XX века. - М, 1975. С.63.
5. Максимов Д.Е. О мифологическом начале в лирике А.Блока. -М, 1986, с.203.
6. Затонский Д.В. Модернистские мифы и действительность // Современные проблемы реализма и модернизма. - М, Наука, 1965.– 615 с.

Аннотация: В литературном мире вопросы направлений и художественных методов занимают особое место. В истории мировой литературы, благодаря опыту развития художественного сознания, были образованы различные литературные методы, течения и направления, соответствующие социально-историческим явлениям различных периодов. Искусство – это изображение реальной действительности, объективного бытия. В истории многовекового развития опыта художественного искусства стремление художников показать мир в его реальной действительности зарождается в природе самого искусства. Требование создания художественной действительности всегда являлось опорой художественных методов и направлений. Каждый из художников придерживаются своих принципов в искусстве, с целью изображения реальной действительности (только в разные периоды значение «реальной действительности» имеет свои оттенки) постоянно борется. Если придерживаться этого мнения, можно назвать художественных метода, которые в истории развития художественной литературы и искусства в разные периоды описывались по-разному, это символизм».

Ключевые слова: литературные направления и течения, литературный процесс, стиль, реализм, романтизм.

Abstract: In the literary world issues and artistic trends methods occupy a special place. In the history of world literature, thanks to the experience of development of artistic consciousness, were formed various literary techniques, trends and directions, relevant socio - historical phenomena of different periods. Art - This picture of reality, objective existence. In the history of centuries of development experience of art the desire of artists to show the world in its reality arises in the nature of art. Demand for the creation of artistic reality has always been supported artistic methods and trends. Each of the artists stick to their principles in the arts, with a view images of reality (just in different periods to " reality " has its shades) is constantly fighting If we adhere to this view , we can identify two artistic techniques that in the history of literature and art in different periods described in different ways, this romanticism and realism " .

Keywords: literary directions and currents, literary process, style, realism, romanticism.

УДК: 1(091):35

FARABİDE DEVLET ANLAYIŞI

Mustafa Hopaç -

Yrd Doç Dr. Ordu üniversitesi, Eğitim fakültesi, Eğitim Bilimleri öğretim üyesi

ABSTRACT: Virtuous City told state management and features of headman is one of the most important books of Farabi who has a lot of copyrighted Works. " Virtuous society cannot be mentioned without being a virtuous leader." (Özbek. A.1985) Features of headman of the state is " having full organs, strong memory, loving to learn, with attention to diet, perfect, true lovers, eloquent, believing in God, fair, persevering in his work (Özbek A.1985) Farabi is likening the state to a living organism. "The management centre of body is heart, of the state is leader. If the heart is ill, the whole body becomes ill, if the headman of the state is damaged, the whole state goes to mischievous. State reminds a biological case and a living organic being" (Bayraklı. B.1983) Farabi accepts the necessity of being shrewd of the headman ruling the state and being very careful when choosing the assistants as the principle. Headman's assistants roles cannot be denied in headman's making healthy decisions and anticipating.

Keywords: Turkish, Leader, Headman, State, Virtuous, Idea

ÖZ: Farabi etTürkî(870-950)Aslen Türk olup, Maverâünnehr`in bir bölgesi olan Fârâb'a bağlı Vâsîc'dedoğdu. Tarihte bilginin kaynağı ve aktarımı konusunda insanlığın ikinci öğretmeni kabul edilmektedir.(Birincisi Aristo) çok sayıda telif eseri olan Farabi`nin önemli eserlerinden birisi devlet yönetimini ve yöneticinin vasıflarını anlattığı “Erdemli şehir” isimli yapıtıdır.”Faziletli REİS olmadan faziletli toplumdan bahsedilemez.”(Özbek. A.1985)Farabi`ye göre devlet reisinin özellikleri “organları tam, kusursuz, hafızsıkuvvetli, öğrenmeyiseven, perhize dikkat eden, doğruyuseven, güzelkonuşan, Allahainanan, adaletli ve işlerinde sebat edendir.” (Özbek. A.1985). Farabi devleti canlı organizmaya benzetiyor. Vücudun yönetim merkezi kalptir, devletin ise Reistir.Kalp hasta olursa bütün beden hasta olur, devlet yöneticisi bozuk olursa bütün devlet fesada gider.”devlet biyolojik bir vakıa ve yaşayan organik bir varlığı andırır.” (Bayraklı .B.1983) Farabi, devleti yönetenlerin dirayet sahibi olmaları gerektiğini ve yardımcıları seçerken çok dikkatli olmayı ilke kabul ediyor. Devlet başkanının sağlıklı karar verebilmesi ve geleceği görebilmesinde yardımcılarının rolü yadsınamaz.

Sözcükler: Türk, Reis, Devlet, Erdem, Düşünce

Türk coğrafyasında dünyaya gelmiş bir Türk bilim adamı olarak Farabi, fikirleriyle bütün asırlara ışık tutmuştur. İnsanlık âleminin ikinci öğretmenin, bir Türk bilge adamı olması Türk dünyasını ayrıca gururlandırmaktadır. Siyaset politika ve devlet yönetimiyle ilgili düşünceleri bugün hala tazeliğini korumakta ve insanlık onun aydın düşüncelerinden istifade etmektedir. Farabi kendinden sonra gelen bilim adamlarınca da yol gösterici kabul edildi. İbnSina, Aristo`nun eserlerini tam anlamıyla idrak edemeyince, Farabi`nin açıklamalarına müracaat eder ve ancak bundan sonra Aristo`nun eserlerini çözer. Tıp dünyasında bir dahi olan ve altı asır Avrupa üniversitelerinde eserleri okunan İbnSina`nın da hocası durumunda olan Türk dâhisi Farabi`ye insanlık çok şey borçludur. Zira bilginin, tercüme ve aktarımının yanında analiz ve sentez kabiliyeti olan, hemen zamanının bütün bilimleriyle ilgili eserler kaleme alan model insandır. Bayraklının, Farabi hakkındaki tespiti de bu savları teyit eder niteliktedir.“Bize göre Farabi eski Yunan felsefesinin bir taklitçisi değildir. Fakat ondan haberi olmayan bir filozof ta değildir. Yunan felsefesini bildiği kadar ondan farklı bir Müslüman filozof olarak, orijinal vasıfta karşımıza çıkmaktadır.”¹

İçinde bulunduğu coğrafya ve kültürel yapı itibarıyla Farabi çalkantılı ve bir Okadar da Yunan düşüncesinin tesirinden kaynaklanan hareketlilik ve tercüme faaliyetlerinin yoğunlaştığı ortamın insanıdır. Haliyle her ütopya yazarının yaşadığı kültürel şoku ve toplumsal çatlakları Farabide görmüş ve yaşamıştır. Onun “erdemli şehir” yapıtı toplumsal kaostan devleti kurtarma ve mutluluğa ulaştırma çabasıdır. “Çeşitli yollarla gelen ve bizzat Farabi`nin temas kurduğu Yunan düşüncesi ve eski Hinhikmeti, Farabi nin kültür çevresini teşkil ediyordu. Farabi`den önce” ilim Çin`de de olsa oraya gidip alın” sözü hadis olmasa bile, Müslümanların hikmet anlayışının doğruya yönelik olduğunu ifade eder. Bu açıdan diyebiliriz ki, doğukültürünün siyaset anlayışı ile Yunan felsefesinin siyaset anlayışının sentezi Farabi`ye nasip olmuştur.”²

Bu yoğun tercüme döneminde Yunan eserleri hızla Beytülhikmede tercüme edildi. Abbasilerin son dönemine denk düşen bu zaman dilimi aynı zamanda çöküşün başlangıcıydı. Çöküşten kurtulma adına Farabi, devlet adamlarıyla görüşür ve nasihatlerde bulunurdu.

Siyasi otoritenin zayıflaması Abbasilerin çöküşünü hızlandırdı. Tabiatıta var olan denge toplum hayatında bozulunca toplumsal çözülme kaçınılmaz hale geliyor. Farabi siyaset bilimini devlet yönetimini denge unsuru olarak görmektedir. Devletler canlı organizma gibidirler. Vücudun herhangi bir uzvunda meydana gelen hastalık teşhis ve tedavi edilemez ise hastalığın vücudun her tarafına yayılması kaçınılmazdır. Devletlerdeki organların kurum ve kuruluşların da bozulmalara karşı koruma altına alınması gerekiyor.

İnsan sosyal bir varlık olması hasebiyle, biri birine muhtaçtır. Bu yüzden toplumsal iş bölümü şarttır. Devletin ordusu bütün tehdit unsurlarına karşı caydırıcı güçtür. Siyasi erk kendine tevdi edilen görevleri ifa eder. Yargı yasama ve yürütme üzerine düşeni eksiksiz ifa ederken, üretim faaliyetleriyle uğraşanlar görevlerini yapar. Diğer ekonomik faaliyetleri yürütenlerde bu iş bölümüne riayet ederek birlikte devleti ikame etmiş olurlar.

1.1 BİLİM VE DEVLET İLİŞKİSİ

Farabi`ye göre her şey netice itibarıyla bilime dayanır. Bilgisiz toplumdan bilgiyi seven ve destek olan bir devlet teşekkül etmez. Bilmek için de bilgiyi sevmek gerekiyor. F.Bacon in “bilgi güçtür” ifadesinin altında yatan gerçek de bu olsa gerek. Farabi bilginin teorik ve pratik değerlerini anlatırken insanvetoplumların mutluluğunu bu değerlerle ilişkilendiriyor.”bilginin bu değerlerini kazanabilen insanlar gerçek feylesoflardır. İşte bunun için de

¹Bayraktar Bayraklı, *Farabide Devlet Felsefesi*, 1983. İstanbul s,2

²Ag.e. s,11

mutlu devletin kurulması, ancak filozofların başkanlık etmesine bağlıdır. İnsanların idare şekilleri de dört şekilde gerçekleşir.

- a-Faziletli devlet ve millet
- b-Fasık devlet ve millet
- c-Cahil devlet ve millet
- e-Dalalette olan devlet ve millet³

Farabi'nin, Seyfuddevlenin sarayına yerleşme sebeplerinden birisi de devlet başkanının bilime ve bilim adamına gösterdiği hürmettir. Dönem itibariyle Sarayda maddi manevi imkânlar bilim adamları için eksiksiz sağlanmaktadır.

Farabi devlet adamıyla politikacılar arasında bir takım ayırma gidiyor. Politik bir kısım düzmece yalanlarla halkı aldatan politikacılardan farklı olarak devlet adamı, söylem ve davranış birliğine haizdir. Güzel ve doğru hitabette bulunur, aynı zamanda söylemleri önce kendi davranışlarında aksiyonlaşır. “bilgi doğrusu ile yine bu vasıftaki Davranış doğrusunu kendi şahsında aynılaştırabilen kişi idare ettiklerinin ‘Arasını takyid, efalini takdir’ eden kişidir. Yani “politikacı” değil, ama devlet adamıdır.⁴Faziletli şehirde her birey devlet adamları gibi bilgiye sahiptir ve bilgiyi sever, bilginin intişarı için gayret sarf eder. Şehri erdemli kılan asıl unsur tek tek bireylerin bilinçli ve aksiyoner olmalarıdır. Kuru bir bilgi hamallığı, ne reiste ne de fertlerde cari değildir. Faziletli bireyler faziletli aileleri, faziletli aileler de topyekûn faziletli şehri ortaya çıkarır. Faziletli şehirlerin teşekkülü de topyekûn bir dünyanın erdemli bir yapıya kavuşması demektir. “Farabi’de devlet bilim ilişkisi, bizi toplumsal Gerçek hakkında Bilgi Doğrusu ile Davranış Doğrusunu kendi şahsında aynılaştıran insana ulaştırmaktadır. Bu insan ister kanun koyucu, istersede kanuna uyan olsun! Farabi buradan tek dünya devleti fikrine geçecektir.⁵Bilgi doğrusu dendiğinde, ”adalet mülkün temelidir “gibi bir önermenin analizini yapabiliriz. Devlet reisi bu önermenin doğru olduğunu savunabilir hatta yaygınlaştırabilir ancak adaleti raiyeti altındaki kurumlarda bireylerin hakkını korumada bilfiil uygulamaz ise devlet başkanı bilgi davranış çelişmesine düşmüş olur. Bilgilerini davranışlarına yansıtamamış bir reisin yaptırım gücü yoktur. Zorla yaptırım uygulayan yönetimlerin ömürleri çok kısa olur. Devlet reisi her durumda örnek şahsiyettir. Hz Ömer adaletinin temsilcisi durumundadır.

1.2.FARABİ DEVLET ANLAYIŞININ ÖNEMİ

Үлкен моральдық тақырыпқа жазылған бұл туындының кейіпкерлері Жантуар мен оның әйелі Шәмшігүл – ғылым жолында жүрген адамдар. Бір жобалау институтында бөлім бастығы болып істейтін Жантуар мен жоғары оқу орнында сабақ беретін, ғылым кандидаты Шәмшігүл табаны күректей он екі жылды әй-шәйсіз өткізген, бір-бірінің айтатын дегенін қабақ қағыстан білетін, бір-біріне қатты сөз айтып көрмеген тату жандар, табыстары да мол. Олардың қоршаған ортасы: қызметтестері де, жора-жолдастары да – ешбір замандастарынан қалмай келе жатқандар. Осындай ұйыған өмірдің барлық уақытта қуаныштан ғана тұрмайтынына шығармамен таныса келе көз жеткіземіз. Өзіміздік пен дүниеқоңыздық Шәмшігүл образы арқылы шымыр да шынайы көрсетіледі.

Дүниеқоңыздық пен тоғышарлықтың шырмауына түсіп кеткен Шәмшігүл образы – типтік образ деп айтуға болады. Мұнда да типтендірілген жеке адам тағдыры арқылы жалпы адамдық эгоизмнің сыр-сипаты ашылады. Повесте тоғышарлық дер жайлаған ортадағы әркімнің тек қара басының қамын ойлап кететіндігі ұтымды детальдармен дәл берілген. Тоғышарлық індет үстемдік алған жерде адамдық сезім мен сенім қақпақыл көріп, ой мен парасат аяққа басылатындығы жазушы көтерген үлкен мәселенің бір ұшығы. Ең бастысы, жазушы адамның өзін-өзі алдарқатып, мән-мағынасыз күнделікті күйкі тіршілік күйбеңімен күй кешіп, жоқтан өзгеге мәз болып өмір сүру трагедиясын ашып берген. Сәл ойлана түссек, ондағы ситуациялар бүгін де айналамызда болып жатқан сияқты. Жазушы бір жанұяда болған жайды емес, қай кезде де әркімнің басында болуы мүмкін өмірлік шындықты көркемдік шындық арқылы елестетіп отырған сияқты. Әйтсе де, адам бар жерде жат мінездер өмірде алма-кезек ұшырасып

отыратындығын ұмытпаған жөн. Повесте кәдімгі өзіміз күнделікті өмірде жиі ұшырасатын замандастар өміріндегі, жан дүниесіндегі парасатты қасиеттермен қатар, кесапатты қылықтар, адамның моральдық жетістігі мен кемшілігі, осыдан келіп туындайтын ұнамды, ұнамсыз әрекеттер ұлттық адамгершілік тұрғысынан өз бағасын алады.

Сафуан Шаймерденовтың «Ағалардың алақаны» расымен де ағалардың шынайы әрі ыстық алақанын сезінген, енді сол жылылығы үшін інілік мейірімін төге жазған естеліктерге, эсселерге толы. Сол эсселерде ағалардың тамаша адамгершілік қасиеттері танылады.

Шеберліктің шыңына шыққан Сафуан Шаймерденовтың әдебиетіміздің шын жүйріктері жайлы толғаған эссе-естеліктері оқырман жүрегі толқытпай, толғандырмай қоймақ емес. Қысқа ғана естеліктерде аталмыш алып ағалардың адамгершілік мінез-құлық, барша жұртта болатын сияқты өкпеназ, әзіл-қалжың, адамдарға, жора-жолдастарға, дос жарандарға көзқарасы, қарым-қатынастары әдемі зерленіп, көркем берілген. Ұлылардың бүкпесіз, бұлыңғырсыз жарқылдаған көңілдері, кіршіксіз пейілі, адамдарға деген сүйіспеншілік – бәрі-бәрі аса шыншылдықпен суреттелген.

Өзінің ұлы ұстазы Мұхтар Әуезов жайлы жазылған «Тау алыстасаң, биіктейді» атты эссе-естелігінде де автордың ғұлама ғалым, парасат кемеңгерлігі кемел адамға деген құрметі айқын бой көрсеткен. Халқымыздың ардақтысы аталған саңлақ жазушылармен күнбе-күн кездесіп, жүздесіп, олармен талай-талай сапарлас болған, абзал ағалардың ұлағатын алып, дәрісін тыңдаған олардың шәкірті, інісі, әріптесі болуға ыждаһаттылық танытудан тайынбаған, айнымаған, оны жоғары мәртебелеп, құрмет тұтқан Сафуан Шаймерденовтың байқағыштығы, сезгіштігі, тапқырлығы, кез келген адам аңғара бермейтін характерлерді ашудағы шеберлігі оқырманды толғандырмай, ойландырмай қалмайды.

Жазушы өз кейіпкерлерінің ұлттық әлемін аша отырып, кейіпкерінің өсу, толысу жолын, оның іштей ширғығып, шынығуын, қиындық, кедергілерді жену үстінде кейде тіпті сүрінсе де, өмірден түнілмей жүріп есейетін ұлттық мінезін ерекше ынтамен бейнелейді. Бір сөзбен айтқанда, шығармадағы кейіпкер іс-әрекетінің сипаты да оның өскен ортасына, бастан кешкен жағдайына берік байланысты екендігін көркемдік жағынан дәйекті түрде дәлелдейді.

1 Бекниязов Т. *Кейіпкердің адамгершілік проблемасы: Оқу құралы.* – Алматы: Қазақ университеті, 1997. – 150 б.

2 Бөкеев О. *Таңдамалы.* – Алматы: Жазушы, 1994. – 1 т. – 440 б.

3 Ысқақұлы Д. *Сын жанрлары.* – Алматы: Санат, 1999. – 232 б.

4 Қабдолов З. *Жебе.* – Алматы: Жазушы, 1977. – 379 б.

5 Әшімбаев С. *Шындыққа сүйіспеншілік.* – Алматы: Жазушы, 1993. – 476 б.

Резюме

В статье автор анализирует внутренний мир, духовный рост, созревание и становление персонажей произведений С. Шаймерденова с точки зрения их национального характера, проследивает рост национального духа и характера героев, которые, несмотря на трудности, не разочаровываются в жизни. В статье последовательно доказывается мысль, что характер, действия персонажей взаимосвязаны с окружающей средой и событиями, происходящими в их жизни.

Автор статьи отмечает, что писатель считает своим долгом изобличать не свойственные, чуждые человеческой природе явления жизни, помогать человеку расти духовно и сохранить моральную чистоту.

В своих произведениях писатель описывает не только те преобразования, которые происходят в социальной, политической жизни всего общества, но и жизнь отдельного человека, с её событиями, противоречиями и т.п.

Конечно, источником для искусства является реальная действительность, но эта реальность не отражается в художественном произведении без изменений. Писатель в своем творчестве, основываясь на принципах реализма, использует художественные приемы преобразования реальной действительности в художественную реальность.

В реалистическом произведении писатель правдиво изображает неизвестные события, незнакомые характеры, которые не имеют места, но могли бы происходить и существовать в реальной жизни, т.к. художественное произведение – это не копия жизни, а типизированное концептуальное отображение жизненной действительности.

Знакомые и незнакомые характеры, события, описываемые в художественном произведении – это ответ писателя на те явления, которые происходят в жизни общества.

Ключевые слова: социальная действительность, благотворительность, драматическое обострение, человеческий долг, духовный мир, интеллект.

Summary

The author analyzes the inner peace, spiritual growth, maturation and becoming characters of S. Shaimerdenov's work from the viewpoint of their national character, traces the growth of the national spirit and character of the heroes who, in spite of difficulties, do not get disappointed in life in the article. The article consistently is proved the idea that nature, the characters' actions are interconnected with the environment and the events in their lives.

The author notes that the author considers it his duty to expose not typical, are alien to human nature phenomena of life, to help a person to grow spiritually and to preserve moral purity.

The writer describes not only the transformations that occur in the social and political life of the whole society, but also the life of the individual, with its events, controversies and etc in his works.

Of course, the source for art is the reality, but this reality is not reflected in the artwork unchanged. The writer in his work, based on the principles of realism, uses the artistic techniques of transform the reality into an artistic reality. In the realistic works of writers it is truthfully depicts unknown events, unfamiliar characters that do not occur, but could happen to exist in real life, as art work is not a copy of life, it is a typed conceptual representation of reality of life.

Known and unknown characters, the events which are described in fiction it is a response to the writer of the phenomena that occur in the life of society.

Keywords: social reality, charity, dramatic aggravation, human duty, the spiritual world, the intellect.

УДК: 821.512122(091)

ХҮІІІ ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Д.А.Сатемирова -

*филол.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ,
қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы*

Андатпа: Мақала ХҮІІІ ғасырдағы қазақ әдебиетінің мәселелеріне арналған. Қазақ поэзиясының тұтас бір кезеңі тарихилық мәселесі тұрғысынан қарастырылады. Қазақ халқының ХҮІІІ ғасырдағы тарихи, саяси ахуалы және оның әдебиетке ықпалы арнайы сөз болады. Бұл кезеңдегі тарихи, саяси жағдайлардың жыраулар поэзиясының поэтикалық және функционалдық рөлінің артуына игі ықпал еткені нақты мәтіндік талдаулар арқылы көрсетіледі. ХҮІІІ ғасырдағы қазақ поэзиясының тақырыптық және көркемдік сипатын таныту үшін нақты талдаулар жасалады. Мақалада автор ХҮІІІ ғасыр поэзиясының өзіндік ерекшеліктерін танытатын ғалымдардың іргелі зерттеулеріне сүйене отырып, өз тұжырым, қорытындыларын ұсынады.

Тірек сөздер: ХҮІІІ ғасыр поэзиясы, қазақ халқы, тарих, жоңғарлар, соғыс, қазақ әдебиеті, жыраулар поэзиясы, тақырып, көркемдік ерекшелік, әдебиеттегі мәселелер

Қазақ халқының тарихында ХҮІІІ ғасыр аса бір жауапкершілікті кезең болғаны белгілі. Қазақ халқының басына күн туған ХҮІІІ ғасыр қазақтың ұлт ретінде, мемлекет ретінде жойылып кету қаупі туған кезең еді. Өз Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін мемлекетте дағдарыс басталды. Бір орталыққа бағынған билік жүйесінің болмауы сыртқы жаулардың алдында дәрменсіздікке әкелді.

1722 жылдың аяғында Қытайдың маньчжурлік билеушілерімен бейбіт келісімге келген жоңғарлар 1723 жылы көктемде Қазақстанға күшті шабуыл жасауды жоспарлады, бұл жорық қазақ халқының тарихында «Ақтабан шұбырынды» деген атпен қалды. 1723 жыл Жоңғар шабуылының нәтижесінде көптеген қазақ тайпалары өздерінің ғасырлар бойы мекендеген жерлерінен кетуге мәжбүр болды. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген сөз қалған, яғни адамдар жаяу жүргеннен табандары ақ жем боп, көлдің жағасына шаршап құлаған деген мағынада.

Тарихшы Алексей Левшиннің жазуынша және қазақ жырауларының жырларында айтылған, Жоңғария қалмақтары әрқайсысы 10 мың жауынгері бар 7 қолмен қазақтарды шапқан. Екпіні қатты шапқыншылар Қазақстанның оңтүстік аудандарындағы бейбіт елді аяусыз қырғынға

ұшыратып, Түркістан, Сайрам, Ташкент қалаларын басып алды. Жоңғарлардың жойқын шабуылының нәтижесінде қазақтар шайқас даласында мындап жауынгерлерінен айырылды, ал қорғансыз халықтың шығыны одан әлде қайда көп болды. Абылай ханның айтуынша, сол кезде әрбір он адамның төртеуі қаза тапты. Бұл деректі Шәкәрім Құдайбердіұлы да қостайды. Тарихта бұрын болып көрмеген алапат құбылыс – қазақ халқының үдере қашқан босқыншылығы туды. Осы тұста халықтың жүрегінде мәңгі сақталған ащы зар мен ауыр мұңға толы «Елім-ай»әні дүниеге келді. Жоңғар шапқыншылығынан күйзелген қазақ жеріне Еділ бойы қалмақтары (торғауыттар), Жайықтың қазақ-орысы, Орал башқұрттары, Қоқан бектері, Бұқар мен Хиуа хандары тұс-тұстан шабуыл жасады. Қазақ елі өз тарихында алғаш рет қасіретті зардабы өте зор зұлматқа тап болып, жер бетінен ұлт ретінде жоқ болу қаупіне ұшырады.

Р. Бердібай «XVIII ғасыр қазақ халқының тарихындағы ең ауыр «жолайрық» кезең болды» дейді. М.Мағауин «XVIII ғасыр қазақ халқы үшін трагедиялы қожырау кезең» дейді.

Бұл ең алдымен сол кезеңнің перзенттері, өз тұсындағы басты шығармашылық тұлға жырауларға үлкен жауапкершілік артты. XVIII ғасырда өмір сүрген жыраулар заман күйін, қоғамдағы жағдайлар туғызған мәселелерді шешуге атсалысты. XVIII ғасыр жырауларының көпшілігі қолына найза ұстап, жауға аттанған батыр, енді бірі ханның қасындағы ақылшы көмекшісі болды. Жыраулар өздеріне дейінгі жыраулық дәстүрді сақтай отырып, өз заманына лайық міндетін атқарды. Жыраулар жасаған поэзияның қоғамдық мәнінің арта түсуі, мазмұндық жағынан байи түсуі, оның өмірдің түрлі мәселелеріне араласып, сол өмір құбылыстарын бейнелеуіне, ерлік тақырыбын елдік мәселелермен бірге көтеруіне байланысты көрінді. Бұл сол кезеңдегі тарихи-әлеуметтік жағдайлармен де байланысты еді.

Қазақтың төл әдебиетінің бастауы болған жыраулар поэзиясы даму тарихында бірнеше кезеңдерді қамтиды. Зерттеуші М. Жармұхамедов: «Қазақжырауларыныңсанғасырлықшығармашылығыннегізінен үшкезеңгебөліп қарастырған жөн сияқты. Бірінші топқа жыраулық дәстүрдің негізін қалаған алғашқы өкілдері Қорқыт, Аталық (Кетбұға) және Сыпыра жыраулар жатады. Бұл дәуір XI-XIV ғасырларды қамтиды. Жыраулық тың қалыптасу кезеңін белгілейтін екінші топқа АсанҚайғы, Қазтуған, Шалкиіз (Шалғез), Доспамбет, Ер Шобан шығармалары кіреді. Мұның кезеңі XV-XVI ғасырлар.Үшінші топты жыраулықтың әбден толысып кемелденген кезеңіндегі өкілдері:Үмбетей, Жиёмбет, Тәтіқара, Ақтамберді, Бұқар жыраулар құрайды. Бұған XVII-XVIII ғасырлар жатады» [1, 78],- деп жыраулық дәстүрді Қорқыттан бастайды. Қазақ деп аталатын ұлттың әдебиетінің тарихы түркілік поэзияға дейінгі кезеңдерге барып тірелетініне тоқталады. Қалыптасу тарихы тереңде жатқан жыраулар поэзиясы даму процесінде тақырыптық-идеялық, көркемдік, стильдік тұрғыдан дамып отырды.

XVIII ғасырда өмір сүрген үшінші топты жыраулықтың әбден толысып кемелденген кезеңіндегі өкілдері:Үмбетей, Жиёмбет, Тәтіқара, Ақтамберді, Бұқаржырауларқұрайды. XVIII ғасырдағы қазақ жыраулары Ақтамберді жырау, Тәтіқара ақын, Үмбетей жырау, Бұқар жырау, Көтеш ақын, Шал ақын – қазақ халқының ерлік кезеңінің өкілдері болды. Ерлікті дәріптеген поэзияның тағы бір басты мәселесі – елдік мәселесі болды. Жыраулар өзі өмір сүрген дәуірдің билеуші хандарына қазақ қоғамының мемлекеттік идеологиясын қалыптастыруға көмектеседі. Мұның жарқын үлгісі Бұқар жырау болар еді. ҒалымР. Бердібай Бұқарды өз заманының идеологы болғанын айтады. Зерттеуші Ә. Дербісәлин: «XVIII ғасыр поэзиясының бұрынғы поэзиядан бір ерекшелігі: мұнда ерлік тақырыбы елдік мәселемен бірге егіздің сынарындай, өзектесе көтеріледі. Оның алуан түрлі тарихи-әлеуметтік себептері болған еді» [2, 82],- дейді. Қазаққа жан-жақтан төнген жауға қарсы елдің ұлт ретінде бірігуін дәріптеп жырлау Ақтамберді жырау, Тәтіқара ақын, Үмбетей жырау, Бұқар жыраулардың еншісіне тиді. Өз дәуірі тудырған мәселелерді жырлауда жыраулар өздеріне дейінгі жыраулық дәстүрді сақтай отырып, өз заманына лайық міндетін атқарды. Жыраулар поэзиясында сол кезеңнің билеушісінің, қоғамның, халықтың дүниетанымы жырланды. XVIII ғасырдағы жырауларпоэзиясына алдыңғы кезең поэзияның заңды жалғасы болғанымен, өзіндік даралық тән еді.

XVIII ғасыр қазақ әдебиеті әдебиет тарихында жазба әдебиетінің қалыптасуы мен ауызша әдебиеттің аралығындағы кезең. Яғни, «үлгісі, түрі мол, сан жанрлы» XIX ғасыр әдебиетінің алдында тұр. Әдебиет тарихын зерттеушілер бұл кезеңдегі басы ерекшеліктер ретінде мынадай сипаттарды атайды: ғалым Ә.Дербісәлин «XVIII ғасыр поэзиясының үлгілерімен толық танысқанымызда екі түрлі нәрсе бірден көзге түседі. Бірі–әріден келе жатқан жырау дәстүрінің одан әрі дамуы, жана қырларынан көрінуі. Мұның белгілі өкілдері: Бұқар жырау, Үмбетей, Ақтамберді жырау. Екіншісі–жана көріне бастаған ақындар творчествосы. Оның белгілі шеберлері – Шал, Көтеш ақындар»[2, 85],- деп XVIII ғасыр поэзиясындағы басты ерекшелікті атап өтеді. Ғалым М.Мағауин де бұл кезең поэзиясы дамуындағы мазмұндық,

тақырыптық ерекшеліктерді атап көрсетеді: «Осы дәуір әдебиетіндегі сырт жауларға қарсы күрес, ерлік сарыны Ақтамберді, Тәтіқара, Үмбетей жыраулардың творчествосынан, ал қазақ даласында болған кейбір өзгерістер негізінен Бұқар жырау творчествосынан өз көріністерін тапты»[3, 96].

Асан қайғы, Доспамбет, Қазтуған жыраулар ноғайлы дәуірінің соңғы кезеңіндегі халықтың өмірін, жаңа құрылған мемлекеттің қайдан қоныс тауып, қалай дамуын жырласа, XVIII ғасыр поэзиясында қазақ мемлекетін нығайту, тәуелсіздікті сақтап қалу, орталықтанған мемлекет құру идеясы басты мәселе болды.

Бұл кезеңнің әдебиетінің үлгілері бізге басқа ғасырлармен салыстырғанда молырақ жетті. Тұтас ғасырдың шығармашылық мұрасы түгел жетті демесек те, бүгінде бар үлгілерінің өзі де бұл кезеңнің өзіндік ерекшелігін таныта алады.

XVIII ғасыр қазақ поэзиясының толғау жанрының дамып, көркемдік, тақырыптық жағынан байыған кезеңі болды. Академик С. Қирабаев: «XVIII-XIX ғасырларда қазақ әдебиетінде ұлттық тәуелсіздік тақырыбы айрықша мағынаға ие бола дамыды. Бір жағынан жоңғар шапқыншылығы, екінші жағынан орыс отаршылары қысқан халық басындағы ауыр қайғы әдебиеттің де азаматтық биіктікке көтерілуіне тікелей жол ашты. Ел тағдыры, оны қорғаушы азаматтар тұлғасы, өзгерістердің әлеуметтік сипаты, патриоттық пен опасыздық, тұрақтылық, тұрлаусыздық, икемделгіш мінездер – барлығы ақындар тілінде тыс бейне тауып, әдебиет тақырыбының байи, кеңі түскенін танытады»[4, 12]. Поэзияның тақырыптық тұрғыдан дамуы сол кезеңдегі қоғамдық-әлеуметтік жағдайларға, тарихи оқиғаларға байланысты еді. Жыраулардың елді қорғау тақырыбын сөз еткенде, сол қырғын майданның тікелей куәгері ретінде жырлайды. Жыраулар өзі өмір сүрген кезеңдегі тарихи оқиғалардың дәл ортасында жүрген, яғни өздері де жорықшы, қол бастаған батырлар еді. Сондықтан да жыраулар өз жырларында ұрыс даласындағы нақты қимылдар суреттеледі. Қалмақпен болған соғыстағы қазақ батырларының ерліктері Ақтамберді, Тәтіқара, Үмбетей, Бұқар, Көтеш ақындардың толғауларында жырланады.

Жыраулар поэзиясындағы ерліктің жырлану табиғатында халық ауыз әдебиетіндегі қаһармандық жырлардан өзіндігімен ерекшеленеді. Мұны А. Шәрін былай сипаттап өтеді: «жыраулық поэзиядағы батыр отқа салса жанбайтын, суға салса батпайтын, атса мылтықтың оғы өтпейтін, шапса қылыштың жүзі кеспейтін» кейіпкер емес, кәдуілгі жұмыр басты, екі аяқты, кеудесінде шыбын жаны бар пенде»[5, 115].

Қазтуғанның өзіне арналаған мадақ жырында батыр бейнесін сомдауда ең қасиетті ұғымдарды пайдаланғанын білеміз. Ал XVIII ғасырдың жырауы Ақтамберді «Өзінің салпаң да салпаң жортармын» толғауында өзінің батырлық тұлғасын халық үшін ең қасиетті ұғымдарға балайды. Бұл поэзиядағы метафорлық қолданыстардың ең үздік үлгілері бола алады.

Торлаусыз өскен құланмын,
Мезгілсіз жусап өрермін,
Байраққа біткен құрақпын,
Саусағым жерге түсірмен,
Жапанға біткен терекпін,
Еңсемнен жел соқса да теңселмен,
Қарағайға қарсы біткен бұтақпын,
Балталасаң да айрылман,
Сыртым құрыш, жүзім болат,
Тасқа салсаң да майрылман!

Батырдың ерлігін жырлаған жырау жауға жалғыз шабуды емес, ағайыншылдықты, бұқарашылдықты жақтайды.

Ақтамберді жырауда жалғыздық сарыны ерекше көрінеді. Бұл жыраудың жеке басына қатысты жалғыздық деңгейінде көрінгенімен, сыртқы жаумен күресте батырлығымен ерекше көрінген жырау жауда қалған жерді азат ету үшін, исі қазақ болып атқа мінер күнді аңсайды. А. Шәрпке жүтінсек, «сыртқы жауларға қарсы қарсы кескілескен, ұжымдық күрестердің кезінде далалық демократия тың нышандарымен толығып, бұқарашылдық тенденция бітімін толық байқатқаны»[5, 93].

XVIII ғасырдағы жырауларда батырдың бейнесі күрес даласындағы батырлармен тұтас алынады да, жеке ерлігі сипатталар тұсы жаумен жекпе жегі ерекше жырланады. Жалғыз аталмайды. Жауға аттанған басқа да халыққа кеңінен таныс батырлармен бірге тізбектеле аталады.

Бұқар жырау өз толғауында Абылайдың батырларын тұтас алып танытуды басты назарда ұстайды. Барлық рудың ерлерінің есімін атағанда, олардың ерліктерін қараша халыққа насихаттап, елін ынтымаққа шақырғанын да көреміз.

Тәгіқара ақында да батырларды тізбелеп, атын атап шақырғанда тосылып қалған қалың қолдың жігерленіп, жауға қайта ұмтылғанын айғақтар жыр бар. Бұл ерлікті жырлаудың үгітшілік насихатшылдық құрал ретінде ролі зор болғанын көреміз.

ХУІІІ ғасыр поэзиясындағы ерлікпен бірге егіздей өріле жырланған тақырып елдік мәселесі. Бұл әсіресе замана күйін толғаған Бұқар жырау Қалқаманұлының шығармашылығынан көрінеді. Қалмаққа қарсы күресте елдің тәуелсіздігін сақтап қалу үшін, қазаққа ұлт ретінде бірігуге шақырып, осыны шығармашылығының өн бойына арқау еткен де Бұқар жырау еді. Бұл мәселе әсіресе оның Абылайға айтқан арнау жырларында да, отаршылдыққа байланысты туған болжал толғауларында ерекше жырланады. ХVІІІ ғасырдағы саяси жағдайда жау қолындағы жерлерді азат етуде қазақ елінің бүтіндігі, қазақ болып бірігу басты шарт болатын. Қазақ халқының жоңғарларға қарсы тегеурінді тойтарыс бере алмауының негізгі себебі өзара бірліктің, ынтымақтың жоқтығынан екенін дәл таныған Бұқар толғауларын да осы мәселелер ерекше жырланады.

ХУІІІ ғасырдағы әдебиеттен байқалатын тағы бір ерекшелік зар замандық сарынның көрініс табуы. Осы мәселені зерттеп ғылыми айналымға түсірген зерттеуші Б. Омарұлы «Зар заман поэзиясын қалыптастырған үш бастаудың біріншісі ежелгі дәуір әдебиетінен келе жатқан заманға наразылық мотиві, екіншісі асан қайғыдан басталатын болжал өлеңдер, үшіншісі халықтың таным түсінігіне негізделген ақырзамандық сарын»[6,79],- дейді. Әдебиеттегі зар заман ұғымын қалыптастырып атау берген М. Әуезов зар заманды Асан қайғыдан бастайды. ХУІІІ ғасыр әдебиетіндегі зар замандық сарын Бұқар шығармалары арқылы көрінеді. Мұнда өзіндік ерекшелігімен сипатталады. Бұқардағы зар замандық сарын орыстың отаршылдық саясатын дәл танып қазаққа төнер бодандықты болжаған толғауларынан көрінеді.«Шашырап жатқан қандар көп», «Шүршіт келем деген сөз бар-ды», «Көкшетаудан салдырған», «Кеше қара қалмақ бүлерде», «Ханға жауап айтпасам» толғауларында жырау жан-жақтан анталаған дұшпанның қайдан келе жатқанын анық біліп, содан сақтандырады.Ресей отаршылығы қазақ жеріне еніп қоныстануынан басталатынын түсінген жырау, қазақтың шұрайлы жерлеріне Ресейдіңқамал салып, жергілікті қазақтың жері тарылатынын айтады.

ХУІІІ ғасырдағы әдебиеті туралы атқанда атап өтер бір ерекшелік әдебиетте алғаш романтизмнің көрініс табуы. Мұның үлгісі Ақтамберді жыраудың толғауларынан байқалады. Өзінің нағыз батыр екенін танытып өткен жырау, сезімге беріліп ішкі көңіл күйінен сыр шерткен сезімнің де иесі. «Оның күлдір, күлдір кісінетін» басталатын толғауы жыраудың арманын самғатып сағынышқа берілген күйін танытады.

ХУІІІ ғасырдағы әдебиетте жанрдың басқа да түрлері көріне бастады. Суырыпсалмалық дәстүрдің ерекше көрінісі болған айтыс та қазақ әдебиетінде ХУІІІ ғасырда қалыптасты. Айтыс жанрының алғашқы үлгілері Шал ақынның шығармашылығына тән. Дегенмен башқұрт фольклористері башқұрттың Байық шешені Бұқар жыраумен айтысқан деген мәліметтер де жеткен бізге. Толғау жанры арнау, мадақ түрінде жырланса, ХУІІІ ғасырда толғаудан басқа өлең жанрының белгілері Шал ақын мен Көтеш ақын шығармашылығынан көрінеді.

ХVІІІ ғасырдағы жыраулар поэзиясында көркемдік ізденістерде десоны қадамдар жасалды. Әдебиетте көркем образ жасауға да батыл қадам жасала бастады. Поэзияда нақты тарихи адам арқылы, олардың іс-әрекеттерін жырлау арқылы алғашқы көркем бейнелер туа бастады.

ХVІІІ ғасырдағы қазақ поэзиясы бұған дейінгі жырауларда басты мәселе ретінде жырланып келген ірі әлеуметтік-мемлекеттік мәселелерді жырлау дейгейінен түсін, тұрмыстық, отбасылық мәселелерді, жеке адамның сезімі мен көңіл-күйін, әзіл-қалжыңмен жырлауға көше бастады.Бұл поэзиясының эстетикалық, поэтикалық қуатын арттыра түседі.

1. Жармұхамедов М. Көненің көзі – Алматы: Санат, 1996-144 б.
2. Дербісалин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар – Алматы: Ғылым, 1990-296 б.
3. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет – Алматы: Ана тілі, 1992-176 б.
4. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері – Алматы: Білім, 1995-288 б.
5. Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея – Алматы: Білім, 2000 - 366 б.
6. Омарұлы Б. Зар заман поэзиясы – Алматы: Білім, 1999-276 б.

Аннотация: Статья посвящена проблемам казахской литературы ХУІІІ века. Рассмотрен нелый период казахской поэзии с точки зрения историчности. Акцентируется внимание на историческое и политическое состояние казахского народа в ХУІІІ веке и о его влиянии на литературу. Через конкретные текстовые анализы иллюстрируются историческое и политическое состояние этого периода на поэзию жырау и его поэтическую и функциональную роль. Произведены анализы специфики тематического и

художественного стиля казахской поэзии XVIII века. В статье автор опираясь на фундаментальные исследования ученых, показывает своеобразные особенности поэзии XVIII века, делает свои концептуальные выводы

Ключевые слова: поэзия XVIII века, казахский народ, история, джунгары, война, казахская литература, поэзия жырау, тема, художественная особенность, проблемы в литературе.

Annotation: This article is devoted to the issues of the Kazakh literature. The whole stage historical issue of the Kazakh poetry is considered. Historical, political situation of the Kazakh people in the XVIII century and its influence on the literature is told. It is given by the specific textual analyses that the historical, political situations in this stage were influenced over the poetic and functional role of the zhyrau poetry increase. The specific analyses are made to show thematic and art importance of the Kazakh poetry in the XVIII century.

In this article the author offers her conclusions based on the fundamental researches of the scientists who teach the poetry features of the XVIII century.

Keywords: the poetry of the XVIII century, the Kazakh people, history, Zunghars, war, the Kazakh literature, the poetry of zhyrau, theme, art feature, the issues in literature.

УДК 821.161.1

ТЕМА ДВОЕЖЕНСТВА В СОВРЕМЕННОЙ ЛИТЕРАТУРЕ КАЗАХСТАНА

С.К.Серикова -

Казахский национальный педагогический университет им.Абая доктор PhD,

Д.А. Сабирова -

Казахский национальный педагогический университет им.Абая докторант PhD

Аннотация: В данной статье рассматривается проблема двоеженства в современной литературе Казахстана. На грани XX - XXI веков наиболее остро стоят вопросы о сохранении и преумножении гуманистического, морального, этического потенциала многонационального народа Казахстана. В связи с этим первостепенный смысл приобрел разговор о литературе, о духовной и нравственной силе слова, способного влиять на умы и сердца целых поколений людей. Современная семья переживает кризис, происходит процесс негативной трансформации роли семьи в социуме, связанный, в первую очередь, с переориентацией традиционных ценностей и смыслов. Кризисное состояние института семьи выражается в нестабильности браков, в увеличении количества разводов, в разрыве между поколениями, безнадзорности детей. Такая ситуация вызвала появление многочисленных исследований по проблемам семьи.

Ключевые слова: семья, кризис, случайное семейство, двоеженство, токал, байбише.

Семья - одно из ядерных понятий культуры и менталитета любого народа. Слово «семья» принадлежит к категории «ключевых слов», дающих представление как об отдельно взятой этнокультуре, так и о межкультурном пространстве в целом. В понятии «семья» и ассоциативно связанных с ним понятиях («дом», «отец», «мать», «родители», «род», «очаг») как в концептуальных универсалиях аккумулированы важнейшие представления о материальной и духовной культуре, которые транслируются от поколения к поколению. Знакомство человека с миром и его первоначальное постижение происходит именно в рамках семейного пространства. Семья - органическая ячейка, из которой вырастает общество, поэтому проблемы семьи имеют большое значение для всего социума [1].

Становясь предметом междисциплинарного изучения, семья, в силу своей сложности, рассматривается с этических, аксиологических, морально-нравственных, культурологических, социологических позиций [2].

Классическая литературная традиция трактует патриархальную семью, дом как этическое пространство, в котором царит любовь. Традиционная роль отца в патриархальной семье, базирующаяся на принципе силы, господства и владения, смягчается, в данном случае, представлением о духовной основе семейной жизни, реализующейся в любви. Главными в семье провозглашались любовь, взаимоуважение.

А. С. Хомяков называет семью той точкой, в которой любовь «переходит из отвлеченного понятия в живое и действительное проявление», преодолевает человеческий индивидуализм [3].

Семья в классических произведениях выступает «охраняющим началом» в обществе, связующей поколения формой жизни, а также способом «выживания» в кризисные периоды общественного развития:

В моменты кризисов, исторических «сломов», изменений укладов человеческая мысль всегда обращалась к семье.

Казахстанская трактовка традиционной семьи реализовалась в творчестве А.Кунанбаева, М.Ауезова как интенция, идеал.

Если в отечественном женском романе и существует золотая жила, то она где-то там, в исключительно своеобразных институтах токал и байбише.

Правда, если судить по тому, что уже написано в этом жанре, это скорее не золотая жила, а оголенный нерв.

Сегодня в книжных магазинах на одной полке можно найти по крайней мере три отечественные новинки, посвященные проблеме многоженства.

Две из трех — книги алматинской писательницы Аян Кудайкуловой: вслед за нашумевшей повестью «Сумочка от Коко» (2011) вышло продолжение под названием «Колечко с сердоликом» (2012). Никаких оправданий институту токал Аян Кудайкулова не находит и оценивает его со всей беспощадностью. Героиня Аян Кудайкуловой, умная и успешная деловая дама Диана, семь лет боролась за мужа с молодой корыстной соперницей — гастарбайтершей Заремой. И в конце концов как будто победила: Марлен расстался с токал, но продолжал изменять жене с новыми и новыми молодыми пустышками, так что от брака Диане не осталось ничего, кроме горьких чувств и здоровья, подорванного в борьбе [4].

Аян сразу поясняет, что ее книга — не исповедь и не автобиография, все образы — собирательные, но читателю в них легко будет узнать себя или своих знакомых. Потому что тема романа — семейные отношения между двумя женщинами и мужчиной — извечна [5].

При этом писательница-дебютантка не осуждает мужчин, которые пытаются усидеть на двух стульях: — Каждого героя книги можно понять по отдельности. Главная героиня Диана — потерпевшая сторона. Конечно, ее жалко. Но если человек собрался уйти из семьи, пусть уходит, не цепляйтесь, надо жить для себя, есть же другое счастье — воспитать детей, увидеть внуков [6].

Популярность произведений, объясняется в первую очередь тем, что автор нащупала своим гениальным художественным чутьем целые пласты сознания, характерного для современного общества.

Эти пласты мифопоэтического сознания связаны с понятием домашнего очага. В описании быта узнаваемы элементы архаической модели жилища, присущей патриархальному укладу жизни. Противопоставлены

«Чужое, опасное внешнее пространство, противопоставленное домашнему теплу, довольству и уюту; печь, постель, общая работа, забава и молитва как составные части стройной системы, защищавшей человека от наводящей ужас одинокой беспомощности, подстерегавшей каждого, кто осмелится уединиться или отстанет от "своих"».

Далее авторов заботят процессы трансформации семьи, связанные с периодом измен. Писательницы исследует вторую семью как «случайное семейство», тематика и проблематика которого получила окончательное свое художественное воплощение в произведениях «Сумочка от Коко», «Колечко с сердоликом».

Это произведение изначально воспринимается нами главным образом как семейный, на семейной основе, выстраиваются и в другие содержательные уровни романа — социальный и т.д.

В творчестве «случайное семейство» как структурно-образное единство устойчивых элементов, основными конститутивными составляющими которого являются противопоставление действительного и идеального плана семьи, определившее временную оппозицию семьи «прежде-теперь», и различные формы семьи (патриархальная / двоеженство); разлад отношений отцов и детей; мотив вины отцов по отношению к детям; типология родоначальников современных семейств; образ «обиженного» отцами ребенка; авторский поиск преодоления кризиса семейных отношений и обособленного существования. Языковая репрезентация «случайного семейства» с преобладанием отрицательных конструкций и лексики с отрицательными коннотативными элементами свойственна госторбайторше Зареме.

Определяющим для автора становится мотив преодоления «случайности» семьи, выраженный в поиске решения, выхода из сложившейся ситуации. Возможность / невозможность практического

сосуществования двух жен определяет динамику художественного воплощения темы «случайного семейства».

В произведении «Сумочка от Коко» идея всечеловеческого братства показана как призрачная возможность, общество осознается не готовым к духовной форме двоежонства; идея единения двух семей неприемлема в обществе, в отдельных людях, в «частных случаях». Художественное решение образа Марлена, утратившего свое высокое предназначение отца, на которого возлагается основная вина за разрушение семьи, к образам детей, жертв «недостаточного» отцовства, применима категория «случайности». У Кудайкуловой - дети предоставлены сами себе, оставлены на «случай»; в решении проблемы наследования отцовского греха.

Главным критерием становится отношение к ребенку - мир, в котором страдают дети, «неправеден». А.Кудайкуловой создается образ «разрушенной семьи», обнаруживающий несомненное типологическое сходство со «случайным семейством». Основные вопросы которые ставит перед нами автор - устранение отцов от воспитания детей, в особенности мировоззренческого, ценностного, и от поддержки их в кризисных ситуациях. Марлен - типичный образа нечистоплотных отцов и оставленных на «случай» детей.

1. Мочульский К. В. Достоевский Жизнь и творчество // Мочульский К. В. Гоголь. Соловьев Достоевский. М.: Республика, 1995. С. 217-562.

2. Волжина О. И. Семья как социо-культурная ценность: Автореф. дис. . д-ра социол. наук. М, 2002. 40 с

3. Хомяков А. С. Поли собр. соч. М., 1900. Т. 3. С. 250.

4. <http://www.info-tses.kz/> [Влада Гук](#). Что на душе у байбіше?

5. Ольга Храбрый. «Экспресс К». «К тоқалке не ходи» № 200 (17558) 26.10.2012).

6. <http://www.caravan.kz/article/39381> [Марина Хезай](#). Открыто о двоеженстве.

Түйіндеме: Берілген мақалада Қазақстанның қазіргі әдебиетіндегі екі әйел алушылық мәселесі қарастырылады. XX - XXI ғғ. ширегінде көпдұтты Қазақстанның гуманистік, моральдық, этикалық әлеуетін сақтап көбейту туралы сұрақтар өзекті болып тұр. Осыған байланысты әдебиет туралы, ададардың тұтастай ұрпағының ақылы мен жүрегіне әсер ететін сөздің рухани және адамгершілік күші туралы әңгіме бірінші орынға шықты. Қазіргі жанұя дағдарысты бастан кешіруде, бірінші кезекте әлеуметтегі жанұя рөлінің жағымсыз жаққа өзгеруі дәстүрлі құндылықтар мен ой-танымның қайта бағытталуына байланысты. Жанұяның дағдарысты жағдайы некенің тұрақсыздығынан, ажырасу санының көптігінен, ұрпақтар арасындағы бөлінуден, балалардың қараусыз қалуынан болады. Осы жағдайлар жанұя мәселесі бойынша көптеген зерттеулердің пайда болуына әкелді.

Тірек сөздер: отбасы, дағдарыс, көлденең бала-шаға, тоқал, бәйбіше.

Abstract: This article deals with the problem of polygamy in modern literature of Kazakhstan. On the verge of XX - XXI centuries most acute questions about saving and growth of humanistic, moral, ethical potential of the multinational people of Kazakhstan. In connection with this overriding sense acquired a conversation about literature, spiritual and moral power of words, capable of influencing the minds and hearts of generations of people. Modern family is in crisis, there is a process of transformation of the negative role of the family in society, associated primarily with the reorientation of traditional values and meanings. Crisis state institution of the family is reflected in the instability of marriages, to increase the number of divorces, the gap between generations, child neglect. This situation has caused the emergence of numerous studies on the Family.

Keywords: family crisis, a random family, bigamy, tokal, baybishe.

УДК 821.512.122.32.09

РОЗА МҰҚАНОВА ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ ЭКСИЗТЕНЦИАЛИЗМ

Н.Қ. Смағұлова -

*М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
филология ғылымдарының кандидаты, доцент*

Ж.Т. Қадыров -

*М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры м.а., ф.ғ.к.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент*

Ж.С. Таласпаева -

М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры м.а., ф.ғ.к.

Түйіндеме: Мақалада жеке тұлғаның ішкі жан дүниесі, оның жеке мәселелері қарастырылған. Роза Мұқанованың шығармаларын талдай отырып, ондағы дәстүрлік ұстанымдарын талдаған (Хемингуэй, Фолкнер, Стейнбек т.б).

Экзистенциалистердің пікірінше өлімнен қашпау керек, себебі ол мәңгілік өмір, сондықтан өздерінің жеке тұлғалық бастауларын еске ұстау қажет екенін басым көрсетеді. Адамның іштей бостандығы, жалғыздығы, қаламгер әңгімелерінде басты нысанаға алынған. Жеке тұлға үнемі кездесетін өмірлік жағдайлар «Шекаралық ситуациялар» - адамның өлімнен бетпе-бет кездесуі экзистенциализмнің анық көрінетін белгісі болып табылады. «Шекаралық ситуация» - адамның өліммен бетпе-бет келуі, сондай-ақ «тұл» «болу немесе болмау» экзистенциализм жан-жақтылығын танытады.

«Жарық дүние», «Шықпайтын есік» әңгімелерінде қаламгер философиялық ойларды асқан шеберлікпен игере білгені көрінеді.

Түйін сөздер: экзистенциализм, ой ағымы, философиялық эстетика, баяндау тәсілі, психологиялық шеберлік.

Адам болмысын жан-жақты ашу мақсатымен оны өлімнен бетпе-бет кездестіру экзистенциалистік бағыттың негізгі тенденцияларының бірі екені айтылды. Ал осы тенденцияны ұлттық прозамызға көркемдікпен енгізген жазушыларымыздың бірі ретінде Р.Мұқанованы атап айтуға болады.

Қоғамдағы әлеуметтік-рухани дағдарыс көп адамды әуре-сарсаңға салып, талайды өзгерткені шындық. Қалай десек те, адам баласы үшін ең қымбатты тіршілік. Оны еш нәрсемен айырбастау мүмкін емес. Дегенмен бүгінгі күні қоғамымызда орын алып отырған ауыр дерттің бірі адамның өз-өзіне қол салуы, бірін-бірі өлтіріп тастауы. Қанша дегенмен тіршілік ету, жарық дүниенің қызығын көру бұл адам бақыты. Өмір сүруге құштарлық, оны жанындай сүю, қимау адам баласына тән табиғи сезім.

Сондықтан да болар жазушы Р.Мұқанова өз әңгімелерінің өзегіне адам болсын, хайуан баласы болсын бәрі бір, кез келген тіршілік иесі өмір сүруге құмар екенін арқау етеді. Зерттеуші С.Шарабасов: «Р.Мұқанова кейіпкерлері тұйық, жұмбақ, өз тіршілігімен өмір сүретін жандар. Ол жай қарағанда, ал ішіне үнілсең шошисың. Ол – адам ішіндегі адам. Сыртқы түрі – жабайы, тіпті албасты. Ал іші-нұрлы сезім жазирасы, сыңсыған тірлік музейі дерсіз. Роза-әңгімесі адам тірлігінің мазмұны мен тереңіне сүнгиді», деп жазушы әңгімелеріне баға береді [1, б.47]. Р.Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» әңгімесі зерттеушінің жоғарыдағы ойын дәлелдей түседі.

Балалық адам өмірінің бір кезеңі. Ол өмір бойы бала болып қалуы мүмкін емес. Адамның табиғи болмысына қарама-қайшылық. Бірақ мұндай жағдайдың өмірде кездесетінін және оны тудырған адамдардың өздері екенін жазушы ашып көрсетеді. Мүгедек қыз Ләйлә жан баласына ашпатын сырын, шақпайтын мұнын түңгі Айға ғана ашады, соған ғана қайғы-шерін шертеді. Меңіреу түнде қызға жолығатын қара жамылған әлде бір бейне өзін «Мен адамдар әулетінің рухымын» дейді. Бірақ Ләйлә қыз айналасына сенімсіздікпен қарайды. Себебі өзінің осындай халіне кім кінәлі екенін кімнен сұрарын білмейді. Оның бар арманы «өз жасына лайық қыз болғым келеді. Иә. Иә. Менің де әп-әдемі, нәп-нәзік қыз болғым келеді» [2, б.4] деген бір ауыз сөзге сыйып тұр. Жырым-жырым болған Қарауыл мен мәңгілік бала бейнесінде қалған Ләйлә тағдыры ұқсас. Екеуі де адамдар ойының құрбаны. Әңгімедегі Қатира мен Құмар бейнесі, олардың мінез-құлқы, дүниетанымы, адам жанына деген мәселеге келгенде бір-біріне кереғар. Қатира қалайда болса Ләйленің жанын ауырта түскісі келеді. «Сөзді қара! Адам емессіз бе», -дейді! Адам сиқы жоқ кейпіңе неге қарамайсың, Ә?» [2, б.7] деген тұста кімнің адам екені өз-өзінен түсінікті. Қатира адам кейпінде болса да, ішкі жан дүниесі адами қасиеттен жұрдай. Ал Ләйлә бұл

жағынан одан әлдеқайда жоғары.

Құмар әңгімеде Ләйленің жанын жаралағысы келмей, оған ерекше ілтипат көрсетіп өзін басқа қырынан танытады. Аз уақыт болса да Ләйлә қыз өміріне жылт еткен үміт отын жағады. Айналасындағы адамдардан тек мүсіркеуді, қорлықты көрген Ләйлә қыз Құмардан бір сәт жылулық тапқандай еді.

Әңгімеде тек қана мүгедек қыздың тағдырын көрсету ғана басты нысана емес. Автор адамдар арасындағы түсінушілік, сыйластықтың, мейірімділіктің жоқтығы, олардың арасын алшақтата түседі, осыдан келін тіршілікте қатығездіктің, зұлымдықтың өрісі кеңейе түсетіндігін де көрсеткісі келген. Тіпті апат аймағында небір қиындықты бастарынан кешірін отырған адамдардың өзі бір-біріпе жандары ашымайды. Қатира неге сонша Ләйләға қатығездікпен қарайды. Оның жанын неге түсінбейді? Бұған жауап Қатираның өзі қатығездік құрбаны.

Жазушы әңгімеде Айдың суреттелуіне ерекше салмақ салған. Ай бейнесі Ләйле қыздың онаша сырластын жан иесі ретінде көрінеді. Жалпы ай туралы Ш.Уәлиханов былайша пікір білдірген: «ай қазақтарда қасиетті планета болып саналған. Қазақтар жаңа айдың туғанын көргенде тәжім етеді. ... қазақтар айды құрметтеп ауызға алды» [3, 182б]. Жазушы әңгімесінде Айды қасиет тұту сенімінің елесі бар. Сонымен бірге, айды адамға тән мінез-құлық, іс-әрекетпен бейнелегенде кейіптеу тәсілін қолданған. Айды суреттегенде кейіпкер психологиясына сай қалыпта береді.

Өлім фактілері, қайғылы ситуацияларға белгілі бір суреткерлік мақсат жүктеу зерттеп отырған жазушылардың біразына тән. Атап өтуіміз керек қазақ прозашылары бұл жерде әлемдік әдебиетте қалыптасқан іргелі дәстүрлерді еркін игеріп-менгергендігінің куәсі боламыз.

Р.Мұқанованың «Жарық дүние», «Жан азабы», «Шықпайтын есік» әңгімелерінде де өмір мен өлімнің күресі, тіршіліктің қымбаттылығы, мәні мен маңызы суреттелген. Аурухана төсегінде өз өмірлерінің соңғы күндерін сүріп жатқан адамдар бейнесі, олардың ішкі дүниесі, сезім қалтарыстары барынша терең ашылған. Жазушының бұл әңгімелерінің басын біріктірін тұрған мәселелер, біріншіден, тірлік қандай шын болса, өлім де – бұлжытпас шындық, екіншіден, өлім туралы толғану – жазушы үшін өмір сүру формасы екендігін байқауға болады.

«Жарық дүние» әңгімесіндегі баланың анасын өлімге қимай, ананың баласын қимай қиналуы үлкен психологиялық шеберлікпен өрнектелген. Ананың баласына айтқан: «Мен саған ризамын. Енді, мынау өмір мен өлімнің ортасында жатқан сәтімде де мені тіршілікке алып қалатын сен ғана сияқтысың. Арманым жоқ десем де, менің өмір сүргім келеді, ұлым. Әрине, сенің алдында алсын. Ол тілегім ақиқат» [2, б.21]. Бірақ ...толғанысы үлкен бір өкінішпен аяқталған. Бірақ баласына риза, оқыды, ер жетті, қызық көрсетті. Осы жалғыз үшін өмір сүрді. Өмірінің мәніне айналған Сағаты бүгін оны ажалдан алып қалатын сияқты. Ана мен баланың бір-бірінің биіктігіне деген сенім шексіз екендігіне көз жеткіземіз. Тіпті бір-біріне деген ұлы махаббаттың алдында өлімнің өзі жеңіліс табатын сияқты. Дәрігерге қайта-қайта қан құйғыздыртып анасының азда болса өмірін ұзартуға аласұрған Сағат өлімнің бұлжымас шындық, өмір бар жерде өлім бар екендігіне бірте-бірте мойынұсына бастайды.

Әңгімеде жазушы осы оқиғаға паралель етіп жол үстінде машина басып кеткен ит тағдырын суреттейді. Жолды кесін өтіп бара жатқан екі иттің бірін жүргізуші байқаусызда қағып кетеді. Екінші ит жол үстінен кетпей өш алуға кіріседі. «Ит адамзат атаулыда кеткен ұлы өшпенділіктің кегін алмақ. Көзі қанталаған ол жақындай берген жарыққа атылып барып, бұрын-соңды ит атаулыдан кездестіре алмаған аса бір үрейлі дауыспен арс-арс етін қалды» [2, б.19] деп жазушы ызалы ит бейнесін береді.

Иттің кек қайтару жолына түсуіне не себеп, неге сонша ол өшпенділікті бойына жинап алды деген сан сауалдарға бір-ақ сөзбен жауап қайтаруға болады. Ол – тіршілік. Кез келген жан иесі тіршілікке құмар. Кеудесінде жаны бар кез келген қыбырлаған жан иесі тіршілік үшін күреседі. Тіршілік үшін күрес ол өмір сүру. Иттің сол сәттегі азынаған жанын Сағат қана түсінеді. Итті ату обал деген ой оған ғана келеді.

«Тіршілікке құмартқан жан иесінің қиналыс сәтін көзімен көріп, ортақтас болған мұңлы түндерінің әсері ме, Сағат адам баласын, жан-жануар болсын, әйтеуір, жан біткеннің тіршілік үшін күресетінін анық біледі. Ол әр күнді, әр сағатты соншалық бағалауға, қадірлеуге тырысты» [2, б.29] деген үзінді де әңгіменің басты нысанасы көрінеді. Өмір өткініш. Сондықтан да оны мәнді етін сүру қажет. Санаулы ғұмырды саналы кешу әркімнің өз қолында екені ақиқат.

Ал «Жан азабы» әңгімесінде жазушы осы ойды өрбіте түскен сияқты. Науқас ана мен жаудыраған сәби жүздері кез келгеннің көңіліне мұң әкелетіні сөзсіз. Дертпен арпалысқан адам жанына бірден-бір күш беретін нәрсе ол адамның тіршілікке құмарлығы екенін әңгіменің өн бойынан тануға болады. Дарига ауыр науқастың өзін жеңіп, бара жатқанын сезінсе де сезгісі келмейді. Әрбір сөз, ой, қимыл оның

жүрегіне үміт отын жағады.

Жазушы әңгімеде тіршілік туралы мынадай ой қорытады: «Тіршілік. Арпалысқан адуынды өмір, қысқа уақыт. Таң. Түс. Кеш. Бірін-бірі қайталаған осы ағайынды үшеу адамның ғұмырын жалмап алып, күннен-күнге қысқартып алып бара жатқанын сезе тұра, сезбеген, біле тұра, білмеген күй кешеміз. Өмірден қайтқандарды көріп, тәубә қылғанмен, ертең, ертең-ақ бізге де келер деп бейқам айта да салармыз. Бірақ сол сәтте арпалысып тіршілік үшін күресетінін, тағы да аз уақыт өмір жорығынан дәмеленетінді білесің бе Адам? Тіршіліктегі көрген ауыр қасіретіннің өзін тағы да бір мынау жарық дүниеде бастан кешірсең өкінбейтін аңсайтын, жалбарына сұрайтын сәтіннің болатынын сезесің бе, Адам? О, қасиетті тіршілік. Мәңгі жасау үшін Адамның амалы бар ма?» [2, б.34]. Бұл үзіндіні ұзағырақ келтірген себебіміз авторлық тұрғының осы бір толғаныста өзінің бағытын танытады. Себебі жазушының әңгімеде көтеріп отырған негізгі идеясы өмір үшін арпалысып жатқан адам бейнесі арқылы, оның сезім дүниесі арқылы тіршіліктің парқын адам баласына ұғындыру.

Бүгінгі зымыран заманда уақыт құлына айналып бара жатқан адам баласына ой тастайды. Әңгімеде Дариғаны жаны ашитын, оның жүрегін жаралағысы келмейтін адамдар қоршап отыр. Қайын апасы, жары, балалары Дариға үшін құрбан болуға әзір. Бірақ тура келген ажалға қарсы тұруға ешкімнің қауқары жетпейді. Дариға жаны тек өзі ғана өліммен бетпе-бет келін отыр. Тәуір болып кетермін деген ой ғана өмір сүруге, тіршілікке деген құштарлық пен өлім арасындағы мәңгілік тартыс өзек болған. Адам рухының қандай қиындық болса да жоғары болатындығы, тіпті ажал алдында бой жазып өз аяғымен жер басып, таза ауамен дем алып аттануы осыны көрсетеді. «Дәл мына суықтың өтіне кеіп тұрғаның не, қарғам-ау? Бас көтергенің бүгін ғана емес пе? Лып ете түскен әйел қолы жаңағы жарық сәулеге созыла бергені сол еді, меңіреу қараңғы қапаста Дариға қалып қойды» [2, б.53] – деген Дариғаның түсімен басталатын әңгімеде жарық пен қараңғылық бейнесі шығарманың идеялық өзегін, тартыстық арнау тарамдарын ашатын кілт іспеттес.

Жазушының жоғарыда сөз етілген әңгімелерінде дараланған характерлер суреттелген. Автор «Жан азабында» ананың, «Жарық дүниеде» Дариғаның ішкі сезім дүниесіне бойлайды. Оларды оқырман алдында толғандырады, пікір таластырады. Әңгіменің баяндау тәсілінің шеберлігі, ұтымдылығы да оқушының назарын бірден аударады.

Ал «Шықпайтын есік» әңгімесінде ананың өмірге, дүниеге сәби әкелуге деген құштарлығы суреттелген. Басты кейіпкер Ғалияның бар арманы ана болу. Бірақ тағдыр оның мандайына ана болу бақытын жазбаған. Аурухана ішіндегі «Шығатын есік» пен «Шықпайтын есік» өмір мен өлім бейнесі сияқты. «Шығатын есік! Мұнысы несі екен? Есік болғасын шығады да. Әлде шықпайтын да есік болушы ма еді?» Жүріңкіреп барып тағы бөгелді. Бұл жолы әйелдің өңі қуқыл тартып бара жатты. «О, тоба-ай, шықпайтын есік дегені несі, тағы!...» Әйел, сол жақтан үрей сезгендей, соңында қалып бара жатқан жұмбақ есікке алақтап қарай берген» [2, б.137] деген үзіндіде Ғалия басына келген ой, оның денесіне үрей әкелгенін көреміз.

Әңгімеде Ғалияның өмірге деген құштарлығының шыңы оның ана болып жары Ермекке бақыт сыйлағысы келгендігі еді. Ермекке өзінің қуанышын жеткізгенде оның ойына жарының бір кездегі суық сөзі оралады. Дәл осы сәтте жарының құшағында тұрса да, көңілі сонау бір тұңғиық тыныштықтағы алыс әлемге сапар шегеді. Бұл жерден, Ғалияның мына өмірден алыстап бара жатқанын сезінеміз.

Дәрігер операцияға алғаш келісім сұрағанда жоқ деп қайырып тастайды. Күн ұясына кіргенше палатасында ұзақ жылаған Ғалияның жан дүниесі әңгімеде былайша суреттелген: «Алғаш рет әйелдің жаны жаншылып, сол он сегіз жылғы бедеулігіне, өз қуанышын өзіне қимаған мынау тажал тағдырына қарғыс айтқан. Өзінің өмірге әйел болып келіп, аналық қызықты көре алмағанына, соның суығын сезін, ыстығына төзе алмайтынына, тым болмаған да құрсағына біткен мынау сәбін дәрігердің жәрдемінсіз жарық дүниеге өзі-ақ әкелуге жарамағанына әйел қатты таусылып, тіршіліктен түңілді» [2, б.139].

Жазушы Ғалияның өмірге деген құштарлығының бір күнде өшуін, онымен бірге өзінің де сөніп бара жатқанын көрсете отырып, оған сол сәтте көмекке келген, жанын түсінген адам баласының болмағанына күйзелді. Шыбын жанын дәрігерлер қолына тапсырып, соларға үлкен үмітпен қараған Ғалия сенімі күл болды. Енді ол айналасындағыларға деген сенімнен айрылды. Дүниеге сәби әкелін, сүйген жары Ермекті бақытты етпек еді ол арманы орындалмады. Ана болу бақытына ие боламын деп еді ол үміті босқа кетті. Ғалия жаны осының бәрін кімнен көреді, кім кінәлі? Енді оған өмір сүрудің мәні бар ма? Кім үшін, не үшін өмір сүрмек? Осындай бүкіл санасын, жан дүниесін шырмаған сұрақтарға жауапты Ғалия бір-ақ жерден іздеді. Ол – «Шықпайтын есік» еді.

«Дәлізде ұзақ тұрды. Шығатын есік маңы кіріп-шығып сапырылысып жатыр да, шықпайтын есіктің маңында қыбыр еткен жан жоқ. Ғалия сол тұсқа алақтап, қайта-қайта қарағыштай берді. Жақындап келіп,

есікті ашып жіберді. Төменге түсетін басқышты көрді. Жан-жағына асығыс көз салды да, қараңғы тұңғыққа түсін бара жатты. Жан түршігерлік ащы бір дауыспен бар күйінішінің, бүкіл қасіретінің бәрін шығармақ-ақ еді. Бұл жолы да «шықпайтын есік» оған сабыр берді» [2, б.144] деген сәттен жаны тығырыққа тірелген Ғалияға сабыр берген сол «шықпайтын есік» екенін көреміз. Жазушы өмір мен өлімнің арасында аласұрған Ғалияның жан дүниесіндегі аласапыран сезімдерді, қайшылықты ойларды, кереғар құбылыстарды шебер қиюластырған.

Р.Мұқанованың «Мұқағали» әңгімесінде ақын өмірінің соңғы сәті бейнеленген. Бұнда жазушы айықпас ауыр дерт бойын жайлап алған ақын жанын өлеңге, қазақтың қара өлеңіне деген сүйіспеншілік, оған табыну ғана бір сәт жадырататынын, жарық дүниеге құштарлығын арттыратынын көрсетеді. «Жыры да, сыры да, мұңы да, қайғысы да Музамен ұласты. Кейде күрсініп, кейде жылап, кейде бәрінен айығып тазарып отырады. Музасы болмаса қайтер еді, қаңғырып баз кешін кетер ме еді. Жаны мен тәнінің арасынан жол тапқан егізі – поэзиясы. Поэзиясы үшін жан салып, жан берісерге бар. «Жаным сүймесе келісімге барып жүрсем – сен үшін» дейтін қасиетті бойтұмарына. Мұның қайсарлығын нәзіктікке бас иіп, мазасыз жанын сабырлыққа көндірген де сол. Тек тастап кетпесе, мазақ етпесе болғаны» - деген жолдар [2, б.21] осыған дәлел.

Ақын жаны жалғыздық күйін кешуде. Сағат сайын жақындап келе жатқан ажал ақын сезімін тығырыққа тіреп жатыр. Мұқағалидың бар ойы жазу керек. Бірақ уақыт аз, қуат жоқ. Әңгімеде ақынға қайта-қайта келген домалақ дене – шартты бейне. Оны ақын ажал бейнесі ретінде көреді. Бүлдіршін қыз – Муза. Бітеу дене – ажал деп ақын ұғынады. Екеуінің теке-тіресі ақын өмірі. Сондықтан да ол бүлдіршін қыз жанын алып қалатындай көреді. Ақын таң алдында дүниеден өтеді. Көп жағдайда жазушы психологиялық талдауға көбірек барып, бас қаһарманды үлкен дайындықтан өткізеді. Бетпе-бет келген өліммен ашық күрес, сезімдегі қайшылықтар қат-қабаттанып, көркемдік компоненттер шебер қиюласқан.

Жазушы кейіпкерлер толғанысын, ішкі ой шарпысын бейнелегенде де шеберлік танытады. Бұл ретте қаһарманның рухани дүниесіндегі өзгеріс-құбылысты жеткізетін монологтар, кейде тіпті арнайы ақыл түйдегі, тұтасып жататын «сана» ағымы ерекше назар аударарлық. Тіршіліктің мәні, оны түсіну үшін не істеу керек, қалай өмір сүріп жүр, кім үшін, не үшін деген сияқты «мәңгілік сауалдар» алдынан шыққан кейіпкер өзінің кім екенін танытады.

Бұл турасында зерттеуші Р.Нұрғали «Кейінгі уақыттарда прозаның шағын формалық түрлеріне ой ағымы әдісі кіре бастады. Кейіпкерлердің ішкі әлемін, сезім дүниесін ашуда, психологиялық құбылыстарды тиянақтауда бұл көркемдік тәсілдің мүмкіндіктері мол», – деп ой білдіреді [4, б.576].

Жиырмамыншы ғасырдың қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістерінің қарқындылығын суреттейтін соңғы он жылы рухани мәдениет пен өнердің әлеуметтік – эстетикалық қызметінің жоғары екендігін көрсетіп берді. Жаңа ойлау құрылымының қажеттілігі мен маңыздылығы, ұлттық сана – сезімінің дамуы қоғамдағы әдебиеттің алатын орнын бірнеше сатыға жоғары көтерді, көркем – философиялық ойлау мен танымдық – эстетикалық қағидалардың әрі қарай ілгерілеуі жолындағы адам қоғамына қатысты маңызды мәселелерді шешу жолындағы көркемдік ізденістердің ілгерілеуіне әкелді.

Ғасырдың соңғы екі он жылдығындағы әдебиет философиялық, эстетикалық мәселерді тану жолында көп септігін тигізді. Қазіргі қазақ жазушыларының шығармалары ұлттық сөз өнері дәсүрінің жалғастығымен сәйкес келін жататын философиялық толымдылығымен өткен, бүгінгі және болашақ өмір жайлы ой-толғамдарының тереңділігімен ерекшеленеді. Сонымен бірге ғасырлар тоғысындағы көркем проза жалпы адами мәселелерді шешу, жаңа көркем шынайылық, жаңа тақырып, жаңа бейне жасау жолындағы ізденістер бағытында орын алып отыр.

1. Шарабасов С. // *Ізденіс*, 2001, № 2, 40-49 бб.
2. Мұқанова Р. *Мәңгілік бала бейне*. – Алматы: 1994. – 194 б.
3. Уалиханов Ш. *Таңдамалы*. – Алматы: 1986. – 321 б.
4. Нұрғалиев Р. *Арқау. Т.2*. – Алматы: *Жазушы*, 1991. – 576 б.

Аннотация: В статье рассматриваются проблемы личности, духовного мира человека, его социальной ответственности. На основе анализа рассказов писательницы Р.Мукановой, для которой сосредоточенность на индивидууме и традиционность (творчество Хемингуэя, Фолкнера, Стейнбека и др.).

Экзистенциалисты считают, что человек не должен убежать от сознания своей смертности, а потому высоко ценить все то, что напоминает индивиду о суетности его практических начинаний. Этот мотив

ярко выражен в экзистенциалистическом учении о «пограничных ситуациях» - предельных жизненных обстоятельствах, в которые постоянно попадает человеческая личность. «Пограничная ситуация» — это ситуация перед лицом смерти, «ничто», «быть или не быть» в секулярной разновидности экзистенциализма. В рассказах «Жарық дүние», «Шықпайтын есік» писатель с особым мастерством использует эти философские мысли в своем творчестве.

Ключевые слова: экзистенциализм, поток, сознание, философская эстетика, прием повествования, психологическое мастерство.

Abstract:The problem of identity, of the spiritual world, social responsibility is to be considered in this article. It analysis narrations of the writer R. Mukanova, for whom concentration on the individual is traditional (consider the works by Hemingway, Faulkner, Steinbeck, etc.)

Existentialists believe that people must not run away from the awareness of their mortality, thus, highly appreciating all that, which reminds them of the worldliness of their practical initiatives. This motive is brightly expressed in the existentialistic doctrine about “boarder-line situations”, - critical life circumstances, in which human being is always involved. A boarder-line situation - is the situation facing the death, “nothing”, “to be or not to be” in the secular varieties of existentialism. In such stories as “The Bright World”, “The door that doesn’t leave”, the writer used these philosophical ideas in his creative activity.

Keywords:Existentialism, stream of consciousness, philosophical aesthetics, method of narration, psychological mastery.

УДК 821.512. 122

ДАРАЛЫҚ СТИЛЬ НЕГІЗІ – ҰЛТТЫҚ ХАРАКТЕР

А.О.Тоқсамбаева -

ф.ғ.к., Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің профессор м.а.

Түйіндеме: Берілген мақалада мәңгілік махаббаттақырыбына қалам сілтеген Мағауин шығармаларында кездесетін даралық стиль туралы сөз болады. Жазушы шеберлігін суреттеу мақсатында жазылған мақала боямасыз бейнеленетін ұлттық характерді дәріптейді.

Адамды homo sapiens дәрежесіне жеткізген ізгі де қасиетті сезім – махаббат туралы сыр шертпеген ақын-жазушы жоқ екендігі туралы сөз қазғалады. Хикаяның түп тамыры бұдан бір, бес он мың жылға, бәлкі, одан да көне дәуірлерге тірелетіндігі, жүз тармақты, сан салалы өлең, жырлар, аңыз, ертегілер, роман, повестер, бәрінің саяр арнасы – біреу-ақ болса да, жұрт қызыға тыңдап, құмарта оқыйтындығы жайлы айтылады. Шым-шытырық шиырланған, бірақ таптаурын болмаған, мәңгілік жас тақырыпқа арналған бұл шағын дүние – жаңа бір сөз айтам деген сенімнің емес, осы тараптағы арқауы босаң, сүлесөк шығармалардың өзі далада қалмаушы еді ғой деген жазушының үмітінің нәтижесі екендігі мысалдар арқылы дәлелденеді.

Шығарманың алғашқы тармағында бәлік идеалды махаббатты іздеп соның азабын тартқан шығармашылық тұлғалар кейіпкер болса, екінші бөлім мүлде басқа бағытта өрбитіндігі, өмірдің өзінен ойып алына салған хрониканың өзі қаншама асыл дүние екенін жазушы жеріне жеткізе таратып, талдап бере алғанын, махаббаттың мәңгілік екеніне, барлық адамзатқа тән сезім екенін контраспен шебер бере білгендігі тілге тиек етіледі. Өнер тұлғаларына арналған шығармалар қазақ әдебиетінде баршылық екенін ата келін, үш бірдей шығармашылық саласында еңбек етін жүрген адамдарды полемикаға түсірін, ерекше шығармашылық шешім табу Мұхтар Мағауиннің қолынан келгендігін мысалдар арқылы дәлелденеді.

Қаламгер сөз ететін рухани қасиеттерді ұлттық танымның жоғары биігі деп көрсететін мақала зерттеушілерге, әдебиеттанушыларға арналады.

Кілт сөздер: суреткер, ғалым, хикаят, «Өмір жыры», «Алғашқы махаббат», эпиграф, «Бірінші тармақ – ұшар алдындағы хикая немесе мәңгілік күй», композитор, реплика, суретші, мәңгілік тақырып.

Мұхтар Мағауиннің суреткер, ғалым ретінде диапазоны өте кең тынысты. Жазушының өзінің «Өмір жыры» хикаятында мәңгілік тақырыпқа бара отырып жауапкершілікті аса сезеді. Оны шығармаға аңдатпа ретінде жазған сөзінде сездіреді. Дегенмен жазушы тақырыпқа үлкен дайындықпен келген. Бұл кезеңде Мұхтар Мағауин қазақ әдебиетінің тарихы үшін өте маңызды ірі болжамдарымен ғылымда жанартаудай жаңалық ашып жатқан кезі болатын. Кім біледі рухани азық, сезім байлығын қажет еткен кезең бе бұл аса

құпия мәселе. Дегенмен жазушыны мәңгілік тақырып махаббатқа арналған келісті көркем шығармасы деп танимыз. Эпиграфтың өзі жазушының асқақ арманын сездіріп тұрғандай

Адамды homo sapiens дәрежесіне жеткізген ізгі де қасиетті сезім – махаббат туралы сыр шертпеген ақын-жазушы жоқ. Хикаяның түп тамыры бұдан бір, бес он мың жылға, бәлкі, одан да көне дәуірлерге тіреледі. Жүз тармақты, сан салалы өлең, жырлар, аңыз, ертегілер, роман, повестер. Бәрінің саяр арнасы – біреу-ақ. Сонда да жұрт қызыға тыңдап, құмарта оқып келеді. Шым-шытырық шиырланған, бірақ таптаурын болмаған, мәңгілік жас тақырыпқа арналған бұл шағын дүние – жана бір сөз айтам деген сенімнің емес, осы тараптағы арқауы босаң, сүлесоқ шығармалардың өзі далада қалмаушы еді ғой деген үмітінің нәтижесі» [1,113]. Аңдатпаның көркем шығармадағы орны ерекше. Өйткені онда мәйекті түрде шығарманың негізінен хабар беріледі. Сюжетке тығыз байланысы болмауы да мүмкін. Бұл жайында академик Зәки Ахметов жақсы айтқан: «Әдеби шығарманың беташары секілді, негізгі оқиғаға тікелей қатысы жоқ кіріспе бөлігі. Мұнда, әдетте, оқиға желісінің бағыт-бағдарын алдын-ала аңғарту мақсатымен бұрынырақ болған кейбір жайлар баяндалады» [2,386].

Жазушының қай тақырыпқа да жауапкершілікпен қарайтынын шығармаларын оқу барысында байқайсыз. Ал махаббат тақырыбында суреткердің ерекше бір сезіммен толқыныс үстінде болатынын тағы байқайсыз. Тарихи басқа да тақырыпта жазылған шығармаларына айтқан сөзі, пікірінде алмас қылыштай өткірлік болса, бұл шығармасында «үмітімнің нәтижесі» дейді. Мәңгілік тақырыпқа Шекспирден Абайға дейін даналар тебірене жазған. Соның самалы осы шығармада еседі. Шығарманың «Бірінші тармақ – ұшар алдындағы хикая, немесе мәңгілік күй» атты бірінші бөлімінде жазушы, композитор және суретшінің самолетты тосқан кезіндегі әңгімелері негізіне құрылған. Шығармашылық негізінде адамзаттың ең асыл қасиеті махаббатың құпиясын ашуға ұмтылыс пікірталас әңгіме түрінде берілген. Негізгі кейіпкер әңгімеден-сұхбаттан кейін суретші болады. Алайда суретшінің шешіліп әңгіме айтуына жазушының өзіне деген сенімі қатты әсер етеді. Сондықтан жазушының дәлелі дәйексіз болып шығады.

Жазушының соншалықты сенімділігіне күмән келтіре сөйлеген суретші өз пікірін дәлелдей түседі. Көркем шығармадағы кейіпкер өмірдегі адамнан мүлдем өзге, сондықтан оның есінде қалады деу бекершілік дейді. Ол тайтұяқтан жасалған білезікке қарап тұрып, ойға тайтұяқ елестейді деумен бірдей дейді. Жазушы да кеудесін кере дем алып «Өлді менің соңғы кездесуім» дейді. Тақырып алғашқы махаббат болса, оның шығармашылықта көрініс табу процесі шығарманың өзегі десек те болады. Жазушы қос шығарма деңгейінде жазылған хикаятына адамның ең бір асқақ сезімі махаббатты арқау еткен. Бұл шығарманы қос мұнаралы махаббат күмбезі десе де болғандай. Махаббат тек сұлулардың ғана еншісі деген ұғымның негізсіз екені шығарма концепциясында ерекше байқалады. Адамзат баласының қай сатысында әлеуметтік жағынан тұрмасын, немесе жаратылысы қандай болмасын, әйтеуір адам баласының жүрегінің жылулық іздейтіні осы шығармада терең көрініс тапқан. Композитор мен жазушы тыңдаушы, яғни естуші оқырман деңгейінде болса, баяндаушы суретші болады. Бірақ диалогты жалғап ойдың дами өрбуіне жазушы мен композитор сұрақ қою арқылы, реплика тастау арқылы қозғау салып отырады. Сондай бір сұрақты жазушы қояды. Сұрақ сұрақ түрінде емес жазылған шығармаға талдау жасау үстінде көрініс табады. Хикаят оқиғасы өнер тұлғаларының сұхбатындай әдемі әсер үстінде өрбіп отырады.

Шығармашылық топ шешіліп сөйлемей, ішкі сырын терең ашуға ұмтылмай тартына сөйледі. Осы шағын диалогта автор өз кейіпкерлерінің көркемдік көру қуатынан хабар беріп өтеді. Шабыттана сөйлейді. Суретті оқырманның көз алдына әкеледі. Тау ішіндегі құлаған ағаш үстіндегі екеу болсын немесе көшеде, аллеяда келе жатқан жас болсын бәрі оқырманды ерекше тартады. Ол суреттің аты да қандай ғажап «Алғашқы махаббат» деп аталады. Ал шығарманың аты «Таң нұры». Жалпы суреткердің эстетикалық талғамы өте күшті. Өнер саласында жазған осы хикаяттың өзінде оның қаншама суреткерлік диапазонының кең екенін байқаймыз. Шығармада өнер иелері, әркім өз шығармашылығының мәңгіліктігін, күрделілігін дәлелдеуде.

Суретшінің композиторға айтқан уәжі де күшті. «Әңгіме Сізде болуға тиіс. Бастан-аяқ сезім толқыны. Іріктелген, шыңдалған дыбыстар» дейді. Жалпы Мұхтар Мағауиннің хикаяттарындағы кейіпкерлердің танымдық деңгейі биік болып келеді. Ең бірінші ерекшелігі оның қай саланың адамы болмасын қазақ екендігіне көзіңіз жетін отырады. Композиторға суретшінің берген бағасы ғажап. Тасқа қашап жазатын сөздер. Жалпы музыка өнерінің сикқыры әлем зерттеушілерін таңырқатудан, өзінің құдіретімен тамсандырудан бір сәт толастаған емес. Музыкалық бейнелеу ерекше құбылыс. Ол туралы ғалым

Ю.Борев былай дейді: «Эмоциональные переживание и окрашенная чувством идея, выражаемые через звуки особого рода, в основе которых лежат интонации человеческой речи, - такова природа музыкального образа» дейді [3,290]. Міне осы бағытты ұстанған кейіпкерлер музыкантты тыңдағысы келеді. Бірақ, қалай болғанда кейіпкерлер Сурет өнеріне ден қояды. Суретші «Алғашқы махаббат» шығармасының қалай дүниеге келгенін, оның қалай пайда болғанын тебірене айтып кетеді. Хикаяттың өнер адамдары жырлаған махаббат хикаяты осылай басталады. Суретші тебірене бастап кетеді. Шығармаға, суреттегі және өміріндегі эпопеяға азық болған көз еді.

Жазушы ішкі психологиялық тебіреністі береді. Кейіпкер суретші, шығармашылық тұлға, әрине табиғатынан. Бірақ ол әзір кәсіпқой емес. Дегенмен, көз арқылы әйел сұлулығын, оның ішкі әлеміне үңілу процесін шеберлікпен бере білген. Жалпы, осы хикаятта байқағанымыздай, Мағауин өзінің өнердің бар саласын өте терең меңгергенін байқаттады. Шығармадағы негізгі ой енді сол көздің иесін іздеуден басталады. Сезім бір болса, шығармашылық дарын екі екенін жазушы ерекше ашып көрсеткен. Ол мынандай детальдан байқалады. Яғни іздеген құндылығын жүйелі түрде індетте зерттеуі. Мәселен, алдымен, тұтас институттарды сүзіп шығу, одан кейін тағысын тағылар. Не деген жанартаудай алып күш. Сезім шоғы дегейіңіз осы. Сондай іздеу барысында болған бір келеңсіздеу сәтті бас кейіпкер суретшінің атынан берген.

Жазушының бұл хикаятын шығармашылық өмірін бастаған әрбір жас талап міндетті түрде оқитын шығарма ретінде енгізген дұрыс. Жүрегі бұр жарған жас суретшінің шығармашылық таланты да жауқазын ашқан еді. Жазушы осы сәтті ерекше бағалау, түсіну биігінде бере білген. Сол мыңдаған, жүздеген сәтсіздіктер, сан мың көздер, адам кейіптері махаббатын іздеген жас талапқа адам жүзін оқуға да мүмкіншілік береді. Оны автор бас кейіпкер суретшінің айтуымен сәтті бере білген.

Бүкіл қаланы аралап табанынан тозған жас талап суретшіні сол көз, анықтап айтсақ өзіне арналған көзқарас көп қиындық та әкеледі. Студент қаншама лекцияны босатады. Іздемеген жері жоқ. Бұлай тәпшістей суреттеуде аса үлкен мән бар. Кез келген шығармашылық оңай берілмесі анық. Ал оның өмір жырына айналған аяулы қызын іздеу процесінің өзін шығармашылыққа айналдырып жіберген. Күндіз күнімен іздеген ол енді жүйелі түрде іздеуге кіріседі. Талмай іздейді. Кейіннен жолы болмаса да осы ыждаһаттылық, осы сезім өнерге жиналып келіп құйылады. Өнер туындысының дүниеге келу процесін көрсету үшін жазушы осылай терең талдап көрсеткен.

Сезім қуатын автор пафоспен шынайы суреттейді. Кейіпкер суретшінің әңгімелеуі арқылы оқиғаны өрбітіп отырады. Күз бітіп, қыс өтсе де көз иесін таба алмайды. «Көз» бұл жерде көркемдік деталь болса, біздің кейіпкеріміздің идеалы, тұтас алғанда символ. Мәселен символ ерекше көркемдік шешім. Сол кейіпкердің характерін ашу үшін қызмет жасап тұр. Ол асыл адам өзінің арман тілегінен айнымайды дегенге саяды. Сол символға академик Зәки Ахметов мынадай анықтама береді: «Символ» – әдебиетте ойды астарлап, басқа нәрсені суреттеу арқылы жасалатын нақтылы сипаты бар балама бейне. Жалпы халықтық тілде кездесетін символда бір нәрсені өз қалпынан басқаша сипатта көрсетіп, сондай-ақ, нақтылы бір затты, нәрсені екінші нәрсенің, не ұғымның жай баламасы ретінде алу арқылы жасалады. [4,312]. Сол суретшінің Символы, өзі іздеген арман құсына соңында кездейсоқ ұшырасады. Содан барлығын анықтайды. Қайда оқитынын. Университеттің химия факультетінің студенті болып шығады.

Сүйгеніне қосылып бақытсыз болған композитор Суретшінің бұлай ой қорытуына әлсіз қарсылық жасаған. Сондықтан кімнің кінәлі екендігі анықталмай қалған. Самолеттің кешігуі Суретші, Жазушы және Композитордың шығарма және оның прототипі жайында өз ойларын айтуға мұрша береді. Мұхтар Мағауин осы сәтті шебер берін хикаяттың бірінші тармағы «Мәңгілік күйді» қорытындылау үшін үшеуіне де сөз береді. Бірінші «Алғашқы махаббат» атты еңбектің авторы өз ойын түйіндеп жткізеді.

Негізгі кейіпкер, «Алғашқы махаббаттың» авторы өз ойын қорытып пәлсапалық әңгіме айтады. Оның ойынша тағдыр тәлкегіне түскен өзі. Ал, шығармадағы кейіпкер Әлия ешқандай жан азабын тартпаған. Ол өз бақытын тапқан. Бұны ешқаша сүймеген. Бұл жай ғана пікір емес, үкім іспеттес ой тұжырым еді. Осы жерде әңгімеге жазушы араласады.

Бұл жазушы тарапынан Әлияны қорғап, суретшіге үкім шығарған пікір болды. Екі пікір екі полосте жатыр. Суретші өзін бақытсыз санаса, қызды кінәлі санаса, Жазушы нағыз сүйген қыз, бірақ сен қадіріне жетпедің дейді. Бұл екі көзқарастан бөлекше пікірді композитор айтады.

Шығарманың алғашқы тармағында биік идеалды махаббатты іздеп соның азабын тартқан шығармашылық тұлғалар кейіпкер болса, екінші бөлім мүлде басқа бағытта өрбиді. Өмірдің өзінен ойып алына салған хроника. Соның өзі қаншама асыл дүние екенін жазушы жеріне жеткізе таратып, талдап

бере алған Махаббаттың мәңгілік екеніне, барлық адамзатқа тән сезім екенін контраспен шебер бере білген. Өнер тұлғаларына арналған шығармалар қазақ әдебиетінде баршылық. Ал, үш бірдей шығармашылық саласында еңбек етін жүрген адамдарды полемикаға түсірін, ерекше шығармашылық шешім табу Мұхтар Мағауиннің қолынан келген. Бұл өте күрделі үрдіс. Шығармашылықтың ләззаты мен азабын қатар сезінген суреткер ғана көре алатын процесс. Шығарма копозициясы өзінің екі бөліктен тұруымен де ерекшеленеді. Екінші бағытында шығармашылық тұлғалар емес, қарапайым еңбек адамдары. Бірақ өмір жыры бұл жақта да бір сәт бәсеңсімей қайнап жатқанын айқын көрсете білген.

«Өмір жыры» атты хикаяттың екінші тармағы «Жол үстіндегі хикая, деп аталады. Автор осы тарауын, немесе тармағын «Кертолғау» деп атаған. Махаббат жайында оқыған- тоқығандарыма, жазғандарыма, таным-түсінігіме қарама-қарсы келген соң осылай атадым деп басталады. Бұндағы кейінкерлер поездда кездеседі. Бірі – жазушы, екіншісі - әңгімеші. Әңгімеші бірден киіп кетін, оны танитындығын, жазғандарын оқығанын бәрін жіпке тізін келін, өзіне келгенде, бұл маңызды емес, Кездесок Кезкелгенов деңіз дейді де әңгімесін бастайды. Жалпы жазушының стилінде өзгеше әдіс қолданған хикаяты осы «Өмір жыры» деп айта аламыз. Хикаяттың алғашқы тарауындағы кейінкерлер де қызу талқылау, нікір-талас үстінде бейнеленген. «Кертолғаудағы» жағдай да ерекше. Бұндағы әңгімеші роліндегі кейіпкер өзінің даралық көқарасымен ерекшеленген қарапайым жан. Бұл оқиғада барлығы кездейсоқ, бірақ сол кездейсоқтықта бір заңдылық бар сияқты. Қарапайым тағдыр талқысына түскен жанның махаббаты, басынан өткерген азабы соншалықты шынайы, күрделі сонымен қатар мазмұнды. Баяндаушы роліндегі кейіпкер-жазушы «құдайға анық» деп ант-су ішін алып естігенін баяндайды.

Бірінші тармақта махаббат тақырыбының шығармашылықтағы орны, оның тұлға өміріне қатысы бейнеленеді. Композитор арақ ішін отырып өзінің бақытсыздығы махаббатына үйленгенім деп есептейді. Үйленбегенде мәңгі бақи арман құсы болып аспанда қалықтаған күйі қалар еді дейді. Жазушы да қолы жетпегенін, шығармада оның бейнесін жасағанын баяндайды. Махаббатының түсінбегенін айтады. Ал суретші ше, ол да өмір бойы соның суретін салғанын, алайда оның кейіннен суреттің жанынан жайбарақат өте шыққанын айтады. Ал, екінші тармақта басқаша, нағыз өмірден ойып алынған, сырт көзге қораш тағдырлар тарихы. Біз бұл жер жазушының өміртанудағы диапазонының кеңдігін айтпақпыз. Көркем шығармаға кейіпкер болған адамдар өмірі күрделі. Әсіресе келіншектің өмірі шырғалаңға толы. Өмірінің дәл осылай боларын ол қалады ма екен. Ең алғаш күйеуі Қойшыбайдың бекерден-бекер сотталып кетуі аса қайғылы. Мәрт жігіт елге келіп шолжаңдап жүрген шешендерді сабап сол үшін сотталып кетеді. Сабыржан Қойшыбайдың танысы. Бұрыннан сотталып кеткен Қойшыбайдың үйіне келін мауқын басып жүреді екен. Бас кейіпкер Сабыржанға ерін үйге енеді. Бүкіл өмірін осы келіншек өзгертіп жіберетінін сонда білді ме екен?

Кейіннен келіншек бұны елітіп әкетеді. Сабыржан мас болып қалған соң келіншектің қасына баяндаушы бас кейіпкер барады. Екеуі қол ұстасып далаға шығып кетеді. Әсия оның балалық қылығы барлығын айтады. Екеуі қайтып келеді. Осындай түсініксіз сезіммен қайтып оралған соң, болған ебдейсіз оқиға хикаяттың ішкі әлемін астан-кестең етеді. Ең сорақысы оның көзінше мас лас Сабыржанмен оның кездесуі. Алғашында Сабыржанның өзі танитын Қойшыбайдың келіншегіне баруы жан шошырлық іс болып көрінген.

Жазушы адам сезімінің қандай уақытта, қалай бұр жаратынының ережесі жоқ екенін ашып көрсеткен. Шындығында барлық моральға жат қылықты келіншекті қызғанып арпалысу жай нәрсе ме. Және басты кейіпкерді жақсы көретін он екіде бір гүлі ашылмаған бойжеткен қыз да бар. Сонда бұл не қызғаныш. Бұл қандай сезім. Расында жігіт Әсияға мен сені алып кетемін дейді. Арадағы байланыс аса терең болып көрінді екеуіне де.

Жігіт шындығында басынан не бір қиындықты кешеді. Бәрі де Әсия үшін. Далада қалған машинаны түгел тонап кетін қарызға батса да Әсиядан айнымайды. Өзін жақсы көретін көрші қыз Күлпанмен киноға барса да одан арғыға зауқы соқпайды. Кейіннен қанша оқиға болады. Өзінің сезімін келіншек те жеткізеді. Ол жоқта келген Сабыржанды үйге кіргізбеген. Бұл сонда қандай тағдыр?. Мұхтар Мағауин сол кезде соцреализм бейнелеген дұрыс жолды тұлғалардан бөлекше бейнеі қазақ әдебиетіне неге әкелді. Әйел қашан да қандай жағдайда да не нәрсенің бастау бұлағы болып қала бермек. Идея осы. Ол турады ғалым Айнұр Әбуталиева былай дейді: «Өмірдің әсем де сұлу жарасымын түзетін, адам жанына ізгілік пен парасат дарытатын да әйел.

Адамның рухани дүниесі мен сыртқы дененің үндестігі, іштей ғармониялық байланысы – іс-әрекеттегі, адам өміріндегі, тұтас бір денедегі детальдың поэтикасын құрайды» [4,17]. Ақыр аяғы ол екеуі үйленін

тынады. Кейіннен сонау Ресейге кетін қалады. Қойшыбай тауып артынан іздеп келеді. Осы күрделі жағдайдың боларына автор оқырманды дайындап әкеледі де, шиыршық атқан оқиганы өрбітіп жібереді. Тағдырдың тәлкегіне ұшыраған адамдардың өміріндегі шиеленіскен жағдай шындығында да күрделі. Біріншіден Қойшыбай нақақтан-нақақ сотталып кетеді. Екіншіден Сабыржанның Әсияны басынуы сұмдық сияқты болып көрінген біздің баяндаушы бас кейінкер енді өзі алып қашып Сібірге өтіп кеткен. Енді түрмеден шыққан Қойшыбай оларды іздеп табады. Осы шытырман өмірдің өрмек салған күрделі қайшылығы шығармада аса тебіреніспен бейнеленген. Сол кездесудің шарықтау шегі екеуінің жекпе-жекке шығуымен түйінделеді.

Махаббат-мәңгілік тақырып. Бұл хикаятында Мұхтар Мағауин осы мәңгілік тақырыпқа өзіндік стилімен келген. Өмірдің екі бийігінен қараған. Бірі шығармашылық жолдағы адамдардың идеалды түсіну, тану жолы болса, екіншісі өмірдің өзіндегі махаббаттың орны. Махаббат қандай жағдайда да өз қасиетін сақтайды екен. Намыс, адалдық басқа да ұғымдар оның алдында кішірейіп кетуі мүмкін. Кішірейгенде ол ұғымдар өз бағасын түсірмейді, керісінше махаббатқа кешіріммен қарайтын сияқты. Шығарманың сентенция түйіндеуінде автор перронда жалғыз тұрған өз серігін бейнелейді. Адам тағдыры деген сол. Басқаша айтсақ өз сезімі, өз жүрегі қалаған адамына құстай ұшырған махаббат күші дер едік. Шығарма өзінің бөлекше болмысымен ерекшеленеді. «Жібек мінез – қыз-келіншек шырыны, біле білсең, әйел көркі қылығы», «Мамық болмай бөксе, мықын, білегі, Мамық болсын мінезі мен жүрегі» [5,127] деп өскен түркілік тәрбиеге қас кейіпкердің бейнесі, сол ауру когамның көрінісі ретінде аяусыз берілген.

1 Мағауин Мұхтар. 13 том. Шығ. жин.: –А: Қағанат, 2002. Т.2, -528 бет.

2 Ахметов З., Аңдату. 386-387 беттер. \ \ Кітапта: «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия. Т.1. \ Бас. ред. Ә.Нысанбаев. – А: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1999. -720 бет.

3 Боров Ю. Эстетика. - 3-е изд. – Москва.: Политиздат. 1981. -399стр.

4 Әбуталиева А.Ә. Қазақ тарихи романындағы әйелдер бейнесінің жасалу ерекшеліктері (1960-80жж.). Филол. ғыл. кандидаты дәрежесін алу үшін дайын. дисс. автореф. Астана, 2006. –30бет.

5 Егеубаев А. Кісілік кітабы (ғылыми эссе). Ана тілі.

Аннотация: В данной статье говорится об индивидуальном стиле и теме вечной любви которая встречается в произведениях Мағауина. Эта статья написана с целью раскрыть творчество писателя, а также восхваляет маститное описание национального характера.

Продвигается тема о добром и святом чувстве любви, поэтов и писателей которые помогли человеку достичь степень homo sapiens . Глубь этой истории лежит в далеком пятитысяч и десятилетиями назад , или же еще более позднего века,сто пунктов,множество песен с разными темами,легенды,прорви, сказки,романы, повести также напоминает что, не смотря на то, что все перечисленные работы написаны по одной теме в одном направлении народ с большим удовольствием слушал, и читал их. Непонятно выдвинутый, но с банальностью,посвященный теме вечной молодости этот небольшой мир – не доверие рассказе в одном новом слове,сюжет в этой области слабый,даже произведения написанные равнодушно не оставались без внимания это является результатом надежды писателя и доказывается черезего приведенный примеры.

В первом пункте произведений описываются творческие личности,персонажи которые подвергли себя мучению в поиске большой идеальной любви,второй пункт развивается в другом направлении, в нем говорится о том,что хроника взятая из жизни человека является драгоценным миром, любовь – есть вечность присущая всем живым организмам, писатель умело, красноречиво, четко, подробно раскрыл эти темы.Напомним о том, что в казахской литературе много произведений посвященныхличностям искусства,мы включаем в область полемики людей работающих в трех направлениях, такие особенные творческие решения принимал Мухтар Мағауин это можно подтвердить приведенными его примерами.

Статья в которой писатель показывает, что духовные качества являются вершиной национального познания посвящается исследователям и познавателям литературы.

Ключевые слова:художник, ученый,история, «Песнь жизни», «Первая любовь», эпиграф, «Первый пункт –история перед взлетом, или вечная мелодия»,композитор, реплика, художник, вечная тема.

Annotation:In this article talked about individual style and theme of eternal love that meets in works of Magauin. This article of written on purpose to expose work of writer, and also eulogizes mastitis description of national character.

A theme moves up about kind and saint sense of love, poets and writers that helped a man to attain degree of homo sapiens.

Depth to it histories lies in distant five hundred and ten thousands back, or yet later century, one hundred points, great number of songs with different themes, legends, break through, fairy-tales, novels, to lead also reminded that, not looking on that all enumerated works of written on one topic in one the directions people listened with the utmost pleasure, and read them.

Incomprehensible pulled out, but with banality, sanctified to the theme of eternal youth this small world-don't trust story in one new word, a plot in this area is weak, even works the written indifferently did not remain regardless it is the result of hope of writer and between is proved resulted examples.

Creative personalities are described in the first point of works, personages that exposed to itself the torment in the search of large ideal love, the second point develops in other the directions, in him talked that a chronicle is taken from life of man is the precious world, had love eternity is inherent to all living organisms, writer able, eloquently, clearly, in detail exposed these themes.

Reminding that in Kazakh literature many works sanctified to personalities of art, we plug in the area of polemic of people working in three directions, such special creative decisions were accepted by Muchtar Magauin it can be confirmed made his examples.

Article in that a writer shows that spiritual qualities are the top of national cognition dedicated to the researchers and researchers of literatures.

Key words: artist, scientist, history, «Canto of life», «First love», Epigraph, «First point of -history before flight, or eternal melody», composer, remark, artist, composer, eternal theme.

ӘОЖ 821.512.122.09

«ЖҮСІП-ЗЫЛИХА» ДАСТАНЫНЫҢ ЖАРИЯЛАНЫМДАРЫ

М.Турбекова -

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің магистранты

Түйіндеме: Мақалада «Жүсіп-Зылиха» дастанының Батыс пен Шығыс халықтарында кеңінен таралу себептері, ғалымдардың қазақтың ғашықтық дастандарын жіктеуі және түрлерінің бір-бірінен шығу тәркіні, сюжеті жағынан ғана емес, тиіс, тақырып мазмұнын ашу жағынан да ерекшеленетіні көрсетілген. Осы туындының бастапқы аңыздары жайлы ғалымдардың пікірі келтіріліп, Шығыс халықтарында белгілі бір сюжетке құрылған шығарманы бір ақыннан екінші ақын үйренін қана қоймай, оны өзінше жырлап, тың эпизод, мотивтермен байытуы қалыптасқан дәстүр екендігі сөз болған. Сонымен қатар «Жүсіп-Зылиха» дастанының қазақша нұсқасының жариялану, зерттелу деңгейі және тағы бір мәселе осы шығарманың бас кейіпкері Жүсіптің есіміне жалғаса айтылатын «сыдық» сөзіне қатысты. Алғашқы екі басылымда (1976, 1994) ол «садық» деп берілсе, кейінгі 2005 жылғы басылымда «сыдық» деп түзетілгендігі қарастырылған. Көптеген халықтарының сүйікті шығармасына айналып, талай тыңдаушыны еліткен, рухани шәрбатпен сусындатқан «Жүсіп – Зылиха» дастанының қазақ версиясы ірі басылымдарда мол тиражбен үш мәрте басылып шықты. Әр басылымның ұстанымына, қағидасына сай жарияланды және фольклорлық шығармалардың басылыман қойылатын талап заманына қарай жетілген сайын олар да жетіліп отырды. Біз мұны аталған туындының әр кезеңде жарық көрген нұсқаларының мысалынан анық көріп отырмыз. Ал енді бұл шығарманың қазақ версиясының зерттелуіне келсек аталған басылымдардың алғысөз, ғылыми қосымшаларында қысқа да нұсқа түсініктеме беріліп және өзге де зерттеулерде ішінара аталып, әр зерттеушінің зерттеу объектісіне сай келгенде соның құрамында сөз етілгені болмаса, арнайы монографиялық деңгейде зерттеу нысанына айналған жоқ. П.Бисебаевтың «Жүсіп – Зылиха» дастанының нұсқалары: дәстүр және жаңашылдық» атты монографиясы жалпы түркілік нұсқаларды қамтитыны айтылып, аталмыш дастанның сюжеті ықылым замандарды пайда болып, талай ғасырды артқа тастап біздің заманымызға жеткен жауһар жәдігердің қазақ версиясын арнайы, толымды түрде зерттеу алдағы күннің мәселесі болып тұрғаны жайлы мәселелер қозғалған. Сондай-ақ, мақалада шығарма авторлығына қатысты мәселеге тұшымды дәлелдер келтірілген.

Тірек сөздер: Жүсіп, ғашықтық дастан, фольклор, ұстаным, дәстүр, қисса, Құран, Інжіл.

Қазақ даласына кең жайылып, тыңдарманның сүйікті жырына айналған дастандардың бірі «Жүсіп-Зылиха» дастаны екені белгілі. Сюжеті біздің жыл санауымыздан бұрынғы IV ғасырда пайда болған бұл

дастанның кейіпкері Жүсіптің басынан кешкен оқиғаларының біразы Інжіл мен қасиетті Құран Кәрімде кездеседі. Шығарма сюжетінің Батыс пен Шығыс халықтарында кеңінен тарауына да осы жағдай себеп болса керек. Сонымен қатар оның кең тарауына сюжеттің драмаға толы болып келуі де әсер етпей қоймаған.

Қазақ фольклорын, соның ішінде дастандарды зерттеген ғалымдар қазақтың ғашықтық дастандарын іштей үш топқа жіктейді. Олар: 1) шығыстық сюжетке құрылған дастандар («Сейпілмәлік», «Дандан», «Ләйлі-Мәжнүн», «Таһир-Зүһра», «Баһрам», «Жүсіп-Зылиха», т.б.); 2) аймақтық фольклорлық сюжеттерге негізделген дастандар («Бозжігіт», «Қисса Бозаман», «Жаскелен», «Назымбек – Күлше», т.б.); 3) өмірде болған оқиға, шындық ізімен жырланған дастандар («Мақпал – Сегіз», «Қалқаман – Мамыр», «Еңлік – Кебек», «Ақбөпе – Сауытбек», «Сырым – Шынар», «Талайлы мен Айым қыз» т.б. Бұлар кейде әлеуметтік-сүйіспеншілік деп те жіктеледі).

Дастандардың бұл түрлері бір-бірінен шығу тәркіні, сюжеті жағынан ғана емес, тині, тақырып мазмұнын ашу жағынан да бір-бірінен едәуір ерекшеленеді.

Шығыстық және дәстүрлі фольклорлық сюжеттерге негізделген дастандарда махаббат тақырыбы ертегілік-таңғажайыптық мәнде сипатталады. Ең маңыздысы мұнда құда түсу, көбіне әлі туылмаған балаларды атастыру, яғни ата-ана еркімен некелесу – сырттай ғашық болу мотивімен алмастырылады. Бұл мотивтің бірнеше түрлері белгілі. Кейіпкер сұлу қыздың суретін, шашын көріп, я қызды түсінде не айнадан көрсе, кейде ауызша суреттелген портреті қызға ғашық болады да, сұлуды іздеп алыс, қатерлі сапарға шығады [1, 11-б.].

Жастардың махаббат мәселесі романдық дастандардың әрқайсында әр түрлі шешіледі. Шығыстық негіздегі және дәстүрлі фольклорлық сюжетке құрылған шығармаларда бұл ертегілік рухта, өлердей ғашық болу, таңғажайып махаббат күйінде көрінеді.

«ЖүсіпЗылиха» шығармасының сюжеті мен ондағы тартысқа толы драмалық оқиғалар әсіресе Шығыста айрықша даңққа ие болды. Оның көркем өңделген түрлері Орта Азия мен Кавказдың оңтүстігі, Поволжье және Қазақстан, Иран мен Ауғанстан, Үнді мен Пәкістан, Түркия мен Шығыс Арабиясы елдерінің әдебиетінде кездеседі.

Жалпы, шығарма көпқабатты, көпсюжетті, шытырман, тартысты оқиғаларымен оқушы, тыңдаушы қауымды өзіне тартып алады. Бастапқы аңыз туралы филология ғылымдарының докторы Б.У.Әзібаева былай дейді: «Библиско-кораническая легенда о Юсуфе Прекрасном представляет собой вполне занятую, многослойную, многосюжетную историю, наполненную приключениями, неожиданными ходами и поворотами, немаловажное значение в ней занимал религиозно-мистический элемент и мифология древних. Несомненно также и то, что эпизод с Зулейхой был второстепенным и служил прежде всего двум целям: а) для подчеркивания святости, верности и преданности Юсуфа; б) для проверки выдержки устойчивости, т.е. нравственных качеств Юсуфа. И только благодаря таланту, гуманистической концепции творчества поэтов, писавших на тему о Юсуфе, эпизод «преступной страсти Зулейхи» к своему рабу стал главным моментом произведений на эту тему, кульминацией многогранной жизни героя, который в награду за свои добродетели и достоинства, как и другие сказочно-эпические герои, получает в конце концов трон и прекрасную жену» [2, 129-б.].

Шығыс халықтарында белгілі бір сюжетке құрылған шығарманы бір ақыннан екінші ақын үйреніп қана қоймай, оны өзінше жырлап,тың эпизод, мотивтермен байытуы қалыптасқан дәстүр, бұл жайт ғылымыда ертеден-ақ мойындалған. Тағы бір айта кетерлігі ол оқиғаны белгілі бір халық арасында бастау алса да, егер салт-санасына, ұғым-түсінігіне сай келсе өзге ұлт, өзге тілдің өкілдері де оны өз ортасына лайықтап, яғни түрлендіріп жырлай берген. Осы тұрғыда ұлы М.О. Әуезов: «Олар біреуінің тақырыбын біреуі алуды заңды жол еткен. Тек алдыңғысының өлеңінің алмай, және көбінше алдыңғы айтқан оқиғаларды негізінде пайдаланса да көп жерде өз еркімен өзгертіп отырып, тыңнан жырлап шығаратыны болады. Бұлайша бір тақырыптың әр ақында қайталауын еш уақытта аударма деп танымау керек. ол өзінше бір қайта жырлау, тыңнан толғау немесе ақындық шабыт-шалым сынасып, жырмен жарысу есепті бір салт еді» [3, 181-182-б.] – деп өте орынды, тап басып атап көрсетеді. «Жүсіп-Зылиха» дастанының қазақша нұсқаларының жариялану, зерттелу деңгейіне келер болсақ, әрине, алдымен оның жарияланымдарынан бастауға тура келеді. Дастан алғаш рет Жүсіпбек Шайхысламовтың өңдеуімен «Қисса-и хәзірет Жүсіп ғәләйһиссәләм мен Зылиханың мәселесі» деген тақырыппен 1898, 1901, 1904, 1907 жылдары Казандағы Университет баспаханасында, ал 1913 жылы Домбровский баспаханасында, 1918 жылы «Орталық» баспаханасында Ш.Құсайыновтың басып шығаруымен жарық көрді. Одан кейін

1976 жылы «Ғашық наме» (361-456 бб.) және 1994 жылы «Ғашықтық дастандар» (262-382 бб.) атты кітаптарда жарық көрді. Жинақтарды құрастырып, алғы сөзін, ғылыми түсініктерін жазған Ү.Сұбханбердина. 1976 жылғы жарияланым туралы құрастырушы: «Жүсіп – Зылиха» жырын қазақ тілінде жырлаған Жүсіпбек Шайхулисламұлы туралы кітап соңында мәліметтер берілген, онда: «Дастан қылып шығарушы қожа Жүсіпбек Шайхулисламұлы Айтхожин тарих һижриәтінің 1315 жылы мұхәррәмнің 21 күні жазылды, русшаның 1897 жылында» деген. Жинаққа 1918 жылы басылған нұсқаны біраз қысқартып, редакциялап беріп отырмыз» дейді. 1976 жылғы жинаққа да осы нұсқа алынғанымен екі шығарманы салыстыру барысында біршама өзгешеліктердің бары байқалды. Бұл, әсіресе, шығарманың редакциясына қатысты. Алғашқы басылымда шығарма тілі әдебилендіріп, көркемделсе, кейінгі басылымдағы нұсқада мүмкіндігінше түпнұсқа поэтикасын сақтауға тырысқан (мысалы: 1976 жылғы басылым – *Жүсіп нәби он бірге шыққан еді*, Жақып сушы қасында ұйықтап еді. Ғажайып ұйқысында бір түс көріп, Тағрифп атасынан *сұрап еді*. 1994 жылғы басылым – *Келгенде он бір жасқа Жүсіп нәби*, Жақып сушы қасында ұйықтап еді. Ғажайып ұйқысында бір түс көріп, Тағрифын атасынан *сұрай келді*.). Мұның себебі фолклорлық туындыларға деген көзқарастың өзгергенінен, оларды жариялау принциптерінің екі басылым арасындағы уақыт ішінде жетілгенінен, аз да болса өсе бастағанынан деп түсінген абзал. Өкінішке орай, екі басылымда да Аллаға мадақ, пайғамбарға салауат айтылатын кіріспедегі 17 шумақ, яғни 68 жол қысқартылған. Сондай-ақ түпнұсқада кездесетін 14 тарау атауы мен Құраннан берілген 11 үзінді жарияланбаған. Еліміздің тұңғышы президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен 2003 жылы қолға алынған «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарыққа шыққан «Бабалар сөзі» жүз томдық ғылыми сериясының ғашықтық дастандар бөлігіндегі 18 томға жарияланған «Қисса хазірет Жүсіп аләйһиссалам илән Зылиханың мәселесі» атты дастанда бұл олқылықтардың орыны толып, шығарма еш өзгертусіз оқырман қолына тиді. Біз мұнда алғашқы екі басылымды немесе оның құрастырушыларына сын тағудан аулақпыз. Бұл жерде басын ашып алатын бір мәселе ол – басылымдардың қандай аудиторияға арналғанында болып отыр. Яғни алғашқы екі басылым таза көпшілікке арналса, соңғы «Бабалар сөзі» сериясы ғылыми көпшілікке арналған. Соған орай басылым қағидалары толық сақталған. Мұндай жүйелеудің әлемдік тәжірибеде бар екенін айта кеткен абзал.

Келесі бір өзекті мәселе шығарманың авторлығына қатысты. Бізде осы күнге дейін фольклорлық шығарманың жариялаушысын, жырлаушысын автор деп беретіп жағдайлар кездесіп жатады. Біз сөз еткен басылымдарда шығарманы алғаш баспадан шығарған Жүсіпбек Шайхысламұлы жариялаушы ретінде аталса, осы шығармаға қатысты зерттеулерде ол автор ретінде аталып кеткен жайттар кездесіп қалады. Сондай жайт «Жүсіп – Зылиха» дастанының нұсқалары: дәстүр және жанашылдық» атты монографияда кездеседі. «Жүсіп – Зылиха» дастанындағы сюжеттердің шығу төркінін, жанрлық сипатын, образдар жүйесін, бейнелеу амалдарын жалпы түркі жұртына ортақ нұсқалар тұрғысында қажетті деңгейде қамтыған аталмыш ғылыми зерттеу еңбектің 107 бетінде: «XIX ғасырдың соңында «Жүсіп – Зылиха» дастанының қазақша нұсқасы жарыққа шықты. Оның авторы 1897 жылы Хожа Жүсіпбек Шайхыслам ұлы болатын» деген жолдар кездеседі [4, 107-б.]. Осыған орай М.Бөжеев пен З.Ахметовтің мына пікірлерін келтіре кеткенді жөн көріп отырмыз: «...Қисса шығарған, әдебиет нұсқаларын жинап бастырған ақындар авторлық мәселесіп өзінше, осы күнгіден басқаша түсінген... Тіпті жинап бастырған, өзіпше өңдеген халықтық шығармаларды да (олардың вариантын) кейбір ақындар өзімдікі деп санаған. Қисса өлеңдерінің ішіне кейде қазақтың батырлар жырларынан кесек-кесек үзінді алып кіргізіп, болмаса екінші бір ақынның сөздерін пайдалана берген... Сондықтан кейде тақырыбы екі басқа шығарманың көп жері бірінен-бірі айырғысыз, ұқсас болып келуі де ғажап емес» [5, 126-б.].

Сол себептен дастандарды ел ішінен жинап, айтушылардан жазып алып, өзінше жөндеп баспаға жіберіп отырған бастырушылардың басым көпшілігі өз аттарын міндетті түрде мәтінге қосып отырған. Өз еңбегін олар былай бағалаған: жырладым, жаздым, шығардым, қазақшаға аудардым, қазақша жырладым, нәсірден назым еттім, көшірдім т.б.

Өткен ғасырдың ортасында айтылған жоғарыда келтірілген ұстаным, пікір әлі күнге өзектілігін жойған жоқ және қазіргі зерттеушілер тарапынан мейлінше қолдау тауып отыр. Сондықтан «дастанның пайда болып, дамып, жеке жанр ретінде қалыптасып, ұлттық фольклорымыздың қомақты, мағыналы саласына айналуында ақын, жыршылардың рөлі зор екені сөзсіз. Алайда дастандардың басым көпшілігі фольклор шеңберінде “бұрыннан бар, қалыптасқан суреттеу амал-тәсілдеріп, дәстүрлі үлгілерді пайдалана” жырланған. Сондықтан мәтіндерде аттары кездесетін жинаушы, көшіруші, сақтаушы, айтушы, бастырушыларды, әсіресе бір шығарманың бірнеше варианттары болған жағдайда, автор ретінде

қабылдаған жөн емес» [6, 11-б.].

Аса маңызды болмаса да айтпай кетуге болмайтын тағы бір мәселе осы шығарманың бас кейіпкері Жүсіптің есіміне жалғаса айтылатын «сыдық» сөзіне қатысты. Алғашқы екі басылымда (1976, 1994) ол «садық» деп берілсе, кейінгі 2005 жылғы басылымда «сыдық» деп түзетілген. Бұл жөнінде басылымның құрастырушысы филология ғылымдарының кандидаты П.Әуесбаева былай деп уәж келтіреді: «...Сонымен бірге, дастанда Жүсіп есімінің жанында араб тілінде жазылған сөз бар, ол сол тілде екі түрлі оқылады. Дастанның 1976 жылғы және 1994 жылғы нұсқаларында **садық** деп, яғни **дос** деген мағынасын алып жазыпты. Ал шындап келгенде ол сөздің «сыдық» деген мағынасын (яғни, қазақ тіліндегі «**сыдық**») алуы керек еді: **Сыдық (а) – тек шындықты айтушы; адал, шыншыл, әділ, әділетті.** Бұл атау кейіннен Мұхаммед пайғабардың айтуымен, өзіне үлкен сенім білдірген төрт жардың бірі Әбубәкірге де беріледі. Содан бері Әбубәкір «сыдық» лақабымен мәшһүр болды» [7, 324-б.].

Қорыта айтқанда Шығыс пен Батыстың көптеген халықтарының сүйікті шығармасына айналып, талай тыңдаушыны еліткен, рухани шәрбатпен сусындатқан «Жүсіп – Зылиха» дастанының қазақ версиясы ірі басылымдарда мол тиражбен үш мәрте басылып шықты. Әр басылымның ұстанымына, қағидасына сай жарияланды және фольклорлық шығармалардың басылымына қойылатын талап заманына қарай жетілген сайын олар да жетіліп отырды. Біз мұны аталған туындының әр кезеңде жарық көрген нұсқаларының мысалынан анық көріп отырмыз. Ал енді бұл шығарманың қазақ версиясының зерттелуіне келсек аталған басылымдардың алғысөз, ғылыми қосымшаларында қысқа да нұсқа түсініктеме беріліп және өзге де зерттеулерде ішінара аталып, әр зерттеушінің зерттеу объектісіне сай келгенде соның құрамында сөз етілгені болмаса, арнайы монографиялық деңгейде зерттеу нысанына айналған жоқ. Ал осы мақалада сөз болған П.Бисебаевтың «Жүсіп – Зылиха» дастанының нұсқалары: дәстүр және жаңашылдық» атты монографиясы жалпы түркілік нұсқаларды қамтитынын айта кеткеніміз абзал. Демек, сюжеті ықылым замандарды пайда болып, талай ғасырды артқа тастап біздің заманымызға жеткен жауһар жәдігердің қазақ версиясын арнайы, толымды түрде зерттеу алдағы күннің мәселесі болып тұр.

1. *Ғашықтық дастандар // Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2005. Т. 17: Ғашықтық дастандар. – 2005.-351 б.*

2. *Азибаева Б.У. Казахский дастанный эпос. – Алматы, 1998.-150б.*

3. *М.О.Әуезов Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы, 1967. -267б.*

4. *Бейсенбаев П. «Жүсіп – Зылиха» дастанының нұсқалары: дәстүр және жаңашылдық. Монография. – Алматы, 2013.*

5. *Бөжеев М, Ахметов З. Қазақ әдебиетінің шығыс әдебиеті мен байланысы // Қазақ әдебиетінің тарихы. 2-том, 1-кітап. – Алматы: Ғылым, 1961. -340б.*

6. *Әзібаева Б. Қазақ дастандары. Монография. – Алматы, 2009.*

7. *Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2005. Т. 18: Ғашықтық дастандар.–2005. -459б.*

Аннотация: В этой статье рассматривается публикации и ее уровни казахской версии поэмы «Жүсіп-Зылиха» ставшей популярной на Западе и Востоке не только по тому, что близка по сюжету, а по раскрытию особенностей содержания этой темы. По мнению ученых среди восточных народов сюжет передавался не только от одного к другому, но и исполняли по-своему, обогащая, дополняя других. В связи с этим перевод и исследование поэмы на казахском языке основывалось на том, что к имени главного героя прибавлялось слово «сыдық». В первоначальных изданиях (1976, 1994) если дается слово «садық», то в последних изданиях 2005г. Слово «сыдық» было исправлено и рассмотрено. Среди многих народов это произведение принималось с любовью, стала духовным напитком, поэма с версий на казахском языке издавалась в крупных печатях три раза. Каждое издание печаталось именно по правилам соответствующего времени фольклорного произведения.

Если говорить о казахской версии исследования поэмы, введение, научные дополнения доются кратко, какие бы исследования исследователи не проводили, все равно это поэма не стала объектом планового исследования. В статье автор обосновывает свое мнение точными фактами вопроса об авторстве.

Ключевые слова: Жүсіп, поэтическое произведение, фольклор, принципы, обычай, сага, Куран, Библия.

Abstract: This article discusses the publication and its levels Kazakh version poem "Zhysip-Zyliha" became popular in the West and in the East, not only by the fact that close to the subject, and to disclose the content of the features of this theme. According to the scientists of the eastern Norodom story not only passed from one to another, but also sang in his enriching, complementing other.

In connection with this study and translation of the poem in the Kazakh language was based on the fact that the name of the main character was adding the word "Sydyk." In earlier publications (1976.1994) if given the word

"Sadiq", the latest editions of 2005. The word "Sydyk" was corrected and discussed. Among the many peoples of this work was made with love, became a spiritual drink, the poem with the Kazakh language versions published in large print three times. Each edition is printed on the regulations of the time folk works.

If we talk about the Kazakh version of the poem studies, administration, research supplement doyutsya briefly what would study, the researchers did not spend, it is still a poem did not object planograficheskogo study. The author bases his opinion accurate facts the question of authorship.

Keywords: Zhusip, poetic work, folklore, principles, custom, saga, Quran, the Bible.

УДК 821.0

ПАРАДОКСЫ КАЗАХСКОЙ НАРОДНОЙ СКАЗКИ «ЕР-ТОСТИК»

М.И. Уюкбаева -

профессор КазНПУ им Абая

Аннотация. В казахской народной сказке «Ер – Тостык» имеются смысловые парадоксы в самом сюжете, который достаточно сильно затянут: тут показаны приключения главного сказочного героя на земле и под землей, где он встречает множество необычайных врагов и друзей-помощников. Ер – Тостык, будучи женатым, кстати, в очень раннем возрасте, забирает с собой из-под земли другую девушку. В данной сказке показана сила любви, которая преображает главных героев, которые смогли встретиться после долгой разлуки, только состарившись: они мгновенно помолодели от счастья и любви. При этом верная жена главного героя, в отличие от него, всегда была одна, храня супружескую верность мужу своему. Хотя Ер – Тостык с трудом нашел себе жену, нелегко также было добиться её, но он не ставил себе целью хранить ей верность. И это не считалось преступным для героя-победителя.

Ключевые слова. Фольклор, парадокс, сюжет, семья, вожак, пери, волшебный, чудесный, друзья, помощники, оружие, встреча, старый, молодой, жена, хан, царевна.

Дети не растут без сказок. Это своеобразный гормон духовного роста. А в давние времена это было и развлечением взрослых в долгие зимние вечера в отсутствии электричества и всего, что с ним связано: телевидение, Интернет, кино, театры, поэтому, наверное, знаменитая волшебная сказка «Ер-Тостык» такая большая по объему. Это произведение народного устно-поэтического творчества выполняет главную свою функцию – поразить слушателей и читателей. Но, тем не менее, в глаза бросаются парадоксы, что, наверное, соответствует реальной жизни, полной парадоксов. И в этом смысле народная сказка реалистична, т.к. отражает действительность с её вечными нестыковками. Прежде всего, в сказке «Ер-Тостык» удивляет обращение с категорией времени. И это не только традиционное чудесное рождение главного героя от старых родителей и его быстрый рост: «Не по дням, а по часам рос малыш. Прошел один месяц, а все его принимают за годовалого. Прошел год, а Тостыку уже дают пятнадцать лет». И в возрасте одного года он женится на прекрасной Кенжекей. Интересен и срок празднования свадьбы: «Пятнадцать дней гуляли на свадьбах гости да еще сорок ночей». Удивительно и желание старого Ерназара женить всех своих сыновей, а невест им взять от одной матери. Поехали его сваты по аулам. Никак не могут найти мать, имеющую девять дочерей невест». Непонятно, зачем взял с собой на поверхность земли Ер-Тостык дочь знаменитого Баны-хана, если не хотел на ней жениться: «привез Ер-Тостык невесту для ханского сына. Доволен остался Баны-хан. Отдает он в жены свою дочь Ер-Тостыку». Но в дороге она умирает: «Отправился Ер-Тостык на поверхность земли. Ехать ему предстояло шесть месяцев. Дорога шла через непроходимые мертвые пустыни. Даже орлы здесь опасались летать. Все проводники погибли в пути. Умерла и дочь Баны-хана». Но любовь Ер-Тостыка и Кенжекей оказались сильнее времени и долгой разлуки, она не подвластна возрасту и невзгодам, их счастье сделало их молодыми и красивыми: «А Ер-Тостык узнал Кенжекей, хотя она тоже была седая и старая. Обнялись они и сразу помолодели от радостной встречи, превратился Ер-Тостык в молодого жениха, Кенжекей в невесту, а Шалкуйрыку снова стало пять лет. После веселой свадьбы они жили долго и очень счастливо».

Также время не имеет значение в знаменитой сказке Гофмана о Щелкунчике, где маленькая девочка после приключений, происходивших в одну ночь, вышла замуж. Возраст для счастья и благополучного конца значения не имеет.

Примечательно, что в сказке «Ер-Тостык» нет волшебных предметов, с помощью которых он мог бы победить своих врагов и достичь заветной цели. Но зато в избытке сказочных существ: Бекторы (дочь пери), влюбленная в Ер-Тостыка, что принесло для него немало неприятностей. И хотя Ер-Тостык и имеет

необычное рождение от стариков и ему всего год (своего рода акселерат), но подразумевается, что он – человек, поэтому не вступает ни в какие отношения с пери, т.е. волшебным существом. В отличие от персонажей сказок Гофмана, которые женятся на сказочных существах и даже на представителях разных стихий, имеют от них смешанное потомство. В сказке «Ер-Тостик» Темир-хан не хотел отдавать свою дочь замуж за сына змеиною Баны-хана, но вынужден был отдать её, т.к. Ер-Тостик победил во всех соревнованиях. Вот только сказка не объясняет: зачем надо было Ер-Тостику выступать в роли свата, если он так сильно любил свою жену Кенжекей. Ведь Баны-хан сразу объявил Ер-Тостику: «Если ты привезешь ко мне дочку Темир-хана, то я отдам тебе в жены свою дочь». И при этом не угрожал Ер-Тостику, от этого не зависела жизнь героя.

В волшебной сказке «Ер-Тостик» есть традиционная для этого типа сказок Баба-яга, её сын Шан-Кулак, а также необычные друзья-помощники Ер-Тостика: Вор, Ветроног, Чуткое Ухо, Горокот, Озероглотатель, Всевидящий Глаз, двуглавый орел-великан («одна голова у него была птичья, другая человечья»)

Главный специалист по казахским сказкам, академик С. Каскабасов писал: «Сказки, в отличие от обрядовых песен, рассказывались в воспитательно-развлекательных целях, поэтому в народе большой популярностью пользовались сказки волшебного-героического и надзирательного характера. Самые архаические сказки повествуют об аншы-мергене (охотнике-богатыре), истребляющем различных чудовищ и очищающих землю от демонов и других злых сил. Не менее широко бытовали среди населения общевосточные сказки и апологии нравоучительно-новеллистического плана. Если волшебного-героические сюжеты были в основном исконно тюркские, то новеллистические и апологические имели большей частью индо-иранское и арабское происхождение».

У Ер-Тостика всё самое лучшее, что должен иметь богатырь, благодаря усилиям его жены Кенжекей, выпросившей у своего отца достойных Ер-Тостика коня, верблюда и вооружение. Хотя отец не сразу согласился: «Для Кенжекей хватит богатства Ерназара. Зачем она просит у меня Шалкуйрыка? Шалкуйрык – вожак моих лошадей. А где же видано, чтобы вожак владела женщина? Ак-Тюс – вожак моих верблюдов. Никогда не было случая, чтобы женщину наделяли такой верблудицей. Аксырматсаут – вооружение, переходящее от предков в наследство только к старшим сыновьям. Можно ли его отдавать младшей дочери?».

В отличие от Ер-Тостика Кенжекей всегда хранила ему верность и соблюдала его интересы, заботясь об его престиже и комфорте: «... я просила дать Шалкуйрыка, потому что на таком коне подобает ездить только батырам. Мне хотелось, чтобы на нем ездил настоящий батыр – Ер-Тостик! Я просила Ак-Тюс – она одна в силах поднять походную юрту Ер-Тостика. Я просила дать в придачу аксырматсаут, чтобы носил его достойный батыр – Ер-Тостик».

Главный парадокс казахской народной волшебной сказки «Ер-Тостик» состоит в том, что сочетание множества парадоксов, собранных воедино в рамках единого текстуального пространства создало особый художественный эффект, передающийся из поколения в поколение, что является его главной оценкой. Одна из родительских обязанностей, от которой не удалось убежать вечно занятым взрослым, – это чтение своим детям сказок. Казахская народная сказка «Ер-Тостик» является одной самой знаменитой и большой по объему, а также одной из самых читаемых детьми и взрослыми. Совместно читаемые сказки укрепляют духовную связь родителей с детьми, формируют у детей художественный вкус, чувство прекрасного.

1. *Казахские народные сказки.* – М, 2012.
2. *С. Каскабасов. Золотая жила.* – М, 2011.

Андатпа. "Ер қазақ халықтың ертегісінде - Тостық" мағынаның парадокстерінің ара өзінің, нешінші біраз өлердей бүрік арқауында : бар мұнда басты ертегінің батырының приключения бас жер көрсетілген және аст жер аст, қайда ол необычайных жау және дос-көмекші көпшілік кездестір-. Ер - Тостық, үйлендір- бола, айтпақшы, өте ерте возрасте, астынан жердің сырттың қызын собой алып қояды. ара айтылмыш ертегіде көңіл, нешінші, нешінші кейін ұзақ айырылыстың кездесе ал- смогли басты батырларды күш көрсет- шырайландыратын, гана состарившись: ол лезде от бақыт және көңіл деген жасар-. бұл ретте басты батырдың дұрыс әйелі, в өзгелік от оның, бір ылғи болды, некелік адалдықты күйеуге өзіне сактай. Тым Ер - Тостық эзер себе әйелді тапты, нелегко да бол- шығар- ол, бірақ ол себе

сақтау мақсатпен оған адалдықты қоймады. Қарамастан және сол батырдың-жеңімпаз қылмысты есептеспеді.

Кілт сөздер. Сиқырлы фольклор, парадокс, арқау, отбасы, серке, пери, тамаша, дос, көмекшілер, қару, кездесу, кәрі, жас, әйел, хан, қаншайым.

Brief information. In the Kazakh national fairy tale "Er — Tostyk" there are semantic paradoxes in the plot which is rather strongly tightened: here adventures of the main fantastic character on the earth and underground where he meets a great number of extraordinary enemies and friends assistants are shown. Er – Tostyk, being married, by the way, at very early age, takes away with itself from under the earth other girl. The power of love which changes the main characters who could meet after long separation is shown in this fairy tale, having only grown old: they instantly looked younger with happiness and love. Thus the faithful wife of the main character, unlike him, always was one, storing marital fidelity to the husband. Though Er – Tostyk hardly found to himself the wife, it was also hard to achieve it, but he didn't set as an object to be loyal to it. And it wasn't considered criminal for the conquering hero.

Keywords. Folklore, the paradox, the story, the family leader, Peri, magical, wonderful, friends, assistants, arms, meeting, old, young, wife, Khan, Princess.

ЖУРНАЛИСТИКА

УДК 316.77

ҒАЛАМТОРДА ТОҒЫСҚАН ДӘСТҮРЛІ БАҚ ПЕН ЖАҢА МЕДИА НЕМЕСЕ РЕПОРТАЖ ЖАНРЫНЫҢ ТҮРЛЕНУІ

М. Саудбаев -

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің Phd докторанты

Аннотация: Мақалада Интернет журналистиканың ерекшеліктері мен жаңа медиа аясындағы репортаж жанрының түрленуі қарастырылған. Автор бұқаралық ақпарат құралдарының қазіргі таңдағы жоғары технологиялардың жетістіктерімен үйлесе келе сапалы өзгерістерге ұшыраған жағдайын сараптайды. Интернет технологиялар қоғамдық өмірде маңызды рөл ойнай бастады. Жылдамдық ғаламтордың жалғыз артықшылығы емес, мақалада мәтінді қысқарту, авторлардың ойды қысқа және түсінікті, сонымен қатар тартымды етіп жеткізуі секілді жаңа өзгерістердің мысалдары келтірілген. Автор шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін зерттеп, жаңа медиада өз орнын алған репортаждық жанрдың ерекшеліктеріне талдау жасайды. Репортаж жанры қоғамдық ортада танымал болған әлеуметтік желілерде жаңа сипатқа ие болады. Бұл түрленудің өзіндік ерекшеліктері бар, мақаланың авторы осы ерекшеліктерді егжей-тегжейлі қарастырған. Автор өз зерттеулерінің нәтижесіне сүйене отырып, әлеуметтік желілердің әртүрлі елдерде маңызды оқиғалардың басты құралына айналуының себептерін де зерттеген.

Тірек сөздер: Интернет, жанр, репортаж, жаңа медиа, түрлену, тоғысу.

Интернет журналистикаға тән өзіндік ерекшеліктің бірі – шапшаңдық. Алайда соңғы жылдары мобильді смартфондарының жойқын жылдамдықпен дамуы және осы технологияларды жақсы игерген қолданушылар арасындағы ақпаратты жылдам, әріптестерден бұрын таратсам деген құлшыныс Интернет басылымдарының шапшаңдығына деген алаңдаушылықты туғыза бастады. Телевизия мен радиода татымды ақпаратты жасауға тұтас шығармашылық топтың жұмылатыны, оның иін қандыруға қосымша технологиялық өңдеу жұмсалатыны белгілі – олардың уақыт жағынан ұтылатыны да осы себептен. Елдегі ең жедел мерзімді басылымның өзі оқиға орнына ең жылдамы араға бір күн салып шығады. Ал газеттер, бұл тұрғыдан алғанда, телевизияға да, радиоға да, Интернетжурналистикаға да астар бола алмайды. Сонымен қатар алыс-жақын елдердегі соңғы саяси оқиғалар, онлайн журналистиканың тек ақпарат тарату қызметінің өзектілігін ғана емес, елдегі тұрақтылықты шындауға, халықты озғын идея төңірегінде топтастыруға, мемлекеттің геосаяси жағдайындағы ықпалдылығын арттыра алуға қауқарлы ақпараттық қару екенін дәлелдеп берді. Оның артықшылығы сол, оқиғаның басы-қасында болған кез келген адам журналиске тән қызметті атқара алады, дәлірек айтқанда, оның әлеуметтік желілерге, блогына, Интернет сайттарға, кәсіби журналистердің электронды пошталарына, редакцияларға ақпаратты дереу жеткізуге мүмкіндігі бар.

Жаңа медиа құралдарының қарыштап дамуы Интернетті әрқайсымыздың үйімізге кіргізді, әрбіреуіміздің қолымызға тигізді. Ал бұл өз кезегінде оқиға орнынан мәтіндік трансляция жасауға мүмкіндік туғызды. Осы ретте, қарапайым логикаға жүгінетін болсақ, әр аймақтағы оқиға желісін қадағалай алу дегеніміз – қоғамдық пікірге бірден әсер ету, ақпараттық жұтандық жағдайын әп-сәтте өз пайдасына шешу деген сөз. Осы технологиялық төңкеріс дағдылы БАҚ-қа ғана емес, онлайн журналистика алаңына да балама бәсекелестікті шығарды. Олай дейтініміз, бүгінде ақпарат тұтынушылардың 85 пайызы дерлік Интернетке жүгінеді. Ал, біздің жүргізген сауалнама нәтижесіне қарасақ, сұралған респонденттердің 83 пайызы мобильді Интернетті пайдаланады. Яғни, мәлімет, хат-хабар, ақпарат санаулы секундтарда бүкіл ел аумағына тарап үлгереді және үлкен қоғамдық резонанс тудыра алады. Нақты мысал – 2014 жылдың наурызындағы 3 банктің банкрот болатыны туралы мобильді-мәлімет салдарынан туған дағдарыс. СМС арқылы жайылған дүрбелең банкирлерді бір аптаға жуық әбігерге салды. Расында, бұл электронды шабуыл одан әрі жүргізілгенде, осы қаңқудың кесірінен бірқатар банктердің банкротқа ұшырауы да мүмкін еді. Бұған дейінгі үкіметтің 1\$ дан 30 теңге пайда көреміз деген саясатынан аузы күйген халық Ұлттық банк пен оның төрағасы тарапынан жасалған ресми

мәлімдемелерге құлақ аса қоймады. Аталмыш дағдарыс жанама түрде болса да, халық арасында қазіргі негізгі ақпарат құралы дәстүрлі «ҚАЗАҚСТАН» мен «ХАБАР» арналары емес екенін ескерткендей еді.

Қазіргі таңда жанрлық контенттердің бір-біріне кірігуі, бірін-бірі байытуы, жанрлар формаларының түрлене кетуі бұрынғыдан гөрі көп байқалады. Осы құбылысты әсіресе сандық технологиялар әлеміндегі мәтіндерден айқын да анық аңғарамыз. Репортаждық стильдің корреспонденция жанрына қарай ойысқанын, корреспонденциядан сұхбат жанрының бояуын немесе сұхбат сымбатынан репортаж динамикасын табу қиын емес. Кейде оқырманға қарата айтылған монологтан бастау алған памфлеттің ауызекі комментаториймен аяқталатынының да күәсі болып жүрміз. Міне, осы сияқты диффузия, бір жанрдың басқа бір жанрмен немесе бірнеше жанрмен бітеқайнасып жатқандығы – әрі креативті үдеріс, әрі ішнара элеуметтік сана өзгерісінің репродукциясы. Сондықтан кейбір интерактивті сұхбат конструкциясынан репортаж элементтерін ұшыратуымыз, ал репортаждың бойынан көркем-эмоциялық, психологиялық реңдердің табыла кетуі – бір жағынан тоқтаусыз биологиялық ой ағымының жемісі, екінші жағынан қандай да болмасын информацияны түрлендіру үшін технологиялық мүмкіндіктердің барынша іске жегілуі. Яғни, талғампаз аудиторияны қызықтыратын, оқиганың астарын ашатын жанрлар осылайша үнемі қозғалыста болады, осылайша өздерін іштей жетілдірін отырады.

Жанрлар теориясы элеумет өмірімен, практикалық журналистикамен тығыз байланысты. Біз әр саланың дамуына, ілгерілеуіне процестік таным көзімен қараймыз. Сондықтан бүгінгі журналистикаға конвергенттік, интерактивтілік және мультимедиялылық сипат тән. Ақпарат таратудың бұрыннан қалыптасқан дәстүрлеріне жаңа мүмкіндіктер қосылып, оларды онлайн тарата алу және контентті үнемі жаңартып отыруға мүмкіндік тудырды. Нәтижесінде, жоғарыда айтқанымыздай, журналистика жанрлары тінті бөгде элементтерді жатырқаусыз бойына сіңірін, жыға танымайтындай өзгеріске ұшырап жатқан жайы бар. Бұл турасында профессор Т.Қ. Қожекеевтің: «Жалпы, әр жанр «таза қалыпта» кездесе бермейді. Бір туындыда бірнеше жанр элементтері тоғысып жатады. Кейде олар өмірді барлық күрделілігімен, көп қыртыстылығымен көрсету үшін, творчестволық ой-ниетті әсерлі етін беру үшін әдейі тоғыстырылады. Сонда қай жанрдың белгілері мол болып, бірінші қатарда тұрса, туынды сол жанрға жатқызылады», - деген сөзін дәйектеме ретінде айта аламыз [1]. Осындай үдемелі заманда үнемі дамуға ұшырап отырған жанрлардың түр-сипаты қаншалықты өзгерсе де, өзінің негізін ұмытпайтынын да айта кеткен жөн. Сондықтан, журналист үшін журналистика жанрларын, олардың табиғатын, атқарар қызметін ажырата алатын мықты ғылыми база болу керек деп ойлаймыз. Бұл – бүгінгі қағидаттық ұстанымға да, практикалық процеске де аса қажетті қасиет.

Заманалы ақпарат айналымында ең көп оқылатын, әрі жиі қаралатын әрі ең көп тыңдалатын ақпарат құралы Интернет және элеуметтік желілер екеніне біз өзіміз жүргізген сауалнама барысында, түпкі нәтижесінде көз жеткіздік. Тіпті күнделікті өмірде мәтіннің ең көп жазылатын ортасы да осы жаңа медиа ортасы десек те болады. Олай болса, осы толассыз ақпаратын ішінен жазба мәтіндерді, аудио мәліметтер мен бейне материалдарды сұрыптау, жанрлар нішінің жаңа, үйлесімді стандартын ұсыну – бүгінгі медиатанушылардың міндеті.

Кезінде жақсы мақалалар А2 форматындағы ғазеттердің 0,5 кейде 1 бетін алатын болса, бүгінгі ақпараттанған ғасырда, қысқа да нұсқа стильмен жазылған мәтіннің дәурені жүрін тұр. Осы ретте канадалық мәдениеттанушы М. Маклюэннің: «Media is The Message» («Медиа дегеніміз – хабарлама»), - дегенін еске сала кеткім келеді. Әрине, бұл үдерістің арғы жағында Батысқа көзсіз еліктеушілік, ұлттық баспасөз дәстүрін мансұқтаушылық, қала берді, көркем-эмоциялық жанрларға қазіргі журналистік корпусың тісі батпауы сияқты себептердің жатқанын да жоққа шығара алмаймыз. Солай бола тұрғанымен жаңа медиа мәтіндерінің қысқарып, қысқа хабарлама күйіне көшін бара жатқаны ешкімге жасырын емес. Нидерландық зерттеуші Марк Дезе «What is multimedia journalism?» («Мультимедиялық журналистика дегеніміз не?») деген еңбегінде жаңа медиажурналистика бұрынғы байламдарға қарап қаламайды дей отырып, қоғамның не көретінін, не тыңдайтынын және не оқитынын тек журналист қана анықтайды деген ежелден қалыптасқан іргелі концепцияға қарсы шықты [2]. Осы пікірін жалғастыра келе ол ақпарат тұтынушы ретінде қолданушы образы өзгерісін үшке бөліп баяндайды:

- біріншіден, ол өте белсенді, яғни, журналисттің «шәйнап бергенін» қанағат етпейді, сол медиаөнімнің нәтижесіне, жасалу процесіне үнемі қатысып, белсенділік танытып отырады. (Қолданушының белсенділігі жөнінде М. Саудбаевтың «Интернет алып күшке айналып келеді», И. Бенклердің «Power of The Net» Н. Болыңтің «Медиа әліппесі» еңбектерін қараңыз.);

- екіншіден, қолданушы жан-жақты. Ақпаратты сол сәтінде тұс-тұстан қарай алады, оған ықпал етін,

хабарласа алады. Мысалы, заманалы көрермен теледидар көре отырып, таблетінен жаңалық оқи алады, әрі әлеуметтік желілердегі достарына жауап та бере алады. Бірақ медиаөнімнің осылайша апыл-ғұпыл пайдаланылуы, зейіннің сан тарапқа шашырауы аудиторияны нақты бір ақпараттан алшақтатады. Сондықтан, қазір ғана оқыған, тыңдаған не көрген ақпаратын реципиент лезде ұмытып қалады;

- үшіншіден, Интернет пайдаланушыға экрандық мәтінді қолдану ешқандай қиындық туғызбайды.

Тұжырымдай айтсақ, бұл үдеріс тек қарым-қатынас саласына ғана емес, ақпараттық ағым жылдамдығын пайдаланушылардың жазу стилінің ықшамдалуына, жанрлық мәтіндердің ұйысуына әжептәуір әсер етті, коммуникация логикасы мен мәдениетіне де бірсыпыра жаңалық ала келді. Оған бірден-бір себеп – әлеуметтік желілер, онлайндық пікірлесу, яғни, журналистика тілімен айтқанда, тікелей эфир арқылы өзара тілдесу, ықпалдасу [3].

Репортаж – дәстүрлі теория қалыбына салсақ, ол, біріншіден, ақпараттық жанр. Репортажда болған оқиға анық әрі мәнерлі түрде журналист (репортер) көзімен суреттеледі. Журналистің бұл жердегі шеберлігі аудиториясын оқиға орнына «әкеліп», барынша шынайы ақпарат беруінде. Репортажға ең керегі – жаңалық, оқиға процесін көрсету. Ескі, елге белгілі жайт репортажға азық бола алмайды. Кейде бір жаңалықты хабарлағаннан гөрі оны ақпарат іздеушіге көрсету немесе оқиға мекенінің ауанын-атмосферасын жеткізу әлдеқайда қажетті әрі тиімдірек. Онлайн журналистика аудиториясының талғамы журналистен көрнекі материал дайындауды талап етеді. Көрнекілік – ақпаратты дұрыс қабылдауға көмек беретін негізгі құрал. Оперативті репортаж болған оқиға мен құбылыстың жалпы панорамасын ашып көрсетеді. Репортаж дегеніміз – қысқарта айтқанда, көзкөрген адамның (репортер не журналист) аузымен айтылатын нақты, деректі, объективті әңгіме.

«Репортаж оқиға болған жердің топырағында туады. Сондықтан да репортаж дегеніміз – оқиғаның өзі», - дейді профессор Т.С.Амандосов [4, 59]. Ал ғалым С.Байменше: «Репортаж – баспасөздегі жібек баулы жанрларының бірі. Өйткені репортажды жазу оңай емес. Журналистер, әдетте репортаж жазудың әртүрлі нысандарын қолданып отырады. Мысалы, ол автордың болған оқиға жөніндегі монологына да құрылуы мүмкін. Мұндай жағдайда автор өзін көрсетпейді, бірақ оқырман автордың қаншалықты қатысы бар екендігін сезіп, біліп отырады», - деп түсіндіреді [5].

М.Н.Ким «Репортаж: технология жанра» кітабында аталған жанрдың оперативтілік қасиетін басты назарға алады. «Оперативтілік – барлық ақпараттық жанрға тән қасиет. Бірақ репортаждың жеделділігі дәлме-дәл сәтке, дәлме-дәл минутқа қатысты айтылады. Осыдан барып репортаж жанрының оқиғалылық, жаңалылық, динамикалық қасиеттері туындайды», - деп жазады ол [6].

Репортаж дайындағанда журналист ақпарат жинаудың бір ғана емес, бірнеше тәсілін (қысқа интервьюді, есеп жанрының спецификалық формаларын) пайдаланды. Сондықтан да репортажды синтетикалық ақпараттық жанр деп сипаттауға да болады.

Профессор К.Қамзин: «Репортажда автор оқиға айналасындағы адамдармен әрі тікелей, әрі жанама қарым-қатынасқа көшеді. Олар бірде оқиғаның фоны ретінде қарастырылса, бірде ақпарат көзіне айналады, ал бірде басты персона, негізгі тұлға есебінде көрінеді», - дейді [7].

Репортаж дайындаушы болған оқиғаның куәгерлері мен көзімен көрген адамдардың, оның басты кейіпкерлері мен қатысушыларының, оқиға инициаторлары мен жапа шеккендер секілді ерікті-еріксіз оқиға мүшелерінің мәліметтерін пайдаланады. Солардың ішінен тірек ретінде тек біреуін ғана тыңдап, оны өз репортажының кейіпкері етеді. Онсыз репортаж көбінесе «құрғақ» әрі қызықсыз болып шығады. Репортаждың көлемі оқиғаның ауқымына, репортердің мәселеге дендеп ене алуына және публицистикалық қауқарына байланысты.

Эфирде берілу тәсілі бойынша репортаж тікелей және өңделген болып бөлінеді. Тікелей репортаж жылжымалы телевизиялық станцияның көмегімен әрекет басталған кезеңнен бастап беріледі. Оқиғаны болған уақытында көрсетпеу оның өңделуін қажет етеді. Өңделу тәсілі бойынша репортаж бейне, кино, фоторепортаж болып бөлінеді дейді М. Шындалиева өзінің «Журналистика жанрларының пішіндері мен функциясы» атты еңбегінде [8].

Біздіңше, тікелей репортаж онлайн журналистиканың да басты бағыттарының біріне айналмақ. Оның бірден-бір қозғаушы күші, бұған дейін айтқанымыздай, Интернеттің жаппай қолданысқа енуі, оның әлеуетінің күнен-күнге кемелдене түсуі.

Біз осы зерттеу жұмысымыздың барысында Қазнет қазақ аудиториясына сауалнама жүргіздік, ал соның нәтижесіне қарайтын болсақ, оған қатысқан 905 адамның барлығы да әлеуметтік желілерді қолданады екен. Сауалнама нәтижесі бойынша, қазақ Интернет аудиториясы ең көп қолданатын бес

виртуалды ақпараттық ресурс төмендегідей орналасты: Facebook (43%), «В контакте» (33%), Twitter (9%), «Мой мир» (5%), Youtube (5%). Бұл жерде Facebook пен Twitter-дің Қазнет қолданушыларының арасында қарқынды дамып келе жатқан әлеуметтік желілер екенін сауалнама барысында аңғардық.

«Өз кезегінде, бұл процесс адамдардың бір-бірімен қатынасын, мәдени құндылықтардың алмасу уақытын аса жылдамдатуға себепші болады. Бұрындары жылдар, ғасырлар бойы жүретін бұл үдеріс енді виртуалды әлемде көзді ашып-жұмғанша жүзеге асады» [3].

Әрине, осы статистикалық деректер, БАҚ үшін, әлеуметтік медиа аудиторияны кеңейте алатын виртуалды орта болуы мүмкін екендігін тағыда бір шегелегендей. Алайда Интернет контент қадағалаушыларының ақпарат тұтыну талғамы мен сұраныстары дәстүрлі ақпарат аудиториясына қарағанда екі басқа. Сондықтан кез келген БАҚ осы ерекшелікті ескермесе, виртуалды ақпарат кеңістігінде өз аудиториясын ұлғайтуы екіталай. Дегенмен қолдағы практикалық технологияны теориямен немесе теорияны жаңа технологиямен ұштастырса, журналистика аудиториясының да көбейері сөзсіз. Сондай маңызды қадамдардың бірі репортаж жанрын заман талабына сай түрлендіру.

Репортаж жанрының көзкөргендікті немесе оқиға орнынан хабарлау қасиеттері онлайн журналистикада жаңа бағытты **realtimereporting** немесе **realtimetypejournalism** (сол сәттегі немесе нақты уақыт режиміндегі репортаж немесе сол сәттік журналистика) ұғымын қалыптастырды.

Қоғамдағы ақпарат алмасу технологияларының жаңарып отыруы және әлеуметтің ақпаратқа деген «тойымсыздығын» басу үшін онлайн журналистиканың да әлсіздігі байқалды. Бүгінгі қоғамды кеше, бүгін, ертең тіпті, бірер сағат бұрын болған оқиғаны айтып таң қалдыру мүмкін емес. Олар үшін «дәл қазір не болуда?» деген сұраққа жауап бере алатын журналистика керек. Онлайн журналистикаға әлеуметтік желілердің әсер етуімен пайда болған бұл құбылысқа батыстық коммуникация саласын зерттеуші ғалымдар **«realtime-reporting»** немесе **Twitter-репортаж**(сол сәттік репортаж) деп атады. Біз де бүгінгі әлеуметтік желілер тудырған ақпараттар легін, ондағы онлайн мәліметтің шапшандығы тудырған реалдылыққа берілген атаудың қазақша баламасын **сол сәттік репортаж** дегенді жөн көрін отырмыз.

Twitter-репортаж – Twitter микроблогтық әлеуметтік желісі арқылы оқиға орнынан нақтылы уақыт режимінде (**realtime-reporting**) болған жәйттің өрбу динамикасын мәтін, фото және бейне көріністер арқылы трансляция жасау. Бұл кәдімгі журналистика теориясындағы классикалық репортаж жанрымен ұштасады. Дегенмен **Twitter-репортаждың басты 4 ерекшелігі бар.**

Біріншісі, Twitter әлеуметтік желісінде әрбір Tweet (пост) тек 140 таңбадан тұратындықтан ондағы репортаж фрагмент-фрагменттерден тұрады.

Екіншісі, репортаждың әрбір фрагменті (пост) жазылу және оқиғаны жеткізу шеберлігіне қарай өз алдына Retweet (бөлісу) арқылы желіде көкейтесті тақырып бола алады.

Үшіншісі, репортаж бір сәтте параллель түрде **Twitter** әлеуметтік желісінде әрі БАҚ-ның ресми веб-сайтында жариялана алады.

Төртіншісі, репортажды бірнеше автор қатар жүргізе алады.

Аталмыш жанр заманалы журналистикадағы ең басты жанрлардың бірі екені белгілі. Бұл ақпараттың күнделікті қоғам өміріндегі ықпалы мен маңыздылығын көрсетсе керек. Сондықтан ғалымдардың репортажға берген анықтамасына қайта көз жүгіртсек. Профессор Т.К. Қожекеев: «Репортаж – негізгі фактіге құрылатын, оқиғаны шындықпен суреттейтін, әрі белгілі бір объектіге арналған жанр», -десе [1], профессор Т.С. Амандосов: аталмыш жанрға «автор өз түйсігі арқылы өмір картиналарын дәлме-дәл күйінде баяндаса, оның баяндауы публицистикалық мәнермен әсерлі де әдемі келіп, болған оқиғаға автордың өзі қатысқаны шығарманың бүкіл өн бойынан сезіліп тұрса, бұл газеттің хабар жанрларының бір түрі – репортаж болады», - деп анықтама береді және репортажды оперативті, оқиғалы, проблемалық және жол-жөнекей репортаж деп 4-ке бөліп қарастыруды жөн санайды [4]. Сонымен, репортаж – оқиғаны және оның динамикалық өрбун суреттейтін жанр. Репортаж жанры – автордың оқиғаны көрін тұрған сәттегі сезімін түрлі фрагменттерді қолдану арқылы аудиторияға жеткізу формасы [4, 77]. А. А. Тертычный репортажда журналист «қатысу эффектісін» береді, яғни куәгердің (репортердің) көзімен қарау мүмкіндігін береді». Бұл екі түрлі жағдайда: оқиға динамикасын және авторлық сезімдердің динамикасын баяндау арқылы жүзеге асады, - дейді [9].

Олай болса, осы **Twitter-репортаждан** айтылған барлық қасиеттерді көруге болады. репортажды бір немесе бірнеше автор жүргізе Сондықтан кейде аталмыш жанр фрагмент-фрагменттерден тұрады. Мысалды «Эхо Москвы радиосының» сайтынан алып карауымызға 2014 жылдың 28 ақпанында Украинадағы Еуромайданнан соң, тақтан тайған Януковичтің Федерациясы аумағынан берген баспасөз мәлімдемесі және сол жерден жүргізілген Владимир Варфоломеевтің Twitter-репортажы (сурет).



Репортаж бір сәтте қосарлана «Эхо Москвы» радиосының сайтында және Twitter микроблогында жарияланған. Репортаждың фрагмент-фрагменттен тұратынын және репортаждың басы сайттың аяғынан басталатынын көруге болады. Яғни, алғашқы жарияланған посттар автоматты түрде кейінгі посттардың төменгі жағында қалып отырады. (Меніңше, технологиялық мүмкіндіктерді



жоғарыда
Twitter-
алады.

болады.
атышулы
Ресей

(1,2



толықтай пайдаланса, болашақта бұл проблеманы да шешуге болатын сияқты). Посттар арасында суреттер мен бейне материалды ұсынып отыруы журналисттің қатысу эффектінің берері сөзсіз. Мұны сол айналадағы объектілерді суреттейтін және сол объектілерден алған әсерлері жайында жазған сөйлемдерінен көруге болады.

Сондай-ақ, «Газета.ru» және Forbes және т.б сайттардағы бір оқиғаға бірнеше көзқарас берілуі арқылы жүргізілген Twitter-репортажды көруге болады. Тіпті, кейде репортажды жекелеген автор емес, редакция атынан бірнеше журналист жариялап отырғандығын көре аламыз. Жанр форматының уақыт және көлем жағынан шектелуі кеңінен көсіліп, оқиғаның бүге-шүгесіне дейін баяндауға тосқауыл болғандықтан, автор оқиға желісінің маңызды тұстарын ғана тілге тиек етіп, оқиға орнын суретке, бейнеге түсіріп қана қояды.

«Араб көктемінде» ақпарат алмасудың бірден-бір тетігі болған да Twitter әлеуметтік желісі, 2011 жылдың соңында басталып, 2012 мамырдың соңына дейін созылған Мәскеудегі «Оккупай Абай» қарсылық шеруінде де оқиға орнынан түсірілген репортаж виртуалды әлем тұрғындарының негізгі ақпарат тарату түрі әрі көзі болды. Бұл посткеңестік елдердің ішінде, Twitter-репортаж жанрының алғаш рет халықаралық қолданысқа енген кезі болды [10].

Ресей жеріндегі саяси режимге қарсылық шерулерін, Түркиядағы «Гези көтерілісін», қазақ кеңістігіндегі «Домбыра пати» бейбіт көңіл көтеру кештерін және осы сынды оқиға ұйымдастырушыларының немесе сол жерде болған журналистердің жазған мәтіндерін қарайтын болсақ, барлығы да оқиғаның өрбуі, оның динамикасын жазғанын аңғарамыз. Яғни,

қатысушылар қалай, қашан жинала бастады және кімдер қатысты – осыған назар аударылады, әрі қарай куәгерлердің пікірлерімен түйінделеді.

Авторлар айналасындағы болып жатқан оқиғаны әртүрлі әдіспен түртіп отырғандықтан, оқиғаны беру тәсілі ретінде дәйектемелік әдісті қолданады. Соның айқын бір мысалы – М. Ходорковскийдің Берлин қаласынан берген баспасөз мәлімдемесі.

Сондай-ақ, авторлар сол сәттегі болған оқиғаны шұғыл суреттеу барысында қоғамда көп айтыла бермейтін көлеңкелі тұстарға да көп мән береді. Бұл – микроблогінді тиімді жүргізудің бір талабы. Дегенмен репортаж барысында оқиғаның көлеңкелі тұстары мен ресми тұстары да жазылады және тізгінді тең ұстап отыруға тырысады

Twitter-репортаждың тағы бір ерекшелігі – оның тілі мен стилі. Жоғарыда айтып өткеніміздей, ақпаратты 140 таңбаға сыйдырып отыру тәртібі мәліметті барынша қысқа әрі тұжырымды беруді көздейді. Тіпті біреудің дәйексөздері де толықтай берілмей, ықшамдалып, тек мағынасы ғана алға тартылады. Авторлар болып жатқан құбылысты осы шақта, жай сөйлеммен баяндайды. Журналистердің ақпарат берудегі осы стильге тоқтауы Twitter-репортаждың шапшандықты талап ететін жанр формасы ретінде көрініс береді деп айта аламыз.

- 1 . Қожаскеев Т.С. *Жас тілшілер серігі* – Алматы: Рауан, 1991. – 193 б.
- 2 . Mark D. *What is multimedia journalism?* // *Journalism Studies*. – 2004, Vol. 5, № 2. – P. 139-152.
- 3 . Саубаев М. *Онлайн айтыс – жаңа журналистика жанры [эл. ресурс] /abai.kz ақпараттық порталы. - 16.01. 2013 - //http://old.abai.kz/node/17201*
- 4 . Амандосов Т.С. *Қазақ совет баспасөзінің жанрлары* – Алматы: Мектеп, 1968.
- 5 . Шындашева М. *Репортаж [эл. ресурс] /el.kz әлеуметтік желісі. - 11.09.2013 - //http://el.kz/m/articles/view/content-25596*
- 6 . Ким М.Н. *Репортаж: технология жанра* – СПб.: Изд-во Михайлова В.А., 2005. – С. 221.
- 7 . Қамзин К. *Қазақ көсемсөзі жанрларының кемелдену үдерісі*. – Алматы: Экономика, 2009. – 400 б
- 8 . Шындашева М. *Журналистика жанрларының пішіндері мен функциясы: Оқулық*. – Астана: ЕҰУ АББ, 2012. – 248 б.
- 9 . Тертычный А.А. *Жанры периодической печати*. – М.: Аспект Пресс, 2006. – С. 320.
10. Устюжанина Д.А. *Трансформация жанра репортажа под влиянием социальных медиа. // Журналист. Социальные коммуникации – 2012. - № 2, с. 107-112.*

Аннотация: В статье рассматриваются особенности Интернет журналистики и преобразование репортажного жанра в рамках нового медиа. Автор анализирует современное состояние средств массовой информации, которые в сочетании с достижениями высоких технологий претерпели много качественных преобразований. Интернет технологии начинают играть важную роль в общественной жизни. Скорость является не единственным преимуществом Интернета, в статье приведены примеры тех новых изменений как сокращение текста, умение авторов передать мысль кратко и лаконично, но в то же время привлекательно для читателя. Автор изучив работы иностранных и отечественных ученых, дает анализ особенностей репортажного жанра, который занял свою нишу и в новой медиа. Репортаж в новой медиа получает новую форму, которая становится популярной в общественных кругах. Эта трансформация имеет свои характерные особенности, о них подробно рассказывает автор данной статьи. Также опираясь на результаты собственного исследования автор раскрывает причины становления социальных сетей главным инструментом в важных событиях в других странах.

Ключевые слова: Интернет, жанр, репортаж, новая медиа, трансформация, конкатенация

Abstract: The article discusses the features of Internet journalism and the transformation of reportage genre in the new media. The author analyzes the current state of the media, which in combination with cutting-edge technologies have undergone a lot of qualitative changes. Internet technologies are beginning to play an important role in public life. Speed is not the only advantage of the Internet, author presents examples of the new changes as the reduction of the text, the author's ability to convey the idea briefly and succinctly, but at the same time appealing to the reader. The author studied the works of foreign and domestic scholars, gives analysis of the characteristics of the genre of reportage, which took own place in the new media. Reportage in the new media gets a new form, which is becoming popular in social circles. This transformation has its own characteristics, which told by the author of this article in detail. Also based on the results of his own research the author reveals the causes of formation of social networks as the main instrument of important events in other countries.

Keywords: Internet, genre, reportage, new media, transformation, concatenation.

УДК 070.509

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНЕ КАДР ТАҢДАУДЫҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Б.К. Сердәлі - Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Түйіндеме: Баспасөз қызметінің кадр мәселесі оны басқарып отырған мамандардың проблемасына айналғаны қашан. Оның штаттық құрамы бір қалыпқа келе қойған жоқ. Мысалы, коммерциялық бизнес-құрылымдарда PR-дің ішкі корпоративтік қызметі кездейсоқ мамандарға жүктелін жатады. Штат баспасөз қызметі басшының ұсынуы бойынша негізделген штаттық бірлікке тәуелді. Егер басшы өз мекемесіндегі бөлімдерге мәселені сауатты қоюды үйренсе, PR деңгейін дұрыс бағалай алар еді. Нақты қалыптасқан мәселе бойынша PR қызметін орындаушыларды дұрыс таңдап алуға және олардың жұмысын бағалаудың шарттарын жасап алуға тәуелді. Мақалада осы мәселе сөз болады.

Түйін сөздер: баспасөз қызметі, PR, баспасөз хатшысы, баспасөз-релиз, корпоративті мәдениет.

Кадр мәселесі барлық уақытты ең өзекті мәселе болып қала бермек. Крыловтың мысалындағыдай, құс-жәндіктер арбаны жан-жаққа жұлқып, қанша әрекет жасап көргенімен, одан ешнәрсе шығатын емес. Қазіргі еңбек қорының сапасы мен құзыреттілігін жақсыға жоруға болады. Баспасөз қызметінің құрылымында әмбебап ереже болмайды, кез-келген мәселе жеке шешіледі. Баспасөз қызметінің мақсаты мен міндеті туралы оны басқарып отырған адамдарда тиянақты ұғым болмаса (көп жағдайда мұндай түсінік бар), оның штаттық құрамы ешуақытта қалыпқа келмейді. Мысалы, коммерциялық компанияларда PR-дің ішкі корпоративтік қызметі кездейсоқ мамандарға жүктелін жатады. Штат баспасөз қызметі басшының ұсынуы бойынша негізделген штаттық бірлікке тәуелді. Егер басшы өз мекемесіндегі бөлімдерге мәселені сауатты қоюды үйренсе, PR деңгейін дұрыс бағалай алар еді. Нақты қалыптасқан мәселе бойынша PR қызметін орындаушыларды дұрыс таңдап алуға және олардың жұмысын бағалаудың шарттарын жасап алуға болар еді. Өкінішке орай, әзірше сандық көрсеткіштерге ғана басымдық беріліп келеді. Мысалы, бір күнде бір уақытқа екі баспасөз-релиз әзірленеді. Бұдан мұндай мекемеде тек есеп үшін ғана жұмыс жүргізілетінін байқауға болады. Одан гөрі бірнеше нақты жариялым әзірленсе, жұмыс оңға басар еді.

Танымал баспасөз қызметтері аптасына бір-ақ баспасөз-релизін әзірлейді. Тәжірибе көрсеткендей, олар баспасөз-релиздерін мекеменің брендин алға жылжытуға, жұмыс нәтижесін арттыруға негіздейді. XX ғасырдың 80-жылдарында ТМД елдерінің БАҚ-тары толық еркіндік алды. Жаппай газет-журнал шығару басталды. Бірақ бұған лайықты кадр болмады. Сондықтан БАҚ-қа көптеген кездейсоқ адамдар кіріп кетті. Базар нарқының өсуіне кәсіби кадрлардың даярлануы үндеспеді. Сондықтан кәсіби журналист мамандарын әзірлеу мақсатында жедел оқу орындары ашыла бастады. Осыған байланысты біздің елімізде де жаңа бағыт болып табылатын PR қызметі пайда бола бастады (бұрын тек үгіт-насихат деген ұғым ғана бар еді). Нарықтың дамуына сай, жақын болашақта қандай маман, қандай кадр керектігіне болжам жасау қажеттілігі туындады. Төменде баспасөз қызметі үшін маман кадрлардың жетіспеуіне әсер ететін негізгі кедергілерді атап өтеміз:

- еңбек нарқының аталған саласы бойынша жақсы мамандар жетіспейді, оның ішінде, әсіресе, баспасөз хатшысы мамандары жеткіліксіз. Сондықтан бұл салада элеуметтанушылар, қоғаммен байланысшылар т.б. маман иелері қызмет етіп келеді;

- еңбек нарығында «қоғамдық байланыс» саласында жұмыс істейтін мамандықтарға деген бос орын көп, сондықтан олардың орнын арнаулы мамандығы жоқ, кәсіби тәжірибесі жеткіліксіз кадрлар жаулап алған. Көп жағдайда осы сала бойынша білім алғандардың өзі баспасөз қызметінің дағдыларын жете біле бермейді. Сондықтан бұл сала нарығын кәсіпқой мамандармен жабу ісі қиынға айналып отыр. Көптеген коммерциялық компаниялар да тәжірибелі кадрларға зәру. Ал жоғарғы оқу орындары ҰБТ нәтижесінде кездейсоқ пайда боған талапкерлерге қатаң талап қоя алмайды. Ал бұл кадр деңгейін төмендетеді;

- тұтастай алғанда, Қазақстандағы жоғары оқу орындары тәжірибе беру ісіне бағытталмаған, теориялық білім басым. Тәжірибе мен кәсіптік бағдар жүйесі, өкінішке орай, қазір баяу дамуда. Жоғары оқу орындары тәжірибеге бағытталған іскер ойындарға назар аудармағандықтан, қазіргі нақты жағдайларды талдамағандықтан, мекемелер студент партасынан шыққан кадрларды бірден жұмысқа алуға ынталы емес. Оларды қаржы шығарып, уақыт жіберіп, қосымша тәжірибеден өткізуге мүдделі емес;

- жоғары білім алған көптеген жастар нақты мамандықты меңгеріп, кәсібін иесі болу үшін емес, басқаша мақсатты көздейтін сияқты (мәселен, әскерден уақытша қалу үшін т.б.). Сондықтан олар жоғары білім алу саласын кездейсоқ таңдайды да, мамандық бойынша емес, ілінген жұмысты атқара береді [1, б.85].

Сөз жоқ, аталған факторлар баспасөз қызметінде кәсіпқойлардың шығуына кедергі болуда. Сондықтан бұл бөлімге қызметке тұрған мамандар, қатаң талап қойылмағандықтан, «мұнда күрделі ештеңе жоқ екен, әйтеуір бірдеңе айтып, бірдеңе жаза саламыз» деп енжарлыққа салынады. Кадр даярлаудағы осындай кемшіліктерді болдырмау PR мамандарын дайындаушыларға ортақ мүдде. Өкінішке орай, бұл өндірістің өзінде шешімін таппай жатады, көп жағдайда нәтиже бермейді де. Мекемелерде жиі өтіп жататын тренингтер мен семинарлар да ойлағандай нәтиже бермейді. Тәжірибесіз кадрлар мұндай шараларды кәсіби деңгейін шыңдауға емес, әйтеуір өтуге тиісті міндеттің бірі деп қарайды. Адамның өзі жұмысына қажетті ақпарат алуға қызығушылық білдірмесе, ұмтылмаса, міндетті білімнің өзі дұрыс іске аспайды. Тәжірибе көрсеткендей, атқарылған шаралар тек аудитория білімге құмар болғанда ғана оңды нәтиже береді.

Баспасөз қызметінің жұмысына қатысты кадр таңдауда төмендегідей шарттарды атауға болады:

- *Адамдармен жұмыс.* Біз «қатынас», «сөйлесу» деген сөздерді күнделікті қолданбаймыз, өйткені адамдар күнделікті клиентпен жұмыс жүргізе бермейді. Әрине, сөйлеседі, бірақ нәтижесіз, себебі ол өз жұмысын саналы атқаруға қабілетті емес. Баспасөз қызметіне адамдармен жұмыс істей алатын кадр таңдауды ұсынамыз (қарапайым, жылы жүзді, жазуға және ауызша сөйлеуге қабілетті, адамдармен тіл табысуға мүдделі, белсенді, төзімді, жинақы, шет тілін білетін мамандар ғана ие болуы керек.

- *Озық технологияны қолдану.* Баспасөз қызметінің жұмысы озық технологияны қолданғанда ғана нәтижелі болмақ. Олар технологиялық дағдылардың үлгілі дәстүрлерін қадағалап жүруі керек, сондай-ақ, жастар қозғалысын, қоғамдық ойлардың бет алысын, экономикалық және саяси конъюктураны талдай білуі керек. Тек басшысының тапсырмасымен ғана жүретін, өз ынтасы жоқ адамнан жақсы маман шықпайды. Бұлар мекемеден шыққан хабарлардың мақсатты аудиторияға зор әсер ететінін ұмытпағаны жөн.

- *Жеделділік* баспасөз қызметінің айнымас жақсы қасиеті. PR маманының оқиғаны өз бетінше үлгеріп бере білуі, ақпараттық контентті меңгеруі, өз мекемесі төңірегіндегі қалыптасқан жағдайды саралай білуі жақсы қасиет. Баспасөз қызметіне, әсіресе, басшылық қызметіне уақытты қадірлей білетін, жаңалық енгізуге даяр тұратын мамандар таңдалуы қажет.

- *Жауапкершілік.* PR қызметкерлерінің жеке әрекетінен бастап мінезіне, тіпті сыртқы келбетіне дейін мекеменің имиджіне әсер етеді. Сондықтан баспасөз қызметіне жоғары білімді, жеке және ұжымдық жауапкершілігі бар, маңызды тапсырмаларды жауапкершілігіне ала алатын, кез келген уақытта тапсырма беруге қажет болатын, өз мекемесінің беделін барлық уақытта жоғары ұстауға даяр маман кадрлар таңдалуы қажет.

- *Кездейсоқ оқиғаларға шыдамдылық.* Баспасөз қызметінің жұмысы психо-эмоциялық жағдайларға толы болады. Өйткені көпшілікпен жұмыс істегеннен кейін кез келген кездейсоқ жағдайларда олардың қызметі қажет болып қалады. Баспасөз қызметіне моральдық жағынан да, психологиялық жағынан да ұстамды қызметкердің келуі экстремальды, күрделі жағдайлардан оңай жол тауып шығып кетуге мүмкіндік береді. Кей жағдайда баспасөз қызметінде жақсы деңгейдегі кәсіби мамандардың болуы оның жұмысының нәтижелі болуын толық қамтамасыз етпейді. Команда жасақтаудың нақты принципі ұстана білу ғана мамандарды ұйымшыл етіп тәрбиелеуге, «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаратын» ұжым жасақтауға мүмкіндік береді. Бұл ұстаным баспасөз қызметінің барлық меншік түріне де қатысты жайт. Жұмыс барысында әртүрлі көзқарас болмауы керек, мұндай ахуал келіспеушілікке, хабарды әр түрлі бағытта таратуға алып келеді, баспасөз қызметінің, әсіресе мекеменің беделіне нұқсан келтіреді.

Баспасөз қызметінің бірегей ұжымын құруға қажетті ұстанымдар бар:

- *Барлығымыз бір адамдай жұмыламыз, мақсатымыз бір және ортақ мақсат үшін жұмыс істейміз.* Баспасөз қызметінің қызметкерлері бір команда мүшелері, өз міндеттерін кәсіби деңгейде атқаратын, алдына бір мақсат қойған ұжым болып табылады. Бұл факт аксиома ретінде қаралу керек, себебі қорытынды нәтиже мен табыс осы ұжымның ортақ жұмысының нәтижесіне тікелей қатысты болады. Бұл процесте мәні маңызсыз факторлар болмайды. Ұжым басшысы маңызды рөл атқарады, өйткені ол ұжымды біріктіріп, ойы бір топ жасауға ықпал етеді. Осы тұрғыдан алып қарағанда, іскер ойындар, ұжымды біріктіруге арналған тренингтер, корпоративтік шаралар өткізу пайдалы болмақ. Осындай кешенді шаралар атқарылғанда баспасөз қызметінің жұмысы да нәтижелі болмақ, себебі

баспасөз қызметінде негізінен жас, заман талабына сай мобильді қызметкерлер жұмыс істейді.

- *Бір пікір, бір түсінік.* Баспасөз қызметі өз ұйымының ұстанымы қоғамдық мәнге ие екенін білдіретін құрылым болып табылады. Сондықтан сала қызметкерлерінің ұстанымы да сол ұйымының ұстанымымен сәйкес келеді, екі нікірлі, екі ойлы болмауы тиіс. Мағынасы көмескі, астарлы хабарлардың кездеспегені дұрыс, мағынасы ашылған, идеясы, ұстанымы айқын болғаны жөн. PR қызметкерлері барлық уақытта да өз қызметінде бірдей ақпараттық саясат ұстануы керек, екі түрлі ой, екі түрлі түсінік болмауы тиіс, қайсыбір пікір де құрылымның ұстанымына жауап беруі керек.

- *Көшбасшы – саясатты айқындайды.* Тек қызмет басшысы ғана емес, баспасөз қызметінің бүкіл қызметкерлері де бір команда болып біріккенде ғана нәтижеге қол жеткізуге болады. Бөлімдегі тұтастыққа бір ғана басшының ұйымдастыра алуынан көз жеткізу қиын. Себебі, басшыға қорытынды нәтиже ғана келеді, ол тек материалды шығару кезінде ғана және интеллектуальдық өнімге сұраныс туған жағдайда ғана жауап береді. Күрделі шешімдер санаулы секанттарда ғана қабылданады, жақсы жетістіктерге дұрыс интерпретация арқылы ғана қол жеткізуге болады. Мұндай жағдай баспасөз қызметінің басқарушылық және биліктік органдарына ғана тән болып келеді. Мұндай жағдайда, яғни оқиғаны ақпаратпен қамтамасыз ету шешімінің барлық жауапкершілігі баспасөз қызметінің басшысына түседі. Сондықтан қызметкерлер арасындағы басшының беделі ұйым жұмысының нәтижелілігіне қол жеткізетін бірден бір міндетті шарт болып табылады.

- *Біз азбыз, бірақ біздің біліміміздің мәні орасан зор.* Баспасөз қызметінің штат бірлігі көп емес екенін ескеру қажет, ал бөлімінің атқарар рөліөте үлкен. Демек сол ұйымның әрбір мүшесінің де атқарар міндеті маңызды болмақ. Баспасөз қызметінде маңызы әлсіз қызметкерлер болмайды, әрбір қызметкерге жауапкершілік пен тәжірибе салмағы қатар түседі. Бұл мынаған байланысты: титімдей ғана бір қате, мекеменің қатардағы қызметкерінің аңғарымсыздығы БАҚ-та сенімсіз ақпараттың пайда болуына алып келеді, ал бұл бүкіл ұйымға үлкен соққы болып тиеді.

- *Баспасөз қызметінің жетістігі – мекеменің де жетістігі.* Аталған ұстаным PR қызметкерлерінің корпоративтік мәдениетіне әсер ететін маңызды фактор болуы керек. Мамандардың аталған принципті ұстануы – барлық қалған шаралардың нәтижелі болуына, ұжым жұмысының дұрыс бағытталуына себеп болады. Жаңадан келген қызметкердің санасына осыны сіңіре білу керек. Баспасөз қызметі сыртқы субъектілермен қарым-қатынас жасауда алдыңғы қатарда тұрады, оның нәтижелі жұмысы мекемеге бедел әкелеп, табыс түсіруге негіз болады. Баспасөз қызметінің жұмысы сапалы болған сайын қызметкерлердің де табысы жоғары бола түседі. Бұл құрғақ сөз күйінде қалмай, тәжірибеге енгізілуі керек, іс жүзінде орындалуы керек. Сонда ғана қызметкерлер бұған имандай сенеді. Басшының міндеті – барлық уақытта өз қызметкерлерінің санасына осы қағиданы құя берумен ерекшеленеді. Істі әр түрлі шаралар арқылы бекіте түсу керек (сыйақылар, корпоративтік наградалар т.б.).

Жоғарыдағы мәні бар ұстанымдарды сақтаған жағдайда ғана қызметкерлердің ой-мақсатын біріктіруге қол жеткіземіз. Бірақ жақсы жетістіктерге жету үшін баспасөз қызметіне жақсы кадр даярлау қажеттігін ұмытпаған жөн. Жеке кадрлық құрамды стратегиялық жоспарлау үшін ұжымның жұмысын түгелдей нәтижелі деңгейге жеткізу керек.

Баспасөз қызметінің басшысына қарамағандығы қызметкерлермен жиі жұмыс жүргізуге тура келеді, сол себепті ол кадр резервін даярлауға да немқұрайды қарамауы тиіс.

Баспасөз қызметіне тек жоғарғы оқу орнын бітірген бейімді түлектерді ғана таңдап алу жеткіліксіз, бұл тәсілдің ауқымы айтарлықтай кең. Басқа мекемелерден де кадр таңдап, оларды да қызметке шақыруға болады. Мекеменің басқа бөлімшелеріндегі осы іске қабілетті мамандарды да тартқан жөн. Хетхантинг (жоғарғы білікті мамандар мен шешуші менеджерлерді таңдау) технологиясын қолдану арқылы көп нәтижеге өол жеткізуге болады [2, б.147]. Әрине, бұл тар ауқымдағы шара, сондықтан жағдайға жеке талдау жасауға ура келеді. Жоғарғы оқу орындарымен қарым-қатынас баспасөз қызметінің басшысына тікелей қатысты, оның осы саладағы жеке белсенділігі, нарықтағы конъюктурасы ішкі факторларға ықпал етеді.

Қаржы қорының жетіспеуі, қаржы дағдарысы баспасөз қызметінің кадр саясатын шешуде радикалды мүмкіндік бермейді. Біліктілігі төмен кадрларды қысқарту өзекті мәселені шешуге жаңаша қадам жасауға ықпал етеді. Өзін-өзі сыйлаған баспасөз қызметі штатында ең қажетті, кәсіби біліктілігі жоғары қызметкерлерді ғана қалдырады. Аталған процес қалған қызметкерлердің жүктемесін арттыруға септігін тигізеді, жұмыстың негізгі бөлігін бұрыннан осылар атқаратындықтан, қысқару істің барысына оншалықты әсер етпейді. Өз кезегінде қысқаруға ұшыраған қызметкерлер нәтижесі аз мамандар болатын,

сондықтан баспасөз қызметінің басшыларына бұл қосымша қиындық тудырмайды. Тәжірибесіз мамандар жұмысқа үлесін толық қоспайтын еді, олардың еңбек нәтижелері жалпы қорға қосылып кететін, түскен пайда да осы еңбекке лайықты еместерге теңдей бөлініп кететін.

Міне, осындай жолмен жасалаған ротациялау баспасөз қызметіне кадрдағы қарама-қайшылықтардың түйінін шешуге, еңбек нарығындағы төменгі сапаны жойып, мекемелерге қосымша қаржылық қор жасауға мүмкіндік береді.

Жоғарыдағы атқарылған пронестер мемлекеттік емес ұйымдарға тән. Мамандардың тұрақтамауынан кадрлық мәселе туындайтынын көптеген сарапшылар атап өтуде. Осы пікірге байланысты мемлекеттік институттар табыс табуға емес, қызмет етуге негізделуі тиіс. Мүмкін осы жағдайға байланысты мемлекеттік институттар мен бизнес құрылымдардың арасындағы айырмашылықтар да туындайтын шығар. Мемлекеттік мекемелердің баспасөз қызметінде жұмыс өтілі көп мамандар жиі кездеседі, сондықтан олардың кәсіби тәжірибесі мен орындаушылық шеберлігін пайдалана тұруға тура келеді. Олар инновация мен озық тәжірибені қабылдауға зейінді, жұмыс сапасы жоғары.

Қалай десек те, білікті команда жасақтау мен қалыптастыру баспасөз қызметіне өте өзекті мәселе болып отыр. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, қазіргі баспасөз қызметінде «егер жұмыс дұрыс жүрсін десең – бәрін өзін жаса» деген ұстаным әлі де өзекті болып қалып отыр. Бұл жағдайдан шығу барлық уақытта да кадр тапшылығына келіп тіреледі. Сол себепті өз ұжымы үшін басшының кадрға тікелей атсалысуына тура келеді. Әсіресе, бұл жеке меншік баспасөз қызметінде өте өзекті проблема.

1. Егоришин А.П. *Управление персоналом: Учебник для вузов / А.П.Егоришин. - 3-е изд. - Н.Новгород: НИМБ, 2002. – С.204.*

2. Шкатула В.И. *Настольная книга менеджера по кадрам. Изд. 2-е, изм. и доп. / В.И.Шкатула. - М.: Изд. группа ИНФРА-М.- НОРМА, 2000. – С.284.*

Аннотация: Кадровый вопрос во все времена был одним из самых актуальных. В современных условиях качество и квалификация трудовых ресурсов пресс-службы зачастую оставляют желать лучшего. Хороших специалистов по данному профилю на рынке труда ограниченное количество, в частности, и потому, что в классификаторе специальностей отсутствует позиция «пресс-секретарь».

Ключевые слова: пресс-служба, PR, пресс секретарь, пресс-релиз, корпоративная культура.

Annotation: Personnel issue has always been one of the most important. In modern conditions the quality and qualifications of the labor force press service ostavleyut often poor. Good experts on the profile of the labor market a limited number of, in particular, because in the classifier professions position is not available, «press secretary».

Keywords: press office, PR, press secretary, press release, corporate culture.

ӘОЖ 06.064

PR-ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ: «ЭСҚПО-2017» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕСІ

К.Д. Тусупова, Ж.Б. Есенбек -

*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
журналистика факультеті*

Андатпа. Авторлар ғылыми мақалада Қазақстан Республикасындағы ұлттық жоба ЭСҚПО-2017 халықаралық көрмесінің мемлекет экономикасын дамытудағы қырларын талдамалы түрде атап көрсеткен. Зерттеудің мақсаты ретінде халық арасында алдағы уақытта өзге мемлекеттерде өткізілген халықаралық көрмелердің тәжірибесі мысалында ЭСҚПО-2017 ұлттық жобасының экономикалық тиімділігін насихаттау қажеттілігі алынған. Мақала авторлары көрмені мемлекеттік ауқымда экономикалық өсім көрсеткіштеріне ықпал етуші PR-технология ретінде талдап, PR-құралдың ерекшеліктерін ашып көрсеткен.

Елбасымыз ең негізгі мәселе – экономиканы өркендетуді жолға қоюымыз керек деп атап өткен болатын. Көрмені өткізудегі дұрыс саясат пен ұйымдастырушылық шешімдер еліміздің экономикалық кірісін ұлғайтып, ауқымды инвестициялар тартуға септігін тигізеді анық. Халықаралық көрме оған қатысушы мемлекеттер арасында тиімді экономикалық, дипломатиялық қарым-қатынас орнатуға себепкер болып табылады.

Құжат талдау және сараптама жасау нәтижесінде экономикалық тиімділік аспектілері мен имидж қалыптастырушы факторлардан гөрі көрменің материалдық шығындары, бюджет шығыстары көптеп жария етіліп отырғаны анықталып отыр. Қазақстан Республикасы экономикасының даму динамикасын қарастыру негізінде ЭКСПО-2017 көрмесі нәтижесіндегі даму перспективалары болжанып отыр. PR-технология ретінде көрініс тауып отырған көрме мемлекет ауқымында экономикалық өсім көрсеткіштеріне ықпал етуі кезеңдеріне бөліп қарастылыды.

1. ЭКСПО-2017 көрмесін өткізуге дейінгі экономикалық жағдай
2. Көрме өткізу мерзімі ағымындағы (3 ай) серпіліс (өзгерістер)
3. ЭКСПО-2017 көрмесінен кейінгі ел экономикасының даму динамикасы

Ғылыми жұмыста ЭКСПО-2017 мысалында көрменің PR-құрал ретіндегі оң және теріс жақтары, өткізу барысында көрініс табатын технологиялық аспектілері талданды.

Кез келген экономикалық маңызы бар шараның ғылыми негізделген тұғырнамасы болуы шарт. ЭКСПО-2017 жаңа экономикалық модель қалыптастырудағы басты фактор ретінде көрініс табуы үшін ұлттық жоба ел арасында экономикалық катализатор ұғымында қабылдануы шарт.

Түйін сөздер: PR-технология, көрме, ЭКСПО-2017.

Introduction

Заманауи түсініктегі PR-технология – стихиялы жүзеге асырылатын, реттеліп даярланған, жүйеге келтірілген рәсімдер мен технологиялардан құралған жүйе ретінде қалыптасты. PR-технологиялардың дамығандығы соншалық, ол мемлекет ауқымын қамтитын экономикалық, әлеуметтік көрініс тауып, коммуникациялық технология форматында саясаттың құралына айналды.

PR-технологияларды жеке пән ретінде алғаш зерттеген ғалымдар – Ф.Кузнецов және П. Гавра. Алайда, екі ғалым қолданбалы жүйеге екі түрлі көзқараста анықтама береді. Ф. Кузнецовтың пайымдауынша, «PR-технологиялар – қоғаммен байланыс жасауда белгіленген мезгіл мен орында басқару субъектісінің мақсаты мен міндеттерін оптималды және тиімді жүзеге асыруға бағытталған, теорияда бекітілген реттілікпен қолданылатын әдістер, рәсімдер, тәсілдердің жиынтығы. PR-технология тек мақсатқа жету үрдісінде бекітілген жеке әдістер мен тәсілдердің операциялар реті қалыптасса ғана шындыққа айналады. PR-технология – нақты мақсатқа жетудегі әдістер қолдану үрдісі және осы қызметтің нәтижесі».

П. Гавра: «PR-технологияны әлеуметтік технологияның құрамдасы, әлеуметтік-коммуникациялық технологияның ерекше түрі, базистік PR-субъектінің, оның мақсатты аудиториясымен жүзеге асатын, ішкі және сыртқы коммуникацияны басқарудың әлеуметтік-коммуникативтік технологиясы» - деп атап көрсетеді. Бұл орайда, Ф. Кузнецовтың пікірі орынды деп санаймыз.

Main body

Жұртшылықпен байланыс теориясы интеграциялық сипатқа ие, сондықтан да ол көптеген ғылыми пәндердің, атап айтқанда, коммуникация теориясының, менеджменттің, маркетингтің, журналистиканың, басқару теориясының, әлеуметтанудың, психологияның түйіскен тұсынан табылады. PR-технологиялар әлеуметтік технологиялармен тығыз байланысты. Әлеуметтік технологиялар аз ғана басқарушылық шығынға батып, оң әлеуметтік нәтижеге әлеуметтік үрдістер динамикасы мен өзара тәуелділігі жағдайында жалпы әлеуметтік жүйеге және оның жекелеген бөліктеріне белсенді әдіснама қолданып, ықпал ету дегенді білдіреді. Ал, PR-технология бекітілген шарттардың орындалуы жағдайында әлеуметтік нысанның мақсатты өзгерістеріне алып келетін іс-әрекеттер реті, рәсімдемелер жүйесі екені белгілі.

PR-технологияларды тиімді пайдаланудың жарқын мысалы – көрме. Ол – мекемені танытудағы арнайы көп векторлы құбылыс. Көрменің әр векторын дұрыс бағытқа бағдарлау күрделі іс. Бірақ, технологияның қыр-сырын шебер пайдалана білу жекелеген әдістерді пайдаланумен салыстырғанда жылжыту мен жарнаманың жиынтықтағы эффектісіне көрме арқылы ғана қол жеткізуге болады. Адамзат тарихында PR саласына тиесілі тәжірибенің барлығы көрмеге дайындық кезінде және оны өткізуде көрініс табады. Осы себепті, Қазақстанның жаңа тарихында алтын әрінпен жазылып қаларлық мега жоба ЭКСПО-2017 көрмесінің алатын орны ерекше. Көрмені өткізу, оны ұйымдастыру рәсімі мен технологиялары ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарды қажет ететін күрделі үрдіс. Шараның дайындық үрдісі Республика Президентінің бақылауында өткізіліп отырғаны оның маңызын көрсетіп отыр.

Көрме Қазақстан үшін мемлекеттік маңызы бар салаларды үйлестіре қамтымақ. Бұл – дайындықтың бастамасы ғана. Себебі, PR-технология кез келген әлеуметтік технология сияқты қайта жаңғыратын

белгілі бір технологиялық цикл – рәсімдер мен операцияларының ретімен сипатталады. PR-технологияны жасап шығару бірнеше кезеңнен тұрады:

- теориялық кезең
- әдістемелік кезең
- рәсімдеме кезеңі.

Еліміздегі ЭКСПО-2017 көрмесіне дайындық теориялық кезеңді толығымен өткерді. Жауапты органдар, заңдық өзгерістер, тақырып пен күн тәртібіндегі мәселелер, құрылыс және құрылымдық мәселелер шешімін тапты.

Халықаралық мамандардың бағалауынша, Қазақстан экономикасы жылдам қарқынмен өсіп келе жатқан және экономикалық өсім жылдамдығы бойынша үшінші орынды иеленіп отырған мемлекет. Елбасы ұсынған «Алдымен экономика, одан соң саясат» деген формуласының іске асуымен еліміз көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Көрме өткізу де еліміз қол жеткізіп отырған санатты одан әрі қарай жылжытуға демеу болады.

Қазақстан үшін алдағы ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесі нақ осы PR-технологиялардың жүйелі реттестіріліп, рәсімделген, шоғырланған түрінде көрініс табатын үлкен жоба болмақ. Ол ньюсмейкингтік факторы жағынан өте жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін технология екенін тарих көрсетіп берді. Оған дәлел – халықаралық көрме өткен мемлекеттердің әлемдік аренада оң тараптан танылып, материалдық және абстрактілі нәтижелерге қол жеткізгендігі баршаға мәлім. Ал, Қазақстан үшін, ЭКСПО-2017 экономика жағынан жаңа сатыға көтеріліп, дамудың жаңа деңгейіне өтуге серпіліс берер ұлттық маңызы бар жоба екені айқын.

Көрмені ұйымдастырушы мемлекет үшін әлем назарын өзіне аудартуда іскерлік байланыстарды орнатуды, туристер ағымын арттыруда халықаралық мамандандырылған көрменің ел имиджін арттыруда тиімділігі зор. Ауқымды шараның қаншалықты табысты өткеніне қарамастан, ондағы басты мәселе – көрмеден кейін нысандарды мақсатты түрде пайдалану болып табылады. Көрмеге дайындық барысында компанияға жүктелген басты міндеттердің бірі – мемлекеттік бюджетке түсетін ауыртпалықты азайта отырып, бюджеттен тыс инвестициялар тарту. Көрме өткізудегі дұрыс саясат пен ұйымдастырушылық шешімдер еліміздің экономикалық күшін ұлғайтып, ауқымды инвестициялар тартуға септігін тиігері анық.

Көрме өткізілген елдердің нысандары кейін пайдаланудағы тәжірибесіне зерттеу жүргізген ұлттық компания, көп жағдайда көрме нысандарына деген сұраныс төмен болғанын байқаған. «Зерттеу көрсеткендей, көрме өткеннен кейін, ғимараттар негізінен туристік нысан, мәдени алмасу орталықтар, жайлылығы жоғары тұрғын үй кешендері, демалыс және ойын-сауық нысандары ретінде пайдаланылатыны белгілі болып отыр», - деп атап көрсетеді «Астана ЭКСПО-2017» Ұлттық компаниясы» АҚ төрағасы Т. Ермағияев. Оның пікірінше, тіпті, Ганноверде, Сарагосада, Йосуда көрме үшін салынған ғимараттар кейіннен қаңырап қалса, кейбірін бірнеше ғимараттарды пайдалану үшін қалдырып, қалғаны түгелдей сүріліп те тасталған. Сондықтан да компания басшысы ЭКСПО өткізілген елдер тәжірибесіне сүйеніп отырып, көрме өткеннен кейін ғимараттарды тиімді пайдалануға назар аударылатынын атады. «Бұл мәселені көрме барысында қалыптастыру керек. ЭКСПО-2017 жаңа экономикалық модель қалыптастырудағы басты фактор ретінде көрініс табуы үшін, ұлттық жоба халық арасында экономикалық катализатор ретінде қабылдануы тиіс. Қарап отырсақ, баспасөз беттерінде экономикалық тиімділік аспектілері мен имидж қалыптастырушы факторлардан ғәрі көрменің материалдық шығындары, бюджет шығыстары көптеп жарияланып отыр.

«ЭКСПО – 2017» халықаралық көрмесіне 100-ден астам елді тарту көзделуде. Елордамызда өтетін осынау әлемдік әйгілі шараға қатысуға ниет білдіріп отырған елдердің қатары қазіргі күні алпыстан асты. Осы ретте «Болашақ қуаты: қуатты тиімді пайдалану атты халықаралық семинар барысында «Астана ЭКСПО – 2017 ҰҚ АҚ халықаралық қатынастар департаментінің директоры Н. Ергешбаев «Бұл көрме 3 айға жуық уақытқа созылады. Экспо-қалашық Астана қаласы маңындағы бос жер теліміне орналасады. Жалпы аумағы 174 гектар жерді алып жатыр. Қазіргі таңда көрменің іргетасын қалау жұмыстары басталып та кетті. Оларды жыл соңына таяу дейін аяқтау көзделуде», - деді. Жоспар бойынша көрмені тамашалауға дүниежүзінен 5 миллионнан астам адам келеді деп болжанып отыр. Сол үшін де Экспо-қалашық аумағында тұрғын үй кешендері және көпфункционалды сауда ойын-сауық кешендері салынады. Елімізде ЭКСПО – 2017 халықаралық көрмесін өткізудегі басты мақсат – энергетика саласындағы бүкіл әлем бойынша ең озық технологияларды және тың идеяларды халық назарына ұсыну.

Осы ретте көрме нысандарында тек балама қуат көздері қолданылатын болады.

Әрі қарай ғылыми жұмысымызда ЭКСПО – 2017 халықаралық көрмесі жайында қолданылатын PR технологияларға тоқталмақпыз.

Әлеуметтік технологиялардың әдістемелік кейсін негізге ала отырып, PR теориясында PR технологияларының жүйесі қалыптасып келеді. Ғалымдар PR-да технология қалыптастырудың негізгі екі түрін атап көрсетеді:

1. Субъективті жағынан алғанда, стереотип, дәстүр, адамдар тәжірибесі, іс-әрекет тізбегі негізге алынады;

2. Аналитикалық тұрғыдан алғанда, мақсатқа жетудің шарты мен параметрларін анықтайтын арнайы тәсіл мен рәсімдер пайдаланылады.

Әлеуметтік-коммуникациялық технологияның жеке түрі болғандықтан,

PR-технологияларға тән қасиеттер:

- жасандылық және коммуникациялық ресурстарды саналы басқару;
- әлеуметтік маңызды мақсатының болуы;
- үрдістің әлеуметтік сипаты;
- жүйелілік;
- жоспарлы жүзеге асырылуы;
- технологиялылығы және рәсімдерінің реттілігі;
- формалды ұйымдастырушылық және еңбектің функционалдық бөлінісі.

PR-технологиялар түріне байланысты ішкі және сыртқы, стратегиялық және тактикалық болып бөлінеді.

Conclusions

Әдетте, PR-технология ретінде:

1. ауызша хабарламалар (баспасөз мәслихаттары, түрлі әлеуметтік топтар алдында сөз сөйлеу, жоспарлау, өзге де мекеме қызметкерлерінің баяндамаларын дайындау);

2. паблицити (теледидар, баспасөз, баспагерлер арқылы мекеме жаңалықтарымен қамтамасыз етіп отыру);

3. сұхбат, баспасөз релизі, буклет мәтінін, жарнамалық мәтіндерді жазу;

4. баспа жұмыстары;

5. мекемені танытудағы арнайы іс-шаралар (көрме, көрсетілім, ашық есік күндері);

6. әр түрлі топтар арасында баспа, фото, бейне материалдарын тарату

7. имидждік жарнама;

8. аналитикалық және консалтингтік технологияларжатады.

ЭКСПО-2017 көрмесі елордамызға жаңа инновациялық сәулет гимараттарын салып қана қоймай, олар арқылы елімізді танытытуға жол ашады.

Алайда баспасөз беттерінен құрылысқа кетін жатқан ақша ресурстары жайындағы мәліметтер, сыни пікірлер көп айтылып жатады. Халық арасында көрмеге деген күдікпен қарайтын жандардың баршылық екені белгілі. Оның басты себебі, шалғай мекендер мен ауылдарға мега жоба мазмұны мен идеясы туралы ақпараттың жетіспеуі. Бүгінде жасалып отырғанның барлығы жастар үшін, болашақ қазақстандықтардың игілігі үшін екендігін халық арасында кеңінен насихаттау қажет деп есептейміз. Бұл жат түсініктерді болдырмау мақсатында, игі шараға халықты, әсіресе жастар мен жас ғалымдарды көптеп тарту қажет деп ойлаймыз.

Олай болса, «ЭСҚПО-2017» халықаралық көрмесі имиджі мен идеологиясын арттыру үшін төмендегі PR және жарнама технологияларын сапалы қолдануды арттыру шарт деп санаймыз.

Біріншіден, «ЭСҚПО-2017» халықаралық көрмесінің артықшылықтары туралы тікелей қарым-қатынас құралдарын арттыру (пікірталастар өткізу).

Екіншіден, танымалдылықты қолдану технологиясын ұйымдастыру. «ЭСҚПО-2017» туралы атақты адамдардың түскен суреттері мен плакаттарын тарату.

Үшіншіден, «ЭСҚПО-2017» халықаралық көрмесінің артықшылықтары мен мазмұны жайында сапалы дайындалған парақшалар, буклеттер, жапсырмалар (наклейкалар) дайындау, тарату.

Төртіншіден, Көшедегі және сыртқы жарнама технологиясын арттыру. «ЭСҚПО-2017» халықаралық көрмесінің артықшылықтары мен мазмұны жайында сапалы билбордтар, әр түрлі форматтағы типографиялық плакаттар, ақпарат тақталарын дайындау және тарату.

Бесіншіден, Баспасөзде жарнама жиілігін арттыру. «ЭСКПО-2017» халықаралық көрмесінің артықшылықтары мен мазмұны жайында хабарламалар басу және көрме туралы арнайы басылымдар шығару.

Алтыншыдан, Телеарналарда сапалы жарнамалық өнімдер шығару. «ЭСКПО-2017» халықаралық көрмесінің артықшылықтары жайында сапалы телеарнаулар жасау, телесайыстар ұйымдастыру.

Жетіншіден, Көлік жарнамасын арттыру. «ЭСКПО-2017» халықаралық көрмесінің артықшылықтары мен мазмұнын паш ететін адам шоғыры көп болатын көліктер, вокзалдар мен аялдамалардағы белгілер, жапсырмалар, суреттер және авто-транспорт ішіндегі жарнамаларды ұйымдастыру.

Сегізіншіден, сувенирлі жарнама өнімдерін тарату. «ЭСКПО-2017» халықаралық көрмесінің артықшылықтарын көрсететін күнтізбелер, футболкалар мен кепкалар, жапсырмалар, қаламсаптар, төсбелгілер, кеңсе тауарлары, блокноттар тарату.

Елбасы Н. Назарбаев өз сөзінде ЭСКПО-2017 көрмесі қазақстандық бизнесмендер үшін үлкен мүмкіндіктерге жол ашуы тиіс, кәсіпкерлік – экономиканы алға жылжытатын, нақты қозғаушы күш, ал шағын және орта бизнес – орта таптың берік іргетасы екендігін атап көрсетті.

Ал, «Астана – 2017» ұлттық компаниясы АҚ басқарма төрағасы Т. Ермағияев, «Менің ойымша, көрме, айтарлықтай экономикалық нәтижеге қол жеткізеді. Бұл ауқымды шара шағын және орта бизнеске, қызмет көрсету саласына едәуір пайда тигізеді», - деп атап көрсетті.

Қанша дегенмен де, 2017 жылға дейін аз уақыт қалды. ЭСКПО-2017 секілді ұлттық жобаны жүзеге асыру – еліміз үшін зор жауапкершілік, себебі, екі миллион адамды қабылдап қана қоймай, салынған сән салтанатты гимараттар халық игілігі үшін пайдаланылуға беріледі. Бұл мега жобаны елімізде өткізу арқылы Қазақстанды әлеуеті зор, экономикалық, саяси, әлеуметтік жағынан мықты мемлекет ретінде бүкіл әлемге паш етеміз. Салынатын көлік кешені, сәулет құрылыстары елордамыз Астана қаласының танымалдылығын арттырады. Ал, мемлекет астанасы – елдің экономикалық дамуының басты катализаторы болып саналады. Халыққа бұл жобаның артықшылығы мен пайдасы туралы технологияларды сапалы жеткізгенде ғана ЭСКПО-2017 кейін Астана – механикалық құрылысымен емес, Батыс пен Шығыстың, Солтүстік пен Оңтүстіктің мәдени дәстүрлерін жарасымды тоғыстырған еуразиялық қалаға айналмақ.

1. Бекболатұлы Ж. Жұртшылықпен байланыстың өзге ғылымдармен, ғылыми бағыттармен байланысы // PR және жарнама, 2010. 46б.

2. Сағынбекова Р. Қуатты елдің, тұрақты экономиканың іргетасы // Экономика ұлттық апталық газеті, 2014, №15 (344). 3б.

3. Әбдірейқызы Б. Көрме нысандары келешекке қызмет етеді // Экономика ұлттық апталық газеті, 2014, №33 (368).

4. Умирзаков И. Послание Президента – руководство к действию. // Импорт-Экспорт, 2014, №4 (119). 8б.

5. www.e-reading.me Сущность и понятие PR-технологий.

6. Сағынбекова Р. Тек балама қуат көздері қолданылатын болады. // Экономика ұлттық апталық газеті, 2014, №33(362).

7. Сағынбекова Р. 20 мыңға тарта жұмыс орны құралды // Экономика ұлттық апталық газеті, 2014, №15 (344). 5б.

Аннотация. В данной научной статье авторы изучили аспекты влияния национального проекта - международной выставки ЭСКПО-2017 на развитие экономики Республики Казахстан. Главной задачей написания статьи является рассмотрение необходимости пропагандирования экономической эффективности национального проекта ЭСКПО-2017 на примере международных выставок ранее проведенных в других странах. По итогам проведенного контент-анализа и изучения материалов по данной теме было выявлено, что в публикациях и периодических изданиях тематика материальных расходов и бюджетных затрат касательно ЭСКПО-2017 имеет высокий коэффициент частотности публикаций нежели рассмотрение таких факторов как экономическая эффективность и имиджевые показатели. На основе рассмотрения динамики развития экономики Казахстана на сегодняшний день были составлены прогнозируемые перспективы развития экономики страны в дальнейшем.

Выставка, выступающая как ПР-технология, влияющая на рост экономических показателей в размере нелой страны была изучена по следующим этапам:

1. Экономический климат до проведения выставки ЭКСПО-2017
2. Изменения на период проведения выставки (3 месяца)
3. Динамика развития экономики страны по окончании международной выставки.

В научной статье также были рассмотрены плюсы и минусы, технологические аспекты проявленные во время проведения выставки как PR-инструмент. У каждого экономически важного мероприятия должен быть научно обоснованный фундамент. Для восприятия народом международной выставки ЭКСПО-2017 как экономический катализатор нужно при помощи PR-инструментов «позиционировать» мероприятия как фактор создания новой экономической модели.

Ключевые слова: PR-технология, выставка, ЭКСПО-2017.

Annotation. In this article, the author examined the scientific aspects of the impact of the national project - the international exhibition EXPO 2017 on the economic development of the Republic of Kazakhstan. The main objective of writing this article is to review the need to promote economic efficiency of the national project EXPO 2017 as an example of international exhibitions previously held in other countries. According to the results of a content analysis and study material on the subject found that in publications and periodicals subject material costs and low cost on EXPO-2017 has a high frequency of publications rather than consideration of factors such as economic efficiency and image performance. Based on the analysis of the dynamics of development of Kazakhstan's economy today were composed projected development prospects of the country's economy in the future. The exhibition, serving as PR-technology affects the growth of economic indicators in the amount of the whole country has been studied in the following stages:

1. The economic climate prior to the Expo 2017
2. Changes to the exhibition period (3 months)
3. The dynamics of the economy at the end of the international exhibition.

In the scientific article also discussed the pros and cons, technological aspects displayed during the exhibition as a PR tool.

Each economically important event must be scientifically sound foundation. For the perception of the people of the international exhibition, EXPO-2017 as an economic catalyst needed with the help of PR tools "to position" activities as a factor in the creation of a new economic model.

Keywords: PR-technology, exhibition, EXPO-2017.

ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ

УДК 371.33

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ЖАҢА АРНАЛАРЫ

Б.Д. Жұмақаева - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.; ҚазМемҚызПУ,

Б.Ш. Қожекеева - филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы ҚазМемҚызПУ

Түйіндеме: Мақалада Абай мұрасының танымдық тағлымдық ерекшелігін саралай отырып, оны жас буынға оқытудың тиімді әдістемелік жүйесін ұсыну қажеттігі қарастырылады. Абай шығармаларының оқытылу тарихы талай жылдарды арқалағанымен, әлі әдістемелік жүйесінің тұрақтамауы, саяси-әлеуметтік ықпалдың басымдылығы ұлы тұлға шығармаларын қоғам игілігіне жаратуға кедергі келтірін отырғандығы жасырын емес. Мақалада әдіскер-ғалымдардың Абай шығармаларын оқыту әдістемесіндегі еңбектерін саралай отырып, кемеңгер тұлға тағлымын тануға әлі де әдістемелік ізденістердің қажеттілігі басты мәселе ретінде көтеріледі. Әдістеме ғылымында осыған дейін қалыптасқан әдістемелік жүйенің солғын тұстары сарапталады. Оның басты себептері айқындалады. Абай шығармашылығын өз дәрежесінде таныту үшін әдістеме ғылымында келешекте қандай мақсаттар мен міндеттер қойылу керектігі сөз етіледі. Абай шығармаларын оқыту әдістемесін қалыптастыру үшін ізденістің жаңа арналары ақындалады.

Тірек сөздер: әдістеме, тағылым, композициялық құрылым, көркем тіл, образ, альтернативті оқулық, жүйе, арна, әдіс-тәсіл, іргелі еңбек, ой-сана, философиялық, психологиялық, әдістемелік кешен, көкейкесті мәселе, рухани мұра, білім, әдістеме, методологиялық байлам, тиімді тәлім-тәрбие, құралымдар технология, эстетикалық, тұлға, ойлар, үдеріс, иішін, әдіс, әдістемелік, психологиялық, педагогикалық, тәлім-тәрбиелік әлуат, жаңа бағыт, зерттеу, педагогикалық үдеріс.

Қазақ қоғамы үшін Абай мұрасының аса қажеттілігі әлдеқашан танылған, мойындалған. Абайдың өлмес, ескіrmес еңбегі, көркем ойға қосқан өлшеусіз үлесі, биік талғамы, шынайы өмір әлемі, педагогикалық ой-пікірлері, өнеге, тағлымы - әр жанның тал бесіктен жер бесікке дейінгі жан азығы. Осындай ұлттың, кең көлемде айтқанда адамзаттың рухани азығын қажетінше ұрпақ санасына сіңіру, өз дәрежесінде таныту бүгінгі қоғам алдындағы ең маңызды істердің бірі. Білім мен тәрбиенің негізгі дәнегі мектеп қабырғасында егіліп, болашақ қоғамның саналы азаматы сол мектептен өсіп шығады деп білсек, Абай шығармаларын мектеп қабырғасында өз дәрежесінде оқып, тану болашақта да ұлы ақынның философиялық, психологиялық, қоғамдық-әлеуметтік ой-пікірлерін түсініп, түйсінуге, жанына етене жақын қабылдауға, өмірдің әр кезеңіндегі шешуші сәттерде әділетті сүйюге, азамат ретінде ой-санасының толысуына жол басшы болары анық.

Абай шығармалары мектептерде арнайы қазақ әдебиетінің пән ретінде оқытыла бастаған 1930-32 жылдардан бері оқу бағдарламалары мен алғашқы оқу құралдарына енгізіліп оқытыла бастағанымен, отызыншы жылдардан бергі әр жылдардың арқалаған тарихи, саяси-әлеуметтік жүгі ұлы тұлғаны танытуға өз ықпалын тигізбей қалған жоқ. Абай шығармашылығын әлі күнге дейін өз дәрежесінде танылып, болашақ қоғам азаматының негізгі ұстанымдарының біріне айналмауының себебі Абай мұрасына деген саяси көзқарастың тұрақтамауы, заман ықпалы ғана десек қателесер едік. Ақын шығармашылығының мектеп бағдарламасына енгізіліп, оқытыла бастағанына ширек ғасыр уақыт болғанымен әдебиетті оқыту әдістемесінің кеңжелеп дамуы, Абай шығармашылығын оқытудың тиімді әдістемелік жүйесінің, оқу кешейінің қалыптаспауы да өз ықпалын тигізуде.

Абай шығармаларын оқыту мәселелері әдістемелік ой-пікірлер назарынан тыс қалды деуге де болмайды. Абай шығармаларын оқыту мәселесін қозғаған мақалалар қыркыншы жылдардан жазыла бастады. Алғашқы қазақ әдебиетін оқыту жолдарын көтерген әдіскер-ғалымдардың бірі Ш.Кәрібаевтың «Әдебиеттік оқу» кітапшасында ІҮ-ҮІІ сыныптардағы әдеби оқу сабағының түрлері жайлы, оқу бағдарламаларына енген Абай өлеңдерін оқытудың жекелеген әдіс-тәсілдерін сөз етеді [1,31-49]. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі бойынша іргелі еңбектердің жазылған тұсы — алпысыншы жылдың орта шеіі. Әдіскер-ғалым А.Көшімбаевтің «Қазақ әдебиетін оқыту методикасы» [2], әдіскер-ғалым

Ә.Қоңыратбаевтың «Әдебиетті оқыту методикасының очерктері» [3] сияқты іргелі еңбектерде шығарма мәтінімен жүргізілетін, әдіс-амалдарын баяндауда Абай шығармалары қамтылған. Әдіскер-ғалым Т.Ақшолоқовтың «Шығарманың көркем компоненттерін оқыту» атты әдістемелік құралында әдебиетті танытудың теориялық мәселелерін қамтып талдау барысында Абай шығармаларын да мысалға алады [4, 38]. Абайдың жеке шығармаларын оқыту мәселелері әдебиет оқулықтарына жазылған әдістемелік нұсқауларда да сөз болады. Абай шығармаларын монографиялы оқитын 10-сынып оқулығына арнап жазылған академик С.С.Қирабаев пен доцент Қ.Мырзағалиевтің әдістемелік нұсқауында ақын шығармашылығы аталған еңбектерден әлдеқайда кеңірек талданған [5]. Әдістеме ғылымында Абай шығармашылығын оқытуды алғаш жүйелі әрі бірізді, кеңірек қамтуының өзі аталған еңбектің құндылығы мен бағасын асыра түседі.

Жоғарыда айтылған еңбектерде Абай шығармаларының оқыту барысында білім, білік, дағды қалыптастыру көзделген. Аталған еңбектердің әдістемелік бағыты үш жақты танылады: Біріншіден, бағдарлама көлемінде қамтылған ақын шығармаларының мазмұнын таныту мақсатындағы әдістемелік тапсырмалар берілген; екіншіден, Абай шығармаларын талдау бағытындағы әдістемелік нұсқаулар ұсынылған; үшіншіден, ақын шығармалары аясында әдеби-теориялық білім қалаптастыру мақсат етілген, яғни шығарманы оқи отырып, оның тақырыбын, композициялық құрылымын, өлең құрылысын, тілін, образдарын саралау, сол арқылы алған білімдерін идеялық тұрғыдан жинақтау көзделген.

Атап айтатын бір жай, осы уақытқа дейін Абай шығармаларына қатысты жазылған әдістемелік пікірлердің бәрінде дерлік бағдарламалар мен мектеп оқулықтарында берілген шығарма аясы ғана қамтылады. Бағдарлама мен мектеп оқулығында ұсынылған шығармаларға деген тәуелділік басым болып, ақынның бірнеше шығармасын қамтып жататын басты көзқарастары мен өзіндік ой-пікірлері еркін ашыла бермейді.

Әдебиет пәнін оқытудың әдістемесіне қатысты зерттеулер болмағанымен Абай мұрасын тәрбие бағытында қолдану бағытында Г.Шаймерденованың «Абайдың педагогикалық көзқарастары» [6], І.Халитованың «Абай Құнанбаев мұрасын оқу-тәрбие процесіне енгізу тарихи /1960-1995/ тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары Абай шығармашылығының мектептегі оқу-тәрбие үдерісінде қамтылуын саралаған еңбектер болып танылады [7,68]. І.Халитовның пікірінше Абай шығармалары балаға ерте бастан, балабақшадан сіңірілуі керек, бастауыш, орта буын сыныптарда, сондай-ақ жоғары сынып пен жоғары оқу орындарында тәрбие бағытында үнемі негізгі ұстанымда болуы керек делінген. Айтылып отырған пікірдің дұрыстығы талас тудырмайды, дегенмен балабақша мен бастауыш сыныптарды бала Абай өлеңдерін мағынасына жетпей-ақ жаттап та болса жадында тұту керек деген пікірінде біржақтылық басым.

Біздің осы уақытқа дейінгі әр сыныпқа арнап жазылған оқулықтарымыздың ең осал тұсы да осында. Балабақша сабақтарын айтпағанның өзінде, мектеп оқулықтарында оқушының сөздік қоры ескерілмейді, оқулыққа ұсынылатын мәтіннің (өлең мәтіні болсын, прозалық шығарма мәтіні болсын) идеялық, көркемдік бағасымен қатар, тілі, арқалаған сөздік қоры бірдей қаралмайды. Оқылып отырған мәтінде аяқ алып жүргісіз күрделі ұғымдар, оқушы үшін мағынасы әлі танылмаған сөздер, күрделі тіркестер, қат-қабат құрмаласып келген сөйлемдер болады, оның сыртында шығарма идеясын арқалап тұрған көркем ой, поэтикалық тіл бар. Оқулыққа сұрыпталатын шығармалар халқымыздың әдеби әдеміне танымалы белгілі тұлғаларымыздың туындылары болғанымен, оның бәрі бірдей балаларға арналып жазылған, балалар әдебиетінің өкілдері дейтіндей емес. Мәселен: 2002 жылғы 6-сыныптың бағдарламасына Абай шығармаларынан «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ» өлеңі берілген [8]. Бұдан бұрынғы жылдардағы бағдарламада да аталған өлең бірде алынып тасталып, бірде басқа сыныптарға ауыстырылып беріліп келді. Әдебиет пәнінің оқытылу тарихында бұл өлең бағдарламаға тұрақталған емес. Оның өзіндік себептері де бар. Аттың, тұлпардың көшпелі ел тірлігіндегі алатын орны ерекше болып, ата-бабамызда атбегі, сыншылар болғанымен, ол қасиеттің өзі көпке беріле бермеген. Тұлпардың өзіндік қасиетін тану аса дарын иесі бірлі-екілі адамда ғана кездесетін болған. Аттын осындай тұлпарлық белгілері мен ерекше қасиетін тап басып айтатын Абайдың бұл өлеңі мектеп оқушыларына оқытуда үлкен қиындық туғызады. Оның бір себебі қазіргі қала тіршілігі тұрмақ, ауыл өмірінің өзінде атбегілік, саяткерлік сирей бастағандығы. Оның үстіне бала түгіл үлкендердің өзін жаппай қызықтыратын кәсіп еместігі. Қандай да бір жаңа ұғым-түсінікті берер алдында оқушының азды-көпті өмір тәжірибесіне сүйену қажет. Ал өлеңнің бірінші шумағынан бастап оқушы үшін қат-қабат жаңа сөздер мен ұғымдар беріледі.

Оқушының өз жадында тұрған ұғым-түсініктер болмағаннан кейін, адамның көкейіндегісін тап басып,

нақты дйттеген жерге дөп тиіп жатпаған соң, өлең әсері солғандайды. Ал жаңа ұғым осы өлеңді оқыту барысында қалыптастырылады деуге де көңіл сенбейді. Себебі кез келген жаңа ұғым оқушыға бірер айтқаннан қалыптастырыла қалмайды. Ол қайталанатын отырып, көңіліне бекуі керек. Оқушы өмірінде, тұрмыс-тіршілігінде кездесе бермейтін тың сөздер желге ұшқан жапырақтай тез көшеді. Әрі аталған өлеңнің жартысы ғана емес, барлығы дерлік жаңа ұғымдар. Мағынасын түсіндіретін сөздер, сөз тіркестері қат-қабат келген: «қой мойынды», «қоян жақ», «бөкен қабақ», «ауыз омыртқа шығыңқы», ой желке, үнрейген сағак», «теке мұрын», «салпы ерін», «қабырғалы», «жоталы», «жерсоғарлы», «кең сауырлы», «тар мықын», «қалбағайлы», «қыл түбі», «көтендігі шығыңқы, аламайлы», «ұршығы төмен біткен, шақтақ етті», «дөңгелек келсе көтті», «арты талпақ, ұмасы үлпершекті», «шідерлігі жуандау, бота тірсек» т.б.

Аталған тіркестердің мағынасын түсіну мақсаттың жартысы ғана, оқушы осы сөздерді түсіне отырып сұлулық белгісін тануы, түйсінуі керек. Бұл әрекеттер мұғалімге үлкен міндеттер жүктейді. Ал осы өлеңді оқытуда авторлар ұсынып отырған әдістемелік сұрау-тапсырмалар төмендегідей: 1. *Өлеңді оқи отырып, ақын суреттеуінен (аттың тұр-тұлғасы, жүріс-тұрысы, шабыс-желісі) қандай әсер алдыңдар?* 2. *Абай өлеңінде аттың сыны қандай сөздермен айшықталған?* 3. *Абай суреттеуіндегі аттың сыны сөз өнері болғанда, суреттегі ат бейнесі өнердің қай түріне жатады? Өнердің басқа қандай түрін білесіңдер? 1. Жылқы малы туралы мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді тауып жаттап алыңдар. 2. Аттың сипаттамасын пайдаланып, өздеріңе ұнаған ат суретін таңдаңдар немесе өз көкейлеріңдегі аттың суретін салып көріңдер. 3. «Ат – ер қанаты» деген қанатты сөздің шығуы неліктен деп ойлайсыңдар.*

Берілген сұрау тапсырмалардың бірде-бірі өлеңнің ішкі мазмұнын ашуға мағынасын түсінуге қызмет жасап тұрған жоқ. Жаттап алу мен суретін салу сияқты дәстүрлі тапсырмалар берілген. Бұл келтірін отырғанымыз бір мысал ғана.

Бастауыш сыныптарда Абай шығармаларының жоспарлануында да осындай олқылық байқалады. 1989 жылдан бергі оқулықтарда бастауыш сыныптардың 1-сыныбында «Қыс» өлеңінің бір шумағы, 2-сыныпта «Күз», «Ғылым таппай мақтанба» өлеңдері, 3-сыныпта «Қыс» өлеңінің екінші, үшінші шумағы қосылып тағы ұсынылады. Онымен қоса Абайдың «Күз», «Қыс», «Жаз», «Күз», «Ғылым таппай мақтанба» өлеңдері орта буында 5-сыныпта тағы оқытылады. Аталған шығармалар 10-сыныпта тағы қайталанатын. Осындай ретсіз қайталаулар оқушы ойының дамуына кері ықпал жасайды. Өлең мәтініне берілген сұрау-тапсырмалар да мән-дес-мағыналас келген. 2-сыныптың оқушысы «талап», «қанағат», «балалықты қию» т.б. сөздердің мағынасына жете бермейді.

Оқу дағдысы енді-енді қалыптасып келе жатқан бірінші сынып оқушыларының көбі өзі оқитын мәтіннің, сөйлемнің мағынасын бір рет оқып меңгере алмайды. Көбіне дағдылы, шартты түрде, шапшаң оқу мақсатына көбірек жүгінеді. Әдетте мектеп практикасында бірінші сынып оқушыларының барлығы дерлік қалыпқа сәйкес оқи бермейді. Бұл жағдайға оқушылардың бірінші сыныпта алған білім, дағды, машығы мен дара ерекшеліктері, қабілет деңгейі әсер етеді, сондай-ақ жас ерекшеліктерінің де ықпалы болады. Психологтардың айтуынша бір сыныпқа топтастырылған оқушының дені бір жылғы балалар болғанымен ара қатыныстағы бірер айдың өзінің үлкен әсері болады. Осы олқылықты оқушылардың көбі келесі сыныптарда толықтыра түседі. Бастауышты бітіріп, орта буынға өткен оқушылардың ішінде де барлығы бірдей мәтінді бір рет оқып мағынасын толық меңгере бермейді. Осындай жағдайда оқулық сапасы мен оқушыларға ұсынылатын материалдың түсініктілігі аса маңызды. Бүгінгі күні әдебиет оқулықтарының әліпбиі саналатын ана тілі оқулықтарының сапасы көп жетілдіруді қажет етеді. Жалғыз ана тілі ғана емес, әдебиет оқулықтарында да бұл олқылық аңғарылады.

Оның бірнеше себебі бар:

1. Бағдарламаның тұрақтамауы;
2. Оқулық авторларының жиі ауысуы;
3. Оқулықтың әдістемелік аппаратының жаңа әдістемелік тәжірибелермен толыспауы;
4. Альтернативті оқулықтардың болмауы;
5. Дайындалған оқулықтардың алдын ала тәжірибелік байқаудан өтіп (абробациядан), оқулыққа қосымша толықтырулардың жүргізілмеуі;
6. Бір сыныпқа ұсынылған оқулықтың өзінің қосымшаларының болмауы т.б.

Әр жылдары жазылған Абайдың өмірі мен шығармашылығын оқыту жолын ұсынған мұғалімдердің тәжірибелік сабақтары да біршама. Бір қарағанда Абай шығармалары туралы жазылған сабақ үлгілері, мұғалімдердің тәжірибелік сабақтары көп сияқтанады. Абай туралы айтылып, жазылып жатқан мақалалар да бірталай. Осыдан болу керек Абай шығармаларын оқыту әдістемесі де толыққанды қалыптасқан деген

жаңсақ пікір бар. Мектеп қабырғасында қамтылған шығармалар теңіздегі мұздақтың көрініп тұрған бөлігі ғана десек, Абай шығармаларының тереңіне үніліп, оны еркін таныту үшін ақын шығармаларының ой желісін бұзбай кешенді оқыту әдістемесін қолға алу қажеттілігі туындайды.

Күні бүгінге дейін Абай шығармаларын мектепте оқытудың әдістемелік негізі қалыптаспай келеді. Біз тарапымыздан ұсынылған ғылыми-зерттеу жұмысы Абай шығармашылығын орта буын сыныптарда оқыту әдістемесін ғана қамтығын («Абай Құнанбаев шығармаларын қазақ мектептерінің 5-8-сыныптарында оқыту әдістемесі» диссертациялық жұмыс) [9].

Сондықтан ұлы тұлға Абайды оқыту әдістемесі бірнеше арнада жүргізілу керек деп білеміз. Мектеп оқушыларын төменгі, орта, жоғары сыныптар деп жүйелегенде оқушылардың жас ерекшеліктері, физиологиялық ерекшеліктері мен педагогикалық, психологиялық ерекшеліктері ескеріле отырып, жіктелген. Сол себепті де төменгі сынып оқушылары мен орта буын, сондай-ақ жоғары сынып оқушыларын оқыту әдістемесі де бір-біріне сәйкеспейтіндей түрліше болып келеді. Ендеше, әдістеме ғылымында Абайды оқыту әдістері де осы ерекшеліктермен жүйеленуі керек. Жоғары сыныптарда Абайды тереңдете оқыту әдістемесі де қатар жүргізілсе құба-құп болар еді.

Мектепте қалыптастырылатын көркем шығарма әлемі, көркем мәтін аясында болсын, Абай шығармаларының идеялық, тақырыптық, көркемдік белгілеріне қатысты болсын тұтастығы мен өсу сатысы дұрыс қалыптастырылса, белгілі бір дәрежеде Абай шығармашылығы мектеп қабырғасынан танылып, білімдік, тәрбиелік тынысы (потенциалы) кең ашылар еді.

Абай шығармашылығын өз дәрежесінде таныту үшін әдістеме ғылымында келешекте мынадай мақсаттар мен міндеттер көзделуі керек:

1. Ақын шығармашылығынан берілетін білімнің оқушылардың физиологиялық, психологиялық ерекшелігіне толық сәйкестігін қамтамасыз ету; баланың өмір тәжірибесі мен ұғым түсінігін, сөздік қорын есепке алу;

2. Адамзаттық құндылық ретінде өмір өзгерісінен тыс әр кезеңде де күшін жоймайтын білім көзі ретінде оқытылуы;

3. Абай шығармашылығының көркемдік әлемін таныту;

4. Абай шығармаларындағы адамзат әлемі, оған қатыстылық, қоғам, әлеумет жайын кең қамтып, терең мағынада таныта оқыту;

5. Оқушыларды ақын ойы мен түсінігін сезінуге, бірге тебіренін, бірге шешім іздеуге, тебіренісін түсініп, түйсінуге, көркем әлемнен эмоциялық әсер алуға бағыттау;

6. Абай шығармашылығына қатысты оқу тәрбие бағытындағы іс-әрекеттерді тізбекті жүйемен дамыту;

7. Абай шығармашылығынан қамтылатын білімді балабақшадан бастап жоғары оқу орнына дейін дамытып, жеңілден күрделіге қарай өсіріп отыру;

8. Абай шығармаларын оқытудың тұтастығын сақтау, кең көлемде әдістемелік кешен құру;

9. Әр деңгейдегі оқу материалы мен мазмұнындағы бірізді тізбектің қалыптасуы; оқу бағдарламалары мен оқу құралдарында ақын шығармаларының дұрыс жүйеленуі;

10. Жалпы білім беретін мектептерде ортақ бағдарламалардың өзін деңгейге жіктеу, сол арқылы оқу құралдарының альтернативті түрлерін шығару;

11. Әдебиет оқулықтарына әдістемелік нұсқауларды түрлендіру (әр авторлардың ұсыныстарын қабылдау, оның ішінде мектеп тәжірибесіндегі ұстаздардың ұсыныстары мен иікірлерін қамтамасыз ету, немесе тапсырмалық курстар ұсыну);

12. Сабақ беруші ұстаз талдау жасай алатындай дәстүрлі, дәстүрден тыс сабақ үлгілерінде Абай шығармаларын оқыту үлгілерін ұсыну;

13. Саралай және даралай оқыту технологиясына негізделген тереңдетілген курстардың бағдарламаларын жасау;

14. Жалпы білім беретін мектептерде Абайтану курстарын ашу;

15. Әдебиет пәні аясында Абайды жете тану үшін оқушыны өз бетімен білім алуға бағыттау.

1. Кәрібаев Ш. Абай Құнанбаев // Әдебиеттік оқу кітабы: 5-класқа арналған. Алматы, 1957.

2. Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. Пед институттар мен университеттерге арналған. – Алматы: Мектеп. 1969. – 244 б.

3. Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасы. – А., Мектеп, 1985.

4. Ақшалақов Т. Шығарманың көркем компоненттерін оқыту. – Алматы, 1968.
5. Қирабаев С., Мырзағалиев Қ. Қазақ әдебиеті оқулығына методикалық нұсқау. – Алматы: Мектеп, 1987.
6. Шаймерденова К. Педагогические взгляды Абая Құнанбаева. Диссертация на уч. степ. канд. пед. наук. 1987. –160 с.
7. Халитова Г. Абай Құнанбаев мұрасын оқу-тәрбие процесіне енгізу тарихы /1960-1995/ пед. ғыл. докт. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. - Алматы: 1967. -251 б.
8. Қазақ әдебиеті пәні бойынша қазақ мектептеріне арналған бағдарлама. V – IX, X – XI сыныптар, - А., 2002.
9. Жұмақәева Б.Д. Абай Құнанбаев шығармаларын қазақ мектептерінің орта буын 5-8 сыныптарында оқытудың ғылыми-әдістемелік негізі .пед. ғыл. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. - Алматы 2002.

Аннотация: В данной статье рассматриваются актуальные проблемы изучения произведения А.Кунанбаева в казахских школах. Мысли и слова, необходимые для того чтобы, оценить духовное наследие народа, мы находим в творчестве Абая. В условиях гуманизации современного образования наследие Абая рассматривается как личностно ориентированная программа формирования духовных ценностей в процессе обучения и воспитания подрастающего поколения.

В связи с этим складывается необходимость теоретико-методологического переосмысления методики изучения произведений Абая в средних классах школ с казахским языком обучения.

Актуальность темы статьи обусловлена тем, что ранее и на современном этапе развития методики преподавания литературы изучение произведений Абая не основывалось на новых эффективных технологиях обучения, осуществлялось без учета возраста и психологических особенностей учеников. В период формирования мировоззрения и миропонимания, нравственно-эстетических установок и жизненных взглядов представляется необходимой реализация воспитательных идей Абая в процессе изучения литературы. Методика преподавания произведений Абая в средних классах будет оказывать эффективное влияние на формирование всесторонне развитой личности с новым типом национального мышления, если построить ее в соответствии с требованиями целостного учебно-воспитательного процесса, с использованием современных эффективных средств, форм, методов и технологий обучения. В статье описаны теоретические основы и история изучения произведений Абая в школах с казахским языком обучения. Определены методическое, психологическое, педагогическое содержание произведений Абая, их учебно-воспитательный потенциал. В статье указано новое направление исследования педагогического процесса, направленного на изучение произведений Абая.

Ключевые слова: методика, урок, композиция структура, язык, образ, альтернативный учебник, система, направления, способ-способ, фундаментальный труд, мысль-сознание, философский, психологический, методический комплекс, актуальные проблемы, духовное наследие, образования, методика, теоретико-методологического переосмысления, технология, эффективная обучения, формирования, нравственно-эстетический, личность, мышления, процесс, форма, метод, методическое, психологическое, педагогическое, учебно-воспитательный потенциал, новые направление, исследования, педагогический процесс.

Annotation: This article deals the effect methods of learning kasakh schools. The thoughts and words found in Abai's teaching have played a strong role in estimating the national spiritual heritage of the Kazakh people. It has worked to keep the interest of future generations towards it, to foster it in the sense of patriotism, and love for Motherland.

The level and volume of teaching the works of Abai, in schools is not high enough. The level at which it is taught does not demonstrate the language wealth and deepness of thoughts of Abai's works.

Kazakh schools at that time leaned on the practice and methods of Russian schools, where there were no regard for the specific character of the national ethnic literature. This led to the superficial study of Kazakh thinkers works.

The heritage of Abai is a program for us and for the next generation. Consequently it is necessary to create a special methodical basis for teaching the works of Abai's in schools according to the various learning level of pupil.

If we take into account that the works devoted to Abai before did not succeed on a scientific basis which was put into the idea of creation of a given basis, and name our article.

In teaching the works of Abai the main task is to influence on views, senses by the way of emphatic dialogue, on development association fantasy of pupil. Also to affect the spiritual, moral organization of youth, to influence the width of his opinion, the emotional, esthetic perception of world upbringing of person;

Teaching the works of Abai for school will render the effective influence on education and upbringing of pupils, if:

- Teaching work conforms to the age, knowledge and life experience of pupils;
- Applying method classifies in accord with the indicated peculiarities and content of the selected mate;

Teaching of Abai works in accord with scientific, methodical principles gives the opportunity to revive national culture, forming and upbringing of a new personality and generation.

This paper presents a new direction of research pedagogical process aimed at studying the works of Abai.

Key words: methodology, lesson, composition structure, language, image, alternative tutorial system, direction, way, way, fundamental work, the thought-consciousness, philosophical, psychological, methodical complex, topical issues, spiritual heritage, education, methodology, theoretical and methodological rethinking technology, effective training, formation, moral, aesthetic, personality, thinking process, forms, methods, methodological, psychological, pedagogical, the educational potential of the new direction of research, pedagogical process.

ӘОЖ 80181 ББК 81.2

ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ЖОБАЛАУ ӘДІСІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Г.Қ. Жылқыбай -

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті ф.ғ.к., доцент,

М.М. Балаубеков -

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті аға оқытушы

Түйіндеме: Жобалау әдісі өзінің жүйелілігінің, мақсаттылығының нәтижесінде пәннің оқытылу сапасына тікелей ықпал ете алатындығымен, студент бойындағы түрлі құзыреттердің қалыптасу дәрежесі мен оның болашақтағы даму мүмкіндіктерін белгілеуге бағыт бере алатындығымен ерекшеленеді. Сондықтан да бұл әдісті кредиттік оқу жүйесінің жүзеге асуының табиғи жолы ретінде қолданудың маңызы зор. Жобалау әдісін қолданудың негіздері теориялық-ізденім әдістері, салғастырмалы әдіс, салыстырмалы әдіс, практикалық-инновациялық тәжірибені топтастыру әдістері арқылы танылып, бұл әдіс арқылы жүргізілетін жұмыстардың түрлері нақтыланды; ұсынылатын жұмыстарды жүргізудің амал-тәсілдері мен әдістері жіктелді; эмпирикалық зерттеу әдістері арқылы жобалау әдісінің тиімділігі дәйектеліп, оқу үдерісінде қолданылуы қажет деген жетекші идея мақалаға өзек болып отыр.

Түйін сөздер: жобалау әдісі, құзыреттілік, оқу үдерісі, кредиттік оқу жүйесі, шығармашылық қабілет

XXI ғасырда білім мен ғылым саласында болып жатқан өзгерістер болашақ мамандар даярлауда жоғары мектептің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Болонья процесі ауқымында оқу нәтижелері жоғары мектептің негізгі қызметі болып табылады. Осыған сәйкес оқу нәтижелерін құрастыру- әрбір оқытушының міндеті. Бұрынғы тар мағынадағы «біліктілік» термині енді «құзырлылық» ұғымымен алмастырылған. Яғни, студент кең ауқымды контекст аумағында оқып-үйреніп, өмірдің көлденең тартқан қандай да болмасын проблемаларын шешуге құзырлы болуы керек дегенді білдіреді. Мәселе «өмір бойы азық боларлықтай білім беру» идеясының енді «өмір бойы өздігінен үйрену» ұстанымына өзгеруінде болып отыр. Құзырлылық идеясы бойынша студент білімді өздігінен игеруі керек. Осыған орай, бүгінгі әлеуметтік білім беру кеңістігіне сай бейімдеп білім алу, жалпы ғаламдық танымды, ойлауды дамыту, өзінше ғылыми тұжырым жасауға, олардың қажетіне қарай ғылым жетістігін сұрыптауға, студенттің өзінің іс-әрекетінің субъектісі болуына мүмкіндік туғызу - көкейкесті мәселе.

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім беру және оның шығармашылық, рухани және тәни күш қуатын жетілдіру, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына жағдай жасау міндеті көзделгенін ескерсек, болашақ мамандарды жаңашылдыққа даярлауымыз керек [1,б.180].

Ал зерттеу мәселесінің ғылыми тұжырымдары мен практикалық ұсыныстары қазіргі таңда өріс алып отырған: а) жобалай оқыту технологиясының жаңа заман сұранымына сай білім берудегі мүмкіндігі мен оның ғылыми дәйектелуі арасындағы; ә) бұл технологияның кредиттік оқу жүйесінің талаптарымен толық үндестігі мен әлі де жаттанды оқытудан қол үзе алмаған білім берудің схоластикалық жүйесі арасындағы; б) жобалай оқытудың тиімділігі мен оның нақты практикадағы қолданысы арасындағы қайшылықтарды шешуді көздейді [2,б.441].

Қазақстан Республикасында білім беруді 2011-2020 жылдарда дамытудың мемлекеттік бағдарламасында бала кезден бастап ересек жасқа дейін адамның біліміне жасалған инвестициялар экономика мен қоғам өміріне елеулі өзгерістер енгізетіндігін әлемдік тәжірибе дәлелдеп берген делінген [3,б.45].

Бұл бағытта, әрине, жоғары мектептің алатын орны ерекше, өйткені құзыретті маман қалыптастыру мәселесі мемлекет саясатының негізгі нысанына арналғандығы Мемлекеттік бағдарламада мықтап көрсетілген. Мұндай мақсатта жоғары оқу орындары бірінші кезекте үйрену мен үйретудің басты әдістемесі мен технологиясы ретінде интербелсенді әдістемені таңдауы қажет.

Жобалай оқыту технологиясына қатысты ғылыми ізденістер уақыт өткен сайын жаңарып, жаңғырып, толығып, дамып келеді. Сөздіктерде «жоба, жобалау» ұғымына берілген анықтамаларға сүйенсек, жобалай оқыту белгілі бір нысанның мазмұнын өзгерту, оны жетілдіру, толықтыру бағытындағы ниет, түпкі ой, жоспарды іске асырудағы әрекет болып табылады. Зерттелген сайын оның жаңа өрістерінің де кеңейе түсуі бұл мәселенің өміршеңдігін танытады [4,б.84].

Жобалау әдісі арқылы студенттің өздігінен әрекет етуіне қолайлы жағдай жасалады: ол бағдарлама көлемінен тыс білім қорын жинауға төселеді, сол қорды өз қажетіне қарай пайдалануға дағдыланады, коммуникативтік, ақпараттық, проблеманы шешу, мәдени-танымдық құзыреттіліктерді меңгеруге мүмкіндік алады. Бұл әдістің ұтымдылығы да сонда.

Жобалай оқыту технологиясы арқылы орындалатын жұмыстарды өз деңгейінде дұрыс ұйымдастыру үшін олардың типтерін білу – басты талап. Жоба түрлері: 1) әрекет түріне қарай: зерттеушілік, шығармашылық, рөлдік, қолданбалы, моножоба, пәнаралық; 2) пәндік-мазмұндық сипатына қарай: моножоба және пәнаралық; 3) қарым-қатынас тәсіліне қарай: тікелей қарым-қатынас; коммуникациялық технология; 4) үйлестіру сипатына қарай: тікелей, жанама; 5) байланыс сипатына қарай: аймақтық, оқу орнында орындалатын және халықаралық; 6) қатысушылардың санына қарай: жеке, жұптық, топтық; 7) орындалу уақытына қарай: қысқа мерзімдік, орта мерзімдік, ұзақ мерзімдік деп іштей топтастырылады. Бұл жобалар мазмұндық сипаты жағынан топтастырылады. Бұл жобалар мазмұндық сипаты жағынан іштей екі үлкен топқа: ғылыми-ізденіс және қолданбалы-практикалық болып біріктіріледі [2,б.441].

Ғылыми-ізденіс жобаларының түрлеріне зерттеу, шығармашылық, пәнаралық т.б. жобалар жатады. Оларды аралас жоба типтері деп атауға да болады. Өйткені жобаның бұл түрлерінде жалпы жобаға тән элементтер қатар қамтылады. Жалпы жобаға тән элементтер қатар қамтылады. Жобаның қандай түрінде болсын зерттеушілік әдіс басты орынды иемденеді. Жоба жұмысын жүзеге асыруда топтық, жұптық жұмыстар ұйымдастырылады. Ол үшін білімді өзектендіру амалы қолданылады. Өзектендіру тақырыптың студент өмірлеріне байланысты мүмкіндіктерді танумен байланысты жүргізіледі. Осы тұста студенттің тапсырманы орындауға және білімді саналы игеруіне жол ашатын мотивациялық тәсілдерді қолдану тиімді болып табылады. Оны тапсырмаларды түрлендіру арқылы, топ пен жұпты кездейсоқтық әдісімен құру арқылы, жарыстар ұйымдастыру арқылы жүргізу пайдалы.

Жобалай оқыту технологиясы бойынша бойынша істелетін жұмыстарға қойылатын талаптар:

1. Оқытушы кез-келген проблемалық жобаларды қорғау немесе олардың ғылыми шешімдерін, өзіндік дәлелдемелерін жалпыға түсіндіру үшін жобаның сценарийін мынадай құрамда ұсынуы қажет: тақырыптың аты; қойылатын проблема; тақырыпқа сай нақты ұстаным; жеке өзіндік көзқарас (пікір); қорытындылар мен түйіндемелер.
2. Полемикалық сипатта шешен сөйлетуге бейімдейтін сұрақтар қамтылуы қажет.
3. Аудиторияны тартудың тілдік тәсілдерін қамту керек. Риторикалық сұрақтарды пайдалануға болады.
4. Жоба жұмысында орындаушының тілдік дағдыларын дұрыс қалыптастыруға көңіл аударылуы тиіс. Ол үшін арнайы клишелерді орынды пайдалану талап етіледі.

Қолданбалы-практикалық жобалар рөлдік, қолданбалы, моножоба деп бөлінеді. Бұл жобалар студенттердің белсенділігін дамытуға бағытталған және алдын-ала әбден талқыланып барып жүзеге асатын жоба түрі болып есептеледі. Мұнда студенттердің әлеуметтік өмірімен тығыз сабақтас элементтердің болуы міндетті болып саналады. Жобаның бұл түрлерін орындатуда оның құрылымы мен орындау логикасы әбден талқыланып, реттеледі. Одан кейінгі кезеңдерде оқытушы тарапынан жаңа ұсыныстар мен нұсқаулар берілгені болмаса, басынан белгіленген бағыт өзгермейді. Алынған нәтижені рәсімдеу және қорғау барысында осы жобаның практикаға, яғни нақты өмірге қандай пайдасы бар екендігі басты орында тұрады.

Рөлдік және ойын жобаларын топтық жұмыс түрінде орындаған тиімді. Жұмысты жұп немесе топ құрамында орындау үйренушілердің барлығын дерлік белсендіреді. Мұнда әр студент жобаны орындауда өзінің қабілеті жететін тапсырманы өз еркімен таңдап алады. Студенттер өз мінезіне, қабылдау ерекшеліктеріне сәйкес келетін тапсырмаларды қызығушылықпен орындайды. Мұндай жобаларда әлеуметтік немесе іскери қарым-қатынастағы шиеленіскен жағдайлармен байланысты әдеби кейіпкерлерді сомдауға да болады. Бұл жобалардың нәтижелері алдын ала белгіленеді, кейде нәтижелер соңынан анықталуы мүмкін. Жобаның бұл түрі шығармашылыққа негізделеді.

Ақпараттық жобалар бір нәрсе, бір құбылыс туралы ақпарат, мәлімет жинауға арналады. Ақпараттық жобаның құрылымын мынадай етін жүйемен беру ұсынылады: ақпараттық жобаның мақсатын белгілеу → ақпараттық жобаның өзектілігін айқындау → ақпарат көздерін анықтау → «ойға шабуыл» тренингін өткізу → алынған ақпаратты өңдеу: талдау, топтастыру, белгілі фактілермен салыстыру, дәлелденген баяндама жасау, видеофильм түсіру, фотоальбом жасау → жобаның тұсаукесері. Бұл жоба түрі кейде ірі зерттеу жобаларының бір құрамдас модулі ретінде орындатылады.

Жобалай оқыту технологиясы – кредиттік оқу жүйесінің талабына сай,

қазіргі замантұрғысынан қойылып отырған міндеттерге жауап бере алатын, бүгінгі күн үдесін толық ақтай алатын оқыту жүйесі. Жобалай оқыту технологиясының негізгі тірегі – өз бетімен белсенді істер атқаратын студенттің өзіндік ізденісіне, олардың өзін-өзі танытуына, танымдық-практикалық қабілеттерін жүзеге асыруына қажетті мүмкіндіктер. Бұлар бүгінгі қоғам талап етіп отырған бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруда шешуші мәнге ие бола алады. Жобалай оқыту технологиясының философиялық, гуманистік, психологиялық ерекшеліктері, шын мәнінде, студенттің жеке тұлғасын дамытуға бағытталған. Берілетін түрлі жобаларды өз бетімен орындауы барысында студент «білім іздеудің өзіндік сүрлеуін» қалыптастырады және ол сүрлеу студенттің өмір бойғы білім алуының бастауына айналады.

Жобалай оқыту технологиясының әдіснамалық және ғылыми-теориялық негіздерін анықтау- жоғары оқу орындарындағы білім сапасын арттырудың кепілі. Өйткені өзіндік заңдылықтар мен қағидаларға сүйене жүргізілген жағдайда ғана оқыту технологиялары нақты нәтижеге қол жеткізуге жол ашады.

Студенттер берілген жоба жұмыстарын орындау нәтижесінде өзінің шығармашылық, оқу-танымдық әрекетінің субъектісіне айналады. Сондықтан Жобалай оқыту технологиясы атропологиялық парадигмаға сай «субъект – субъектілік» қатынастың жүзеге асырылуын қамтамасыз ете отырып, тұлғадамытушылық роль атқарады.

Жобалай оқыту технологиясы негізінде оқыту үдерісі - біртұтас педагогикалық үдеріс ретінде қолданылғанда ғана студенттердің ғылыми, оқу-таным, тәрбиелік дамуы мен білім алуы барысы біртұтастыққа негізделген жүйеге айналады. Жобалай оқыту технологиялық жүйесі негізінде оқыту үдерісінде студенттердің пәнге деген қызығушылығы артып, жауапкершілік, белсенділік, алға қойылған мақсатқа ұмтылушылық, шығармашылық, өздігінен шешім таба білу шеберліктері, ойлау икемділігі мен қиялы ерекше даму сатысына көтеріледі.

Жобалай оқыту технологиясы негізінде білімді сапалы меңгерудің түпкі нәтижесі ретінде ақпараттық, проблеманы шешу, коммуникативтік, мәдени-танымдық құзыреттіліктермен қоса әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктерді де қалыптастыруға жол ашылады.

Жалпы, кредиттік оқу жүйесінің негізгі бағдары студенттің өздігінен білім игеру әрекетін ұйымдастыру мен ізденімдік қабілеті мен дағдыларын дамыту, жетілдіру, қалыптастыру болып табылады. Жобалай оқыту технологиясы да студенттің өзіндік ізденісіне құрылатындықтан, олардың бірін-бірі толықтыра түсетіні байқалды. Студент пен оқытушының кешенді әрекеттері жобаның түпкі мақсатына сай анықталды: жобалау жұмысының кешенділігі жеті кезең аясында (дайындық, жоспарлау, зерттеу, талдау, қорытындылау, есеп беру, нәтижені бағалау) атқарылған жұмыстармен байланыстырылып көрсетілді. Бұл жұмыстар жобалай оқыту технологиясын қолданудың тиімділігі зор екенін дәлелдеді.

Зерттеу барысында жобалау әдісін қолданудың студенттердің тұтас ойлау қабілетін шындай түсетін тиімділігі дәлелденді.

1 Білім туралы заң. // Қазақстан Республикасындағы Білім туралы заңнама. Заң актілерінің жиынтығы. – Алматы: Юрист, 2003. –180 б.

2 Сатбекова А. Жобалау әдісі арқылы оқыту технологиясының сапалылығы // «Академик Серік Қирабаев және XX ғасырдағы әдебиеттану ғылымы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдар. – Алматы, 2007. –441-446 б.

3 2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010. –45 б.

4 Абдиева Ш. Жобалау әдісін қолдану арқылы студенттердің тіл үйренуге деген белсенділігі мен қызығушылығын арттыру // Жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, 2009. – 84-93 б.

Аннотация: Метод проектов имеет некоторые особенности; ее системность и цельность может повлиять на качество преподавания, проконтролировать и оценить знания студента, определить формирование знаний студентов и возможности совершенствования знаний. Этот метод является естественным способом реализации кредитной системы обучения, способствует формированию мышления учащихся, следует использовать его в самовоспитании и развитии творческих способностей студентов. Эффективность метода проектов с помощью метода эмпирического исследования изложены в данном исследовании.

Ключевые слова: метод проектов, компетентность, процесс обучения, кредитная система обучения, творческие способности

Abstract: The project method has some peculiarities; with its systematicity and focus it can influence the quality of teaching, show the student's knowledge and qualification clear and exactly, easy to evaluate, direct to determine the students' competence formation and future development opportunities. So this method is the natural way of realizing the credit teaching system, it is very important in forming the students' thinking and teaching the speaking culture, establishing the abilities of a person. This problem is scientifically analyzed; there is a main idea to use it in self-educating and developing creative abilities of students. The types of work through this method are completed; the ways and methods of the proposed work are chosen; the effectiveness of project method through the empiric research method is proved and stated as the main idea of the research.

Keywords: Project method, teaching process, credit system of education, creative abilities

ӘӨЖ 378.016:811.111

ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОГНИТИВТІК ЖӘНЕ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ЖАТТЫҒУЛАР ЖҮЙЕСІ

Р.М. Нурекенова - Абай атындағы ҚазҰПУ

Магистратура және PhD докторантура институты 2 курс магистранты

Андатпа. Шет тілін үйретудің заманауи әдістемесінде “жаттығулар жүйесі” ұғымы жіктелген және өзара ұйымдастырылған, байланысқан объектілер бірлігі ретінде анықталған [1]. И.И. Гез бұл ұғымды анықтай келе, жаттығулар жүйесі тілдік және әрекеттік күрделілігінің артуына байланысты орын алатын, сөйлеу дағдыларының қалыптасу барысын ескеретін әрекеттер бірлігі деп сипаттайды. Жаттығулар мәселесі көптен бері ғылымдар арасында талқыланып келеді. Осыған байланысты, екі негізгі көзқарас таралып, жаттығулардың екі түрі ажыратылады: жаттықтырушы (тілдік, дайындайтын) және сөйлеуді дамытуға бағытталған жаттығулар. Бірінші түрі тілдік материалды меңгеріп, оны сөйлеу барысында қолдануға дайындалу үшін қызмет атқарады. Екінші түрі меңгерілген материал мен қалыптасқан дағдылар негізінде шет тілінде өз ойын білдіре білуге бағытталған [2]. Б.А. Лапидустың көзқарасын жоққа шығаруға болмайды, өйткені сөйлеу әрекетінен тыс материалды меңгеру мен дағдыларды қалыптастыру мүмкін емес. Осыған орай, проблемалық оқыту технологиясының мақсатына байланысты

жаттығулардың екі түрі бар: сырттай басқарылатын когнитивті-коммуникативтік әрекетпен қамтамасыз ететін жаттығулар және сырттай басқарылмайтын шығармашылық-ақыл әрекеттерін дамытуға арналған жаттығулар.

Ұсынылған жүйе оқушылардың танымдық әрекеттің рецептивті-репродуктивті кезеңінен продуктивті кезеңіне, кейін шығармашылық-ақыл кезеңіне өтуге мүмкіндік тұғызады. Мотивациялық-мақсаттық кезең жаттығулары лингво-когнитивтік әрекетке қызығушылықты дамытуға бағытталатын жаттығулар; тілді жағдаяттық мәселелер негізінде меңгеру. Жоғары сынып оқушыларының қызығушылықтары қоғамның барлық аспектілеріне қатысты мәселелерін шешу барысында, талқылауда артады.

Осы тұрғыда жаттығулардың екінші түі болып табылатын лингвомәдени-аналитикалық кезең мәтіндік ақпаратты аналитикалық-ақпараттық талдау мен мәселелік тұрғыдан талдау жатады. Бұл типтегі жаттығулар прагматикалық материалдың ақпаратын сыни тұрғыда талдап, түрлі ойлау операцияларын жүзеге асыру дәрежесінде орындалады. Оларға анализ, синтез, салыстыру, жалпылау сияқты танымдық ерекшеліктерді дамытуға бағытталған әрекеттер жатады.

Аннотация. С современной методике преподавания иностранного языка система упражнений определяется как систематизированный, взаимосвязанный и единый объект [1]. И.И. Гез дал определение приведенному понятию как феномен, занимающий место в зависимости от возрастания сложности языковой деятельности, что также является системой действия в процессе формирования навыка говорения. Многие годы, проблема систем упражнения является спорным вопросом и дискутируется среди ученых. В связи с этим, существуют два мнения по поводу видов упражнения: тренирующие и упражнения направленные на развитие речи. Первый вид служит для применения лексических единиц, приобретенных в процессе обучения. Второй вид проявляется в выражении мыслей на основе сформированных языковых навыков.

Abstract. The concept of exercises system is defined in Foreign language teaching methodology as integrated and correlated objects that are organized in gradating system [1]. I.I. Gez added to this definition that system of exercises takes place depending on the level of linguistic complicity of exercises. The issue of exercises has been discussed among methodologists and there are two main opinions concerning it. This brought to defining two types of exercises which are known as practicing (drill) and directed to the improvement of speaking skill. The former becomes evident in acquisition of learning materials and its use in speaking activity. The latter is directed to express eloquently one's opinion on the bases of activities done in the former one [2]. B.A. Lapidus' statement deserves special attention, because it is impossible to acquire learning material and form skills aside the process of speaking activity. Therefore, there are two types of exercises that come out of the aims of problem based learning: exercises that provide with cognitive-communicative activity and exercises that develop creative-cognitive activity.

The system suggested above creates opportunity to move from perceptive-reproductive level of activity to productive and then creative-cognitive level of activity. The second level of exercises, the motivating-directing level, function to increase interest to the lingual-cognitive activity. At this point the language is acquired on the bases of problem situations. It is obvious that high school learners' interests increase in discussing aspects that concern real life.

Тірексөздер: проблемалық оқыту технологиясы, жаттығулар жүйесі, тілдік дағдылар, шет тілін оқыту әдістемесі, дағдылар қалыптастыру, тілдік әрекет;

Ключевые слова: технология проблемного обучения, система упражнения, методика преподавания иностранного языка, языковые навыки, формирование навыков;

Key words: problem based learning, system of exercises, language skills, methodology of foreign language teaching, forming language skills.

Жаттығулар мәселесі көптен бері ғылымдар арасында талқыланып келеді. Осыған орай, жаттығулардың екі түрі: жаттықтырушы (тілдік, дайындайтын) және сөйлеуді дамытуға бағытталған жаттығулар болып ажыратылады. Алғашында тілдік материалды меңгеріп, оны сөйлеу барысында қолдануға дайындалу үшін қызмет атқарса, екінші түрі меңгерілген материалмен қалыптасқандағдылар негізінде шет тілінде өз ойын білдіре білуге бағытталған [2]. Б.А. Лапидустың көзқарасын жоқ қашығаруға болмайды, өйткені сөйлеу әрекетінен тыс материалды меңгерумен дағдыларды қалыптастыру мүмкін емес. Жоғары сынып оқушыларының қызығушылықтары қоғамның барлық аспектілеріне қатысты мәселелерін шешу барысында, талқылауда артады. Мысалы, келесі жағдаяттық мәселе

тақырыпқа кіріспе және проблемалық жағдаятты шешудің бастапқы қадамы ретінде мысал бола алады.

You are parents of children of kindergarten age. In order to provide your family with all facilities and necessities both you and your spouse have to work. What are your requirements to the babysitter before you hire her? What other aspects would you consider besides her qualification?

Коммуникативтік міндеті: a) Suggest list of possible requirements and solution to the situation.

b) What problems may occur if the babysitter is not qualified enough? Generate ideas of outcomes (*leaves baby alone in the room where there are thrust or sharp objects/hitting the baby/minding her own business, etc.*).

Проблемалық жағдаят: a) You see this comment about your city on a website. The the comment and answer the questions.

Posted on:
03/05/14 at 09:34
by Danny 1992
Registered:
15/03/10
Posts:5

Forum: one day in *Almaty*

Subject: Where to go? Help!

I'm in the city for one day next week and I don't know what to visit. I arrive at 7.00 in the morning and leave on the 8pm bus. I haven't got much money – only £40. Please give me some ideas! Thanks!

Replies: 0

[reply](#)

[previous](#)

[next](#)

b) Work in pairs. In your notebook, make a list of the main attractions in your city. Write down as many as you can. Then write the cost and the time you need to visit each one.

What?

How much?

How long?

c) Think about organizing your options from exercise b. complete this Top 5 Things to Do! list for Danny with your partner. Decide why you think Danny should see or to these things.

Top 5 Things To Do!

1. _____
Reason: _____

2. _____
Reason: _____

3. _____
Reason: _____

4. _____
Reason: _____

5. _____

HOW TO SAY IT

Talking about things to do

-How long do you need to visit...?
-I think you need ... hours.
-How much does the ... cost?
-I think it costs ... tenge/dollars/pounds.
I think it's free.

d) Write a short response to Danny.

Forum: one day in *Almaty*
Re: Where to go? Help!

Hello, Danny 1992! There are lots of great things to do in my city.
Here are some ideas:

Go to the _____. It costs about _____, and it
takes about / you need about _____.

Try to see the _____. I think it costs about _____.

Visit the _____. It's near / next to / on the corner of
_____. It's free!


Enjoy your visit!

reply **previous** **next**

[3]

Білім берудің дәстүрлі тәрбиелік, дамыту және оқыту мақсаттары қазірде тереңдетіліп, күрделірек және түрлендірілген міндеттерге ұласады. Сол мақсат-міндеттер оқыту нәтижесінің неғұрлым тәжірибелілігін, өмірмен байланысты болуын, дамытылатын дағды мен қабілеттердің өмірлік біліктіліктерге айналуын қарастырады. Осы мәселеде Калифорния Университетінің психологы Спэнсэр Каған білім берудің өмірлік дағдылармен байланысын келесіндей түіндейді: “Бүгінде білім беру ұғымы шешім жасау мен проблемалық жағдаяттарды шешуге деген шығармашыл және сыни тұрғыдан қарау сияқты ойлау жолымен ұштасатын құбылыс. Білім беру қарым-қатынас пен ұжымдық жұмыс барысында жұмыс істеуді, оған талап етілетін құралдарды, жаңа технологияларға потенциалды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, білім беру көп қырлы әлемде белсенді әрі тікелей қатысты азамат ретінде өмір сүру мәселесімен тығыз байланысты құбылыс.”

Өмір біліктіліктері қазірде көптеген әдебиеттерде түрлі ғылыми ұжымдармен талқыға салынып келіп, оған түрлі анықтамалар берілуде. Қайткенмен, өзінің қолдану аясына байланысты, кез-келген өмірлік біліктілік оның оқу мен карьералық мүмкіндіктерде орынды жан-жақты қолданылуында танылса ғана біліктілік болып саналады. Доктор Спэнсэр Каған өмірлік біліктілікті төмендегідей топтарға жіктеді.



Педагогикалық тәжірибедегі бақылауға сәйкес, мұғалімдердің көбі сабақ барысын жоспарлауда белгілі бір мақсат-міндеттер тізбегін құрғанмен, аталған ойлау, оқып-үйрену, жұмыс атқару және қоғамдық дағдылар мен біліктіліктерді тілдік дағдылардан жоғары қоймайды. Сондықтан, диссертациялық жұмыстың осы тұсында проблемалық технологияның өмірлік біліктілікке деген үлесін қалай жүзеге асыруға болатын жаттығулар түрлері қарастырылады.

Ағылшын жазушысы, ағылшын тілі пәні мұғалімі Стив Тэйлор-Ноулздың (2010) мақаласына сүйенсек, проблемалық жағдаяттармен беттесе алу және оларды оңтайлы шеше алу қабілеттері сабақ барысының негізіне алынуы тиіс. Шет тілі пәнінің мақсаты оқушылардың шынайы өмір коммуникациясына дайын болуына, ұжымда қызмет атқарудағы қарым-қатынас этикетіне, оңтайлы компромиске жете білу қабілетін дамытуға бағытталғандықтан, пән мұғалімдері сабақ барысын, оқу жоспарын әрқашан осы негізде көрулері қажет. Мектеп оқушылардың ертеңін қамтамасыз ететін эксперименттік орта болуы үшін, оқу процесінде қолданылатын жаттығулар мен тапсырмалар оқушылардың болашақ қоғамы мен мамандықтарының талаптарына сай, орын алуы мүмкін проблемалық жағдаят тұрғысымен тығыз байланыста болуы керек [3].

Жоғарыда келтірілген біліктіліктер жіктемесіне жататын сынға оңқөзбен қарау біліктілігін қалыптастыру үшін келесідей жаттығу орындалуы мүмкін.

Проблемалықжағдаят: You have graduated from university with a specialty of a psychologist and have recently been hired as a teenager psychologist and supervisor in secondary school. Your duties include solving any sort of their conflicts, support and help in situations characteristic to the teenagers and organizing weekly social teenagers' activities.

Коммуникативтікміндет: a) In your group of 4/5 pupils imagine what kind of professional problems you may face with. How may authority criticize your way of dealing with pupils and the whole work done by you?

b) After you have listed professional problems and criticism of the authority, think of how an unexperienced person feels in such situation. Suggest ways of handling criticism and solving professional problems.

Проблемалықжағдаят: You are representatives of school parents committee. You are not pleased with the school cafeteria menu as it doesn't maintain standards of healthy diet. The menu mainly consists of fast food and soda.

Problem solving: a) Make the desired menu for your children, which includes main, second courses, salads, dessert and beverage. Think about cost of the meals and monthly payment for the nutrition.

b) Distribute the roles of the parents, head of the school and some pupils. Work out your dialogues and act out the situation.

2. Жаттыгулардың Тапсырмалар мәтін мазмұнына сұрақ ретінде келуі мүмкін. Таңдалынып алынатын мәтіндер жарнама, хабарлама, интервью, газет-журнал үзіндісі сияқты шынайы проблемалық жағдаятты сипаттағандықтан тентикалық болып келуі тиіс. Бұндай жаттыгулардың коммуникативтік міндеті мен тапсырмалары *Мәтінді қысқартыңыз/Фактілер санын анықтаңыз*, т.б. сияқты болады.

Сонымен қатар, оқушылардың назарын мәтіндегі мәселеге аудартып, қабылдауын тексеру үшін келесідей тапсырмалар қолданылады:

- Мәтін тақырыбын ойлап табу;
- Мәтін мазмұнын жалпылау;
- Мәтіндегі фактілерге өз бағасын беру;
- Келтірілген фактілерге автордың қатысымен өз көзқарасын білдіру;
- Мәтінде берілген жасырын идеяны ұғу;
- Мәтінді жалғастырып, аяқтау немесе соңын өз бетінше өзгерту.

Проблемалық жағдаят: You are going to deal with issue of harmful addictions. Think about ones that are widespread and cause social and health deviations.

Коммуникативтік міндеті:

a) Brainstorm and share your ideas in your group.

Оқушылар тақырып жөнінде ауқымдырақ ақпарат пен сөздік қормен қамтамасыз етілу үшін мәтінмен жұмыс істейді.

b) Study the pictures and read the text in five parts.

c) Relate causes and consequences to each type of addiction according to the text you have read.

<i>Addiction</i>	Smoking	Gambling	Drug abuse	Alcoholism
<i>Causes</i>	<i>Lack of confidence...</i>			
<i>Consequences</i>	<i>Lungs disease...</i>			

d) Give reasons why people behave the way they do. What are some possible solutions to reduce the spread of the problem?

<i>Addiction</i>	Smoking	Gambling	Drug abuse	Alcoholism
<i>Causes</i>				
<i>Consequences</i>				
<i>Solutions</i>				

Проблемалық оқыту технологиясының ақпараттық және сөздік қормен қамтамасыз ету, оқу, іздену және материалмен оқудағы арқылы жұмыс істеу мақсатын жүзеге асыру үшін оқушылар төменде көрсетілген мәтінмен жұмыс істейді.

Gambling addiction is rather psychological issue. It mostly concerns casino games and other activities that involve waste of money. People who suffer from this addiction are usually luck seekers and can't resist their desire to go for more and more. Gambling is all they can think about and all they want to do, no matter the consequences. They are also known as compulsive gamblers who keep gambling whether they're up or down, broke or flush, happy or depressed. Even when they know the odds are against them, even when they can't afford to lose, people with a gambling addiction can't "stay off the bet."

Alcoholism is known as disease in medicine that affects number of spectrum of an organism. Travelling through the blood alcohol damages organs, some of what are not easy to get reconstructed. The vast harm is given to liver which is responsible for breaking down alcohol so that it can be eliminated from the body. Another observation relieved that excessive consumption of such drinks leads to death of brain neurons, which cause disorder of cognitive processes. Besides health harm it vastly influences social and personal issues. The consequences of alcoholism for the family of the alcoholic are painful and difficult. Oftentimes, the alcoholic alienates family and friends due to her behavior and actions.

Тақырыбы бойынша терминдік ұғымдармен атаулар жиі қолданылғандықтан, арнайы мақсаттағы ағылшын тілін үйретуде пайдаланатын осындай мәтіндер оқушылардың жан-жақты білім өрісінің кеңеюіне ықпал етеді. Жағдаяттық мәселені шешуде оқушылар жаңадан меңгерген сөздермен ұғымдарды белсенді қолданулары үшін келесідей жаттығулар орындалады.

e) According to the passages, what changes occur in the organism as a result of smoking, alcohol and drug abuse? Discuss *before* and *after* conditions of mentioned organs, then draw comparative graph to represent your idea.

Organs	Its functions	Disorders
Brain	<i>Controls the processes of the organism...</i>	
Lungs	<i>Provides blood with oxygen...</i>	
Heart		
Liver		<i>Ferments less...</i>
Kidneys		

Бұл жаттығу арқылы оқушылар белгілі бір құбылыстың орын алуын, өзгеруін немесе басқа күйге ауысуын динамикалық түрде сипаттауға және осы сипаттау барысында қолданылатын байланыстырушы сөздерді (transitions/link words) пайдалануға дағдыланады.

Келтірілген жаттығу түрлері оқушыларды шынайы проблемалық жағдаяттармен беттесуге және оларды оңтайлы жолмен, шығармашыл түрде шеше алуға жаттықтырады.

1. Гез И. И., Ляховицкий М. В. *Методика обучения иностранным языкам в средней школе.* – М.: Высшая школа.- 1982.-169с.;

2. Щедровицкий Г. П. *Схема мыслительности. Системно-структурное строение, смысл и содержание, Избранные труды.* – М. Просвещение, 1995-166 б. Латидус Б. А. *К вопросу о типологии упражнений.* М. Просвещение, 1986-96 б.;

3. *Macmillan Life skills / Language is a life skill; p.1;*

4. http://www.ehow.com/list_6049020_consequences-alcoholism.html#ixzz2xNir4Jvw

Резюме

Данная статья рассматривает проблемы организации системы упражнений по развитию языковых навыков и умения с применением проблемной технологии обучения.

Summary

The current article is dedicated to the issue of organizing system of exercises that aim to forming language skills with the implementation of problem based learning.

ОӘЖ 821.512.122

М. МАҒАУИННИҢ «БІР АТАНЫҢ БАЛАЛАРЫ» ХИКАЯСЫН ОҚИТУ

А.О. Тоқсамбаева -

*Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің
қазақ әдебиеті кафедрасының доценті, ф.ғ.к.*

Н.Қ.Тлебалдина -

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің
филология кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к.*

Андатпа:Мақалада Мұхтар Мағауиннің «Бір атаның балалары» хикаятын мектепте оқытудың тиімді жолдары қарастырылып, оқытудың әдіс-тәсілдері: топтық жұмыс, сұрақ-жауап, шығармашылық жұмыс, әдеби пікірталас, проблемалық сұрақтардың түрлері қамтылған. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының элементтерін шығарманы меңгертуде, талдау жұмысында қолданылған. Оқушылармен жүргізілетін топтық жұмыстың әдісі көрсетілген. Жазушы өмірі мен шығармашылығын таныстыру барысында қосымша материалдар пайдаланған.

Шығармадағы соғыс зардабы мен қарапайым ауыл адамдарының тіршілігінің суреттелуі қарастырылған. Болжау кестесін сабақта тиімді пайдалана отырып, шығарма кейіпкерлері Ахмет пен Дәуренбек арасындағы түсініспеушілік, Ахметтің отбасына Зигфридтің бауыр басып кетуіне жасалған әртүрлі әрекеттер, ауыл адамдарының арасындағы қарым-қатынас сипатталып берілгендігі байқалады. Ахмет пен Зекен бойындағы өнегелі қасиеттер талданып, оқушыларды адамгершілік, қайырымдылық, мейірімділікке, бауырмалдылыққа, бірлік, достық, бауырластық рухында тәрбиелеуге бағытталған сабақ екендігі көрінеді. Бүгінгі ұрпақты елжандылық пен ұлтжандылыққа тәрбиелеуде бұл сабақтың алатын орны ерекше. Оқушылардың тілін, шығармашылық қабілеттерін дамыту жұмыстары да назардан тыс қалмаған. Сабақта тірек сөздерді пайдаланып, шағын әңгіме құрастырудың жолы берілген.

Шығарманың тіліне назар аударылған. Сабақты бекіту, қорытындылау кезеңінде ВЕНН диаграммасы арқылы шығарма кейіпкерлері Ахмет пен Дәуренбек образдары салыстырылған.

Кілт сөздер:хикаят, адамгершілік, қайырымдылық, мейірімділік, бірлік, достық, бауырластық, рух, намыс, елжандылық, соғыс, бейбітшілік, жетім, қайғы, қасиет, еңбек адамдары, дархандық, ақ көңіл, тапсырма, оқу, мазмұн, түсіну, жанашыр, елге сыйлы, абзал жан, қамқоршы.

Бүгінгі күннің өзекті мәселесі – білімді ұрпақ тәрбиелеу. Бұл – әрбір ұстаз үшін үлкен парыз. Ұстаз өз сабағының мәнді де мағыналы өтуі үшін бағдарламада берілген әрбір шығармаға, оның авторының шығармашылығына, өмір жолына жан-жақты терең дайындықпен, ізденіспен келуі керек.

Мұхтар Мағауиннің «Бір атаның балалары» атты хикаясын оқушыларға меңгерту үшін ұстаз терең теориялық білімімен жаңа технология әдіс-тәсілдерін сабақта пайдаланады.

Бүгінгі ұрпақты тәрбиелеуде айрықша еңбегі бар қаламгердің бірі – М.Мағауин. Оның қаламынан туған шығармалар өзінің танымдық-тәрбиелік мәнімен, шұрайлы тіл өрнегімен оқушы көңіліне ұялайды. «Бір атаның балалары» атты әңгімесінің негізгі арқауы-қарапайым еңбек адамдарының бейнелері. Олардың күйініш-сүйініші, адамшылық келбеті. Шығармада соғыс зардабы, ауыл адамдарының көнбіс тіршілігінің берілуі сол кездегі ауыл тіршілігінің шынайы көрінісін бейнелейді.

Мектеп бағдарламасында М.Мағауиннің «Бір атаның балалары» атты шығармасы 6-сыныпта оқытылады, бағдарлама бойынша 2 сағат берілген.

1-сағатында жазушы өмірі мен шығармашылығы жөнінде біраз мәліметтер беріледі, сондай-ақ «Бір атаның балалары» атты әңгіменің мазмұнымен оқушылар таныстырылады. Екінші сағатында шығарманы

талдай отырып, мазмұнын меңгертумен шектелмей, оқушыны образдарда жан-жақты талдауға, олардың жан дүниесін түсіне білуге баулу, сөйтіп жетім қалған балаларды өз туған балаларындай бауырына басқан абзал жандар әрекеті арқылы қайырымдылық, адамгершілік, бауырластық қасиеттерді қалыптастыру.

Ұстаз шеберлігіне байланысты әртүрлі жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып сабақты қызықты да мазмұнды жоғары деңгейде өткізуге болады. 6-сыныпта оқылатын М.Мағауиннің «Бір атаның балалары» атты хикаясы сабағының үлгісі:

Сабақтың тақырыбы:

М.Мағауиннің «Бір атаның балалары» хикаясын оқыту.

I. Сабақтың мақсаты:

1. *Білімділік:* Оқушыларға мәтінді оқыта отырып меңгерту, кейіпкерлер туралы өзіндік пікірлерін қалыптастыру, шығарма кейіпкерлерінің ішкі жан-дүниесін түсіну, өзіндік ойлау, эстетикалық көзқарасы қалыптасқан оқырман дайындау.

2. *Дамытушылық:* Түрлі тәсілдер арқылы балаларының байқағыштық, тапқырлық, өз ойларын жазбаша, ауызша жүйелі айту, өз бетінше ізденіспен топтық жұмыс істеу қабілеттерін дамыту.

3. *Шығармашылыққа баулу.* Әдеби шығарма идеясын тануға үйрену, сөздік қорын молайту.

4. *Тәрбиелік.* Шығарма идеясы негізінде оқушыларды адамгершілік, қайырымдылық, мейірімділікке, бауырмалдылыққа, бірлік, достық, бауырластық рухында тәрбиелеу. Елжандылық пен ұлтжандылық сезімдерін арттыру.

Сабақтың түрі: Аралас сабақ.

Тәсілдері: топтық жұмыс, проблемалық ситуация тудыру, сын тұрғысынан ойлау элементтерін пайдалану, сұрақ-жауап, шығармашылық жұмыс, әдеби пікірталас.


Пәнаралық байланыс: тарих, әдебиет теориясы, қазақ тілі.

Сабақтың көрнекілігі: портрет, үлестірмелі плакат.

II. Сабақтың өту барысы.

1. *Ұйымдастыру кезеңі.* Оқушылардың назарын сабаққа аудару.

1. Қызығушылық ояту стратегиясы. Ой қозғау. Оқушылармен төрт топ бойынша жұмыс жүргіземіз. Плакат таратылып берілді. Соғыс, бейбітшілік сөздерін қалай түсінетіндеріңді тармақтап жазу.



Әрбір топтан бір оқушы (топбасшы) жазғандарын қорғауға шығады.

Оқушылардың бірін-бірі толықтыруы.

Мұғалім сұрағы: Біз нені қалаймыз?

Жауап: Бейбітшілікті.

II. Мағынаны ажырату

Балалар дәптерлеріне тақтада жазылып тұрған тірек сөздерді пайдаланып, шағын әңгіме құрастырады.

1. Соғыс
2. Жетім бала
3. Ахмет
4. Қайырымдылық

Жазған шағын әңгімелерін оқушылар «Автор орыңдығына» отырып оқиды.

III. Шығарма авторы М.Мағауиннің өмірімен оқушыларды таныстырамыз.

М.Мағауин 1940 жылы, 2 ақпанда бұрынғы Семей облысы, Шұбартау ауданында туған. Ғалым, «Жұлдыз» журналының Бас редакторы, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты. «Аласапыран» атты тарихи диалогия авторы, Қазақстанның халық жазушысы, «Түркі дүниесіне қызмет» халықаралық сыйлығының лауреаты.

IV. Болжау кестесі таратылады. Мәтінді оқыған соң, 3 кестені толтырады.

Не болды деп ойлайсың?	Дәлелін	Шын мәнінде не болды?
<p>Әңгіме не туралы болады деп жазу, толтыру.</p> <p>1.соғыс</p>	<p>Өрт болды.</p> <p>Фашистер өлтіреді, азаптайды, қиратады.</p>	<p>1. Ауылға жетім балалардың әкелінуі.</p> <p>2. Ахмет ақсақалдың неміс баласын таңдап алуы.</p> <p>3. Ертай мен Нартайдың бөлінуі.</p> <p>4. Ахметтің той жасауы.</p> <p>5. Ауыл адамдарының Ахметтің қуанышын бөлісуі.</p> <p>6. Ахметтің бойынан қазақ халқына тән қасиеттердің көрінуі.</p> <p>7. Зекеннің ауыл балаларымен, жақындасуы.</p> <p>8. Зекенге Ахметтің сенуі.</p> <p>9. Сиырлардың егінге түсуі.</p> <p>10. Есепші Дәуренбектің жала жабуы.</p> <p>11. Қызыл жағалылардың Ахметті ұстап әкетуі.</p> <p>12. Ахметтің ақталуы.</p> <p>13. Зигфридті ақтау Ахметтің көрші ауылға көшін келуі.</p>

Мәтінді бөліктерге бөліп, тарату, тапсырма беру, оқу, іштерінен оқу, мазмұнын түсіну. Бөлімдерді ретімен топ оқушыларына мазмұнын айтқызу, таңдату.

Мәтінді талдау барысында оқушыларға берілетін тапсырма.

№	Тапсырмалар	Ахмет	Дәуренбек	Зигфрид
1	Мінез-құлқы			
2	Кейіпкерлер портреті			
3	Кейіпкерлердің өзіндік ұстанымдары			
4	Шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекеті			

Сөздікпен жұмыс.

Мәтінде кездескен қиын сөздердің анықтамасын тақтаға жаздыру.

Гимнастерка - әскери сырт көйлек.

Протез – адамның жоқ мүшесінің орнына ыңғайлап жасалған жасанды мүше.

Лобогрейка – егін шабатын машина.

Айыл – ер тоқымды жылжымайтындай ұстап тұратын жалпақ қайыс тартпа.

Оқулықпен жұмыс.

Слайдта жазылған сұрақтарға оқушылар кітаптан оқып жауап береді.

1. Шығармада соғыс зардабы, ауыл адамдарының көнбіс тіршілігі кімнің сөзімен қалай берілген?

2. Ахмет мен Дәуренбек арасындағы түсініспеушілік неден басталды?


3. Зигфрид үшін Ахмет қандай әрекеттерге барды, оның қандай тәрбиелік мәні бар?

4. Зигфрид қалай Зекен Ахметұлы атанды?

5. Асықты жілік ұстау тойы қалай өтті?

II. Шығарманы бекіту, қорытындылау кезеңі. ВЕНН диаграммасы арқылы Ахмет пен Дәуренбек образдарын салыстыру.

Ахмет Дәуренбек



Аннотациялық талдау жасау.

Әңгіменің негізгі оқиғасы	Кейіпкерлер іс-әрекеті	Жазушының көркемдік іс-әрекеті

Мұғалімнің қорытынды сөзі.

Бұл әңгімеден қазақ ауылындағы қарапайым еңбек адамдарының іс-әрекеті арқылы жетім балаларды бауырына басқан қазақ халқының өзіне тән дархандығын, ақ көңіл қасиетін көрдік.

Ұлтына, нәсіліне бөлмей, шекесінен шертпей, өз баласындай тәрбиелеу, бауырға басқан баланы елдің адал азаматы абзал жандар бейнесінде көре отырып, оқушыны адамгершілік қасиеттерге баулиды.

Сабақты бекіту.

1. Бұлғыртау ауданының тоғыз колхозына неше бала жіберілді?

а) 64

ә) 54

б) 24

2. Балаларды ауылға не үшін алып келді?

- а) жұмыс үшін;
- ә) соғыс болғандықтан;
- б) жетім қалғандықтан.

3. Бригадир Берден қай баланы алды?

- а) Нартайды,
- ә) Ертайды,
- б) Яковты.

3. Нартай мен Ертай жасынешеде?

- а) 8,6
- ә) 7,5
- б) 6,8

4. Сол ауылдан соғысқа қанша азамат қатысты?

- а) 43;
- ә) 52;
- б) 39.

5. Нартайды кім алды?

- а) Бригадир;
- ә) Берден;
- б) Жақып молда.

6. Ауыл бойынша ойнаған ойын атауы?

- а) «Көкпар»;
- ә) «Айгөлек»;
- б) «Сақина салу»

7. Зекен сиырларды егінге түсірін жібергенде, Ахметпен жанжалдасқан кім?

- а) Басқарма;
- ә) Дәуренбек;
- б) Бәйбішесі.

8. Ахмет қай ауылға көшті?

- а) «Қызыл ту»;
- ә) «Қайрат»;
- б) «Балдырған».

9. Ахмет пен Зекен арасындағы ұқсас қасиеттер?

- а) бұзықтық;
- ә) ширақ;
- б) адалдық.

10. Ахметтің балаларының есімдері?

- а) Жолымбет, Келімбет, Нарымбет
- ә) Жолымбет, Нарымбет
- б) Келімбет, Жолымбет

11. Татар баласының есімі, жасынешеде?

- а) Яков, 9-да
- ә) Рәшит, 7-де
- б) Нартай 8-де

Топты бағалау, жеке бағалау.

Үйге тапсырма:

1. Шығарманы оқу, мазмұндау.
2. Адамгершілік, мейірім, бауырмашылық туралы мақал-мәтел айту.
3. «Жазушы шығармасынан алған әсерім атты» ой толғау (эссе) жазу.

Аннотация. В данной статье рассматривается повесть М.Магауина «Дети одного предка» и методы эффективных путей обучения в школе, методы преподавания, групповая работа, вопросы – ответы,

творческая работа учеников, литературный дебат, а также включены виды проблемных вопросов. Владение техникой элементов критического мышления при работе над сочинениями. Рассматриваются методы групповых работ на уроках. При изучении биографии автора и его произведения использованы дополнительные материалы. В произведении описывается послевоенная жизнь аула. Использование на уроке таблицы прогнозирования помогло при анализировании героев произведения Ахмета и Дауренбека. Трудности привыкания Зигфрида к семье Ахмета а также взаимоотношения между сельчанами.

Анализируя образные качества героев повести Ахмета и Зекена прививали ученикам нравственность, милосердие, милосердность, почитающий родственников, единство и дружбу.

Привить любовь к Родине и патриотизм для нынешнего поколения особенна. Не осталось без внимания развитие языка и работа над развитием творчества у детей. На уроке использовались ключевые слова, а также составление небольшого рассказа. Языку сочинения уделялось особое внимание. Особое внимание уделяется стилю языка сочинения. При заключении сравниваются образы героев произведения Ахмета и Дауренбека при помощи диаграммы ВЕНН.

Ключевые слова: повесть, человечность, милосердие, милосердность, единство, дружба, родство, дух, гордость, любовь к Родине, война, мир, сирота, горе, качество, труд человека, щедрость, простой, задание, учеба, содержание, понимание, близкий, страна, уважаемый, благородный душа, покровитель

Resume. In this article the story «Children of the same ancestor» by M. Magauin and methods of effective ways of training at school is considered, teaching methods, group work, questions-answers, creative work of pupils, literary debate, and also are included types of problematic issues. Mastering equipment of elements of critical thinking during the work on compositions. Methods of group works at lessons are considered. When studying the biography of the author and his work additional materials are used. In work post-war life of the aul is described. Used at the lesson of the table of forecasting helped at analysis of heroes of work of Ahmet and Daurenbek. Difficulties of accustoming of Siegfried to Ahmet's family and also relationship between villagers. Analyzing model qualities of the characters of the story Ahmet and Zeken imparted to pupils moral, mercy, mercifulness, esteeming relatives, unity and friendship. To impart love for the country and patriotism is special for present generation.

Development of language and work on development of creativity in children didn't remain unaddressed. At the lesson used the keywords, and also drawing up the small story were used. The special attention is paid to style of language of the composition. The special attention is paid to style of language of the composition. At the conclusion images of heroes of work of Ahmet and Daurenbek by means of the chart VENN are compared.

Keywords: the story, humanity, mercy, mercifulness, unity, friendship, relationship, spirit, pride, love for the country, war, the world, the orphan, a grief quality, work of the peoples, generosity, the idle time, a task, study, the contents, understanding, close, the country, dear, noble smothering, the patron.

ОӘЖ 821.512.122

КӨПТІЛДІ ТҰЛҒАНЫ ТӘРБИЕЛЕУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Шаханова Р.Ә., Қилыбаева А.М. -

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

Түйіндеме: Бұл мақалада көптілді білім беру, заман талабына сай көптілді тұлғаны тәрбиелеу мәселелері қарастырылады. Көптілді меңгеру – мемлекеттің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғаралық және мәдениетаралық қарым-қатынастың аса маңызды құралы екені айтылады. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Жана әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында көрсеткендей: «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс» екені атап көрсетіледі. Бұл мақсатқа жету үшін көптілді меңгерген тұлғаны тәрбиелеу қажет. Ал көптілді тұлғаны қалыптастыру үшін ең алдымен тұлғаны тәрбиелеу қажет, бұл ретте тұлғаға лайықты сипаттар көрсетіліп, көптілді тұлғаға анықтама беріледі.

Көптілді меңгеру, ең алдымен тілді меңгеруден басталады. Осыған сәйкес мақалада тілді үйрену жолдары мен нәтижесі көрсетіледі.

Түйінді сөздер: көптілділік, көптілді тұлға, тұлғааралық және мәдениетаралық қарым-қатынас.

XXI ғасыр – өркениет дамуының постиндустриалдық кезеңі деп аталуының себебі, бұл қоғам – ақпараттық қоғам, адамның білімі, тәжірибесі мен құндылықтары басты фактор болып саналатын технологиялық мәдениет, өркениет дәуірі. Осыған сәйкес Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беру тұжырымдамасының негізгі мақсаты – білім беру жүйесінің барлық деңгейінде қоғамның талаптарына сәйкес білімді, біліктілігі жоғары, бәсекеге қабілетті, қазіргі жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алынған терең білімін, қажетті дағдыларын тиімді түрде жүзеге асыратын және еркін бағдарлайтын, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға дайын қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру [1].

Бүгінгі таңда көптілді оқыту – заман талабы, бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетті, мәдениетті тұлғаны қалыптастыру. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» - деп атап көрсеткен болатын [2]. Бұл мақсатқа жету үшін көптілді меңгерген тұлғаны тәрбиелеу қажет.

Қазақстандық білім беру жүйесінің әлемдік өркениетпен өзектестігі еліміздің жас жеткіншектерінің интеллектуалдық, іскерлік сапаларын, білімін, құзыреттілігін жетілдіруді көздейді. Ана тілі студенттің дүниетанымын, ой-өрісін кеңейтіп, ұлттық құндылықтармен сусындатса, өзге тілдер қарым-қатынас жасау және әлемдік деңгейде білім алу үшін қажет. Осы тұрғыдан алғанда көптілді тұлғаны қалыптастыру қазіргі білім беру жүйесінің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Бәсекеге қабілетті елдер қатарына енуге ұмтылып отырған еліміздің мемлекетаралық ынтымақтастығы, саяси-экономикалық және мәдени байланыстардың нығаюы да көптілділікке келін тіреледі [3].

Көптілділік – тек бірнеше тілде сөйлей алу ғана емес, сонымен қатар бірнеше өркениеттің құндылықтарын, мәдениетін бойына сіңіру. Қазіргі заманның талабы – шетел тілдерін жетік меңгеру, соның ішінде әсіресе ағылшын тілін. Ағылшын тілі – әлемдегі ең басты тіл екені ақиқат. Бүгінгі таңда ағылшын тілін білу – ғаламдық ақпараттар мен инновациялардың ағынына ілесуді білдіреді. Сонымен қатар шетел тәжірибесін үйренуге, байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда еліміз әлемдегі дамыған 50 мемлекеттің қатарына қосылуға ұмтылыс жасап жатқан шақта елімізге шетел тілдерін меңгерген жоғары білікті мамандар қажет. Сонымен қатар ғылым мен техниканы, әлемдік білімді, қабілет пен дағдыларды игеру үшін де шетел тілдерін еркін меңгеру қажет болып табылады.

Көптілді меңгеру – мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғааралық және мәдениетаралық қарым-қатынастардың аса маңызды құралы. Көптілді білу арқылы адам ғаламдық құндылықтарды таниды, қажетті білім алып, әлемдік кеңістікке енуге жол ашылады. Сонымен қатар көптілді меңгеру кезінде адам көп тілді білумен қатар, полимәдениетті болып қалыптасады. Ал мәдениет деңгейіміз – әрбір халықтың ғасырлар бойы сұрыптап жинақтаған рухани қазынасы, игілігі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, ділі, көзқарастар жүйесі, сол халықтың өзіндік ұлттық келбеті.

Көптілді білім берудің мақсаты – сапалы білім беру арқылы көптілді және полимәдениетті тұлғаны қалыптастыру.

Көптілді тұлға – өзге тілді, оның заңдылықтарын толық игерген және оны тілдесім әрекетінде қолдана алатын, өзге ұлттың мәдениетін, ұстанымдарын, заңдылықтарын жетік меңгерген, дүниетанымы мен сауаттылығы жоғары тұлға. Сонымен қатар өзге тілді меңгере отырып, өз ана тілін құрметтейтін, жаңа дәуірдің талабына жауап бере алатын, бәсекеге қабілетті маман.

Көптілді тұлғаны қалыптастыру үшін ең алдымен тұлғаны тәрбиелеу қажет. Бұл туралы белгілі психолог Қ.Жарықбаевтың тұлғаға берген анықтамасына назар аударсақ: «есейіп, ер жетіп, өз бетінше әрекет ете алатын адамды, қандай да болмасын бір іспен айналысатын, азды-көпті өмір тәжірибесі, білімі мен дағдысы, икемі, дүниетанымы, сенімі мен талғам-мұраты, бағыт-бағдары бар адамды тұлға деуге болады. Сонымен қатар, мінез, қабілеті қалыптасып үлгерген, өзінің іс-әрекетін тізгіндей білетін, өз бойындағы жаман-жақсы қылықтары үшін жауап бере алатын адамды да тұлға дейміз»[4]. Бұдан біз тұлға – қоғамда белгілі бір орын алатын және белгілі бір қоғамдық рөл атқаратын саналы адам, интегративті жүйе, оның маңызды белгілері ретінде саналылық, жауапкершілік, еркіндік, қадір-қасиет екенін аңғарамыз. Демек ең алдымен өзінің Отанын сүйетін, құрметтейтін адамды, яғни өз елінің жанашырын, қоғамның әр түрлі салаларын меңгерген, ақыл-ойы терең, білім деңгейі жоғары, жаңа идеялар мен тың

ақпараттарды тез игеріп, жүзеге асыра алатын маманды тәрбиелеу. Сонымен қатар өз елін әлемдегі алдыңғы қатарлы елдердің қатарына жеткізуге өз үлесін қосатын, жоғары деңгейдегі тұлғаны қалыптастыру. Тұлғаның бойында осы айтылған қасиеттерді қалыптастыру арқылы қазіргі заман талабына сәйкес көптілді меңгерген тұлғаны тәрбиелеуге болады.

Көптілді меңгеру – ең алдымен тілді меңгеруден басталады. Ал тіл дегеніміз – қарым-қатынас құралы. Бір ғалым айтқандай: «Бірнеше тілді меңгерген адам – бірнеше есіктің кілтін қолында ұстағанмен бірдей». Дана халқымыз «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деп бекер айтпаса керек. Тіпті өзіміздің тарихымызға көз салып қарайтын болсақ Абай, Ыбырай, Шәкәрім сияқты аталарымыз өз ана тілін терең меңгерумен қатар, сонау кездің өзінде бірнеше тілдерді білген. Сондықтан да қазіргі кездегі көптілді білу – бұл тек заман талабы ғана емес, сонымен қатар ата-бабамыздан қалған дәстүр. Ал тіл мәселесін оңтайлы шешу – ұлтаралық қатынастар үйлесімділігінің, халық бірлігі мен қоғамдық келісімді нығайтудың түпқазығы болып табылады.

Тілді жетік меңгеру – көптілді тұлғаны қалыптастырудағы негізгі шарттардың бірі. Енді осы жөнінде сөз қозғайтын болсақ, қоғам дамыған сайын тілді оқыту техникасы мен әдістері өзгеріп отырады. Дегенмен тілді үйренудегі негізгі қойылатын талап – жүйелілік. Себебі тілді үйрену – күнделікті жүйелі жұмысты талап етеді. Бұл мәселені тереңірек қарастыру үшін алдымен ғалымдардың шетел тілдерін үйрену мен оқыту туралы айтқан көзқарастарына тоқталайық. Е.И. Пассовтың айтуынша: «Шетел тілін оқыту дегеніміз – адамның жеке тұлға ретіндегі білімі (қалыптасуы): рухани байлығын, қабілеттіліктерін дамыту, қажеттіліктерін көтеру, моральдық жауапты және әлеуметтік бейімделген адамды тәрбиелеу нәтижесінде, білім – мәдениетке кірігу арқылы адамның қалыптасуы жүзеге асады және оны сініре отырып, адам оның субъектісі болады» [5]. Сонымен қатар И.А. Зимняя «шетел тілі, оның ішінде ағылшын тілін үйрену – күнделікті, жүйелі жұмысты талап етеді» деп атап көрсетеді [6]. Сондықтан тілді жетік меңгеру үшін адамның нақты алдына қойылған мақсаты мен тілді үйренуге деген ерекше қызығушылығы болуы керек.

Тілдің негізгі элементі – сөздік қор. Оқыту барысында студенттің тілін дамытып, сөз байлығын арттыру ең маңызды жұмыстардың бірі. Сонымен қатар тілді үйренуде – тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу әрекеттерін орындау қажет. Тыңдау арқылы естушінің ақпаратты сол тілде қабылдауы қалыптасады. Оқу, жазу арқылы қатесіз оқып, жазуға бейімделеді. Ал сөйлеу арқылы тілін дамытады. Тілді үйренудің тағы бір әдісі – студенттердің өз бетімен жеке жұмыс жасауы. Жеке жұмыс жасау арқылы студент тапсырманы өз бетімен саналы түрде орындайды, оны терең меңгеру үшін тиімді жолын іздестіреді, оқулықтар мен қосымша әдебиеттермен өздігінен жұмыс істеуге үйренеді.

Тілді үйретудің нәтижесі – тіл үйренушінің сөйлесе білуін, қоғамдық ортада пікір алмаса алуын, адамдармен түсінісе алуын қамтамасыз ету болып табылады. Тілді меңгеру – сөйлесім біліктілігі мен дағдыларын игеру, белгілі бір дәрежеде тілдік қатынасқа қол жеткізу, яғни қатысымдық құзыреттілікке ие болу деген сөз. Бұған жету үшін адам өздігінен оқу дағдысын қалыптастырып, үздіксіз білім алып және алған білімін толық меңгеріп, сонымен қатар кәсіби мамандығын үнемі жетілдіріп отыруы тиіс. Сол кезде адам мәдениетаралық қарым-қатынас жасауды меңгереді, ізденушілік-шығармашылық дағдысы қалыптасады, өздігінен білімін көтеру арқылы кәсіптік шеберлігі дамиды. Сонымен қатар өзіндік жұмыстар арқылы адам әлеуметтік тұрғыдан қалыптасады, қоғамда өздігінен әрекет етін, шешім жасауға машықтанады. Оған қоса білік пен дағды қалыптасады. Тіпті еліміздің жоғары оқу орындарына енгізілген кредиттік оқыту технологиясы да – студенттердің бойында терең де толыққанды кәсіби білім мен өздігінен жұмыс істеу біліктерін қалыптастырып, оны әрі қарай дамытуға негізделеді.

Қорытындылайтын болсақ, елімізде тілдердің үштұғырлығы жобасы жүзеге асырылып жатыр. Осы жоба аясында қазақ, орыс және ағылшын тілдерін үйренуге әр түрлі жағдайлар жасалуда. Бұны біз балабақшаларда, мектептерде, сонымен қатар арнайы орта, жоғары білім беру мекемелерінде аталған тілдердің жоғары деңгейде үйретіліп жатқандығынан көре аламыз. Бұл жобаның жүзеге асырылуы еліміздің әлемнің бәсекеге қабілетті елдердің қатарына қосылуда үлкен мүмкіндік беретіндігінің дәлелі.

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беру тұжырымдамасы // Қазақстан жоғары мектебі. – 2004. №1.

2. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жолдауы – 2012, қаңтар.

3. Аринова Н.А. Көптілділік білім беру арқылы оқушылардың сөйлеу әрекеттерін арттыру мәселелері // Қазақстан кәсіпкері. 2007. - №7 (50) маусым.
4. Жарықбаев Қ. Психология негіздері. Алматы. 2005. – 123б.
5. Пассов Е.И. Основы методики обучения иностранным языкам. – М.: Рус. яз., 1977, - 214с.
6. Зимняя И.А. Психология обучения неродному языку. – М.: Русский язык, 1989. – 180с.

Аннотация. В этой статье рассматриваются вопросы полиязычного образования и воспитания полиязычной личности. Также говорится об изучении полиязычия, которая является крайне важным средством межличностного и межкультурного общения, позволяющая развитию международных отношений государства. Глава государства Н.А. Назарбаев в своем послании народу «Новый Казахстан в новом мире» подчеркивает: «Казахстан должна быть признана во всем мире, как культурная страна использующая три языка». Для достижения этой цели нужно воспитать полиязычную личность. А для формирования полиязычной личности в первую очередь нужно воспитать личность. В связи с этим приведены соответствующие качества личности и дано определение полиязычной личности.

Изучение полиязычия, прежде всего начинается с изучения языка. В связи с этим в статье отображается его способы и результаты.

Ключевые слова: полиязычие, полиязычная личность, межличностная и межкультурная коммуникация.

Annotation. This article discusses multilingual education and training of multilingual person. Also refers about the study of polylinguism, which is extremely important means of interpersonal and intercultural communication that allows the development of international relations of the state. The Head of State N.A. Nazarbayev emphasizes in the message to the nation "New Kazakhstan in the new world" that "Kazakhstan should be recognized throughout the world as a cultural country uses three languages". To achieve this, we need to educate polylingual personality. For the formation of polylingual personality needed to bring up personality. In connection with this shows relevant personality traits and a definition of multilingual person.

Studying polylinguism primarily starts with learning the language. In this connection in the article represented methods and results of it.

Keywords: multilinguism, polylingual personality, interpersonal and intercultural communication.

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЛИНГВО-КОГНИТИВТІК ЖАТТЫГУЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Ж.А. Далиева – 2 курс магистранты,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

Шетел тілін, оның ішінде ағылшын тілін оқып-үйрену бүгінгі күні үлкен қажеттілік туғызып отырғаны бәрімізге мәлім. Әрбір оқушы – ертеңгі жас маман, қазіргі заман талабына сай ағылшын тілін меңгеруді алдына мақсат етін отыр. Ағылшын тілін оқытудың әдістерін бүгінгі күн талабына сай етін, оқушыны ынталандырып, қызықтыра білудің өзі үлкен ізденіс пен шеберлікті қажет етеді. Осыған байланысты шетел тілін үйретуде түрлі ұтымды әдістерді қолданып, сабақ барысындағы іс-әрекеттерді тиімді ұйымдастыра отырып, оқушының ынтасын арттыру – алдымызға қойылған негізгі мақсат екенін ұмытпаған жағдайда еңбегіміздің жемісті болары сөзсіз.

Шетел тілін оқытудың басты мақсаты – оқытушыларға шетел тілінде қарым-қатынас жасауды базалық деңгейде игерту. Осыған сәйкес оқыту мазмұнына қарапайым коммуникативтік біліктілікті, қажетті жағдайда ауызша және жазбаша (сөз, тыңдап түсіну, оқу, жазу) өзара мәдени қарым-қатынас үрдісінде қолдана алу қабілеттілігі мен дайындығын қалыптастыруды қамтамсыз ететін тілдік, сөздік, әлеуметтік-мәдени білім, білік дағдылар енеді. Осы мақсатқа сай оқыту міндеттері екі үлкен бағыт бойынша белгіленеді.

Когнитивтік бағыт бойынша:

- Оқушының лингвистикалық дүниетанымын қалыптастыру;
- Тілдің қоғамдық-әлеуметтік мәнін түсіндіру: (Қазіргі уақыт талабына сай шетел тілінің пән

ретінде қажеттілігі күннен-күнге артып отыр. Ол қоғамның әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және жалпы мәдени алға басуында қозғаушы фактор болуда)

- Оқушының тілін дамыту, тілдік шығармашылық қабілеттерін жетілдіру;
- Сөз мәдениетін таныту;
- Пікірталас мәдениетін жетілдіру;
- Сөйлеу түрін, сөйлеу тәсілін меңгерту;
- Оқушылардың логикалық ойлауының бірізді болуын қалыптастыру;

Коммуникативтік, практикалық бағыт бойынша:

- Оқушыларға тіл нормаларын меңгерту;
- Тілдік сауаттылығын арттыру;
- Оқушылардың тілдік-эстетикалық талғамдарын қалыптастыру;
- Этикет нормаларына сай тіл мәдениетін жетілдіру;
- Сөйлеу әрекетіне қажетті заңдылықтар мен талаптарды меңгерту;
- Шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- Қарым-қатынас талаптарына сай іскерліктерде қолдана білу;
- Пікірталас түрлеріне сай сөз қолдану біліктілігін қалыптастыру;

